



№ 2004  
3469к

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНЫҢ ЖАҢА ШЫҒАРМАЛАРЫ

БЕРІК  
ШАХАНОВ

Қаратаудың  
самалы






А. 2004/3469 К

БЕРІК  
ШАХАНОВ

**Қаратаудың  
самалы**

1984 жыл

повестер  
мен  
әңгімелер



АЛМАТЫ  
«ЖАЗУШЫ»  
1984

31 БНН

Рецензенттер: Т. Әбдіков, Ж. Дәдебаев

**Шаханов Берік.**

**Ш 31** Қаратаудың самалы: Повестер мен әңгімелер.—  
Алматы: Жазушы, 1984.—256 бет, ил.

Б. Шахановтың мұнан бұрын «Ғашықтың тілі», Ақ иірім» атты екі кітабы жарық көрген «Қаратаудың самалы» автордың үшінші кітабы. Бұл жинаққа соңғы кезде жазған «Көгілдір қойнау», «Қаратаудың самалы» атты повестері мен бір топ әңгімелері топтастырылған. Жинаққа енген дүниелерінің бәрі бүгінгі күн тақырыбына арналған. Автор не туралы толғанып, әңгімелесе де шығарманың түйіні оқырманды адамгершілікке, жақсылыққа, тазалыққа үндеп отырады.

Ш  $\frac{4702230200-63}{402(05) 84}$  60—84

Қаз2

© «Жазушы» 1984

# КӨГІЛДІР ҒОЙНАУ

ПОВЕСТЬ



Дағарадай-дағарадай қос терезесі қайтар күн жаққа қараған кең бөлменің іші қаракөлеңке. Сырттан, жарықтан кірген кісі ә дегенде көзі байланып, төңірегін шамалай алмай дағдарып тұрып қалады. Оңтүстіктің шөлейттеу даласына қоныс тепкен бұл ауылдың жаз болды дегенше терезелерін осылай қараңғылап ұстайтын әдеттері. Әйнектің ішінен не сыртынан қалыңдау, қоңырқайлау бірнәрсе тұтпаса, қабырғадағы кесекке дейін табы өтіп кететін күннің ыстығы үйдегі жанды шыдатпас та еді. Бірақ әлі шілде түсе қойған жоқ. Алып бара жатқан ыстық та шамалы. Дегенімен әбден дағдыланған әдет. Жаз басталды дегеннен бұл үй де терезесін түмшалап алған.

Есіктен кірген бойда Жұмакүл мандайын жарға тірегендей қалт тұрып қалды. Кірпігін жыпылық-жыпылық қағып, көз жанары төңірекке мағынасыз сүзіледі.

— Папасы-ау, барсың ба? — дейді осы жақта бөлар деген түйсікпен жүзін бұл отырған жаққа қарай бұрып.

Өзімен-өзі ауыр ойдағы Қанат оған іле жауап қата қоймады.

— Жай ма, немене?— деді сәлден соң салқындау ғана.

— Е, отыр екенсің ғой. — Жұмакүл әлгідей емес қараңғылыққа көзі үйренді ме, бұған қарай тура жүріп келіп, қасына таянды:

— Жуынып, шайынды ішпейсің бе? Бұл не отырыс? Шешінбепсің де ғой әлі.

Қызметтен келген бойы киімін ауыстырмаққа осында кірген Қанат сәл дем алып, аяқ суытып алайын деп жұмсақ орындыққа шалқалай қисайып еді. Сол күйі

өзін-өзі ұмытып кеткен тәрізді. Есік ашылып Жұмакүл ішке кіргенде ғана ұйқыдан ояңандай селт етіп, қаумалаған қалың ойдың жетегінен босағандай еңсесін түзеп, бойын жиды. Түрегеліп сырт киімдерін тастап, үйде киетін жеңіл лыпаларын үстіне ілді.

Сыртқа шығып, мұздай сумен жуынып, сүртініп тұрып төңірекке зер салды. Есік алдындағы жоңышқалықта сегізінші оқитын үлкен ұлы Болат шалғы тартып жүр. Басы гүлдеп, әбден жетіліп піскен жоңышқа ырғалып тұр. Болаттың бір өзіне иелік бере қоятындай емес. «Кешіктірмей жинап алу керек шығар. Шай ішкен соң біраз жерін өзім шауып тастайын», — деп ойлады.

— Болат! Көрші үйдің шалғысын сұрап әкеп, қайрап, дайындап қой, саған біраз көмектесейін! — деп дауыстады.

Ұлы сол шөп орып жүрген бойы «жарайды, естідім» дегендей басын изеді.

— Шайға келмейсің бе? — деп дауыстады бұл тағы да шаштары жатқызуға көнбей тікірейіп, басы қауқайып, бойы серейіп өсіп қалған ұлына сыртынан көз жіберіп. Оның қазіргі пошымынан жас кезіндегі өзіне тән бір ұқсастық аңғарғандай іштей жымиды. Ал Болат басын сол шалғыдан көтермеген күйі:

— Жаңа ғана ішіп алғанмын, — деді.

«Әйтеуір, үн жоқ, түн жоқ, төмен қараған бір жан. Кісімен ашық-жарқын сөйлесе қоймайды. Тұйық болады-ау өзі, — деп Қанат оған әлі қарап тұрған бойы іштей күлді. — Бірақ бейсеубет жүріске әуестігі жоқ. Бала болып еркелеп, шолжындаған да мінез байқатпайды...»

— Әй, кітап жазайын деп жүрген жоқсың ба осы, отырсаң отырған жерінде, тұрсаң тұрған жерінде қиялға батып не күй бұл сенікі, — деді есік алдына шыққан Жұмакүл әзілдеп. — Шай суып кетті ғой.

Қанат ішке қарай жүрді. Ерінің қабағын бағып үйренген Жұмакүл Қанаттың көңілінде кірбің барын енді аңғарып, табан астында байсалды күйге түсіп, бәйек қимылға көшті. Майда, монтаны қозғалып, дастарқанның орта кезінде тұрған сары май салған құтыммен, қант-кәмпитті ерінің алдына қарай сырды. Емшектегі кішкенесін көтертіп ортаншы ұлын «телевизор көріндер» деп басқа бөлмеге жіберді.

Екеуі шайды үн-түнсіз отырып ішті. Келіншегі дастарқанды жинай бастағанда бұл аяқ-қолын созып, шалқасынан керіліп, біраз жатты да:

— Қой, жалқауланбай, Болатқа көмектесейін,— деп орнынан шұғыл түрегелді.

— Шаршасаң әуре болмай-ақ қойсайшы. Болат: «Ертең күн демалыс. Бірге оқитын бір-екі баланы ертіп келіп, өзім-ақ бітіріп тастаймын», — деп жүрген. Дем ала берсейші,— деді Жұмакүл.

— Күлеке, ара-тұра қан таратып алу өзімізге де керек шығар. Жоңышқа бітік өскен екен, балаларға жетерлік үлес қалады әлі.

Жайшылықта үнемі Жұмакүл дейтін Қанат келіншегі кейде көңілденген, әлде бірдеңеге ренішті сәттерінде неге екені белгісіз «Күлеке» деп атайтын. Бұл әдетке өздері әбден үйреніп кеткен. Неге «Күлеке» атайтынына екеуі де мән беріп көрген емес.

Күндізгі ыстықтың табы әлі қайта қоймаған жоңышқалықтың арасынан бусанған, жұмсақ жылы леппен бірге көк балауса қышқылтым иіс бұрқырап, танауды қытықтайды. Шалғыны қолына ұстап, құлаштай екі-үш сілтеп қалғаннан-ақ денесі жіпсіп жүре берді. Сол қалпы қарқынын бәсеңдетпей сырғып отырып, өзі түскен шағын атыздың басына бір барып қайтқан ізінде айқұш-ұйқыш жапырылып көкбұйра жал жатты. Өз қимылына сүйсінгендей сол жалға қарап тұрып, шалғысына сүйеніп еңтігін басты. Маңдайынан шыл-шып шыққан терін сүртті. Шалғының жүзін бармағымен лекітіп байқап өтіп, алақанына түкіріп алып, қайта кірісті. Соңынан қатар-қатар сұлап үш жал түскен соң біразырақ дем алайын деп орылған жоңышқаның үстіне құйрық басты. Самайынан сүмектеп мойнына тамшылаған терін сүртіп жатып, үй алдында жүрген Жұмакүлге:

— Темекі әкеп берші!— деп дауыстады.

Қолына сіріңке мен бір қорап темекі ұстап жоңышқалыққа Жұмакүл келді.

— Әй, шаншулап қалдым деп берекемізді аларсың, осынша ағып терлеп тұрып сыз, салқын шөптің үстіне отырғаның не?!

— Жоңышқа салқын емес, жып-жылы. Отырғанға қандай жайлы...

— Бәрібір ылғал ғой. Жер сыз.

— Осы сенің айтқаныңды тыңдамауға болмас. Тұрайын ендеше...

— Болатжан, папаңа үйден орындық әкеп берші.

— Керегі жоқ,— Қанат қолын сілтеді. — Кино көрейік деп тұрғанымыз жоқ қой. Бала кезімізде орған



шөп түгілі кез-келген көк шалғынға аунай кетіп, ұйықтай беретін едік. Сонда ауырмай-ақ та, дәнеңе етпей жүре беруші едік. Қазір енді жерге отырсақ та, сәл жел тисе де үшкіріп-түшкіріп, шаншулап жүргеніміз. Денсаулық деген не болып барады бұл.

— Жастық деген сол да. Өзінді әлі баламын деп ойлайсың ба? Ол дәурен қайта айналып келмейді енді.

— Кәрілік некейтіндей жасқа жете қойған жоқпыз ғой әзір. Бірақ әлден-ақ сол ауылдың қыңқыл-сыңқылы сезіле бастағандай. Біздің дәуірімізде адамдардың өміржасы орта есеппен бұрынғыдан ұзара түсті деп қуантады дәрігерлер. Ал осы хал сұраса қалсақ ауырмайтын кісі аз.

— Оны неден дейсің?

— Кім біліпті. Тым бой күйіттеп, марғауланып, аянкестеніп кеттік пе. Әлде табиғатта жалпы адамзаттың жүйкесін қажытып, боркеміктендіріп бара жатқан өзгеріс, құбылыстар бар ма? Көбіміз жастай темекі мен ішкілікке әуестендік, оның да әсері аз болмаса керек. Қалай дегенде де сәл жеріміз ауырса — соған уайым жеуіміз басымдау сияқты. Көп жағдайда анау-мынауға мән бермеген елемеген дұрыс тәрізді. Немен де болса күресе білу қажет. Күрес — өмірдің мазмұны. Ал күрестің басты шарты — тәуекел. Сарыуайым адамды тұралатады... Оу, философияға түсіп кетіппіз ғой... Жарайды, үйіне бар. Балаларың не істеп жатыр екен. Мен шаруама кірісейін.

Жаратылысында әңгімеге көп әуестігі жоқ Қанаттың кейде әлдене туралы сөз ете қалса шешіліп, толғана қозғап кететін әдеті бар. Орнықты ой, қисынды сөзімен тыңдаушысын тәнті ететін қабілеттен құр алақан емес. Ондай сәттерде Қанаттың айтқандарына ықылас білдіре, құлақ түретін дағдысымен Жұмакүл қазір де күйеуінің сөзіне ден қойып тыңдап қалған қалыпта еді. Ол қолына шалғысын ұстап, жүзін қайрай бастағанда:

— Ал істерің өнімді болсын. Мен кеттім,— деді үйге қарай бет алып.

Сонан әкелі-балалы екеуі қараңғы түсіп, ел орынға отырғанша шалғы тартты. Жаздыкүні қатпар-қатпар, жатаған тау сілемдерінің бір кең аңғарының етегіндегі көгілдір қойнау жазыққа қоныс тепкен бұл ауылдың желке тұсына жетіп күн батты дегенше жұрт жатудың қамына кіріседі.

Қанат та үйге келіп, терін басып, салқын сумен

шайынып, бір керсен кесе шұбатты ішіп болып, төсекке қисая берген. Сол мезет телефон шылдыр етіп, бұрын барып көтерген Жұмакүл:

— Сені шақырып жатыр,— деді.

— Кім?

— Әлмырза.

Қанат әлденеге қиналып, ренжіген кейіпте телефонның құлағында өте көңілсіз тұр. Ара-тұра бір жауап қатады. Онда да қысқа қайырады. Көбіне сөйлеп жатқан Әлмырза тәрізді. Қанаттың мана жұмыстан келгендегі қабағы, енді түн ортасындағы мына әңгіменің сарынына қарап Жұмакүл екеуінің арасындағы сөздің күнделікті шаруашылықтың үйреншікті жайы емес екенін, ыңғайсыз бір жағдай болғанын қапысыз сезді.

— Естідім,— дейді Қанат телефонның құлағын сындырып жіберердей сығымдап. Үнінде зіл бар.

— ...

— Сөйлесейін деп іздеп едім. Ауданға кетіпсің.

— ...

— Қазір енді кеңседесің бе?

— ...

— Жарайды.

Телефонның құлағын ұясына қондырып, қалт ойланып тұрып қалды.

— Немене, жайшылық па? — деді Жұмакүл күйеуіне қарап. Қанат оның сұрауын жауапсыз қалдырып:

— Мен қазір шамалы уақытқа кеңсеге барып келемін,— деп күйіне бастады.

— Оу, жөніңді айтсайшы. Түн ортасында бұл не шақырыс. Аманшылық па өзі,— деді Жұмакүл шыныменен алаңдап.

— Жай бір сөйлесетін әңгіме болып қалды. Саған керегі шамалы,— деді есіктен шығып бара жатып Қанат «тақақтап қоймай қойдың ғой» дегендей салқындау үнмен.

Жұмакүл: «Екеуі келіспей, ренжісіп қалған шығар,— деп жорыған. — Әй-шәй деспей-ақ келіп еді. Не болып қалды екен» — деді іштей қиналып.

Жұрттың бәрі көбіне жуас, ибалы, сабырлы жігіт санайтын Қанаттың кісі көңілін қалдырғысы келмейтін ақпейіл елгезектігімен бірге жеме-жемде, өзі дұрыс деген жерден, басын кесемін десе де шегінбейтін қайсарлығын Жұмакүл жақсы сезетін. Өзінің көзі жетіп тұрса ешкімге бетің бар, жүзің бар, үлкен, кіші екенсің деп жалтақтай қоймайтын. Жайшылықта артық, кем

мінездің талайын кешіріммен қарап, өткізіп жіберіп, өзін салқынқанды ұстай білетін ол ілуде-шалуда әлденеге қитықса өз дегенінен қайтып, келісе салуға жоқ. Бірақ былайғы жұртқа бұл мінезін байқата бермейтін. Мейлінше сынық болуға тырысатын. Қосылғалы бергі талай жылдан бері қас-қабағын бағып әдеттенген келіншегі ғана оның бұл сырынан хабардар-тын.

Қанаттың мінездегі осы бір сырт көзге байқала бермейтін тәкаппар өрлігін сезе тұрғанымен Жұмакүл Әлмырзамен екеуі ренжісе қалған күнде кінә күйеуінен болды деп ойлай қоймас еді. Қанаттың кісіге қиянатқа, жамандыққа бармайтынына көзі жетеді. Соны сарапқа сала келіп: «Әлмырзаның да құйтырқы істері көп қой, — деп ойлады қынжыла. — Соның біріне бұл «мұның не?» деген шығар. Сенікі теріс дегенді кім ұнатсын. Оның үстіне өзі мақтаулы директор, мықты директор болып арындап тұрса...»

\* \* \*

Неге екені белгісіз Жұмакүл осы екуінің арасына түбі сызат түсетінін сезетін сияқты еді. Бірақ сол бір сезімге мән бермей ескермей, елемеген болатын. Өзі қолынан келгенінше бұлардың достықтарына қаяу түсірмей, сіз-біз десіп, Әлмырзалармен сыйласып, араларып тұруға әрекет ететін. Сөйте жүргенімен көңілінен бір суық күдік шықпайтын еді. Соның айғағындай-ақ кейінгі кезде Қанаттың жұмыстан тұйық, көңілсіздеу қайтатын кездері жиілеп кеткенін аңғаратын. Соған едәуір алаңдайтын. Осындай сәттерде талай рет күйеуіне: «Осы сұранып басқа совхозға ауыссаң қайтеді», — деп айтуға оқталатын.

Ондағы ойы Қанатқа өз аулында қызмет істеу қиынға соғып жүр ме екен дегені еді. Біреу үлкен, біреу кіші, біреу туыс, біреу жекжат. Бәрінің көңілін тауып, ортасынан шығу оңай ма? Шаруашылықтың сан-салалы машақаты өз алдында. Жүрекпен жұмыс істейтін кісіге шаруашылықта қызмет атқару оңай тірлік емес. Қайта парықсыздау, жүрдім-бардым, қазір ғана басын жерге салып отырып тыңдаған қатты сөзді сыртқа шыға бере етегінің шаңымен бірге қағып тастап, қарық-қарық күліп шауып жүре беретін даурықпа, дабырайма жандарға жұмыс істеу жеңіл тәрізді. Өзіне де, өзгеге де талапшыл, ықтият, бейнетқор Қанат сәл нәрсеге де іштей күйзеліс тауып, қынжылып қалады. Осы жайды Жұмакүл аңғаратын тәрізді еді.

«Оның бәрінен де бұрын Қанатқа қиын соғып жүргені Әлмырзамен екеуінің арасы-ау», — деп топшылайтын Жұмакүл.

Жастайынан бірге өскен, бірге оқыған, жүз шайыспаған дос. Жұмыста реніш, кемшілік кездеспей тұрмайды. Жақын кісіңмен қырғи қабақ болуға тура келетін кездер болады. Сондайда дос көңіліне қарап ашық, тура кете алмай бөгеліп, көзді жұмып, басты шұлғи беруге табиғатындағы тазалығы жібермей тығырыққа тірелгендей күй кешетін тәрізді. Мінезі тұйық жігіт бірақ осының бәрін сыртқа сездірмей ішке жия беретіні сөзсіз. Осының бәрін сезе тұрып, әлгі ойын айтуға қанша оқталғанымен жеме-жемге келгенде Жұмакүл бой тартып қала беретін. Бұлай тартыншақтануына бір жағынан ауыл ортасынан кетуге өзінің де ықтияр еместігі себеп болса, екінші жағынан: «Менің ақылымен қызмет істеп жүрген жоқ қой, жұмысына араласып нем бар, өз ісін өзі білер», — деген ойға жүгінетін.

Ауыл арасында әңгіме жата ма. Жұрттың жақсысы да, жаманы да елдің аузында жүреді ғой. Ал Жұмакүл осы уақытқа дейін екеуі жүз шайысып қалыпты дегенді естіген емес. Әрі күнделікті аралас-құралас жүргенде ондай салқындықты қабақтарынан аңғарған кезі жоқ. Қанат қызмет бабындағы тіршіліктерді, кеңседе болған әңгімелерді үйінде сөз ете бермейтін. Оның ессіне Жұмакүл кейде әркім-әркімдерден Әлмырза туралы алып-қашты сөздер естіп, ыңғайсызданып қалатын. Кейбірін шет жағалап Қанатқа айтқанда: «Өзіңе қатысы жоқ әңгімеде нең бар. Сөз қуған жұрт не айтпайды», — деп қысқа түйіп тастайтын.

Шешініп төсекке жатқанымен көпке дейін ұйқысы келе қоймады. Енді көзі ілініп бара жатыр екен, жанындағы кішісі Нұрман қыңырқанып оянып, оны көтеріп апарып, тосып келіп, емізіп жатқызды. Қабырғадағы сағатқа қараса қысқа тілі он екінші көрсетіп тұр. «Жаңағы осыған дейін кеңседе отырғаны ма», — деп ойлап үлгергені сол екен сыртқы есік сықыр етіп ашылғандай болды. Бұл уақытта, бейсеубет ешкім жүре қоймайды. Қанат екенін танып ашық есіктен ұзын дәліздегі жанған шамның жарығы қиғаштай түсіп, қаракөлеңкеленіп тұрған бөлмеде сыртынан жұқа желбегейін жамылмай-ақ ішкөйлекшең күйі басын көтеріп, төсек үстінде түрегеліп отырды.

Қанат бұл жаққа назар салып өткенімен мұны байқамағандай үн-түнсіз қалпы шешіне берді.

— Сусын ішпеуші ме едің? — деді Жұмакүл сол отырған бойы.

— Жоқ, ішпеймін. Жата бер.

Қанаттың шаршап, ренжіп келгені даусынан сезіліп тұр.

— Сырттан келген кісілер бар ма? Жоқ екеуің ғана ма осыншама отырған.

— Өзіміз. Басқа ешкім жоқ.

— Не қауырт шаруа осы түнде?

— Қайтесің не шаруа екенін. Бір абыройсыз керегі жоқ сөз...

Қанаттың соншалықты таусылып, қажып шықан үнінде «бұл әңгімені енді қаузама» деген өтініш бар тәрізді. Күйеуінің сырына қанық Жұмакүл онан әрі түртпектемеді. Төсекте шалқасынан жатқан Қанаттың қажыңқы жүзіне барлай көз жіберіп:

— Өзі екеуің ұрысып қалғаннан сауымысыңдар? — деді.

— Екеуміздің ұрысқанымыздан дүние екі жарылып кетер деп қорқасың ба?!

Мұнан кейін әңгіме кілт үзілді. Жұмакүл күдігінің тегін емесін сезгендей. Қанат Әлмырзаға реніші барын аңғартты. Екеуі де енді өз ойымен болып үнсіз қалды.

— Осы, басқа шаруашылыққа, әйтпесе, аудан басында ылайықты қызмет болса сұранып, неге ауысып кетпейсің, — деді бір кезде Жұмакүл.

Қанат: «Ол не деген сөзің» деп тосырқай қараған жоқ. Сол ойланған күйі жауап қайырмай жата берді. «Келіншегі мұны неге айтты» деп те таң қалған жоқ. Бұл туралы өзі де ойланып көрген. Алғашқыда: «Бір есептен сөйткенім дұрыс шығар», — деген шешімді көңілі шек көрмеген. Бірақ ойлана келе ол райдан қайтқан.

Қызметтің талапқа сай дұрыс атқарып жүрген жерінен басқа жаққа ауыстыр деп айту үшін құлақ асатындай дәлелді себеп болса керек-ті. Ал бұл не айтпақ. Дәйекті уәжі жоқ қой. «Екеуміз жолдас едік» дегені сылтау болама. «Жолдас болсаңдар, тіпті, құба-құп, бір-бірінді білесің. Түсінісіп жұмыс істеулеріңе жақсы. Бірлесіп, жемісті еңбек етіндер», — демей ме? Керек десе аудан басшылары мұны осында екеуінің ара қатынасын сезбей, білмей жіберген жоқ қой. Ынтымақтасып жұмыс істесін деп ұйғарған шығар. Ал енді ойда

жоқта «басқа жаққа ауысамын» десе мұныкі қай жо-рық болып шықпақ. Басқа ел не ойда қалады. Ал өзінің сонда кім болғаны?! Бәрінен де бұрын соны айт-сайшы. Түптің түбіне келгенде совхоз бір ғана Әлмыр-занікі емес қой. Бұл — іргелі, үлкен мемлекеттік ша-руашылық. Әлмырзаны директорлыққа ұйғарған партия, совет орындары мұны да осында жұмысқа жіберген. Ендеше мұнікі не ықтау, бойтасалау. Біреу-мен бақ таластырып, бедел салыстырып отырмаса, қу құлқын, қарақан бастың қамымен жамандаспаса, өз парасатының, қабілетінің жеткенінше тиісті қызметін тиянақты жүргізіп, халық алдындағы, партия алдын-дағы борышы абыройлы атқарудан аянбаса болғаны емес пе?! Өз ары таза болса несіне тайсақтап, қорған-шақтайды. Ылғи, ығыса бергеннен кісіге өмір сүру жеңілдемесе керек. Тіршілік талабы солай — қажет жерінде кім-кіммен де кездесуге, жуз шайысуға тура келер. Бірімен қайтып ұғысар, бірімен кетісер. Бес саусақ бірдей болып жаралмаған табиғат заңы ғой. Оның үстіне, азаматтық болмысқа жүгінсе қызмет ба-бындағы міндет, жауапкершілік, парыз өз алдына: осы жерде туып-өскен жігіт ретінде бұл ауылдың болаша-ғы үшін, әрбір еңбеккер жұртының тұрмыс-тағдыры үшін екі есе жан ауыртып, айрықша көңіл бөлуі тиіс-ті. Ауыл — анаң. Өскен, ержеткен ұл-қызға ана парызын өтеу деген қасиетті борыш емес пе. Қолыңнан келге-ніңше аулыңа қызмет етіп, азды-көпті дәреметінді ти-гізу кісілікке саяды. Ал көріп-біліп тұрып: «Өзім сш-кімге жаманаттанбаймын. Не болса — ол болсын, менен аулақ» деп басын күйтесе сол ауыл — анаға опасыз-дық жасағаны емес пе?! Жоқ Қанат солқылдамайды. Қалайда осында қызмет істеуге тиіс. Ащы-тұщыны осындағылармен бірге татады. Өз көзінің жеткенінше дұрыстық жағында болады. Сол үшін кіммен де болса күреседі. Қолынан келгенше мәмілемен келісіп істеуге, ал, біреуінің жіберген кемшілігі болса түсініп, түзетуі-не күш салады. Алда-жалда ұғысқысы келмесе, теріс-ке тартса бұл енді тайсақтамайды. Ашығынан сөйле-седі.

Біраз уақыт толқи, толғана жүріп, алды артын өл-шеп-пішіп, өз жағдайын салмақтай, сараптай келіп осы қорытындыға тірелген Қанат Әлмырзамен арада ерте ме, кеш пе қатты бір қақтығыс болмай қалмайтынын анық топшылаған. Айналып өтуге болмайтын сол ащы сәтке іштей дайындығы бола тұрғанымен осы кездесу-

дің кешеуілдей беруіне кет әрі емес еді. Бүгінгі Нұрмағанбет ақсақалдың әңгімесі Қанатты енді шегінерге жер қалдырмағандай тығырыққа тіреп тастады.

Әлмырзаға іштей күліп, табалау ниетінен аулақ болғанымен жолдастың сүрінген бір абыройсыз ісіне қынжылып, жаны ауырған жайы да жоқ. Қайта қатты ренжіп, ашумен ширғып жатыр.

\* \* \*

Әлмырза екеуі бір класта оқығанымен мектепте жүргенде аса етене араласқан достардың санатында болмайтын. Жай, қатар жүрген ауыл балалары ретінде ғана қатынасатын. Он жылдықты бітірген жылы жазда екеуі қалаға, жоғарғы оқу орнына бірге аттанды. Бұлардың аулынан он бес шақырымдай жердегі аудан орталығынан түске қарай қалаға жүретін автобуска үлгеру үшін екеуі келісіп алып, күн шықпай жаяу тартып кетті. Қолдарында ішінде оқуға апара жатқан документтерімен бір-екі жеңіл, жаздық көйлектен басқа басы артық ешнәрсе жоқ жеңіл жолсандықтары. Көк жиектен күлімдеп, жаңа көтеріліп келе жатқан күнге қарай жүздері алаулап, көңілдері алабұртып, шалбарының балақтары шаң қауып ентелей басып келеді. Ауылдан едәуір жердегі қызыл қырқаның үстіне шыққан соң тоқтап, арттарына бұрылып, ауыл жаққа көз тастап, біраз дем алып отырды.

Шөлейт аймақты, жалпақ сары даланың бір бүйіріне сұғына түсіп жатқан көгілдір қойнауадағы ауылы — мына құс қанаты талғандай сұр дүниенің ортасында тіршілік тынысындай көзге жылы шалынып, көңілге қуаныш құятын ауылы — осы сәт өздеріне сондай ыстық көрініп кетті. Осындай ауылда туып өскендеріне, осы ауылдан түлеп ұшып, енді оқу іздеп, білім іздеп, арман қуып астанаға аттанып бара жатқандарына іштей мақтаныш сезімі де жоқ емес.

— Оқу бітірген соң ауылға келеміз бе? — деді Қанат дәл қазір оянған қимас бір сезім жайлаған көңіліні осы оймен жұбатқысы келгендей.

— Оған сөз бар ма. Енді қайда барамыз?

— Кім біледі басқа жаққа жұмсауы да мүмкін.

— Мамандар біздің жақта да жетіспейді. Оған алаң болмай-ақ қой. Барамын десең жібереді,— деді Әлмырза осы мәселенің шешімі өзіне тіреліп тұрғандай.

— Абырой болып оқуға түсіп кетсек екен,— деді Қанат толқып.

— Әй, сол институтқа түсіп жатқандар бізден артық дейсің бе? Медаль бермегені болмаса он жыл бойы үздік-ақ оқыдық қой. Уайымдама, түсеміз,— деді Әлмырза омыраулау әдетімен кеуделей сөйлеп. Онан соң орнынан шұғыл көтеріліп, мұның қасына таянып: — Кел, онан да, осы жол үстінде тұрмыз ғой, екеуміз жан аяспас дос болайық. Мұнан былай бірге жүріп, бірге тұрайық. Міне қолым, қарсы емессің бе?! — деді.

Қанат та түрегеліп қолын құлшына ұсынды. Сөйтіп студенттік өмірдің нелер қызығын бірге өткізіскен бұлардың жолдастығы осы сапар, кекілдері жалбырап, танаулары делдіндеп, жүректері алып-ұшып оқуға аттанып келе жатқанда қызыл қырқаның үстінде тұра қалып қол алысқан сәттен басталған-ды.

Бұлар айқара қысысқан қолдарын жазып, жолсандықтарын көтеріп, қырқадан түсе бергенде арт жақтарынан — ауыл жақ астырттан гүр етіп жүк машинасы шыға келді. Ауданға бара жатыр екен, бұларға таянып тоқтай қалды. Кабинада шофердің жанында отырған Нүрекең — бұлардың ауылы «Сарыдала» колхозының бастығы Нұрмағанбет:

— Ой, мыналар өзіміздің балалар ғой,— деді жылы қабақпен күлімсірей қарап. — Жол болсын. Оқуға бет алғандарың ба?

Бұлар басын шұлғып, «иә» десті. Кабинаның түсірулі тұрған терезесінен қол беріп сәлемдесті.

— Дұрыс. Оларың дұрыс. Оқу керек. Жаяу неге келе жатырсыңдар? Кеңсеге соғып ауданға жүретін машина бар жоғын неге сұрамадыңдар?

Бұл екеуі жауап орнына бір-біріне қарады.

— Жарайды, ал мініңдер,— деді Нүрекең.

Жолсандықтарын қалдайдың ернеуінен лақтырып-лақтырып жіберіп, секіріп-секіріп мінді. Жолдарының бола кеткендеріне арқа-жарқа қуанып қалды. Машина ызғытқан бойы әні-міне дегенше аудан орталығына келіп кірді. Селоның орта кезіндегі райкомның үлкен сары үйінің алдына жеткен соң Нүрекең түсіп:

— Мен енді жиналысқа кіремін. Әзір шыға қоймаспын. Сен мыналарды автобус жүретін жерге апарып сал,— деді шоферге. Сонан соң екеуіне бұрылып:

— Ал, жолдарың болсын, әй! Оқуға түсіңдер. Жақсы жүріп, жақсы тұрыңдар. Кісі болып оралыңдар,— деді.

Екеуі бас шұлғысып, ыржалақтасып:

— Рахмет, рахмет,— дейді.



Нүрекең бұгежектеп ішкі төс қалтасына қолып салып, шет-шеті мыжылған, көнс. қара былғары әмиянын шығарды. Бұлар не істемек дегендей оған аңтарыла қарап қалған. Сол сәт әмиянның бүктемесін ашып, бір жақ қатпарынан шытырлаған екі қызыл он сомдық суырып, екеуіне ұсынды:

— Жолай тамақтаныңдар.

Кісі жылы сөзге де жетісіп қалады. Ал ақшасы түскірдің, тіпті, жүзі ыстық қой. Екеуі жымындап қуанып кетті. Нүрекеңе іштей алғыстарын жаудырып, ризалықпен аттанысқан.

Сол сапар бұл СХИ-ға, Әлмырза зооветке түсті. Бес жыл дегенің бес күндей-ақ өте шықты. Ауылға Қанат жоғары білімді агроном, Әлмырза зоотехник болып оралды. Бұлар оқуға түскен жылы «Сарыдала» колхозына осы маңдағы тағы бір екі колхоз қосылып, іріленген шаруашылық ретінде совхоз болып қайта құрылыпты. Совхозға жаңа басшылық келген. Нұрмағанбет орталықтағы фермаға меңгерушілік қызметке ауысыпты. Оқу бітіріп келген бетте Әлмырза мал тұқымын асылдандыру жөніндегі зоотехник, бұл Нұрмағанбет басқаратын фермаға агроном болып орналасты. Бір-екі жылдан кейін Әлмырза совхозға бас зоотехниктік жұмысқа жоғарылатылды да, онан кешікпей аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасарлығына көтерілді. Қанат біраз жыл сол қызметте жүріп, кейінірек көрші совхозға бас агроном болып ауысқан. Бұл кезде Әлмырза «Сарыдалаға» совхоз директоры болып қайтып келді.

Ә дегеннен ісі оңға басқан Әлмырза бұл кезде аудандағы іскер маман, алғыр басшы ретінде ауызға ілігіп, бедел ала бастады. Бұрында іргелі, қалыптасқан, тәуір шаруашылық саналатын «Сарыдала» совхозының ол келгелі көрсеткіші ілгерілемесе төмендеген жоқ. Аудандағы алдыңғы қатарлылардың бірі болып жүр. Қазір де солай. Бірақ Қанатты іштей қинайтын, келеңсіз бір жайлар бар. Сылып тастай салуға келмейді. Тамыры тереңде жатқан ауру тәрізді.

Қанат кей сәтте: «осында келгенім дұрыс болды ма, әлде бекер істедім бе» деген ойға да қалады.

Қанаттың бала күннен бойға сіңген әдеті — өзіне біреудің сәл өткен қызметі, жақсылығы болса соған қарыздар сезініп кіріптар кісідей салмақ көріп, ауырлап жүретін. Ауылына қызметке қайтып келген алғашқы жылдары ол Әлмырза мен екеуінің арасындағы қа-

тынаста осындай ыңғайсыздықтан құтыла алмай-ақ қойды. «Әй, бекер-ақ келісім берген екенмін» дегенді сондайда ойланатын. Ондай ойға қалатын себебі — Қанаттың мұнда қайтып қызметке келуіне азды-көпті Әлмырзаның қатысы болды.

\* \* \*

Әлмырза «Сарыдалаға» директор болып келгенде көрші «Ақтас» совхозына қызметке ауысқан Қанат табан аудармай біраз жыл сол жерде істеді. Анда-санда кездесіп қалғанда Әлмырза:

— Оу, «Ақтаста» аз жүрген жоқсың ғой, ауылға келсең қайтеді енді,— деп әзіл-шыны аралас қайта-қайта айта беретін.

— «Ақтас» та бөтен жер емес қой,— деп күлетін де қоятын бұл.

Бірде екеуі ауданда жиналыста кездесіп қалған. Әлмырза үзіліс кезінде мұны айтатын маңызды шаруасы бар кісідей оңашаға шығарып алып кетті. Есен-амандық сұрасқаннан кейін Әлмырза:

— Әй, батыр, сен осылай жүре бересің бе? — деді.

— Немене, менің жүрісімнен ши шықты ма? — деп күлді Қанат не айтпақ дегендей досының жүзіне барлай қарап. — Бұл қай сөзің?

— Әзілді қоя тұр. Мен бір шаруаға ақылдасайын деп едім.

— Не жағдай?!

— Біздің Өтекең жақында пенсияға шығады. Жасы келді ғой. Хабардар болсын деп айтып тұрмын...

— Дұрыс,— деді Қанат оның ойын енді түспалдап.

Өтекең деп тұрғаны «Сарыдала» совхозының партия ұйымының хатшысы. Көптен бері сонда қызмет атқарып келе жатқан кісі.

— Сол жерге ылайық кандидатураның бірі сен емессің бе?!

— Оу, оны енді, тиісті орындар өздері біледі де. Мен ылайық едім деп қалай айта аламын.

— Жок, мен саған айт деп тұрғаным жок. Жалпы қаперінде болсын деген сөзім. Осы туралы аудан басшыларының есіне салайын деп едім. Сені өздері біледі ғой, дегенімен «осындай жігіт бар» деп алдарынан өтіп қойғанның артықтығы жок.

Қанат Әлмырзаның жанашыр, дос пейіліне риза болып, әрі жоғарғы жақ солай шешіп жатса бұл ұсынысқа кет әрі емес ыңғайда:

— Мен не айтамын. Солай ұйғарып жатса біздікі мақұл ғой,— деді шын көңілімен.

Мұнан кейін Әлмырзаның осы мәселе жөнінде аудан басшыларына кіріп, қозғаушы болғаны рас.

«Орнықты жігіт. Жақсы маман. Ісіне тиянақты. Талайдан бері қызметін абыройлы атқарып келеді. Әрі осы ауылдың баласы. Бәрін танып, біледі дегендей. Мемнің де келісіп, түсінісіп жұмыс істеуіме қолайлы болар еді» — деген пікірін білдірген.

Әлмырзаның сөзінің әсері болды ма, әлде басшылықтың өзінің ұйғарымы солай ма, кешікпей Қанат өз аулына жаңа қызметке келген.

Біраз жыл сыртта жүріп, тосын көзбен келгені ме, әлде бұрынғы елгезек, балаң сезімнен салиқаланып, төңірекке есейген, сабырлы зердемен қарай бастағандікі ме; жоқ, жаңа келген басшыға тән талапшыл, сыншыл сезімнің әсері ме ауыл тұрмысына үніліп, қараған сайын көп нәрсеге көңілі толмаған тәрізді. Бүгінгі күн талабымен байыптағанда «бұл қалай» дерлік шаруа аз емес. Ең алдымен байқағаны көпшілік қолды мәдени-тұрмыстық жайлардың өзі көңілдегідей емес. Түрлі жиын, кино, концерт дегендер сонау колхоз кезінде салынған клуб үйінде өтеді. Ал ауданда осы ауылдан басқа жаңа үлгіде салынған еңселі мәдениет сарайы жоқ бірде-бір шаруашылық жоқ екенін есептесе мынандай іргелі совхоз үшін бұл үлкен мін емес пе?! Ал шаруашылықтың кешегісі мен бүгінгісінен хабар беріп тұратын көрнекі үгіттік мәні бар, әрі көпшілікке бір мезгіл демалыс орыны болатындай алаң, парк жасаса жарасып тұрмас па еді. Бұл жағынан сөз ете берсе жай көзге ұсақ, түйек көрінгенмен бүгінгі күн үшін кешіруге болмас талай әттеген-айды тізуге тура келеді.

Рас еңбекші жұрттың әл-ауқаты, тұрмысы жақсы. Әр қайсысы жылма-жыл бас-басына ақшаңқан үйлер тұрғызып, ауылды сәулеттендіріп, қанатын кеңейтіп жіберген. Көгілдір қойнауадағы бір кездегі шағын ғана қоныстанудың бұл күнде ол шеті мен бұл шеті ат шаптырым болып, кішігірім қаладай созылып жатыр. «Осы сыртқы айбарына ішкі көркі де үйлесім тауып, шын мәніндегі бүгінгі ауылдың келбетін танытып тұрса екен»,— дейді Қанат.

«Бүгінгі күн талабы» дегенді көп айтамыз да соның байыбына кейбіреуіміз терең бара бермейміз-ау,— деп толғанады. — Өндіріс, шаруашылық мәселесі тұрмысымызда шешуші негіз болғанымен партия мен үкімет әр-

дайым алдымен ауыл мәдениетін көтеру, село еңбеккерлерінің рухани байлығын жан-жақты арттыру дегенге баса назар аудару керектігін ұқтырып-ақ келеді. Сонда да шаруашылықтың науқандық жұмыстарын сылтау етіп, тұрмыстың осы жағын қағажау қалдыра беретін әдеттен әлі арыла алмай келеміз. Жақсыдан үйрену, озатқа теңелу дегенге кешеуілдей береміз. Әйтпесе экономикалық табысы мен де мәдени-тұрмысымен де Советтік шаруашылықтың қандай дәрежеде болатын үлгісін көрсетіп отырған, байлығы ұшан теңіз колхоз-совхоздарымыз аз ба?! Одақты, республиканы былай қойғанда осы облысымыздың өзінде ондай шаруашылықтардың қатары қаншама. Солардың тәжірибесін оқып, үйреніп, өзіміздің жер жағдайына, табиғат жағдайына ылайықтап, іскерлікпен жүзеге асыра білуге ден қоюымыз жетіспейді».

Алғашқы әсерден осылай ой түйген Қанат алдағы кездегі өз жұмысының бір өзекті арнасы ауыл мәдениеті болар деп тапқан. Бүгінгі ауыл бейнесін сәулеттендіре түсетін жана құрылыс жұмыстарын жандандыруға қозғау салып, жасампаз заманның жандарына ылайық жаңа дәстүр, жаңа салттың жетекшісі, ұйтқысы ретінде көріне білу басты міндеті деп білген. Жұмысын түбегейлі осы талапқа сай жүргізу өзіне оңайға түсіп жүрген жоқ. Бірақ табанды түрде осы бағыттан таймауға пейіл.

\* \* \*

«Сарыдала» шаруашылығы көп салалы үлкен совхоз. Соның қай саласынан болсын белгіленген мемлекеттік жоспарды бесжылдыққа шаққанда да, жылжылдың үлесіне бөлгенде де ойдағыдай орындап келе жатқаны даусыз. Сонан соң да аудандағы тәуір шаруашылықтардың бірінен саналады. Жалпы жағдайы осылай бола тұрғанмен бірте-бірте жұмыс барысымен танысып, ішкі тірлікпен етене араласқан сайын Қанат шаруашылық — өндіріс көзінің өзінде көңіліне олқылық түйген кейбір жайларды аңғара бастады. «Бұл қалай?» — деп қынжылып, дағдарған кездері болды. Тіпті алғаш келген бетте-ақ өзін тығырыққа тірегендсі қиындыққа кездесуіне тура келгені бар.

Ол осыдан үш жыл бұрын, партия ұйымының хатшысы болып жаңа сайланған кезі еді. Жазғы, күзгі науқандық жұмыстарды тәмамдап, жиын-терінді аяқтап, малды қысқы жайларға қоныстандырып болған

соң Әлмырза демалыс алып, курортқа кеткен. Бұл қыстаудағы малшыларды аралап жағдайларымен танысып жүрген.

«Сарыдаланың» малы ежелден қыста жылы, жері от үлкен құмды қыстайтын. Үлкен құм әкесі үнемі қой баққан Қанатқа етене таныс, әрі көңіліне сондай ыстық өлке еді. Көрмегелі біраз жыл болған құм өңірін қызықтап, кешелі-бері көңілді келе жатқан. Ойпаттарының сексеуілі дүлей, қызыл шағылды жал-жал биіктеріне жыңғыл, түзген өскен; әжік, жаужұмырларының қурайы қалқайып; бояу жапырақ, түйе жапырақтары бырдай болып жапалап; теріскені төңкеріліп; түп-түп еркек, изені қара жусаны ырғалып; ащылы-тұщылы сан түрлі майда оттары тұнып тұрған құм ішінің ауасы қандай, шіркін!

Қоналқаға бұлар келіп түскен шопанның үйі биік жалдың түбіндегі қазан шұңқырдағы «Ескі көң» аталатын қорада отыр екен. Құм ішінің онсыз да май тоңғысыз жұмсақ жұпар ауасы кеше түстен кейін тіпті маужырап, жылынып, тып-тымық болып кетіп еді, ел қонаға отыра жапалақтап қар түсе бастады. Түнімен жауған қар таң алдында ғана ашылған. Тұсарлықтан жоғары түсіпті. Айнала ақ мамыққа оранып мүлгіп тұр. Күн көзі бұлт болғанымен төңірек ашық. Қияндағы қарайған көрінеді.

Қанат ертелей тұрып, үй жиналып, шай дайын болғанша жүріп қайтайын деп ауыл желкесіндегі биік жалдың басына көтерілген.

Ауыл маңы бір түрлі жасаңғырап, соны түр танытады. Жал үстінің қалпы бұзылмай жатқан ұлпа қарын әрлі-берлі шиырлаған аңның ізі терең қос сызықпен тіліп өткен. «Жаңа ғана жүрген тәрізді. Қоянның ізі ғой», — деп төңірегіне тінте, қызықтай көз жүгірткен Қанат осыдан тас лақтырым жердегі қалың қауданды шағын төмпешіктің үстінде бұталардың жықпыл-жықпылына бір кіріп, бір шығып, бірін-бірі айнала қуысып, қаннен қаперсіз ойнап жүрген екі ор қоянды байқады. Олар да мұны көрген тәрізді. Бірақ үркіп кете қойған жоқ. Анда-санда құлағын түріп, қос аяқтап қалшып, бір сәт бұл жаққа қарап алады да ойындарына қайта кіріседі.

«Өздеріне зиянсыз кісіні таниды, ә. Қолында мылтығы бар адам болсыншы, қалай зып етер еді», — деп күлді Қанат.

Оның бала кезінде осы өңірдің қояны жыртылып

айырылушы еді. Сол кезде үнемі осы жалды қыстайтын бір Әбді дейтін малшы: «Біздің үйдің төңірегіндегі мен мал жаятын өрісте бір мың жиырма қоян бар», — депті деп жұрт күлетін.

«Әй, сол әпенде, санаса санаған шығар», — дейтін біреулер сеніп.

«Ой, сен де Қожанасыр екенсің. Құмның адын санап түгесуші ме еді кісі» — деп күлетін онан сайын біреулер.

Әбді санады ма, санамады ма кім білсін, әйтеуір, құм ішінің қоян, түлкісі жыртылып айрылар еді. Сонан тұқымға түк қалмай қала жаздап барып, қайта кейінгі кезде табиғат байлығын қорғау, аялау жөніндегі үкіметтің қолға алған шаралары мен қамқорлығы нәтижесінде ғана құм тағылары ептеп өсіп-өне бастады.

«Табиғат байлығын суық қолдан қорғайтын мемлекеттік инспекция қызметкерлерінің жұмысын мұнан гөрі жандыра түссе, — деп ойлады Қанат. — Вертолеттер мен ұшқыр техникалармен жабдықталған кісілердің жиі аралап, бақылау жасап тұруы әрине ұрыларға бір жола тиым салары сөзсіз. Сонымен бірге төңіректегі тұрғын жұрттың осы ортақ іске мән беріп, ат салысуы қажет-ақ. Бірақ осыны өз тірлігіміз ретінде ойға алмайтын сияқтымыз. Бізге қатысы жоқ шаруа санаймыз. Ал жер өзіміздікі, табиғат өзіміздікі екеніне ой жүгіртпейміз».

Қанат темекі алып тұтатты: «Әрбір малшыны, ел аралап жүретін мамандарды, шоферларды осы іске неге тартпасқа, қатыстырмасқа?!»

Қанат денесі тоңазығандай болған соң желбегей жамыла салған пальтосын киіп түймеледі. Таңертеңгілікте қардың ептеген ызғары бар сияқты. Төңірегіне қайта көз жүгіртті.

Бүгін құм ауасы тіпті өзгеше тәрізді. Дала да уақытылы жауынды аңсап тұрады. Оның анда-санда жауыннан шаңы бір шайылып, қағынып-сілкінгендей жасаңғырап, жаңғырып қалатынын даламен сырлас жандар жақсы сезеді. Өздері де осы сәтті жек көрмейді. Кейде тіпті аңсайды да.

Жал үстінен айнала алақандағыдай көрінеді. Етектегі тереңдеу ойпандағы көңде отырған ауыл ішіне бұл кезде қыбыр кіріп қалды. Шопан жігіт қора, жайдан оңашарақтау, беріректегі шағын маядан жеңіл арқа шөп алып келіп есік алдында байлауы тұрған атына апарып салды. Жазда тасып, жиналған маяның ашыл-

ған шеті көкпеңбек болып бұрқырап көрінеді. Онан мына жұпар ауаға жағымды, қышқылтым иіс тарап жатқандай. Атына шөп апарып салған соң артына тізілте шұқыр-шұқыр із тастап шопан қораның төңірегіне келді. Бұл кезде далаға шыққан әйелі есік алдының қарын күрей бастады. Азанғы шайдың хабарын сездіргендей мұржадан түтін будақтады.

Қанат жал басынан үйге қарай аяндады. Осы сәт оның күні бойғы көңілді, сергек күйін алай-түлей еткендей қолайсыз бір жай болды. Төменге түскен соң бұл бірден үйге кірмей қора маңында жүрген шопанның қасына келіп әңгімелесіп тұрған. Ауылдың маңдай алдындағы жалшадан асып құлайтын сүрлеу жолда бері қарай келе жатқан машина көрінді де, артынша гүр еткен даусы қоса естілді. Шопанның қара ауыз, ақсұр қаншығы мен үлкен қызыл ала маң төбеті аса бір тосын күйде дабыл сала шабалаңбай, міндет атқарғандай ғана сыңайда самарқау үріп қарсы жүрді. Жабық, биік, шоңқайма көкала қалдайы бар машинаның беліндегі «Ветпомочь» деген жазуын таяна келгенде ажыратқан Қанат:

— Бас зоотехниктің машинасы ғой мынау. Бұл неғып ертелеп жүр,— деді.

— Иә, Алтай тәрізді,— деді шопан жігіт мұны қуаттап.

Машина үйге жете берді де, бұларды көргендей бері бұрылды.

— Саламатсыздар?!

— Аман-есен бе?!

— Ауыл-аймақ, ел-жұрттарыңыз аман?!

Сәлемдесіп болған соң Қанат:

— Иә, қайдан жүрсің? Ауылдан келе жатқан бетің бе? — деді.

— Жоқ түнде келгенмін.

Қанат бас зоотехниктің мына жүрісінің тегін емес екенін топшылап үлгерген. Осыдан екі күн бұрын бұл құмдағы малшыларды аралап қайтуға аттанғанда ол «біреу күнде ол жаққа мен де барамын, шаруам бар еді»,— деген жоқ-ты. Әрі уақытша директордың міндетін атқарып отырған ол парторг мұнда жүргенде шұғыл бір жағдай болмаса орталықта болуы керек-ті.

— Әй, өзі жайшылық па, неғып жеделдетіп жүрсің?

— Қанеке, бір ақылдасатын шаруа килігіп тұр. Былайырақ шығын әңгімелесейікші,— деді зоотехник.

Екеуі қасындағы шопаннан бөлініп, оңашалана берді.

— Не жағдай?

— ЧП болып тұр, Қанеке.

— Ол не?

— Мына Өтелов деген шопанның отарынан бір жүз отыз саулықтың орны жоқ.

— Әй, не дейсің?! Қалай жоқ?! Опатқа ұрынған ба, немене?!

Қанат кешелі-бері осы өңірдегі малшыларды аралап жүріп жаманат жағдай естімеген. Таңғалуы сонан еді. Жайлауы мен қыстауы алшақ жатқан көшпелі елде кей-кейде табиғат апатынан кездесіп қалатын тосын жағдайлар болатын. Дауыл, жауын-шашында мал бөлініп кеткен, не қасқыр тиіп қырып салған сәттер кездесетін. Бірақ ондай хабардан ә дегенше-ақ ел құлақтанып қалатын. Жаппай көмекке, іздеуге шығып, бөлінген малдың тірі болса басын, өлген болса сүйегін тауып әкелетін.

Ал Қанат жуық маңда ондай суық хабар естімеген.

— Жүз отыз бас дейсің бе? — деп қайта сұрады.

— Иә, жүз отыз бас.

— Қандай опатқа ұрынған? Қашан болған жағдай?

Қанат әлі де тосын бір қырсық кезіккен екен деген ойда-тын.

— Не опатқа ұрынғанын білмеймін. Әйтеуір, жүз отыз саулық кем.

— Әй кемің қалай? Бір бас емес, екі бас емес жүз отыз бас мал әлденендей бәлеге ұрынбаса қалай жоғалады? Бұл не жағдай өзі? Қашаннан бері жоқ нәрсе?

— Осының із-түзін мен де біле алмай тұрмын. Байқауымша біраздан бері жоқ мал. Бірақ жасырып айтпай келген.

— Өзі дені дұрыс, есі-басы сау адам ба?!

Қанат бұл шопанды сырттай білгені болмаса, жақсы танымайтын. «Сарыдалаға» кейін көшіп келіп, алғаш кездері құрылыста, гараж төңірегінде жұмыс істеп жүріп осыдан бес-алты жыл бұрын бір отар қой алып, малшылыққа шығып кеткенін айтудан ғана білетін. Біраз уақыт сыртта қызмет атқарып келгенімен совхоз малшыларының кәрі-жасының денін танитын. Кеше осында келер жолда көріп, танысайын деп оның үйіне әдейі соққан. Өзі малды өріске шығарып кеткен екен, әйеліне тілдескен. Жағдайларын сұрап, қора-қопсыларын көріп, аралап шыққан соң: «Қайтарда жолығып, сөйле-



сермін, қазір өрістің қай жерінен іздеп жүремін», — деп бері қарай жүріп кеткен. Енді зоотехниктен ол туралы шыныменен сұрап тұрған.

— Әй, Алтай, шопаныңның есі бүтін адам ба? Не айтады? Қайда кетті дейді соншама малды.

— Тіл мен жаққа келсе сіз бен бізді жолға тастап-ақ кететін жігіт, Қанеке. — Алтай кекетіп тұрғаны, әлде қынжылып тұрғаны белгісіз сүлесоктау күлді. — Енді қара басқандай миңгірлеп әр нені айтады.

— Не айтады?

— Жазда жайлауда ұшты-күйлі айрылып қалдым. Еш жерден іздеп таба алмадым. Елге жар салуға тәуекелім жетпеді. Бірер жылда өйтіп-бүйтіп, орнын жауып құтылармын деп жүр едім дейді.

— Мәссаған, мұндай да тірлік болады екен-ау. — Қанат аң-таң күйде темекіге қол салды. Сонан соң жаңа көргендей зоотехникке тесіле қарап біраз тұрды. — Малды өзің санадың ба?

— Өзім санадым.

— Ауылдан ферманың бухгалтері мен бас мамандардың бірін шақыртайық. Бәріміз төрт көзіміз түгел тұрып отарды қайта санап, акт жасау керек. Ісін сотқа өткізген жөн шығар. Сен машинанды орталыққа жібер. Жүр екеуміз әзірге сонда бара берейік, — деді Қанат.

Жасаулы дайын тұрған азанғы шайды апыл-ғұпыл іше сала, екеуі жолға шықты.

— Сен бұл жағдайды қайдан білдің? Қашан естідің? — сұрады Қанат келе жатып.

— Кеше.

— Кімнен?

— Ферманың зоотехнигінен.

— Ол не дейді? Малдың кемін қашан біліпті?

— Күзде Өтеловтың қырқынға айдап келген малы есептегіден көп кем шығыпты. Ферма бойынша қырқынға түскен малдың есебін алатын сол ғой.

— Кем екенін білсе сол кезде неге айтпаған?

— Ферма менгерушісіне айтқан көрінеді. «Көп саулығын қырқынға айдап келген жоқ, Жүні кем шығып отыр» — деп. Ол кісі: «Жарайды, ауыс-түйіс жасап, бір жағынан ретін келтірерміз, қозғамай-ақ қой», — деген соң өздері білетін шаруа шығар деп үндемеп едім дейді.

— Ой, бар болсын, бар болғыр. Соларды да маман, қызметкер деп. Ал енді қалай айтыпты саған?

— Жақында күйекке түскен саулықтардың есебін

жүргізген. Баяғы жоқ мал тағы жоқ. Сонан соң: «Сенің малың түгел емес қой, көп кем ғой. Бұл қалай. Қайда?» — деп сұраса Өтелов: «Сен-ақ соңымнан қалмадың-ау. Не әкеңнің ақысы бар менде», — деп тілдепті. Сөйтіп екеуі жанжалдасып қылыпты. Сол ашумен шығып кетіп, маған келген беті екен, кеше ести сала осылай жөнелдім.

— Е-е, солай де... — Қанат терезеден алға тесіле қараған күйі сазарып, көпке дейін үнсіз қалды.

Бұлар Өтеловты өрістен іздеп жүріп тапты. Жасы қырықтарға енді келген жігіт екен. Аласа бойлы, дембелше, қимылы, жүріс-тұрысы ширақ, шапшаң. Кісіге тінте, тіміскілей қарайтын шегір, шегіртке көздері аңғал, ашық ауыз кісінің кейпін танытпайды. Бұларды жүдеу, пәс қалыпта қарсы алды. Кінәлі, қиналған жан-ның сынайын аңғартады.

— Жазда бір түнде айрылып қалдым,— дейді таяғының ұшымен жер шұқып, төменшіктеген күйі, андасанда көзінің астымен екеуіне зер салып қойып. — Түнде өріп, бөлініп кеткенін, әлде біреудің әйдейі айдап алып кеткенін білмеймін. Із-түзсіз, таптырмай қойды. Астыртын зер салып, іздемеген жерім жоқ. Ал осындай малым жоғалды деп жариялауға бата алмадым. Жауапқа тартып жібіре ме дедім. Шнеттей бала-шағам бар.

— Балаң қанша? — деп сұрады Қанат.

— Жеті кішкентайым бар.

— Ал енді сонда осыншама малың жоқ болып тұрып, үн жоқ, түн жоқ, жайбарақат жүре беруге қалай дәтін шыдады. Мынандай сұмдығың бола тұра бойыңа қалай ғана ас батады. Ферманың не совхоздың басшыларының біріне айтпауыңа қалай түсіну керек... Әй, шырағым-ау, мұндай жағдайды сол болған сәтінде білдіру керек қой! Неге жасырасың? Мұның енді ұрлық қой. Ал енді не істейміз?

Қанат таусыла, ренжи сөйледі.

— Кезінде Әлекеңе айтқан едім...

— Әлекең кім?— деп қалды Қанат өз ашуымен өзі болып тұрып.

— Әлмырза Жорабекович қой,— деді Алтай түсінік бергендей.

Қанат танданғандай бір сәт аңтарылып қалды.

— Әлмырза білуші ме еді бұл мәселені,— деді сонан соң.

— Білетін еді,— деді Өтелов миңгірлеп.

— Қайдан біледі? Өзің айтып па едің?

— Жазда ферма бастық екеуі бір келгенде жылап жағдайымды білдіргенмін.

— Ол не деді?!

— Ренжіді. Ашуланды. Қетерінде: «Қыруар балашағасы бар. Бұл бәлені соттатып жіберіп, олардың көз жасына қалғанда не табамыз. Ағайындары бар ғой олар қол ұшын берер, өзінің жекеменшік малдары бар солардың төлін қосып, бір-екі жылда жоқтың орнын толтырсын. Елді құлақтандырмай-ақ қояйық. Ауданға жетер, өзімізге де жақсы ат болмас. Осы сөз осы жерде қалсын», — деген.

Қанат не шешім жасарын білмей дағдарып қалды. Табиғаты жуас, томпақай зоотехник «не істесеңіз де өзіңіз біліңіз, айтқаныңызға мақұлмын» деген кейіпте монтаны тұр. Бүйте қояйық деп ақыл қосатын ыңғайда емес.

Ферма меңгерушісі жасы келген, науқастау кісі еді. Біраздан бері қалада ауруханада жатқан. Әлмырзаның курорттан қайтып оралатын уақыты таянып қалған. Әрі кеткенде үш-төрт күнде келіп қалуға тиіс. Бұл мәселенің тоқетерін енді соған қарата тұруға жөн көрді. Қалай дегенде де шаруашылыққа бірден-бір жауап беретін басшы сол ғой. Әрі бұл болса жаңа келіп жатыр. Ненің не екенін біле бермейді. Істің басы-қасында жүрген өзі ғой. Соны күткен дұрыс шығарға тоқтам жасады.

Бірақ Өтеловтың отарын қайта санатып, акт жасатып, өзін сол жерде шопандықтан босатты да, малын басқа кісіге өткізді.

Құмды аралап, қыстаудағы елдің жай-күйімен танысып, қайтып оралса Әлмырза да ауылға келген екен. Болған мән-жайды айтты. Ол бұрыннан хабары бар кісідей-ақ онша абыржи қоймады. Салқынқанды тыңдап алып.

— Малың санап алып, басқа кісіге өткізгендерің дұрыс болған,— деді. — Басында бекер жолатқан екенмін: денсаулығы жақсы, қайратты жас жігіт болған соң мал бақсын деп жіберген мен едім. Өздері бірталай жан екен, шопанның күнкөріс тұрмысы жақсы әрі күнелтсін дегенмін. Бұл қазақ жақсылықты біле ме?..

— Ал, енді не істейміз? — деді Қанат мәселені түбегейлі шешіп алу керектігін ескерте.

— Білмеймін... — Әлмырза қиналған кейіпте терезеге қарап, сазарып, сүт пісірім отырды.

— Өзі сырттан келгенімен мына бәленше, түгенше-

лердің жақын туыстары екен,— деді сонан соң бұған қарай бұрылып. Осында қайсысы қызметкер, қайсысы жұмысшы болып жүрген біраз кісілердің атын атап.

— Иә, естуім бар,— деді Қанат.

— Ісін заң орнына тапсырсақ, қазір апарады да жабады. Бір жүз отыз қой оңай шаруа емес.. — Тиянақты шешім таба алмағандай темекісін қайта-қайта сорғыштап, мазасызданып, әрі-бері қозғалақтады. — Оның бір тағы қинайтын жағы бар,— деді сөзін жалғастырып. — Екеуі отырып туысымызды соттатып жіберді деп мына ағайындары бізден көреді. Сөз жоқ. Ағайынның өкпесін білесің ғой, қисынға қарай бермейді... — қораптан қайта темекі алып тұтатты... — Әрі, нәлетінің шиеттей бала-шағасы бар. Обалсынасың...

— Иә, балалы екен,— деді Қанат та осы жағдайға қиналатынын жасырмай.

Осы сәт шұғыл шешім тапқандай Әлмырза төмен салып отырған басын қалт көтеріп, бұған маңызды әлдене айтатын сыңайда ойлана қарап қалды. Отырып, отырып:

— Қанат, осы бәледен у-шусыз құтылсақ,— деді.

— Қалай? Не істемексің?!

— Жазда жылап-еңіреп тұрған соң: «Өз малдарыңнан қос. Төліңді құй. Елден қозы-тоқты сатып ал. Болмай бара жатса мына ағайындарыңа айтармыз, көмектессін. Сөйтіп жақын арада жоғалған малдың орнын толтыр» деген едім. Енді өзі қойдан шығып қалыпты. Мойнында бәлен бас қарызы бар еді, соны қашан құяды деп бір түлік болып жүреміз бе? Ол бәле қашан тауып түгендейді. Алда жаңа жылдың санағы келе жатыр. Соған қалдырмай, есебін тауып, орнын жауап, расчет болып құтылып отырсақ.

— Оның реті қалай болады?!

— Ретін занды түрде келтіреміз. Жоқ малдың басына қазына бағасымен ақша кесейік. Сол ақшаны тез арада тауып құйсын. Сөзге қалмай, есептен шығып отырайық.

Қанат: «Мұның жөн екен, мақұл да дей алмады, жоқ, болмайды, бұл қалай да» дей алмады.

Өтелов әр саулыққа жиырма екі сомнан ақша төлеуге тиесілі болып, совхоз кассасына екі мың сегіз жүз алпыс сом әкеп құйып, қарызынан құтылды да, көрші совхозға көшіп кетті. Бұл шаруа ың-шыңсыз осылай тынған. Бірақ Қанаттың көңіліне күдік еніп, әрдайым

осы мәселені ойына алып қоятын. «Боран жоқ, шашын жоқ жазды күні, қараптан-қарап жүріп, жүз отыз бас малдан қалай айрылып қалады. Сонша мал із-түзсіз қайда кетпек. Осында бір шикілік жоқ па екен», — дейтін де жүретін.

Кейінірек бірер жыл өтіп кеткен соң ауданнан жиналыстан бірге қайтып келе жатып, осы жайды еске түсіріп, сөз еткенде, зоотехник Алтайдың айтқан әңгімесінен Қанат жағасын ұстаған.

«Қап, сонда ісін сотқа бірден тапсырып жібермей», — деп өкініп бармағын шайнаған.

Алтайдың әңгімесі талай жылдан бері шаруашылық төңірегінде үлкенді-кішілі қызмет атқарып жүріп, өзінің мұнан бұрын кездестірмеген, әрі осындайда көз жұмбайлық болар деп тіпті ойына алмаған нәрсесі.

— Бұл бірінші рет емес, — деді Алтай екеуі Өтелов жайын сөз ете бастағанда. — Мен осы совхозға бас зоотехник болып жаңа ауысып жатқанымда дәл осындай бір оқиғаға кезіккенім бар. Онда мен де сіз тәрізді аң-таң күйде басымды шайқағанмын. «Көре-көре көсем боласың» дегендей. Ал бұл жолы мына Өтеловтің тірлігіне күдігім бар.

— Солай ма?

— Солай. Өтелов жер құртқан жігіт. Оның қулығы мен жымысқылығына құрық бойламайды.

— Бәсе зымиян жігіт сияқты еді.

— Зымиян болмаса әлгіндей тіршілік қолынан келе ме? Ол жүз отыз саулықтың әр қайсысын кем дәгенде жүз елу сомнан саудагерге арттырып жіберді. Ал совхозға жиырма екі сомнан ақша төлеп, құтылып шыға келді. Қанша ақша қалтасында қалғанын есептей беріңіз.

— Жанынан кешкен бәле ме, көзбе-көз сондайға баруға қалай тәуекелі жетеді.

— Жоқ, ол көзсіз ақымақ емес, өлер жерін біледі. Ісінің сотқа өтпейтініне, арашы табылатынына сенімді.

Қанат мына сөзден қатты тіксінді. Бір қауым уақыт үндей алмай отырып қалды.

— Мұндай күдігінді басында неге айтпадың. Тура сол кезде ойыңда осындай сезік бар ма еді, — деді оған бұрылып.

— Тиянақты айғақ, дәлелің болмаған соң ондайды қалай айтарсың. Әйтпесе мен ту бастан-ақ солай күдіктенгенмін. Кейін жазда сол төңіректе көрші отырған шопандардан сұрастырып, зер салып көрсем «қауын-

қарбыз артқан, түрлі жеміс, көкөніс тиеген, саудагерлер мінген, биік қалдайлы, кең қорап машиналар соның үйіне үйір еді»,— дейді. Сонан кейін шүбәм қалған жоқ.

— Қап, бекер істегенсің. Сонда ойыңдағы күдігінді маған сездіруің керек еді.

— Енді, қылмысын қолмен ұстап, көзбен көрмеген соң қалай айтасың. Сізбен де сырмінез емес кезіміз. Қалай қабылдайсыз.

Қанат «ол не дегенің, не айтпақсың» дегендей сұраулы жүзбен бұрылып еді, Алтай орнынан қозғалақтап, ыржалақтап келді.

— Өтеловты директор тәуір көретін. Әйтеуір, сол кісінің көңілін таба білді өзі. Не қадырының өткенін қайдам, Өтелов десе тақ тұратын. Онан кейін өзі... — Алтай айтсам ба екен, айтпасам ба екен дегендей бұған қарап қозғалақтап, сәл кідірді. Қанат оның көңіліндегі сөзін күтіп отырған ыңғайда, «иә естиік» деген қалыппен мойын бұрған. Алтай тіл ұшында тұрған сөзін енді айтпауға болмайтынын сезіп, желкесін қаси түсіп, бәсеңдеу дауыспен:

— Онан кейін өзі... — деп әңгімесін қайта бастады. — Әлекең мен сіз жақын жолдас кісісіздер. Қалай ойлайды деп. Жеме-жемге келгенде Әлекеңнің айтқанынан аттап кете қоя ма, мен босқа сөз шығарған болармын деп. Әрі көрсете қоятындай қолымда айғақты ешнәрсе жоқ. Біреудің сыртынан бәле қуып жүргендей өзім көз түрткі жағдайда қалармын деп. Бұл күнде жел қайдан соғады деу қиын ғой. Сәл нәрседен шық байтал бола салуың оңай...

Қанат әлденеге наразы күйде жөткірінді. Алтай оның ұнатпаған қабағын байқап, әңгімесін үзіп, кейінірек жылжып отырып, терезеден сыртқа көз салды.

Қанат кімге ренжігенін өзі де білмейді, қарадан-қарап көңілсізденіп, көпке дейін үнсіз қалды. Мына әңгіменің төркіні өзіне ұнамаған. Бірақ Алтайды да, тап қазір кінәлап, сөге алмады.

«Оның айтқан уәжін бүтіндей теріске шығарып көрші,— деді іштей кінәлі бір сезімде. — Әлмырзамен жақын екенің, жолдас екенің өтірік пе? Оның айтқанын жолға тастай алар ма едің? Ал зоотехниктің директормен қырын келіп, парторгке ұнамай қалудан сақтануы өзі үшін дұрыс та. Ол үшін қалай бәткерде қыласың. Мәмілемен тып-тыныш, қызметін атқарып, отбасын асырудың ең тиімді жолы осы. Алтайды бұл көптен біледі, жаман жігіт, жаман маман дей алмайсың. Өз ісін

ысқаяқтай қағыстыратын, кіммен де сәлемі түзу, мен деген-ақ жан. Соны көріп тұрып не деп кінәлап, не деп сөге қоярсың?!»

Қанат бір сәт осылай ойлап дағдарған. Темекісін үстін-үстін сорғылаған.

Сол сәт ар жағынан атойлаған бір сезім бас көтергендей болды. Сол сезімнің жетегіне еріп: «Оу, осы біз ылғи тіршіліктің қоғаның басындай жұп-жұмсақ, томаға тұйық, монтаны күйін ғана күйіттеп, ықтай беретіміз не? Төңірекке азаматтық тұрғыда неге көз салмаймыз,— деп толғанды. — Керек жерінде «не бел кетеді, не белбеу кетедіге» тәуекел етпейтіміз қалай? Біліп тұрып, сезіп тұрып әлдекімнің ыңғайымен мылқау, саңырау бола салуға мақұлмыз. Осынау жылымшы мінез, жымысқы ыңғайды бойымызға қалай ғана терең дарытып алдық. Барды — бар, жоқты — жоқ; ақты — ақ, қараны — қара деуден қалып барамыз. Ал осы елеусіздеу келіп кірген келеңсіздіктің біздің қоғамымыз үшін, еліміз үшін зиянды індет екеніне әрбір саналы, парасатты азаматтың ой жүгіртіп, жан ауыртуы керек-ау. Осы індетпен күресу әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болса керек-ау».

Осылай ой кешкен ол өзімен өзі болып, жол бойы көпке дейін үнсіз келді. Әрине, «жалтақтық жасадың, принципсізсің. Сезіп тұрып бұғып қалдың. Өзің совхоз басшыларының бірі бола тұра, тиісті шарасын қарастырудың орнына, «аш бәледен, қаш бәле» деп бас сауғалауың кісілік пе», — деп шүйлігуіне болар еді. Бірақ баяғыда өтіп кеткен іске енді олай шамырқанып жатуды қажет көрмеді. Шынтуайтқа келгенде мәселенің бұлай өріс алуына жалғыз Алтайды кінәлаудан ешнәрсе өнбейтіні кәміл. Алтайға тіреліп тұрған нәрсе шамалы. Басты кінәны Алтайды осындай жалтақтыққа итермелеп, кіріптарлыққа душар етіп тұрған себептен іздеу жөн. Бір Алтай оңай. Оны жазалауға, қызметінен алып тастауға болар, кілтипанның түйіні сонымен шешіліп жатса. Ал оның орнына келген кісінің тағы да Алтай болмасына кепілдігің бар ма?! Жоқ, мұның төркінін әріден іздеп, тамырының тереңде жатқанын ойлаған жөн. «Күнәнің ауыры да бір, жеңілі де бір». Тазалық үшін таласқың келсе арғы жағына үңіл. Белді бекем буып, шыдаймын деп шық.

Осы ойларды жүйелей келіп:

— Алтай,— деді артына бұрылып. — Біздің қанымызға сіңген бір теріс әдет бар. Сырттан тон пішіп, со-

ған ылайық әрекет жасаймыз. Ащы болсын, тұщы болсын ашығын айтып, әділіне көшуге самарқаумыз. Сонан опық жеп жатамыз, бірақ оны ескермейміз. Маңдайымызға тимейді. «Дружба — дружба, служба — служба» деген мақалды күнде естиміз, күнде айтамыз. Көбіне әзілге қолданамыз. Алайда мұның түп төркіні әзілден шықпаған. Рас Әлмырза екеуміз, бірге оқып, бірге өскен, жақын жолдаспыз. Ал бұл жақындықтың қызмет бабындағы шекараға қатысы болмаса керек. Жолдас-тық үйде, дастарқан басында, дос-жоралардың арасында. Ал әрқайсымыздың қоғам алдындағы қызмет, міндетіміз онан дербес тұруы керек.

Машина қырқа үстіне шыға келген. Арғы астырттан тау қолтығына таяу жазықтан көгілдір бауға оранған ауыл қарасы қарауытты. Күн жаңа ғана батқан, төңірек әлі жарық. Көшеде жаңа жанған шамдардың жарығы алыстан болар-болмас жылт-жылт қылаңытады. Қанат алдындағы сол көрініске көз тігіп, әңгімесін бір сәт үзіп барып, қайта жалғастырды:

— Менің әкем өмір бойы малшы болып өтті. Ал сол кісінің ақыл-санасы, зердесіне, адамгершілігіне күні бүгінге дейін тәнтімін. Маған тек адалдықты өсиет етіп, жақсылықтың дәнін септі. Оның қаншасын бойға сіңіріп, қаншасын желге ұшырып жібердік, қайдам... Өмірі мектеп көрмеген, газет, кітап бетін ақтармаған кісінің маған айтқан тәрбиелік сөздері, тазалық, туралық жайлы ой түйіндері біздің коммунистік идеяның өзім оқыған қағидаларымен сәйкес келіп жататынына қайранмын, әрі қуаныштымын...

Қанат толқи сөйлеп отырып, кенет тына қалды. Көңілінде: «осы мен өзімді-өзім мақтағандай мұным не» — деген ой жылт еткен. Сонан соң: аз-кем үнсіз отырып:

— Алтай, шаруашылыққа қатысты ортақ істе бір-бірімізден пікір бүкпейік. Көңіліміздегіні айтайық. Түсінісуімізге жақсы. Әрі істің пайдасы. Біріміздің ойымыздан біріміз шығармыз, шықпаспыз мәселе онда емес қой. Ешкімді ешкім шауып тастамайды. Совхоздың тірлігі саған да, маған да бірдей. Ешкімнің бөлек меншігі емес. Үкімет бәрімізден бірдей талап етеді. Оның жақсысына да, жаманына да бәріміз бірдей жауаптымыз. Алдағы уақытта не нәрседі де ашық, тура сөйлесейік, — деді. — Жалпы екеуміз мықтап бір қателік жібергенбіз, келешекте сабақ болсын.

Адамның кейде өзін-өзі түсінбей, әлденеден қаңтарылып, тізгінделетін сәттері бар. Қанат бұрын көңілің-



дегі кез-келген сөзін іркілмей айтып, сырласып, сұхбаттаса беретін Әлмырадан қанша оқталғанымен осы әңгіме жайлы сұрай алмай-ақ қойды. «Осы іске оның қатысы бар ма, жоқ па» деген сауал өзін күпті етіп, мазалаған сайын, көңіліне күдіктің түйіні байлана берген. Келе-келе, араға салқындықтың сызаты түсуіне сол түйіннің себепші болғанын сезеді.

\* \* \*

Бұл осы қызметке алғаш келіп жатқан кезде Нүрекен, Нұрмағанбет, келіп, жолығып құтты болсын айтқан. Өзінің іштартып, сыйлайтын ақсақалы болған соң бұл салмақ сақтап бипазданбай-ақ ауыл жағдайын ақтарыла сұрап, шешіле шүйіркелесіп, екеуі ұзақ әңгілескен.

— Келгенің жақсы болған,— деген Нүрекен құп алып. — Сырттан құлақ түріп, зер салып жатамыз. Жүрген жерінде қадырсыз емессің. Соныға тілектеспіз. Дұрыс азамат қай жерде де өзіне жүктелген міндетті абыройлы атқаруды парыз санары хақ. Солай етеді де. Ал туған аулында қызмет қылудың жауапкершілігі онан да гөрі салмақты, игілікті болса керек. Олай дейтінім — ең алдымен бәрімізге ортақ үлкен міндеттің үдесінен шығып отыру, яғни, мына шаруашылықты партия мен үкіметтің алға қойған талап-жоспарына ылайық өсіп-өркендетіп отыру оңай нәрсе емес. Қажыр-қайрат, ақыл-ойды бірдей сарқа жұмсап жұмыс атқаруға тиіссің. Онымен бірге өз ауылың — елдің елдігі, ағайынның қуаныш-күйініші деген тірліктен сырт орай қала алмайсың. Соның қай-қайсысына да басышылық, жан ашырлық таныту ол да парызың. Осы ауылдың жақсы-жаманына сен жауаптысың. Ағайынның алғысын аласың ба, әйгәпір боласың ба ол жағы жүрген жүріс, істеген қызметіңнің нәтижесіне байланысты.

— Оныңыз рас, Нүреке,— деген Қанат үлкен кісінің сөзіне ықылас білдіріп. — Жанашыр пейіліңізге рахмет Ауыл дегенімен, ағайын ортасы дегенімен жаңа қызметтің өзінің бір үйреніп, қалыптасып кеткенше тосындығы, қиыншылығы болады ғой.

— Әлбетте.

— Осылай келіп, ақыл-кеңестеріңізді айтып, ойға алған ұсыныс, пікірлеріңізді білдіріп тұрыңыздар. Мүлкетіп жатқан жеріміз болса оны да ескертіңіздер. Ауырлайды деменіздер. «Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды».

— Мұның білген кісінің сөзі... — Нұрекең жұмсақ орындыққа шалқалай отырып, Қанаттың жүзіне разы пішінмен зер сала қарады.

— Өмірді осы шаруашылықтың төңірегінде өткіздік қой,— деді сонан соң сөзін қайта жалғап. — Бастық та болып көрдік, басқа да болып көрдік. Жақсы күйде де, жаман күйде де жүрдік. Бастан біраз нәрсені кештік. Соның қорытындысында көзім жеткен бір ақиқат — қай кезде, қай жағдайда жүр туралығына көшіп отырсаң, әйтеуір, сағың сынбайды. Түбі елдің алғысына ие бола-сың. Өткіншіге елікпе. Аз күнгі бір қызық-шынжыққа айналшақтадым дегенше алды-артың ылайланады дей бер. Адасасың...

Нұрекең осы жолы біраз әңгіменің басын шалып келіп, Әлмырзаға наразы ыңғайын танытып өткен.

— Әкесі даудырлаған ақкөңіл, аса қалтарысы жоқ кісі еді. Мынаның кімге тартқанын. Арамзалығы бар. Бойынды тарта ұста. Жетегіне ілесе бірме,— деген.

Нұрекең кеткен соң бұл жаңағы арадағы әңгімелерді қайтадан ой елегінен өткізген күйде жалғыздан-жалғыз бір қауым уақыт отырған...

Онда Әлмырзаны жаманға қимай: «Нұрекең ауыл ақсақалы ретінде көңіл бөліп, жағдаят сұрасып тұрмайды деп өкпелейтін шығар. Соның салқынымен айтқаны боларға» жатқызған.

Бірде екеуара оны-мұны айтып, жаяу әңгімемен отырып Нұрекең жайлы сөз болып қалғаны.

— Сол шалды қойшы,— деп Әлмырза тыржың етті. — Сөзі бар адам. Тыныш жүрмейді. Жасы келді. Иманын сұрап, от басында отырмай ма енді. Әлі белсенділіктен қалғысы жоқ. Баяғы бастықтығын аңсайтын болу керек. Осы совхозды біз ішіп-жеп, талан-таражға салып, таратып жібергелі жүрген сияқтымыз да, жаны ашитын сол ғана тәрізді. Жиналыс болса әйтеуір, сынап-мінеп қабырғасы қайысады да жүреді.

— Неге олай дейсің? Осы ауылдың ауыл болып, осы шаруашылықтың шаруашылық болуына бір кісінің еңбегі айрықша сіңсе сол Нұрекең шығар. Айтқанына құлақ асып, сыйлай салу керек қой. Зиян айтпайтын шығар.

— Өткенін көксеген көкмылжың шал ғой. Заманға ілесе алмай қалған. Уақытпен санасуы керек қой. Айналаға қарау керек. Рас, олар жалаңаяқ, ашқұрсақ жүріп еңбек еткен шығар. Ішіп-жемеген шығар. Олар солай болған екен деп, енді біз, бізден кейінгілер де өмір

бойы ескі кителден басқа иығымызға ешнәрсе ілмеуіміз керек пе? Барда барша жүріп-тұруымыз керек емес пе. Барша тұрмыс құруымыз керек емес пе? Халық өз дәулетінің игілігін көрмей ме?

Қанат оның сөзіне бәлендей дау айта қойған жоқ. Дауласайын деген ниеттен де аулақ-тын. Тек Әлмырза сөзін аяқтай бергенде, сабырлы күйде:

— Ескі кителге тиісіп қайтесің. Киелі нәрсе ғой ол, — деді. — Ал Нүрекең туралы артықтау кетіп отырсың.

Әлмырза сөзінің аяғын әзілге бұрды.

— Жарайды, жарайды, әкесін бәткерде қылғанды кім жақсы көрсін. Нүрекең өзі саған өкіл әкедей еді ғой. Басынан сені жақсы көретін.

— Сен ше, сені жек көруші ме еді?

Әлмырза бұған қарай шұғыл бұрылып, әзіл-қалжыңсыз, шын көңілімен:

— Сол кісі мені бала күнімде де онша ұнатпайтын тәрізді көрінетін еді, — деді. — Ал осы қызметке араласқалы бері жұлдызымыз қарсы келіп қала береді.

Әңгіме үзіліп қалып екеуі де сонан кейін өз ойымен өзі болып кеткен. Қанаттың есіне өткен бір оқиға оралған еді.

Онда Қанаттың алғаш оқу бітіріп келген жылдары еді. Нүрекең басқаратын фермада агроном болып жүрген. Бірде екеуі «Қостоғандағы» пішеншілер аулына барып, әрі сол мандағы сүрлемге егілген біраз гектар жүгеріні көріп қайтпақ болып келіскен. Ертелетіп кеңсеге келсе ол кісі директордың алдында отыр екен, сонан соң ішке кірмей-ақ сыртта күтіп тұрған.

Нүрекең бір қауым уақыттан соң совхоз кеңсесінен түйіле шықты. Бірденеге ренжіген сыңайы бар. Сірә біреулермен сөзге келісіп қалғандай. Асығыс адыммен атына келіп, ағаш шарбақтың сүйір ұшына қазық бау шала салған шылбырды жұла тартып шешті де:

— Жүреміз бе, дайынсың ба? — деді Қанатқа.

— Ұзақ отырдыңыз ғой Нүреке.

— Көп күтіп қалдың ба?.. Баяғы Нұрмағанбеттің бітпес дауы, біраз жерге барысып шықтым тағы да.

— Не шаруа еді? Қанат атын тебініп қатарласа жүрді.

Нұрмағанбет оған жауап қайтармады. Әлденеге ықтияр болмағандай сұраулы кейіппен нығын қомдап, тамсанып қойды.

— Жоқ, мен бітiсе алмаспын, сiрә да,— дедi сонсоң өзiмен өзi сөйлескендей ол. — Көрiп тұрып қалай айтпай отырарсың. «Жас демей, кәрi демей жүз шайысып қала берсең, не керегi бар жаманатты болып, қартайдың ғой, осы ендi белсендiлiктi қайтесiң? Сенсiз де қойы өрiп, қорасы кеңiп жатқан жоқ па осы совхоздың» — дейдi көлденең бiреулер ақылгөйсiп. Сонда мен белсендiлiк жасағанда атақ, бедел iздеп, бiреумен ренжiскенде есiгiмнiң алдындағы қорығымнан шықтың деп жүрмiн бе екен.

Ол қиястана мырс етiп, шырт түкiрдi де, еңсесiн көтерiп, ерге түзеле отырды. Аттың теңселген аянымен тербелiп, ой иiрiмiне түсiп кеткендей үнсiз келедi.

Қанат шiлденiң анызағынан сарғая бастаған даланың көптен берi жауын шаймаған жадаулау, қуаң реңiне көз жүгiртi.

Жол жиегiне нiн тiресе өскен шағыр жусан мен ара-тұра ойдым-ойдым кездесетiн жабайы ажырық шаңға тұнып тұр. Бұрқылдаған май топырақты қара жолдың үстiнде екi аттың соңынан құйрық тiстесе көтерiлген қою шаң дала төсiнде тұман болып тұрып қалып жатыр. Азанғы кездегi салқын самалды, сергiте сипайтын ауа лебi ендi тымырсықтау, жылы тиедi. Бiрте-бiрте күн төбеге таянған сайын көтерiле түскен ыстық кiсiнi құрғақ жұтынтып, булықтырып келедi.

— Осы бiраздан бергi ыстық ересен болып тұр-ау, өзi қайтпай қойды ғой.

Қанат әңгiмеге тартқысы келiп серiгiне қарап қойды.

— Шiлденiң iшi емес пе деген. Уақтысы ғой ыстықтың,— дедi Нұрмағанбет селсоқ қана.

Өзi қаперiне алатын емес. Ақ кенеп кителiнiң жоғарғы түймесiн ғана ағытып, күнге күйiп қоңырқай тартып кеткен қамыс қалпағын милықтыра басыңқырап киiп алыпты. Атын сипай қамшылай, сергек отыр. Осы даланың жусаны түстес қоңырқай жүзiнен манағы ренжудiң iзi жоғалыпты. Мандай әжiмдерi жазылып, тершiп, қызара бөртiп келедi.

«Иә, бұл даланың ыстығын жусан мен Нұрекең жатсынар ма,— деп ойлаған Қанат. — Өзiнiң жүзiне кәрiлiк iзi жүгiре бастапты. Дембелше келген, жып-жинақы қара шал боолыпты. Қысықтау келген байсалды қара торғын көз жанары да бозарыңқы тартқандай айналалсын әжiм иектеп алыпты. Бұрынғы тұнба бояудан шыққандай қою қара мұртын ақ селеу талшықтар аралапты. Ұртының етi де тартылып, самай мен иек буырыл

түске енген. Тек шапшаң шұғыл қимылы, жүріс-тұрысы ғана әлі бұрынғыдай. Қажырлы кісі сияқты еді. Алпыс-дың біреуге кәрілік те, біреуге елеусіз жас қой. Нүрекеңнің қайраты қайтпағаны көрініп тұр.

«Мана неге кейіді екен» деген ой келген Қанатқа. Сұрауға оқталып бір қойды.

— Осы сазда шабын басталғалы біраз болды. Әлі жиын-терін болып, жұмысқа сайма-сай кіріскен жоқпыз. Осы іркіс-тіркіс созбақпен жүріп күз түседі, сонсоң бір күні апыл-ғұпыл шөп жиналып бітті деп шыға келеді. Япырай, бұл не қылған салақтық,— деді Нүрекең әлденеге наразы кейіппен Қанатқа қарай бұрылып.

Күні бойы өзін әурелеп келе жатқан ой еді бұл.

— Пішеншілер ренжитін болды-ау — деп қойды тағы да.

— Неге?

— Үй жоқ. Бәрі бір-ақ киіз үйде жатыр. Түске қарай бір мезгіл дамылдайын десе оған сыйыспайды. Фермадағы басы артық екі үйді күзде күйектің басына тігуге құмға апарған. Әлі сол жақта жатыр.

— Қеше машина жіберілген жоқ па?

— Соның дауы ғой бүгін менің кеңседе кешіккенім. Ол машинаға зоотехник Әлмырза үйіне отын басып келіпті. Шофер: «Үйлер қоймада екен, баздың қарауылын таба алмадық» дейді. Көрдің бе тірліктің түрін. Қарауыл шекараға өтіп кетті дейсің бе, сол маңдағы ауылдың бірінде жүр ғой. Ал оны іздестіріп тауып, өзі басшылық жасайтын зоотехник жоқты келеу етіп, отын алған да қайтқан.

— Енді не істейтін болды сонымен?

— Жүз шақырымға салдырлатып тағы бір машина жібереді де. Мұнда қырауар жұрт қарап отыр-ау, машина дегенде жаны болмағанымен шығыны бар зат қой, обал-ау дегенді ойламағаны ма? Ал осыны көріп тұрып қалай үндемейсің. Біреулер оны ұнатпайды. Осының не күйері бар екен дейді. Неге болмасын. Бөгде біреудің мүлкі емес қой ол. Осының әрбіреуі үшін сенің әкең мен шешенің тері төгілген, менің алақанымның еті ойылған.

Нүрекең сартап болған мүйізді алақанын Қанатқа қарай әулеттене созды.

Қанат серігінің айтқанының қаншалықты шын, ойының да парасатты екенін сезінгенімен бір ғана «Нүреке дұрыс айтасыз» деу жадағай қошемет болып, әлжуаз шығарын аңғарды да үндеген жоқ. Онан гөрі салықалы

бір лебіз танытпақ еді жөпбөлдемеде ойға орала қоймады.

— Япырай,— деп қойды Нүрекең. Бұл өзінің бәсіре сөзі. Айтарын «япырайсыз» бастамас еді ол. Қатты ой үстінде де жиі-жиі «япырайды» естірте қайталап отыратын әдеті бар-тын.

— Осы кейбір жастарға таңым бар. Не көріп, неден қысылып... Ол сұраулы кейіппен Қанатқа қарады. Айтпағым бар тындай отыр дегендей.

— Иә, не көріп, неден қысылып, күйкі тірлікке бой алдырады. Таршылықты, аумалы-төкпелі аласапыранды біздер ғана басымыздан өткердік қой. Олар түзу заманның кең жайылған ақ дастарқанынан дәм татып, еркін-ақ өспеді ме? Оқыған көздері ашық, көңілдері ояу емес пе?.. Ненің құсасынан күйбің күн көріс қамының шылауында шырмалады.

Нүрекең төс қалтасынан «Беломордың» бірін алып шығып, тұтатып құшырлана сорып қойды.

— Жаңағы зоотехник те он бес жыл оқыды-ау...,— деді ойлы қалпы. — «Шаңырағын совхоздың бақшасы үшін шарбақ етіп жатқан ешкімді көргенім жоқ. Бір мезгіл үй шаруашылығына қарағанымыздың қылмысы жоқ шығар?» — деді-ау шімірікпестен. Сайрап тұр. Дес бермеймін, өзіме-өзім мығыммын деп тұр. Ширақ тілді, сырт көзге жылтыраған жұғымды, сыпайы. Оқыған. Қынжыларлығы да сол.

Нүрекең сабағы мылжаланып, тұқылданып қалған темекісін түкіріп тастады.

— Жолмен бұрылып жүрмей-ақ шабындықпен төтелей салайық. Су тартылғалы біраз болды ғой, батпақ жоқ шығар,— деді ол атын тебініп алға түсе беріп.

Қанатқа қиялға толы, қызыққа толы балалық шағының куәсіндей көрінетін ескі ауыл адамдарының, азайып бара жатқан ардақтыларының, ішінде жанында келе жатқан осы кісі ерекше жылы тартып тұратын. Араларында ат ауысар ағайындығынан да емес, мүмкін әкесінің көңілі жақын, замандасы болғандықтан да емес шығар. Әзірге өз қатарының Нүрекеңмен сыйласпайтынын көрген емес.

«Қилы-қилы заман тонын айналдырып киген нелер жігітті танытып кетті ғой. Кейбір мен тәуірмін дегендердің де кезінде жамандықты жатсынбағанын көрдік. Нұрмағанбет шіркін, қалыптағы темірдей ғой. Толатын да, толқитын да кезі болды. Қысым көріп, қиналып, бас сауғалар заманды да өткізді. Сыр білдіріп, селтеңдеген

кезін көргеніміз жоқ әлі. Бір сыдырғы қоңыр күйден аумай келеді ғой, сабаз» — деп отырар еді олар.

Сол Нүрекең осы келе жатқан кішкентай ғана қара кісі.

«Кейбір кішкененің, қарапайымның өзінде де бір байқала бермес ұлылық, асқақтық бар-ау» деп ойлады Қанат. Жасынан таныс, осы бейне биіктен көрінгендей болып келеді.

Қанаттың ауылын бұрын «Сарыдала» колхозы дейтін. Бұл колхоздың тұрғындары отызыншы жылдары Арқадан көшіп келіп, Қаратау қойнауына қоныстанған көшпелі жұрт еді. Бертін келе осы маңдағы «Екпінді», «Қызыл күншығыс», «Жасөркен» деген колхоздар қосылып, «Сарыдала» совхозы құрылды. Нұрмағанбет «Сарыдаланың» алғашқы колхозшыларының бірі болатын. Қанаттың білетіні Нүрекең соғыстан келгеннен кейін осы колхозда бастық болып істеді. Кейін бригадир, сушы да болған кездері бар. Сонан елуінші жылдан бастап, алпысыншы жылдары колхоздар ірілендіріліп, совхозға ұйымдасқанға дейін ұзақ уақыт «Сарыдалада» колхоз бастығы болып істеді. Қазір совхоздың бір фермасында меңгеруші.

Бала күнгі көргенің тайға таңба басқандай көз алдында қалып қоятын әдеті ғой. Қанаттың осы Нүрекеңді көрген сайын ойына орала беретін бір жай бар. Онан бұрын ол Нүрекеңді біле ме, ауыл адамдарының ішінен көріп жүруші ме еді, ол есінде жоқ. Осы бір оқиға жадында сақталыпты. Сонан бері ғана ол Нүрекеңді танытын сияқты.

Соғыстан кейінгі жылдар болатын. Жұмыс қолының аздығынан ба, оқу аяқталысымен ересектеу балаларды шөпке, қырманға шығарады. Ауылда он үш-он төрт жасар Өміртай деген бала бар-тын. Өзі тентектеу, өжет болатын. Бірде кілең ши майда балалар асық ойнап жатыр еді, сол келді араларына. Осыдан үш-төрт күн бұрын оларды қырманға алып кеткен.

— Қашып келдім,— деді ол. — Келе жатып шөңге кіріп кетті,— дейді оң жақ өкшесін көрсетіп.

— Ей, қалай қаштың? Ешкім көрген жоқ па? — дейді қоршалап тұрғандар.

Өзінің бұл келісін, қырманда көрген,білгенін жырдай етіп айтады. Жол алыс болған соң тұсауымен жайылып жүрген уәкілдің атын мініп кетіпті. Оны ауылға келген соң атшы Әубәкірдің үйіне әкеп табыс еткен.

— Қырманда молотилкаға мінген атымның ері жоқ. Арқасы қырдай иттің, кұйрығым ойылып қалды,— деп қояды. Әңгімесін аяқтап болды да ол ойынға араласып кетті.

Ертеңіне аздаң Қанат айқайлап жүрген біреулердің, бақырып жылаған бала даусынан оянып кетті. Тысқа шықса екі аттылы кісі: кешегі Өміртайды қуалап ұстай алмай жүр. Зыр қаға қашқан балаға тақала берген аттылы бір-екі рет қамшымен шықпыртып өтті. Қанаттың бойы дір ете қалды. Аттылының бірі ферма бастығы Үсентай, бірі колхозға уәкілі болып келіп жатқан дөй қара кісі.

Үсентай аттан секіріп түсіп, алдын орай бергенде бала тұра қалды. Дөй қара екі қолынан шап беріп ұстап:

— Көтеріп жібер жүгермекті,— дейді Үсентайға дауыстап. — Ат мінгішін... Қырманның басына апарып байлап тастау керек мұндай немені,— дейді әулекіленіп.

Бала тырмысып, жұлқыласып көнбей жүр.

— Көке-ай, мыналарды-ай! Сенің жоқтығың-ау,— дейді булығы айқайлап. Әкесі өткен жылы, бір жылдай төсек тартып жатып, қайтыс болған. Шешесі азанмен жұмысқа кеткен бе, үйінде жоқ.

Қанаттың көзі атыздай болып жан-жағына алақтай берді. Жылап жүр. Тап осы сәтте, қайдан келгені белгісіз, осы Нүрекең сап ете қалды. Ашулы, түтігіш қарайып кетіпті. Көріп келе жатса керек. Қамшысын екі бүктеп қыса ұстап алған. Келе ұшар басына жез кигізілген тобылғы саппен Өміртайдың қос қолын қыса тартып тұрған білектің қырынан қырқа қағып жіберді. Ананың қолы сылқ етіп, бала босанып кетті.

— Не бассыздық бұл! Қарғадай баланы осыншама шыңғыртуға қандай хақың бар?

Дөй қара шабынардай мол бұрылып алара қарады. Жүзі күреңітіп, барт боп кетті. Қанат сескеніп қалды. Қазір ол Нүрекеңді бас салатындай, үлкен бір сілкісу болатындай көрінді. Нүрекең сол үнсіз, түйілген қалпы. Қип етсе қайта тартып жіберуге дайын тұрғандай. Дөй қара шұғыл қимылға бара алмады.

— Таңатаров! Мұның тегін кетпейді. Бұл тірлігің үшін тиісті жерінде жауап бересің. Кіммен ұстасу керек екенін сезерсің әлі,— деді бұрылып жүре беріп. Үсентай бірге кетті.

Біреулер Нүрекеңді ұнатпайды. «Не өзіне болсын, не»



кісіге болсын демейтін адам. Қолхоздың мүлкі деген қазына емес пе, ешкімнің алғанынан ортайып, таусылып қалатын ол жоқ. Араласып шаруашылықтың бір шетінде жүрген соң, кейде бірдеңені қағыстырып өйтіп-бүйтіп күнелтейін десең, тапа бір әкесінің малындай бастырмайды. Әйтеуір, басы-қасында жүрген соң бірде-не етіп өзіміз орнын жабамыз ғой. Тіпті, осы Нұрмағанбетке келері де жоқ», — деп кіналайтын.

Ондайлар андый жүріп, қапысын тауып, аяғынан шалып, сүріндіруге епті келеді. Мұндай әрекеттің тұсында бір-бірін тез таба қояды да. Кейде кезеген оғын керекті жерінен тигізеді де.

«Нүрекең колхоздың бастығынан босаныпты» десті сонан көп кешікпей ауылдағылар. Ренжігендері де, «бұл қалай екен» дескендер де болды.

«Енді бұл колхозда тұрмас», — дегендер де болды.

«Бастықтан түсіп, қатардағы жай қызметкер болып қалай істемек. «Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді» деген емес пе, басқа жақтан лайықты қызмет сұрар», — деді біреулер.

Ал Нүрекең мұның біріне де қараған жоқ. Сол өз аулында сушы болып істей бергені Қанаттың әлі есінде.

«Адам деген жалпы есім-ау, — деп ойлаған еді сонда Қанат Нүрекеңнің қасында келе жатып. — Ал биік талап тұрғысынан қарасақ жалқы есімге ылайық емес пе. Бұл атау шындап келгенде бір-ақ нәрсеге — сапаға саймай ма».

Сол сәт Қанат «адам», «бүгінгі замандас» деген ұғымдар төңірегінде толғана келіп, мынандай бір қорытынды жасаған-ды: «Дұрысында бір күн көрістің қамында әлек болып жүрген, бір басы үшін бәрін тәркі етуге даяр пенделер бұлар жаңағы жалпы есімнің санатына ғана жатса керек. Бас әріппен жазылатын «Адам» деген атау қарақан басты күйіттеген ол ұғымнан көп биік тұр-ау. Мына бірге келе жатқан қара шал мана зоотехникпен неге ренжіседі? Өзіме сөз келмесін дейтін, сол үйдің жетпей қалғаны үшін осыны ешкім кіналайын деп тұрған жоқ қой... Бірақ өзі айтқандай «қалай көріп тұрып үндемейді», шындық — оның адамшылық, жаңаша айтқанда — коммунистік борышы ғой».

Қанат сонда өзінің әлгі ойымен біртүрлі сергіп, шырғып кеткендей болған. Айналасына да аса күштарлықпен көз тастаған. Ат бойы алдында отырған Нүрекеңнің сырт көзге қораш, шағындау тұлғасына айыздана

қараған. Қанатқа сонда ол ішінен: «Мен белсенділік жасағанда атақ іздеп жүрмін бе екен» деп қайталап келе жатқандай көрінген еді...

Енді ойлап отырса онан бері де он бес жыл өте шығыпты... Ал Нұрекеннің сөз саптауы, таным-түйсігі, мінез-құлқы әлі сол қалпында тәрізді.

— Дегенімен заты берік, мықты кісі. Азамат шал екен,— деді Қанат Әлмырзаға естірте.

\* \* \*

Уақыт деген өмірдің айнасы ғой. Бәрін де көрсетеді. Тек соны қапы жібермей баға біл. Талайдың сырын ашып, талай нәрсеге көзіңді жеткізеді. Бір кезде ренжіген нәрсеңе кейін қуанып, ал қуанған ісіңе кейін ренжіп жататының да сол уақыттың ағымына сай құбылыс. Қанат та келе-келе көзі ашылғандай біраз тірлікке басқаша қарай бастаған. Оның алдымен байқап, көңіліне оң қабылдамаған нәрсесі — Әлмырзаға мейманасы толған жандай көкірек — екпін пайда болған екен. Маман, қызметкерлердің қай-қайсын қолбалаға ылайық ұстағысы келеді. Тек өзі сөйлеп, өз айтқаны заң, өз айтқаны дұрысты тәуір көретін тәрізді.

Қанатты өзімсінгені ме, жоқ бұрыннан үйреншікті, қалыптасқан әдеті ме, әлде директорлық хұқына сай әрекет еткені ме, әйтеуір, жолдастық жылы қабақ, дұрыс сәлемі болғанымен түрлі шаруаның ығытында мұнымен терзесі тең кісідей санасып, қарайлайтындай ыңғай аңғарта бермейді. Қанаттың да келген бойда тізгіннің бір жағын қолға алуға асыққан ешнәрсесі жоқ. Ондай өзімшілдігі табиғатынан шамалы. Дегенмен мұны көңілге түйіп қоя салған: «Жарайды, көрерміз. Уақыт бар ғой.»

Қанат кіммен де тіл табысып, түсінісіп қызмет жасау ыңғайын қолайлағанымен келе-келе байқаса Әлмырзамен екеуі әрненің тұсында кездесіп қала беретін болған сияқты.

Бұрнағы жылы Әлмырза алыс жайлауға кетіп, ауылда жоқ-ты. Бұл таңертеңгілік кабинетінде отырған. Аудандық тұрмыс қажетін өтеу комбинатының бастығы телефон шалсын. Әңгімесінің түйіні — комбинат ауданда-

ғы үлкен шаруашылықтардың бірінің орталығынан филиал ашпақ екен. Соған «Сарыдаланы» ыңғайлы деп тауыпты. Совхоз басшылары бұл ұсынысты құп көре ме, жоқ па, соны білгісі келеді. Егер олар мақұл десе жақын арада ашпақ. «Ол үшін бірақ филиал орналасып, бірер жылға дейін жұмыс істей тұратын жай тауып беріңдер»,— деп өтініш етеді.

Келешекте комбинат өз тарапынан совхоз орталығында екі этажды тұрмыс қажетін өтеу үшін салмақ көрінеді. Сол біткен соң совхоздан пайдалануға алған жайды өздеріне қайтарады. Құрылысты алдағы жылы-ақ бастамақ көрінеді. Әзірге он-он бес кісілік тігінші, етікшілер отырып жұмыс істейтіндей жай босатып берсе жергілікті жерден осы іске бейімі бар адамдарды тартып, үйретіп, қызметке кірісе беретін тиісті шеберлерін жібермек екен.

Бұл қарсылық білдірмеді. Қайта оның ұсынысын құп көріп, ықыласпен қабылдаған:

«Совхоз директоры келсін, ақылдасып, жуық арада бір шарасын қарастырамыз. Хабар өзімізден болсын»,— деген.

Әлмырза шатқаяқтап, шалқалай құласын:

— Ой, қойшы соны. Басқа әуреміз аздай-ақ, енді совхозда быткомбинат ашамыз деп басты қатырып жүреміз бе?!

— Сонан біздің басымызға зобалаң туа қоймайды. Меніңше қашқақтайтын ешнәрсе жоқ. Керек нәрсе.

— Әй, атам заманнан бері сонсыз да күнелтіп келеміз ғой. Жөндейтін затын ауданға апарып жөндетіп, керегін магазиннен-ақ сатып алып жүр ғой жұрт осы.

— Енді ылажы болмаған соң солай етіп келген де. Өзінде барға не жетсін. Тап сонан зиян шеге қоймаймыз. Сәті келіп тұрғанда аштырып алайық.

— Үй қайда оған?! Қай үйді босаттырып бересің?!

Қанат көңіліндегісін бірден сарт еткізбей, ойлана отырып жауап берді.

— Балабақша жаңа жайға көшкелі отыр емес пе. Соның ескі үйін бере тұрайық.

— Оны совхоздың орталық қоймасы етеміз дедік қой. Қойманың тұрған үйі де, өзің білесің, ескі жай.

— Қойманы әзірге көшірмей қоя тұрайық. Сонысын да бола берер. Ол екі арада комбинат өзі жаңа үй салмақ қой. Әрі кеткенде екі жылда бітірер. Қойма өз қолымыздағы нәрсе емес пе, ешқайда кетпес. Реті келіп тұрғанда мынадан айрылмайық.

— Әй, айрылмайық, айрылмайық дейсің осыдан келер совхозға пайда бар ма?! Несіне қызығып осынша кіріптар болып отырсың?!

— Совхозға келер пайда неге болмасын. Пайданы тек шаруашылық жоспардың орындалу проценті төңіргінен ғана іздей бермейік те.

— Ал, айтшы, қандай пайда ол, біз де естиік.

Қанат сабырдан шықпай, салмақты күйі, үніне сәл сес бере сөйледі:

— Ауылыңның ішінде тұрмыс қажетін өтейтін орын жұмыс істеп, жұрттың әжетін ашып отырса, бәленбай шақырым аудан орталығына тасымалданып, қыруар машинаны әурелеп, қыруар уақытты зая кетірген машақаттан құтылмаймыз ба?! Сонан соң өз қарауымыздағы мекемеге өзіміз қожамыз. Малшыларға, жұмысшыларға осы күні таптыра бермейтін кейбір бұйымдарды соларға жасаттырып, саттырып, қиындықтан шығып отыруға болмай ма? Әр қайсысына ылайық киімдерін тіктіріп берміз. Сонан соң...

Қанат әлі де айтпағым бар дегендей ыңғайда сөзін үзіп, ойлы назарын Әлмырзаның ықылассыздау тыңдап, немқұрайлы отырған жүзіне бұрып, тіктей, барлай қарап, бір сәт бөгелді. Орнынан сәл қозғалақтап қойып, жеңіл жеткірініп, бойын тіктей, даусын көтере:

— Сонан соң,— деді.— Сенің бір ескермей отырған нәрсең бар.

— Ол не тағы?

— Осы ауылда қарағайдай-қарағайдай болып бой түзеп, көшені бермейтін жастар аз емес. Олар жылдан-жылға қосыла бермесе азаймайтыны хақ. Солардың көбі, әсіресе, қыз-келіншектер жағы бір мезгіл шөп, егін жинау тәрізді науқанға қатысқаны болмаса жыл он екі ай үйінде отырады. Оларды тұрақты қызметпен, жұмыспен қамтамасыз етуге, әрине, совхоздың мүмкіндігі жоқ. Қайта кейінгі жылдары біразы механизаторлыққа тартылып, біразы шопандардың комсомол-жастар бригадасының құрамына енді. Ал енді ауыл ортасынан комбинаттың филиалы ашыла қалса сол жастардың кемі жиырма, отызына тұрақты қызмет табылмай ма? Ол бізге пайда емес пе?! Село көркі, село сәулетіне көңіл бөлу деген де күн тәртібінен түспеуге тиіс мәселе. Ал село алдымен жаңа құрылыс, жаңа жайыменен сәнді. Біреу өз күш, өз қаражатымен ауылыңның ортасынан екі этажды ғимрат салып бергелі отырса оған рахмет айтудың орнына ат-тонымызды ала қашу қай қисынға сияды.

Әлмырза мәселенің түпкі байыбына енді қонақ қойды ма, жоқ айтар уәж таба алмады ма бұдан әрі тартыншақтамады.

—Жарайды, онда сенің-ақ дегенің болсыншы,— деп күлді.

Комбинаттың филиалы жақында жаңа үйіне қоныс аударды. Өз алдына шағын бір фабрика дерлік. Қыруар түрлі өнім шығарады. Әсіресе әрқилы электр заттарын жөндейтін цехы-ақ оң болып қалды. Тіккен киім, жасаған бұйымдарын қоңсы совхоздар ғана емес, көрші ауданның таяу шаруашылықтарына да сатып, таратып қайтып жүр. Сол жүрген жерлерінен арнайы заказ қабылдап қайтады. Айналым жоспарын 130—150 проценттен орындамаған тоқсаны жоқ шығар. Мектеп бітіріп үйлерінде отырған жастардың талайына жұмыс табылып қолдары ұзарып қалды.

Осындай даулы мәселелердің тұсында Әлмырзаны нақты дәлелдермен тізгіндеп, ыңғай бермей қасарысып отырып алмасаң дұрыс болсын, бұрыс болсын өз дегенін тізелеп, омыраулап кететін әдетін байқап жүр. «Мұның терістің» қай-қайсын қабылдауға ықтияр емес. «Өзімдікі дұрысқа» әбден орнығып алған. Біреуді ұнатпаса жаудай көріп, қыр сонынан қалмауға бар.

«Осы қалай өзгерген»,— деп қалады Қанат кейде. Бұл білетін Әлмырза ардың-гүрдің, ақкөңіл сәл мақтанғанды тәуір көргені болмаса басқаға мінез көрсете бермейтін досыңғай жігіт тәрізді еді.

«Уақыт, орта, қызмет кісіні өзгертіп жібере ме? Жоқ әлде қатар өсіп, талай жыл жолдас бола жүріп те кісінің шын табиғатын танып біле алмауың мүмкін бе екен?! Ол да кәдік!»

Қанат Әлмырзаны алғаш білетін кезінен бастап, өткен күндерді оймен сүзіп шыққан.

\* \* \*

Оныншы класқа барған жылдары еді. Сабақ жаңада ғана басталып, мектептің іші-сырты мерекедегідей ду-ду, қуанышты бір шақ. Жоғары кластар таңертеңгі кезекте оқитын. Қолхоз қоныстануынан бір қыдыру жерге оңаша салынған, төңірегінде мұғалімдер отыратын екі-үш жатаған үйі бар үлкен мектеп сонадайда үркердей топталып, өз алдына бөлек тұратын. Сол мектепке барып қайтудың өзі бұлар үшін бір салтанатты шеру дерлік.

Үйір-үйір, қос-қос болып, гу-гу әңгіме соғып, кейде өндетіп, ара-тұра алысып-жұлысып, ойнап, шат-шадыман күй кешеді дейсің. Бой сылап, ержетіп қалғандары жұп-жұбымен, қалың нөпірден шеткерірек шыға, өзара шүйіркелесіп, асықпай аяңдайды.

Сарша тамыздың деген уылжып тұрған шағы. Өкпе қысқан қапырық та, қуырып, жалап тұрған аңызак та жоқ. Жер бетіне сары шуағын мол себелеген күн сәулесі шекенді қыздырып, жұмсақ бусантып, шайдай ашық, мөл-мөлдiр көк аспаны жақсының пейіліндей жайдары күй танытып, көңілге қуаныш құйып, қиялыңа қанат бітіргендей. Көк жиегінде жылы сағымдар жүгірген көгілдір қойнаудың кең жазығы осы бір пейілді аспан, күн шуақтың астында келбетіне мейірім толып, маужырап жатады. Үлкен жолдың екі жағындағы шөбі шабылып алынған жоңышқалықта тұсаулы, шідерлеулі жылқылар жусаған, жайылған қой, ешкілер. Жол ернеуіндегі иін тіресе өскен кекіре, жусан, ебелек, шашыратқы шөп шаңға бөгіп, тұнып тұр. Берекелі даланың берекелі күзінен уызынан жарыған тоқтық пен тыныштықтың, жайбаракат жайсаңдықтың кейпі аңғарылар еді.

Шұрайлы даланың сан алуан көбелегіндей көздің жауын алып, қызыл шәйі, ақ шәйі, көк шәйі көйлек киген, топ-топ қыз, балалар жол үстінде гүлдей құлпырып, жалындай шалқып көрінер еді.

Қанат бару-қайтудағы күндегі әдетінше өзімен клас-тас, мектеп өнерпаздар үйірмесінің маңдай алды әншісі, қатар қыздары сылқым жүрісі, сүйкімді ажарына бола кербез атап кеткен Салтанатпен бірге келе жатқан. Ауылға таянғанда жандарына Әлмырза келді.

— Қанат, Ақтөбеге барып қауын жеп қайтайық, — деді.

Ақтөбесі ауылдан екі-үш шақырым жердегі көне оба. Бір кездерде әлдене қажет үшін қолдан үйген топырақ, әлде ескі қорған-қамалдың үйіндісі, ол жағын ажыратып жатқан ешкім жоқ. Әйтеуір, көгілдір қойнауадағы жазықтың ортасында таздың басындай тап-тақыр, ақ балшық төбе шошайып тұрады. Дәл түбінен су жүретін оман арық өтеді. Сол жерге жылда колхоз бақша салады. Бақша болғанда бұл ауылдың ол кезде көкөністің басқа түрін кәсіп етпейтін кезі. Тек қауын, қарбыз, солардың атызының төңірегіне бір қатар күнбағыс не жүгері егеді.

Қауын, қарбызы тіл үйірген дәмді келеді. Қара шұбар қарбыздары төңкеріліп, тәттілігі ауыз уылтқан сары ала торы ала шартылдақ қант қауындар; тісінді тұтып,

көмекейіне тұғырланып әрең жұтылатын құм қауындар; уылжып, шырын сөлі сорғалаған басып алды, торламалар дейсің бе, түр-түрі өседі-ау.

Судың тапшылығынан болар мұнда үй басына қауын сала бермейді. Осы орталықтың бақшасынан тасып жейді. Бұл жақта пісікшіліктің науқаны он бес, жиырма-ақ күн. Қыркүйек туа бақша жиналып, пәлегін ортасына үйіп тастайды. Келесі жылдың тамызына дейін, хош иісі аңқыған әңгелек, қауын, қарбыз.

Шілденің аяғынан бері өнімін арба-арба ғып ауылға тасыған бақша қазан болды дегенімен, ағып тоқтаған судың сарқындысындай-ақ, біразға дейін пәлек түбі созылып, кісі алдар қаужаң-қужаң болып тұрады. Сонан соң да орталыққа қауын тасу сап тыйылып, атыз шетіндегі күнбағыс, жүгерінің дән, собықтарын жинап, сабақтарын орып алғаннан кейін де сарғайған пәлектердің бір шетіндегі қарауыл шал Бірібайдың шырмауық басқан күркесі мен келесі бастағы қараша қосы екі-үш аптаға дейін жығылмай тұрады. Ол жығылмай тұрғанда келім-кетім кісі бұрынғыдай ағылып жатпағанымен некен-саяқ бала-шаға үзіле қоймас-ты.

Бірібай Әлмырзалармен жамағайын кісі. Сонан соң да мұны қауын жеуге шақырып тұр. Әйтпесе, бұл кезде бөгде жанға жеңсік астың табыла беруі екіталай.

Бұлардың сәлемін алып болған соң-ақ қарауыл шал келген шаруаларың осы шығар дегендей күркенің қасындағы үйілген шөптің астынан үлкен сары ала қауын және бір қарбыз шығарып, жарты таба нанмен алдарына қойды. Мектептен қайтқан беттері үйлеріне де соқпай осылай тартқан екеуі шөлдеп, ыстықтап әрі қарындары ашып жеткен. Битін сығып бір кірісті дейсің.

Апыл-ғұпыл қарқынмен біраз қарбытқан соң ар жақта тіреліп, жүре қоймауға шықты. Оған да қарайтын сыңайлары жоқ. Қозғалақтап, кекіріп-кекіріп қойып, ұрып отыр. Әбден кеңірдектеп тойған соң жаңта-я-жаңта-я кетіп, әрі аударылып, бері аударылып біраз жатып дем алды. Сонан соң екеуі қолтықтарына екі қарбызды қысып, күн қайта ауылға беттеді. Сонда ғана Әлмырза мұны оңашаға шақырып, алып шыққандағы әңгімесін бастады:

— Қанат, мен саған бір сыр айтпақ едім. Қластағы балалардың ішінде айтқанымды басқа ешкімге жаймайды деп саған ғана сенемін. Айтпайсың ғой, ә?!

Тосын әңгімеге әрі таңырқап, әрі не деп жауап бере-

рін білмей бұл оған ә дегенде ешнәрсе дей алмай аңта-рыла қарап қалды.

— Айтпайсың ғой, ә? Ешкімге айтпайды деп сенемін.— Әлмырзаның даусы сәл дірілдеп, жүзінде қобалжу бар тәрізді.

Бұл әлде аяп кеткендей, әлде танданған күйінен айыға алмаған қалпы, құрақ ұшып:

— Айтпаймын, айтпаймын,— деді.— Ол не?!

Әлмырза әлденеге қипақтап, кібіртіктеді. Айтуға ыңғайсызданып, қысылғандай сыңайын байқаған соң бұл өзімісіне, даусын көтере, дос пейілмен:

— Ол не? Айтсайшы енді,— деді.

— ...Мен саған бір жолдастық қолқа салмақ едім...—

Әлмырза оң қолтығындағы қарбызын сол қолына ауыстырып, бүгежектеп тағы кідірді. «Бұл не айтпақ екен сонша құпиялап, неге тайсақтай берді?»— деп Қанат оған сұраулы жүзбен зер сала қарады. Оның осы ойын сезгендей Әлмырза бойын тіктеп, жүзін тура бұрып, бұл күтпеген оқыс бір сұрақ қойды:

— Қанат сен осы Гүлсаяны сүймейсің ғой, ә?..

Қанат не айтарын білмей әрі аң-таң күйде, әрі қысылып, сасқалақтап қалды. Оның кімді сөз еткенін біліп тұрса да:

— Қай Гүлсая, тоғызыншы «Б» да оқитын Гүлсая ма?— деп қайталап сұрады.

— Иә, сол.

«Бұл не сөзі, не демек, маған»,— деп ойлап үлгерген ол бұрынғыдан да тандана түскен күйі:

— Әлмырза, сен неге жұмбақтай бересің? Не айтпақсың? Гүлсаяның қатысы не бұл жерде? Менің ешқандай онымен араласым жоқ. Тіпті, ешқашан оңаша сөйлесіп көрген емеспін,— деді әлденеден сақтанғандай, әлденеге шамданғандай.

Әлмырза мұның қазіргі көңіл күйіне, даусының қатқылдау шыққанына мән бермеген тәрізді.

— Қанат, саған бір өтініш етсем орындайсың ба?— деді жалынғандай сыңайда.

Кісінің көңілін қайтара алмайтын елгезектігі жеңді ме, әлде не екенін тезірек білгісі келген балалық аусарлықтың әсері ме:

— Жарайды,— деп келісім беріп салды.— Не шаруа?

— Мен бір қызға хат жазып едім, апарып бересің бе?!

— Кімге?

— Гүлсаяға.

Табаң астында «мақұл» не «жоқ» деп жауап бере ал-



май Қанат бөгеліп қалды. Ойлана келе алдында берген уәдесін, лебізін жұта алмай, әрі өзімсініп, дос тұтып қнылып тұрған Әлмырзаның көңілін қимай:

— Мақұл, апарып берейін,— деді.

— Рахмет. Мә, онда саған беріп қояйын.— Әлмырза шалбарының артқы қалтасынан үшбұрыштап бүктелген дәптердің кереге көз парағына жазылған хатты ұсынды.— Бір реті келгенде табыстарсың.

Екеуі де сонан кейін әлденеге ыңғайсызданғандай біразға дейін үнсіз қалды. Сәлден соң мына қолайсыз тыныштыққа шыдамағандай алғашқы болып Қанат тіл қатты:

— Жаңа менен ол туралы неге сұрадың?

— Қатар қыздары «Гүлсая Қанатты жақсы көреді» деп әңгімелейді. Соған сенің ойынды білгім келіп еді.

Қанаттың бидай өнді, әдеміше дөңгелек жүзіне ду етіп қан теуіп, алабұртып барып басылды. Өзі сасқалақтағандай қызарақтап мағынасыз күлді.

Әлмырза бір жағы мұның көңілін орнықтырғандай, бір жағы өзінің қылығын жуып-шайғандай:

— Сенің жүретін қызың бар ғой. Салтанат тұрғанда басқаны қайтесің, солай емес пе? Ел айта береді де,— деді.

Бұл ешнәрсе деп жауап қайтқан жоқ. Әңгіме үзіліп қалды. Біраз үнсіздіктен кейін ғана:

— Хатты жолдас қыздарының бірінен емес, менен берген себебің не?— деді.

— Жаңа айттым ғой,— сен ешкімге сөз шығармайды деп есептедім. Саған сендім...— Әлмырза желкесін қасып, сәл ойланып қалды. Оның сол қипақтағанынан-ақ бұл негізгі себептің басқа екенін пайымдаған. Бірақ сұрауға ыңғайсызданды. Сөйткенше әңгімені Әлмырзаның өзі бастады.

— Гүлсая тақаппар қыз. Ешкімнің қолынан хат алмай қоюы кәдік...— Әлмырза тағы да желкесін қасыды.— Ал сені сыйлайды. Сен апарып берсең алуы мүмкін... Үйімен жақын араласып тұрасыңдар. Сені жақсы таныды...

\* \* \*

Гүлсая бұлардан бір класс төмен тоғызыншыда оқитын ұзын бойлы, талдырмаш, қараторы қыз. Кей қыздардай қақтығып, ұшып қонып жүретін әдеті жоқ. Көп сөйлемейтін, мінезі ауыр, тұйықтау. Бойы-басын күтіп, таза

тәуір киініп жүреді үнемі. Үйі көшенің қарсы бетінде тап Қанаттардың үйімен тұспа-тұс. Бұрын өзімен бір класта оқитын мұның қарындасы Сұлуға ілесіп бұл үйге жиі келіп тұратын. Кейінгі кезде бойжетіп қалғанының белгісі ме, әлде мұнан ұялама, сирек қатынайтын. Өзі де үркек киіктеу, бөгде кісімен шүйіркелесіп, жұғыса бермейтін оған Қанат осы кезге дейін қатар құрбы, қыз ретінде көз салып, тілдескен емес-ті. Бірақ ішкі бір сезімнің түйсігімен кейінгі кезде қыздың өзіне деген көз қарасынан әлденендей сыр аңғаратын тәрізді еді.

Гүлсая қай жерде де мұны көрсе, қарсы кездесе қалсын мейлі, жүзіне тура қарамай басын төмен салып өте шығатын. Бірақ солай қарамай өтіп бара жатып та бұған ынта-шынымен зер салып, әрбір қимылын жіті байқап, бақылап бара жатқанын Қанат қалайда сезетін сияқты еді. Ал кейде кешке қарай ауыл клубында өтетін кино, концерт тәрізді жиындарда Салтанаттың жанында тұрған бұған сонадайдан, топ қыздардың ішінен, қайта-қайта ұрлана қарап, көз алмайтынын байқайтын. Жанарына жанары ұшырасса жалт бұрылып, тайқып кететін де, артынша қайта қарағыштай бастайды.

Мектепке бару-қайтуда да көбіне белгілі бір қашықтықты сақтай сыртынан зер салып, мұның қарасында жүріп отыратын тәрізді. Бұл жайды кей жұрт аңғара бермегенімен Қанаттың сезімтал көңілі сезетін. Бірақ қыздың сол күйіне мән беріп, шындап назар салып, көңіл бөлген емес. Өзіне қатысы жоқ нәрседей немқұрайлы қабылдайтын. Онда мұның көңілінде Салтанат қана бар-ды.

Мектептегі менмін деген талай балаларға өзіне құрақ ұшып, қанша айналақтағанымен оң қабағын танытпайтын Салтанаттың, обалы не, бұл дегенде ықыласы бөлек-ті. Мұнымен кездесе қалса нәркес жанарына жылылық үйіріліп, жарқылдаған ашық ажары онан сайын жайдарылана, ойнақы, ерке мінезімен баурап тұратын. Қатарларының көбі бұл екеуін жұп санайтын.

Бұлардың жұп жазбайтын достығы осы көктемнен басталғандай еді. Ол достықтың бастауына алдымен Салтанаттың өзінің ықылас, пейілі түрткі, себепші болғандай да ма?! Осы көктемде ауылдағы келін түсірген бір үйде той болған. Жастар тамның есігінің алдына тігілген киіз үйде ойын-сауық жасап жатқан.

Бұрын Салтанатқа сыртынан қызығып, ықыласы құлап, бірақ кездесіп көңілін сездірудің ретін таба алмай, ретін тапса тәуекелі жетпей пұшайман халде жүрген мұ-

ның осы кеште қызға оңаша жолығуының сәті түсе кеткені.

Біраз ел желпінуге сыртқа шығып, қайтып үйге кіре бергенде алдында кетіп бара жатқан қызға:

— Салтанат, тұра тұршы,— деп сыбыр етті.

Үстінде толық, балғын кеудесіне тырыс-тырыс кептелген жеңсіз, қысқа, қара барқыт кеудешесі бар, белі бүрмелі ақшәйі көйлегінің етегі түнгі самалмен сусып, баяу желбіреп, бұрандай басып бара жатқан бұла қыз қалт кідіріп, бұған қарай жүрді.

— Ол не, жай ма?!

Қараңғы түнде қап-қара, тұнық жанары онан сайын жәудіреп, мөлт-мөлт етіп, бұған наздана еркелей қарады.

Бұл өзінің оны жақсы көретінін айтты.

Жақын тұрған қыздың жалын демі жүзін шарпып, толқыған бір сезімнен басы айналғандай. Қыздың жып-жылы алақаны қолына тигенде тұла бойы ду өртеніп, онсыз да алас ұрып тұрған жүрегі атша тулап, дүрсілдеп кетті. Қыз ернін мұның құлағына таяй түсіп, буын-буынын онан сайын ерте сыбырлап:

— Бүгін саған беремін деп алып шығып едім,— деп алақанынан да жұмсақ, үлбіреген әлденендей шүберекті қолына ұстата салды. Оның не екенін бұл зерделеп үлгергенше өзі:

— Сау болып тұр,— деп сыбыр етті де ешкімнің көзіне түспедік пе дегендей жан-жағына жалт-жалт қараған бойы үй айнала беріп, сып етіп ішке кіріп кетті.

Қанат сол бақыттан мас, кірелі шығалы қалтып тұрған күйі қолындағы қыз қалдырып кеткен затқа қараған. Шеті кестеленген жібек орамал екен. Әтірдің иісі аңқыған, қызыл жіппен кестеленген, үлбіреген сары жібек орамалға түнде үйіне келген соң да әлде біреу мұның құпиясын көріп қоятындай тығынып, жұрт көзінен тасаланып, қайта-қайта қарағыштап, қуаныштан бал-бұл жанып, қиял кешкен.

Бірақ өкініштісі осы бір шоқтай ыстық алғашқы от қызу сезім ұзағынан сүйіндірмеген. Тұңғыш махаббаттарына баларлық бұл достықтары баянды болмады.

Көңілге қаяу, сезімге сызат сол жылғы жаңа жыл кешінде-ақ ойламаған жерден түсіп үлгерген.

Өздерін ересектер санатында есептеуге жетіп қалған бұлар мектептегі елқадан сытылып шығып, ауыл клубына келсін. Бидің қызған шағы екен, көбі шалабуырлылау, керзі етіктің қонышын тобыққа дейін түсіре қайырып, күпәйкенің төменгі жалғыз түймесін ғана салып, мала-

қайды бірі желкеге, бірі шекеге тастап шаруасы түгел жүрген ауыл жігіттерінің ішінде сырттан келген сыпайы пішімді біреулер де көзге түседі. Солардың ортасында алдымен назарға ілігіп, қой ішіндегі серкедей бетке шығып жүргені өткен жылы осы ауылдағы мектепті бітіріп, қалаға барып, пединститутқа түскен Әутәліп екен. Демалысқа келген болса керек. Қаланың тұмсық тыққан кісіні сыптай етіп жіберетін сиқыры бар ғой. Әутәліп таралып өсіп, көшелі жан болған. Үстіне киген киімдері де «пасон». Тобықты буған тар шалбар, қара тазыдай жұтынған, тік өкше, сүйір тұмсық туфли. Билегенде аяғы-аяғына жұқпай, сумаң қағады. Мына ортада өзінің бағасы мен мүмкіндігіне деген сенім еңсесін көтеріп, ажарын аша түскен. Еркін, көңілді.

Бұлар сырттан кіргендерге тән тосырқау рәсімімен есік жақта иіріліп қалған. Биге де бірден араласа кетуге бой тартып, ау-жай байқасқан сыңайда-тұғын. Сол кез Әутәліп әлгі еркін, үстем қалыпта, жұртты қақ жарып өтіп, Сатанаттың қасына келіп, биге шақырды. Жұрт та жапырылып осылай қарай қарай қалды. Бұл ойлаған: «Салтанат шыға қоймас, қазір өздері де билейді ғой»,— деп. Бірақ Салтанат шақырғанға келіскен ыңғай танытып, икемделе берген. Сол сәт бұл алденеден секем тартып, ұнатпай қалған. Сөйте тұрып тағы ойлаған: «Менен ұрықсат сұрайтын шығар. Жоқ деу ыңғайсыз, қызғанды дер. Жарайды бір билеп қайтсын... Бірақ Салтанаттың мұнысы несі сөзге келмей еліп ете қалғаны, тап бір соның биге шақыруын күтіп тұрғандай...»

Бұл осылай ойлап үлгергенше Салтанат Әутәліппен бірге билеп кете барды. Кетіп бара жатып, тіпті артына бұрылған да жоқ. Қанат ызадан тырыс-тырыс сыздап, екі бетінің ұшы ду етіп ысып қоя берді. Төңірегіндегі жұрт өзін табалап тұрғандай қатты қорланды. Салтанаттың онда шаруасы жоқ, мәз-мейрам күйде шыр көбелек айналып, дөңгеленіп, жүзіп жүр. Сол билеп жүрген қалпы «көріп тұрсың ба мені» дегендей ауық-ауық бұл жаққа жайрандай көз тастап қояды. Не мұның қазіргі көңіл күйінен бейхабар, не ызасын онан сайын келтіре түскісі келген сыңайы бар. Құлындай ойнап, бұлт-бұлт етеді. Тура мұның төзімін тауысқысы келгендей музыка да ұзақ ойналды. Би де әрең дегенде барып аяқталды-ау. Жүзі алабұртып, бал-бұл жанып, тершіп, жайрандап, жанына жетіп келген Салтанатқа бұл қасақана көз салмай, аспандай қарап, әріректегі біреулермен сөйлескен сыңай танытты. «Мені көрмей тұрсың ба» дегендей жақындай сүйкенген-

іне де мән бермеген. Ел ентігін басып, терін сүртіп, жел-  
пінісіп болды-ау деген шамада музыка қайта ойнай баста-  
таған. Сол кез:

— Қанат билемейсің бе?— деген Салтанат.

Күні бойы «бөрі арығын білгізбес, сыртқа жүнін қам-  
пайтардың» кебімен сыр бермегенімен ыза буып әрең  
тұрған. Салтанат әлгіндей дегенде сол ашу бұрық ете  
түскен. Кекесінді, ұнатпай қараған қабақпен:

— Билей бер өзін,— деген де теріс бұрылған.

Қыз бұған танданғандай бір сәт аңтарыла, әрі қипақ-  
тай қараған:

— Саған не болған? Неге ашуланып тұрсың?!

— Онда шаруаң қанша?!

— Жарайды, олай болса.

Қыздың да табиғатындағы тәкаппарлығы ұстай қал-  
ған. Жүзіндегі жайдарылық нышаны кенет су сепкендей  
басылып, өңі сәл көгіс тартты. Ақ майдайына шашырай  
кұлап, бұйралана төгіліп тұрған кекіл шашын сілке ба-  
сын шалқақ тастап, бойын тіктеп алды. Қанат өзінің ар-  
тықтау кетенін сезді. Бірақ тап осы сәт райдан қайтып,  
келісімге қол созуға, табан астында, сына алмады. Қыз  
сол өкпелеп қасарысқан бойы бұған қайтып бұрылған  
жоқ. Билеген жұрттан көз алмаған қалпы сіресіп қал-  
ған. Сөйткенше би аяқталып, іле-шала жеделдетіп му-  
зыка үні қайта естілген. Бұл не істеу керегін ойлап үл-  
гергенше Әутәліп келіп тағы биге шақырды. Сөзге кел-  
мей тағы ілесіп кете барды.

Мұның енді билеп жүрген жұртқа қарағысы келмеді.  
Не істерін білмей әрі-бері тықыршып тұрды да кең зал-  
дың бір бұрышында тұрған орындыққа барып отырды.  
Қанша қарамайын десе де көзі қайта-қайта Салтанат-  
ты шалып қала береді. Ол қаз қалпында. Жүзінде күл-  
кі. Баяу, жеп-жеңіл қалқып, Әутәліппе әлде не жайлы  
әңгіме шертіп, көңілді жүр. Ара-тұра «ал қайтесің» де-  
гендей бұл жаққа тәкаппарлана назар тастап қояды.  
Әутәліп енді үзіліс кезінде де қасынан кетпеуге айнал-  
ды. Бірдеңелерді айтып, екі езуі құлағына жетіп, ыр-  
жалақтап айналшықтап шықпайды. Ол тұрғанда мұның  
қыздың қасына барғысы жоқ.

Тағы музыка ойналды. Тағы екеуі биге шықты. Бұ-  
дан әрі отыра беруге шыдамай сыртқа қарай беттеген.  
Дала қараңғы екен. Бұл есіктің алдынан әрірек барып  
тұрды. Түн май тоңғысыз, жып-жылы. Жапалақтап қар  
жауып тұр. Көбелектей ағараңдап, баяу қалықтаған  
қар ұлпасы үн-түнсіз келіп қонақтағанда бетіңнің, ко-

лыңның ашық жерлерін тапа бір мысықтың мияуы жа-  
лағандай қытығың келетін сияқты.

Бұл сол бетін әуеге тосып, тапқан ермегіне мәз бол-  
ған сыңайда өзін-өзі алдаусыратып, ештеңе ойламауға  
тырысып бейқам тұрған. Дәл жанынан біреудің:

— Қанат! — деген даусы шыққанда селк ете қалған-  
дай болды.

— Бұл қайсын, ей!

— Мен ғой!

— Жездібаймысың?!

— Дәдәннің өзі ғой.

Бұл мырс етіп күлді:

— Дәде болғаныңа сенің.

— Мен болмасам көрер ем күндеріңді. Осы сендер  
деп-ақ шаршайсың?

— Өй-да-а!

Бұл жолы екеуі қосыла күлді.

— Әй, бұл не тұрыс?! Жоспар не?! — деді енді Жез-  
дібай маңызды бір шаруаға көшкендей салмақтанып.  
Бұл оның не айтқалы тұрғанын түсінбей қалып:

— Қайдағы жоспар? — деді.

— Оны өзiң бiлесiң де. Ал ананы қайтемiз. «Тем-  
ный» жасап жiберемiз бе?

Бұл енді түсінді. Жездібай мұның класындағы ең бір  
шатаққұмар, жанжал десе оң иығын беріп жүретін бала.  
Төбелесе кетсе өзінің бір кісілік қауқарыда шамалы.  
Бірақ көп жұрт екі иығын жұлып жеген ұрыншақтығы-  
на қарап шынымен қырғын шығар деп сескене ме, әлде  
«бәлесінен аулақ, тентекпен байланысып әуре болып  
болып қайтемін» деп абырой сақтай ма, онан айналып  
жүреді. Жездібайға соның өзі де жетіп жатыр. Елдің  
бәрін ықтырып жүргендей доқтанып, қоразданып қояды.  
Сонысына өзі мәз. Ал өзінен шын күші басым, жеме-  
жемге келгенде аямайды-ау деген кейбір балаларға дос-  
тық сездіріп, арасын дұрыс ұстаудың қамын ұмытпайды.  
Оларға мінез көрсетуден аулақ. Рас әлдеқалай әнжемді  
біреуді серік ете қалса кімге де болса тиісіп, төбелесе  
кетуге ықыласты-ақ.

Қанат та оның көкейіндегісін түсініп тұр. Бір жағы  
жанжал тілеген шатақ құмарлығы ұстап, екінші жағы  
достық пейілін танытып мұның да көңілін аулап қой-  
мақ. Қазір жұрт тарай бере қараңғы көшеге түскен сә-  
тін аңдып тұрып, Әуталіпті ұрып кетуді ұсынып тұр.

— Мен-ақ бастайын, — дейді құлшынып. — Тек қа-

пысын жібермей артынан дұрыстап соқ. Есінде жүретін-дей болсын. Жарай ма?!

Бұл бірақ құрақ ұшып қостай қоймады. Ойланып тұр. Төбелеске барғысы келсе, бірер жас үлкен болғанымен Әутәліпке Жездібайсыз бір өзінің де шамасы келетініне сенімі кәміл. Алайда шу шығаруға құлқы жоқ. Ертең гу ете түсетін «қыз үшін жандалдасыпты» деген әңгімеден тайсақтайды. Әрі төбелес үшін қисын да жоқ сияқты. Қазір қанша жек көріп, зығырданы қайнап тұрғанымен Әутәліпке не деп қол жұмсаудың ретін таба алмады. Онан гөрі көкейінде Салтанатқа деген белгісіз бір қыжыл, өкпе басым. Мұның көңіліне қаяу түсірген соның бүгінгі тосын мінезі, түсініксіз әрекеті. Бұл дүниеде мұның бар-жоғын ұмытып, мұнымен жұмысы болмай, әдемі аққұба өңі алаулап, бал-бұл жанып, көңілді күйде Әутәліппен мәз-мейрам билеп жүрген сәті көз алдына келсе іші тұз күйдіріп басқандай қызып қоя беретін сияқты.

Қазір елдің тарауын күтіп тұрып, оңаша шығарып алып Салтанатқа осының бәрін айтқысы келген, сөйтіп ренішін сездіріп, ашуын басқысы келген, бірақ әлдене себеппен соған беттей алмай-ақ қойды. Әлде табиғатындағы намысқойлығы жібермеді ме, әлде ұяң мінезі кедергі болды ма, дәл қазір кездесіп ойындағысын айтуға жүрексініп, тартына берді. Әрі көңілінің бір түкпірінде: «Салтанат мені өкпелетіп, ренжіткенін сезер, өзі келер, сонан соң түсінісерміз»— деген ой да жоқ емес-ті.

Ал қыздың тәкаппар көңілі мұның кішіреюін қалап, көрсеткен оқыс мінезіне, орынсыз менменсігеніне кешірім сұрағандай ыңғаймен алғашқы илігу өзінен болар деп күткенінен боз өкпе бозбала бейхабар еді. Осылай жүріп уақыт озған сайын аралары алшақтап, көңілдегі бір-біріне деген жылы сезім салқын тарта бастағанын аңғармай қалған.

Соның салдары келіп жаздыкүні мектеп бітіруге арналған кеште екеуінің кеймана кісідей бір-бірімен сүлесөк күйде қоштасуына әкеп сайған.

Бұл, әрине, кейінірек болған жай. Ал қазір Әлмырза Қанатты Гүлсаяға хат апарып беруге жұмсаған кезде мұның жан-дүниесінде Салтанат деген жалғыз ғана ақ гүл өсіп тұратын.

Қауындыққа барған күннің ертесіне Қанат мектептен қайтқан бетте ауыл шетіне іліккен соң балалардың

жөн-жөніне тарауын андып тұрып, үйіне қарай жалғыз бұрылған Гүлсаяны соңынан қуып жетті.

— Гүлсая, тұра тұршы!

Бұл қасына келгенде қыз қара торы өңіне қан теуіп қызарақтап, жүзін төмен салды. Аяғының ұшымен жер шұқылап, басын көтермеген күйі: «не айтасыз, құлағым сізде» деген пейіл танытады. Бұл сасып-сабдырап:

— Гүлсая, мынаны... — деп қалтасынан хат суырып ұсынғанда қыз онан әрмен қып-қызыл болып кетті. Бұған әлде таңданғандай, әлде үрейленгендей қысыла қарады. Даусы дірілдей шықты.

— Мұныңыз не?!

— Гүлсая, Әлмырза беріп жіберіп еді...

— Әлмырза?!

Қыз оқыс бойын жиып алып, әрі таман шегініп тұрғандай болды. Оның бойтартқан ыңғайын байқап қалған бұл қайткенімен тезірек шаруасын бітіріп, міндетінен құтылуды ғана ойлап, жалынғандай үнмен:

— Гүлсая, алшы, алмасаң акпелеймін... — деп ентелей түсіп, хатты қолына тықпалай берді. Кері итеріп тастауға мұның көңілін қимады ма, хатты қолына қыстырған бойы шұғыл әрі бұрылып, үн-түнсіз, жылдамдата басып, ұзай берді. Бұл бірқауым уақыт сол орнында сілейіп тұрып қалды.

Бұл міндет бойынша Әлмырзаға хаттың жауабын әкеп беруі керек. Ертеңіне Гүлсая мұны көрсе сонадайдан бұрылып кетіп, айналып өтіп, маңайына жуықтамай қойды. Оның ертесіне де сөйтті. Көрмеген, байқамаған сыңай танытып төмен қарап өте шығады. Жұрт көзінше бұл шап беріп ұстай алмайды. Үшінші күні аңдып тұрып мектептің дәлізінде кезіктірген:

— Гүлсая әнеүкүңгінің жауабын бермейсің бе?

Қыз мұның жүзіне ашу, зілсіз, сабырлы көз салып, бұл күтпеген бір аштықпен кесіп сөйлеп:

— Жауабын Әлмырзаның өзіне айтармын. Қанат, сіз алаң болмай-ақ қойыңыз,— деді. Қыздың үніндегі салқындық мұны аяздай қарып өткен. Қысылып, ыңғайсызданып қалды. Қласына қарай тұра жөнелді.

Кейін Әлмырзадан қыздан қандай жауап алғанын сұрған емес. Өз тарапынан ол да ештеңе айтқан жоқ. Бұл туралы қайтып арада әңгіме қозғалмаған. Бар байқағаны Әлмырзаның сонан кейін Гүлсаяны төңіректенің көрген емес. Ал бірақ Қанат мұнан кейін де Гүлсаяның өзін сыртынан бағып, қарағыштап жүретінін талай рет аңғарған.



Бұл мектеп бітіріп, оқуға жүруге дайындалып жатқан. Әжесі:

— Қанатжан, көкеңнің малдан қолы босамайды. Мына есіктің алдындағы жоңышқаның әбден мәйектеніп піскеніне біраз болды. Әнеу күндері екізамынан қалма-сын дедім. Енді шауып алмаса аз күнде басы ұшып кетіп сояуы ғана қалады. Рәсуа болды деген сол. Осыны екі-үш күнде өзің жинап беріп кет,— деген.

Сонан соң кешелі бері Қанат шешініп тастап жоңышқа оруға кіріскен. Күн батуға жақындап қалған кез еді. Есік алдындағы үйге таяу атыздарды орып бітіп, жоңышқалықтың шарбақтың төріне жақын тұсында жүрген. Шалғыдан басын көтеріп қараса қарындасы қасында өзі қатарлы бір қыз бар осылай қарай келе жатыр. Алғашқыда жоңышқа жинауға ертіп келе жатқан құрбы қыздарының бірі шығар деп мән бере қоймаған, жақындай бергенде зер салса Гүлсая. Бұл кеудесінен шешініп тастап жүрген. Асыға басып барып, орылып жал болып жатқан жоңышқаның үстіне тастай салған көйлегін алып киді. Маңдайының теріп сүртіп, шалғының сабына сүйенген күйі екеуін күтті.

Гүлсаяның қысылып, ұялшақтап әрең келе жатқанын жүрісінен аңғару қиын емес. Мұнан ыңғайсыздана ма, әлде кешке таман үлкен-кіші бәрі есігінің алдында жүрген жұрттың назарынан тайсақтай ма қыл көпірдің үстінде келе жатқандай қиналыста тәрізді. Соны байқаған бұл қарсы жүріп:

— Гүлсая, саламат па?— деп жылы қабақпен ақжарқын амандасты.

— Сәлеметсіз бе?— қыз қысыла күлімсіреп таянып келіп тоқтады. Қызарақтаған ұяң жүзі кешкі шапақпен онан сайын алаулай түскен. Үстіндегі шашыратқының гүліндей көгілдір гүлді шыт көйлегі нәзік, талдырмаш тал бойына қона кеткендей үйлесіп тұр. Күнге күйген қоңырқай түп-түзу балтырларында жоңышқаның сояуының айқұш-ұйқыш сызып өткен болар-болмас жұқалтаң ақтандақ ізі байқалады. Женіл шәркейінің сүйір тұмсығының ашық тұсынан шығып тұрған башпайлары ішке жасырынғысы келгендей дамылсыз қыбырқыбыр етеді. Қайда қоярын білмегендей біресе алдына, біресе артына ұстаған қолдарында да елеусіз діріл бар.

Гүлсаяны ағасының жанына ертіп келген соң қарындасы:

— Ойбүй, табадағы нанды алуды ұмытып кетіппін-

ау, сен тұратұр-ей, қазір келемін,— деп үйге қарай жүгіре жөнелді.

Онаша қалған соң қыз мүлде қысыла бастағандай. Соны аңғарған Қанат мына қолайсыздықтан шығудың қамын жасап, оны сөзге тартқан болды.

— Гүлсая, әңгіме айт. Каникулда ешқайда бармайсың ба? Осында өткізесің бе?

— Шөп ауылдағы нағашым үйіне бармақпын... Жазда сол жақта боламын ғой деймін... Оқуға қашан жүресіз өзіңіз?

— Екі-үш күннен кейін.

— Мен ертең кетпекпін. Сіз оқуға жүреді деген соң қоштасып, жолыңыз болсын айтайын деп келіп едім...

— Рахмет.

— Оқуға түсіп кетуіңізге тілектеспін.

Қыздың аздаған діріл аралас толқыған үнінен тілектестік пен жылылық лебі ескендей. Жүзінде қобалжу, қаймығу, қуаныш аралас алабұртқан сезімнің сәулесіндей лапылдаған шырай бар. Бір сәт екеуінің жанары ұшыраса қалған. Қыздың көзінде ынтызар ықылас, ыстық мейірім төгіліп кетердей мөлт-мөлт етіп тұр екен. Кенет жалт бұрылып, қан теуіп, ду ете түскен екі бетін алақанымен басқан күйі:

— Ал жақсы, сау болып тұрыңыз,— деді де төмен қараған күйі кейін қарай бұрылып алып, жүгіре басып кете барды.

Мұнан кейін Қанат Гүлсаяны бірінші курсты бітіріп, онан соң студенттерге тиесілі құрылыс отрядының қатарында болып қайтып, күзгі мейрамда ауылға келгенде ғана кездестірген.

Бір жылдың ішінде қыз саликалы тартып көп есейіп кеткендей көрінген. Бұрынғы үркек, ұялшақ, балаң мінезді Гүлсая емес, өзінің бой-басы, жүріс-тұрысы, сөйлеген әр сөзіне мұқият мән беріп, сабырға көшкен қалпында бойжеткен, ақыл тоқтатқандықтың белгісі бар.

Ауылдағы өзі қатарлы жастар мейрамның құрметіне кешке бір үйге жиналып, бас қосқан екен, Қанат Гүлсаямен сол жерде жолықты.

Мұны алғаш көргенде қыздың жанары жалт етіп, жүзі ду қызарып барып басылғанын Қанаттың өзінен басқа ешкім байқамай қоймады. Жапырлай сәлемдескен елмен бірге ол да елеусіздеу ғана күлімсіреп, бас изеп амандасты. Сонан кейін жұрттың бұларды баққан назарынан тайсақтады ма, көп сыр бермеді. Кеш бойы сы-

нык, сыпайы отырды. Түн ортасы ауа жұрт тараған сәтте бұл шығарып салуға ыңғай танытып еді, қыз да соны сезгендей басқалардан бір шетке қарай ығысып, жылыстай берді.

Аспан ашық, жұлдыздары самсап төгіліп тұрған қараңғы түн еді. Қанат көңілді-тін. Көптен көріспеген, кеу-кеулеп ортаға алған достардың ыңғайымен біраз көтерген қызыл шараптың буы басқа шауып, жайшылықтағы сабырлы қалпынан шығып, жеңілтек, алып-ұшқан, лепірме күйде келеді. Қатысты-қатыссыз әр нәрсені әңгіме етті. Тынбай сөйлеп келе жатқан бұл. Қыз үн-түнсіз тындауда. Ара-тұра күліп, қостаған сыңай танытып қояды. Бір кезде бұл:

— Гүлсая, оқуға неге келмедің? Мен сені келетін шығар, деп күтіп едім,— деп қалған.

Қыз іле жауап қата қоймады. Өз сұрауына бұл да енді ыңғайсыздана бастаған. Сұрайтын сұрағы емес еді.

— Апам жалғыз, әрі науқастау. Қалай барамын... — Қыз іштей тынып, тұншыға күрсінгендей болды. Әбес сөйлегеніне қиналып Қанаттың маңдайынан мұздай тер бұрқ еткен. Гүлсая шынында шешесінен басқа ешкімі жоқ жалғыз қыз еді. Әкесі соғыс жылдары соғыстан қайтпай қалған.

Әңгіме кілт үзілді. Үнсіз аяңмен жүріп отырып екеуі үйіне жақындап қалған екен.

— Осы жерден қайта беріңіз. Үйге келдік,— деді Гүлсая сыбырлағандай ұяң үнмен.

Осы сәт әлде қызулықтың, масаңдықтың әсері ме Қанатқа оқыс бір ой келген. Әжесі қартаң тартқан ауыл әйеліне тән әдетпен балсына «келін түсір» деп қыңқылдай беретін. Тіпті, мұның әзір ондаймен ойы жоғын, қанша айтқанымен үйлене қоймайтынын сезіп отырғанымен сол сөздің өзін мәре ме, қызық санай ма мұны мезі етіп, қайта-қайта есіне салып қоятын. Ондайда бұл кейде күліп, кейде: «болды ғой енді»— деп ашуланатын.

Енді қазір: «Демалысқа келіп жүрмін, мейрамның алды. Гүлсаяны үйге келін етіп түсіре салсам қайтеді. Менің үйленгеніме үйдегілер де, басқалар да қуанбаса ренжімесі хақ»,— деген ой жылт еткен. Және сол ойын табан астында Гүлсаяға білдірген.

Қыз төмен қарап, үн-түнсіз тұрып қалды. «Жоқ та» демеді, «мақұл да» демеді.

— Гүлсая неге үндемейсің?

— Не деймін?

— Мен не айттым.

— Қайдам... Білмеймін... Дәл қазір ме?.. Болмас, ыңғайсыз шығар... Оқуыңа кедергі болар.

— Не кедергісі бар? Той өткен соң мен оқуыма кетемін. Сен үйде бола бересің...

Гүлсая мұның сөзін қызулыққа жорый ма, аса сенбей тұрған сияқты. Бірақ осы әңгімеге кет әрі емес. Қайта мұның айтқандары жанына жағатын сияқты. Сөйте тұрғанымен ұстамдылық көрсетіп, сабырға шақырғаны ма, әлде шын көңілі солай ма?

— Қанат ондай ойың болса несіне асығасың. Ең құрмаса екі-үш курсыңды бітірсейші. Қазір оқуыңа кедергі келер, — деді.

Бұл шынынан гөрі әзілге сайып:

— Оу, оған дейін сен күтесің бе, кетіп қаларсың, — деген.

Қыз мұның әзілдегенін сезсе де оған аса назар аудармай, қалтқысыз кесімді жауабын берді.

— Сен өзіңе сенімді болсаң, мен ешқайда кетпеймін. Оқуыңды бітіргенше күт десең де күтемін.

— Жарайды онда, — деді бұл да сабасына түсіп, келіскен сынай танытып.

— Тек хат жазып хабарласып тұр, — деді Гүлсая қоштасқан кезде өтінгендей.

— Мақұл, — деген бұл сол сәтте. Мұнан кейін екеуінің арасында қайтып әңгіме болған емес. Артынша бұл оқуына кеткен. Бірақ студенттік күндердің өзге қызығы мойын бұрғызбай алып кетті ме, кім білсін, қыс бойы мұнан хабар күтудегі қызға бір ретте хат жазбағанын ойына алып, қынжылған, алндаған жері жоқ екен.

Екінші курстың жазғы семестрі аяқталып қалған, енді екі-үш күнде соңғы емтиханын тапсырып, демалысқа шығып, ауылға қайтамын деп жүрген. Қайтарға жол қаражат күтіп орталық почтаға келсе жеткілікті тиын-тебен де, үйдегі інісінен хат та келіп тұр екен. Інісі әдетінше амандық-саулық сұрасқаннан кейін үйдегілердің жағдайына, не істеп жүргеніне бас-басына тоқталып өтіп, сонан соң ауыл ішіндегі үлкенді-кішілі жаңалықты тізіпті. Хаттың соңына сала Гүлсаяның күйеуге кеткенін жазыпты. «Көрші ауданда тұратын, жақында армия қатарынан босанып қайтқан бір жігіт құда түсіп келіп, алып кетіпті», — депті.

Бұл әлдекім маңдайынан салып жібергендей сілейіп

қалды. Отырып-отырып бір кезде танданғанын да, өкінгенін де білмейді, астыңғы ернін тістелеп, басын шайқай «да-а...»,— деп орнынан көтерілді. Көтерілді де қайда барарын білмегендей мәңгіріп төңірегіне мағынасыз көз жүгіртіп біраз тұрды. Тұрған жері почтаның қасындағы гүлді, кең алаң болатын. Әрлі-берлі өткендердің өзіне таңырқай қарағыштап бара жатқанын байқап, бұл тұрысының солапай екенін сезіп, алаңның түкпіріне қарай аяндады. Сол бойы сенделіп, ерсілі-қарсылы кезіп, көп жүрді. Көңілі ортайып құлази түскендей. Жан дүниесін кісінің қолында барда қадырын білмеген асыл затын жоғалтып алғанындай бір қапалық жайлаған.

Өкін, өкін бе, бәрібір енді кеш еді...

Сонан кейін Гүлсаяны көрген емес. Бірақ бір қызығы осы кейінгі кезде ол кей-кейде түсіне кіретін. Және қашан да әлденеге ренжіп, тарығып жүргенде түсіне кіретін де, түнде қуанышты түс көрген жандай таңертең ұйқыдан көңілді, сергек оянатын. Және қай кезде де бірақ көрініспен көрінетін.

...Бұл сол оныншы бітірген жылы орталықтағы әжесі отыратын тамның маңындағы жоңышқаны орып берген соң дәл оқуға жүрерінің алдында жылқы бағып шабындық сазды жайлайтын әкесінің үйіне келген. Үйі шөпшілермен бірге еді.

Гүлсаяның нағашысы мен мұның үйі қатар отыр екен. Түстен кейін жаңбыр жауып, шөпшілер жұмысқа шықпаған. Қыдырыстап, қымыз ішіп, төрін берген үйден кетпей бес карта соғып кеукілдесіп жатқан жайлары бар. Кешке салым Қанат қатарлы біраз жастар доп ойнауға сыртқа шыққан. Ауыл шөбі шабылып алынған ажырықты саздың бір тұсына қоныс аударып қонған екен.

Аяқ бассаң түкті кілемнің үстінде жүргендей жап-жайлы сезінесің. Кешкі салқында, алқа қотан отырған киіз үйлі ауылдың ортасындағы алаңқайда бұлар доп соғып жатқан. Есігі осылай қараған жақын мандағы киіз үйдің бірінен жанында ерткен кішкене қызы бар Гүлсая шығып, бері қарай келе жатқанын Қанат елден бұрын байқаған. Қыз бұл тұрған тұсқа таяп келіп тоқтап, ойынды қызықтаған сыңай байқатты. Гүлсаяның үстінде су жаңа қызыл жемпр, аяғында қызыл етік. Бір көзі түскен сәтте мұнымен күлімсірей, бас изеп амандасты. Бұл қасына жетіп барып сәлемдесуге ойынды

тастап, төңірегіндегі жұрттан жырылып келе алмай, әрі ауыл кісілерінің назарынан ыңғайсызданып, сол тұрған күйі сәлемнің ишарасын жасады. Қанат ойын үстінде де қыздың өзін сыртынан бағып көз алмай тұрғанын сезумен болды. Анда-санда мойын бұрып назар салса жанарлары түйісе қалғанда жайдары, жылы кейіпте ұяң күлімсіреп, елжірей қараған жүзін көреді. Онан жақын келіп сөйлесуге ыңғай білдірген сыңай танытпайды. Сол тұрысында да қуанышты, көңілді.

— Гүлсая-ай! Неғып тұрсың ол жерде, шай қойшы, қалқам! — деген әйел даусы естілді. Артынша:

— Қазір, тәте! — деп үйге қарай жылдамдата басып бара жатқан Гүлсая бұған үнсіз қоштасқан ығытпен жанарын төңкере жалт қарап, елеусіз ғана бас иезеген. Сонан соң кішкене сіңлісін қолынан сүйрей жүгіре жөнелді...

Гүлсая түсінде ылғи тек сол жаздағы шабындық саздағы, осы бір қалпында ғана көрінетін. Жанына жақындамайды да, ләмиім деп тіл де қатпайды. Тек күлімсіреп қарайды да қояды...

Қанат алғашқы кезде таң қалып жүрді. «Гүлсая маған өкпелі шығар. Ренжіп тіпті қарғады ма екен? Мен оның сезімін аяқасты еткендей болдым ғой. Алдап кеткен кісідеймін ғой... Мені жаудай көріп, атымды естігісі келмейтін шығар...» — деп ойлайтын. Ал енді ойда жоқта, әлдеқалай кейісті жүрген кезінде мейірімді жүзбен, жанашыр кейіпте түсіне кіргенде, әрі сол түстен өзі көңіліне белгісіз бір қуаныш ұялағандай сезінетініне қалай таңданбасын.

«Бұл не қызық. Әлде оның маған деген көңілі қазір де бұрынғыдай ма екен? Мені ойлай ма екен? Сырттай тілекшім, шарапатшым болмағай. Кісінің сезімі деген түсініксіз, сыры терең, киелі нәрсе ғой. Осы түсі тегін болмаса керек. Солай шығар», — деген ойға тірелетін. Сонан кейін бір кездегі парықсыздау, атүсті мінезіне өзін кінәлі санаған әрі онан кешірім сұраған ниетпен Гүлсаяға — көңілінде он жеті жастағы суреті ғана сақталған, сол бір қараторы, талдырмаш Гүлсаяға — арада талай жыл өткен осынау қыр үсті шақта бұл да жақсы тілек тілейтін.

\* \* \*

Жұмакүлмен бұл үшінші курста танысты. Танысуына себепші болған Әлмырза. Әлмырза оқуға түскен алғашқы жылы-ақ ЖенПИ-де оқитын бір қызды, осы қазіргі

әйелі Сырғашты, жолықтырып, сонан бері бірге қыдырып, бірге жүріп тұратын. Сырғашпен бірге оқитын, бірге жататын қыздар Қанатты жақсы танытын. Жақын тұтып, сыйлап, жандары қалмайтын. Сонан соң да олармен жыйын-той, бас қосуларда жиі кездесіп тұратын.

Бірде Сырғаш туған күніне шақырып, екеуі гүлін қушақтап, тарту-таралғысын алып, елдей көшіп келген. Жиналғандардың бәрі дерлік көз таныстар екен. Тосыннан бір ғана қыз бар. Қанаттың бұрын көрмеген адамы. Сырғаш отырғандарға оны:

— Жерлесім, ауылдасым, Жұмакүл. ҚазГу-дің биофагінде екінші курсте,— деп таныстырды.

Біреулердің әзілдеп:

— Бұрын неге көрінбей жүрген?

— Әй, сендей ашкөздерден жасырынып келген де.

— Сырғаш, мынадай әдемі ауылдасыңды осы уақытқа дейін тығып көрсетпей қойған, қусың өзің-әй.

— Өзі де тым бұйығы қыз екен, ұялта бермендерші, баланы.

— Мынаның жанының ашый қалуын... — дескен әртүрлі алып-қашты сөздеріне қонақ қыз жауап қатпай, зілсіз жымып күлді де қойды.

— Әй, айрылмаймын дегендеріңе әлі де болса кеш емес,— деп күлді Сырғаш. — Біздің Жұмакүлді бір көргеннен құлап түстіндер ғой өздерің.

Сөз саптастары мен ара қатынастарына қарағанда Сырғаштың ауылдасынан бірер жас үлкендігі бар тәрізді. Сонан соң да ма Жұмакүл кеш бойы көп ортасында өзін сыпайы, кішік ұстады.

Қанатпен қатар отырған. Көп үндемейді. Төңірегіндегілердің анда-санда сұраған сұрағына қысқа ғана жауап қайырады да қояды. Қыздың өзін-өзі ұстай білетін, биязы мінезі бұған ұнаған.

Әзіл-қалжың, басқадай бұралқы сөзге әуестігі жоқ Қанат ара-тұра қызға қызмет көрсетіп:

— Алыңыз, алсаңызшы,— дегеннен бөтен сөзге бұл да жоқ. Ондайда шын көңілімен ризалық білдіргендей:

— Рахмет, рахмет,— дейді қыз.

Кештетіп тараған. Сырғаш пен қыздардың көпшілігі жатақханаларында қалды да келгендер сыртқа шыққан соң жөн-жөніне тарасқан. Бұл Әлмырза екеуі алдымен Жұмакүлді апарып салып, сонан соң әрі қарай кетпек болып, алтыншы трамвайға келген. Әлмырза едәуір қызулау. Қаланың орталығындағы кинотеатрлардың соңғы

сеансынан шыққан жұрт қапылып мінген екен, трамвайдың ішінде таяқ шаншар жер жоқ.

Қызып алса өркөкіректеніп, біреуге қыр көрсетіп тұратын Әлмырза ығы-жығы итерістің ішінде әлдекімдермен сөзге келіп, ілінісе кетті. Шаң-шұң шыға бастады. Ұстасып тұрғаны қызғындау үш жас жігіт екен, олар да аттанның даусы қайдан шығады деп келе жатқандар болса керек. Айылын жиятын емес.

— Алты аласы, бес бересің жоқ, айдаладағы біреулерде нең бар. Қойсайшы,— деп бұл басу айтып еді, Әлмырза омыраулап тыңдайтын емес.

— Ой әкеңнің... арттарына қарамай, көрдің бе... Мұрын боқ немелердің...

Аналардың да тілі күйдіргідей. Кісінің қыжылына тиетін нелер қисық сөзді құлатып жүр.

Қой дегенге Әлмырза болмаған соң бір жағы оған жақтаса араша түсіп, бір жағы аналардың сөзіне шыдай алмай бұл да қатты-қатты тілге келген. Дау ұлғайып бара жатқан соң Жұмакүл бұған жалынғандай үнмен:

— Құрысын, жанжалдың керегі не. Сіздер де қойыңыздаршы енді,— деген.

Қанат тоқтағанымен басқалары басылар емес. Әңгіменің ақыры «Түс-түске», «Түссең түске» келіп тірелген. Бұлардың онсыз да түсетін аялдамасы еді, ашылған есіктен шыға берген. Сол-ақ екен арттарынан ана үшеуі де сау ете қалды. Ниеттері теріс, тегіншілікпен кетпейтін ыңғайлары бар. Соны аңғарған Әлмырза:

— Қазір мен милиция алып келемін бұларға,— деп жолдың қарсы бетіндегі, едәуір жердегі ішкі істер басқармасының кеңсесіне қарай тұра жөнелді. Ана үшеуі жүгіріп бара жатқан оның соңынан қуа қоймайды. Қаусырмалап мұны қоршай берген. Жұмакүлдің шырпыр болып, араша түскеніне қараған жоқ, қарсы алдынан таянып келген біреуі салып-ақ жіберді. Ыңғайларын сезіп, іштей күтініп, дайын тұрған бұл сілтеген қолын шап берін, көз ілеспес жылдамдықпен мойнына ораған бойы, жауырынынан асыра жерге атып ұрды. Онан босана сала таянып қалған екіншісін теуіп ұшырып түсірген. Сол кез кенет бсында бір жарылыс болғандай көз алды жарқ етіп, қал-қараңғы түнекке құлай берген.

Есін алғаш жинап алғанда басынан, мойнынан құшақтап алып, ағыл-тегіл жылаған күйі:

— Қанат, Қанат! Не болды? Көзіңді ашшы,— деп өбектеп үстіне түсіп отырған Жұмакүлді таныды.



Біреулер келгендей, күңгір-күңгір сөйлескендей болды. Жұмакүлдің әлдекімге ренжіген даусын естіді.

— Екеулерің болғанда Қанат бөйтіп таяқ жемейтін еді. Бар бәлені бастаған өзіңсің, ақыры мұны орталарына тастап тұра қаштың,— дейді кейісті түрде.

Әлмырза бүгежектеп ештеңе дей алмайды.

— Қап, қап... — деп міңгірледі.

— Әлгілер қашан кетті, қалай қарай кетті,— дейді ұзын тұра милиционер самарқау үнмен.

Көйлегін шешіп алып, басын таңып, үшеуі сүйемелдеп мұны ішкі істер үйінің кезекшісі отыратын бөлмеге алып кірді. Әп-сәтте жедел жәрдем машинасы да жетіп келді.

— Сотресение алған. Қабағы жарылған. Темір ме, қорғасын ба ауыр әлденемен қаты соққан. Біраз қан кетіпті. Ауруханаға алып бару керек,— деді дәрігер.

Қанат сонан ауруханада жарты айдай жатып шыққан. Кейде Сыргаштармен бірге, кейде жалғыз өзі күнде Жұмакүл кешкісін келіп тұрды. Әңгімелесіп бірер сағат қасында отырады. Сонан бұл екеуі бір-біріне бауыр басып, жақын жандардай болып кетті. Қанат бесінші курста оқып жүрген күзде екеуінің үйлесу тойы болған.

\* \* \*

«Сарыдала» негізінен мал өсірумен айналысады дегенімен көп салалы шаруашылық. Ақ егістің көлемі едәуір. Жүгері, жоңышқа да егіледі. Төрт түлік малға қыруар шөп жинау керек. Мұның бәрі айтарға оңай. Ал қаншама бейнеті барын осының ішінде жүрген жан жақсы біледі. Шаруашылықтың науқаны қысы-жазы бірдей түгесіп бітпейді. Бірін аяқтасаң бірі кезектесіп келіп тұрғаны.

Бұл жұмыстардың барысында реніш те, қуаныш та болып тұрады. Қазір жүз шайысып қалып, қазір қайта табысып жатасың. «Бәрі жанның қамы» дегендей осы совхоздың тіршілігі үшін соның қай-қайсы да. Қанша ұстамды, сабырлымын дегеніңмен төңірегіндегі кісілермен әй-шәй деспей тұра алмайсың. Бір тәуір жері осы мына күнделікті қым-қуыт тіршілік қазіргінді қазір ұмыттырып жібереді.

Ойлап отырса Әлмырза екеуінің әр шаруаның төңірегінде келіспей, кездесіп қала беретін тұстары аз емес тәрізді. Жұмыс бабындағы жөн-жосыққа жатқызып, көңіліне зіл алмаған соң слемейді екен тек.

Мұндай әңгімелердің тұсында көбіне Әлмырза өз дегенін алға шығаратын. Оның әрине заңды жағы жоқ емес. Шаруашылықтың бірінші басшысы, осы қызметте талай жылдан бері істеген тәжірибесі де бар. Сонан соң Қанат өз пікірін білдіріп, ортаға салғанымен мәселенің шешіміне жағаласа бермейтін. Рас көңіліне мықтап ұялаған кейбір нәрсеге принцип ұстап, қасарысып қалатыны бар. Ондайда қалайда Әлмырзаны өз дегенімен санасуға келтіретін.

Совхоз орталығының маңына жыл сайын шамалы көлемде, өздерінің әжеті үшін, қауын-қарбыз егілетін. Осы жұмысты кейінгі кездері келімсек екі-үш жігіт міндетіне алып атқарып жүрген жайы бар-ды. Олар көктем шыға қаладан келеді де, жаз бойы совхоздың бақшасын өсірумен айналысып, өнімін жинап-теріп өткізіп, қазан болған соң күзде қайтып кетеді.

Бұл төңіректе Қанаттың бала кезінде де бақша егілетін. Топырағы құмайты, шөлейт болған соң ба қауын-қарбызы аса дәмді, әрі ірі келетін. Ал енді байқаса бақшаның өнімінің қазіргі сапасы ондай емес. Ертерек қызартып, әрі салмағын ауырлатып өткізуге құнығып алған кәсіппкерлер тыңайтқышты мөлшерден тыс үстемелеп беріп, көктің құнарын түсіріп жіберген. Бұрын екі-үш ай сақтағанда тырып етпейтін қарбыздар қазір екі апта кереуеттің астында жатса іші түсіп, солқылдап, жеуге келмей қалады. Пәлегінен жұлып алып жарып жегеннің өзінде тілген жерің бұрынғыдай қып-қызыл түсте уылжып, үгетіліп тұрмайды. Тап бір ішіне өрмекшінің торын жүгірткендей алашарбыланып, ақтандақтанып тұрады. Жесең тіл үйірген дәмі де жоқ. Шайнап бола бергенінде аузыңнан шуаштың иісін сезгендей боласың.

Осыны байқап жүрген Қанат өткен көктемде бақша егердің алдында агрономды шақырып алып, әлгі жағдайды мықтап ескерткен.

— Осы біздің азығантай бақшаға тыңайтқыштың керегі не?— деген. — Өз тамағымызды өзіміз дұрыстап жесек қайтеді.

Агроном бақша ұстайтын жігіттермен сөйлесіп қайтып келді.

— Қанеке, көнбейді. Оларға салмақ керек, салмағына ақша алады. Олар сол ақша үшін келіп жүрген адамдар емес пе. Сіздің жайыңызды қайтсін, өз есептері бар. Сонан соң бізге жоспарға да керек емес пе? Бақшадан

алынған өнімнің көрсеткіші үшін. Тәуір болғаны дұрыс қой.

— Совхоздың байлығы, көрсеткіші, осы жарты гектар бақшаға тіреліп тұрған жоқ шығар Шаруашылықтың бір табыс көзіне айналдырамыз деп екен нәрсеміз емес қой. Тонналап өткізейін деп отырған өнімді емес. Науқандық жеңсік, зәру ас, бала-шаға, ауылдың адамдары мезгілінде жесін деген үшін ғана емес пе.

— Ауылдың активтеріне оңаша, бөлек бір жерге егіп берейік дейді.

— Оу, ол не деген сөз? Осы алақандай ауылдың ішінде отырып, бөлек бақша ектіріп, бөлекше тұрмыс құрамыз ба енді?! Ол қай қағидаға жатады?! Жұртта оны көретін көз, еститін құлақ жоқ па сонда?!

— Енді онда олар екпейді.

— Екпесе қойсын. Бір гектар жердің бақшасын бағып, күтетін екі-үш кісі осы ауылдан да табылмай қалар дейсің бе? Несіне кіріптар боламыз. Көрінгенді әлдеқандай ғып...

Осы әңгіме Әлмырзаға да жеткен екен:

— Әй, сен де осы бүйректен сирақ шығарып жүресің,— деп күлді.— Өзің жоғары білімді агрономсың. Осы заманда кісі химияға қарсы бола ма?

— Химияның да химиясы бар. Қисынына қарау керек қой соның...

— Сен тоқтат деп айтты екен деп тыңайтқышты қолданбайтын болып, өндірістен алып тастар...

— Мен өндірістен шығарып тастау керек деп отырғаным жоқ. Мөлшерден тыс, бей-берекет қолдануға, сонан соң керекті, керексізіне қарамай қолдануға қарсымын. Айтты, айтпады біздің мына кішкентай бақшаға селитра жіберудің осы қаншалықты зәрулігі бар?!

— Әй, оған да мәлімет береміз ғой. «Мешкей деген жақсы ат па» деп, әйтеуір көрсеткіштің төмен болмағаны жөн емес пе?

Қанат күлді:

— Таза формализм ғой мұның. Тап осы бақшаның өнімінен сөзге қалмаспыз.

— Өй, айтқаныңа болайын. Обязательно сөзге қалу керек пе?.. Ал сонан соң аузы қышыған біреу: «бақшадан өнімді төмен алды»— деп айтса айта салады.

— Онда тұрған не бар дейсің. Айтар, қояр. Существенный нәрсе емес қой.

— Сөзге іліккеннің жақсысы жоқ, әйтеуір.

Қанат өзілге сайып күлді:

— Таудан қайтпаған жүрегім, тастан қайтпаған жүрегім, шайлыққан жерін-ай, ә...

— Тіпті селитра сіңбегенін жеймін десен, «бөлек егіп берейік» депті ғой. Солай етсін, Басқасында нең бар. Бізге соның ішіндегі дұрысын таңдап берер. Несіне әңгіме етіп жүрсің соны.

— Мен бала-шағама жетерлік көкті өзім есігімнің алдына егіп те, өсіріп аламын... Ол үшін айтып отырғаным жоқ.

Әлмырзаның тежікелесе беруге шыдамы жетпегендей маңдай терілері қырыстанып, қабағы кіржие бастады.

— Олай болса бізге осы бақша егіп керегі не. Түк пайдасы жоқ, бір түлік шаруа. Бас қатырып бұған. Осыдан алғанымыздан гөрі бықы-шықы әңгімесі көп. Неге бақша екпедіндер деп бізден ешкім сұрамайды. Осыны қоя қоя керек.

— Жоқ егу керек,— деді Қанат шешімді түрде.— Онан не зиян көреміз. Өз мезгілінде бұл да бір әуес, жеңсік нәрсе. Жұрт іздейді. Аудан орталығындағы базардан қыруар теңгеге сатып алып, мықшындап тасып жүргенінен гөрі өзімізден қазына бағасымен үйді-үйлеріне кіргізіп алғаны ғанибет емес пе. Жұрттың да қамын ойлайық. Болып жатса жайлаудағы шопандарға таратайық. Олар да аңсап отырады. Өзімізде барға не жетсін. Аяймыз ба елден.

Әлмырза мұның сөздерін теріске шығара алмады білем:

— Әй, айналайын, өзің агрономсың ғой, сол бақшаңды өзіңе тапсырдым, не істесең де. Не егесің, қалай егесің, мейлің,— деп орнынан тұрып кетті.

\* \* \*

Қонысбекті Қанат ауыл баласы ретінде сырттай тапығаны болмаса жақын біле қоймайтын. Бір байқағаны Әлмырза онша ұнатпайтын сияқты. Мамандардан да ол туралы мақтаған сөз ести қойған жоқ. Бірақ совхоздағы көрсеткіші тәуір, алдыңғы қатарлы шопанның бірі екенін, тұрмысы түзу, дастарханы бар, ауылдағы бір деген жігіт екенін бұрын сыртынан еститін. Ел ішінде аты бар кісінің сыртынан ащы-тұщы сөздің қосарлана жүретін әдеті ғой. Мұнда келгелі бері ол туралы әр түрлі сөздер есіткен. Ағайынның бірі: «Жолдының Қонысбегі тәп-тәуір зерделі азамат болды. Үйіне кісі түсетін, ағайынға сөз айта алатын жайы бар. От басы берекелі»—

десе, бірі: «Ой осы «Сарыдаланың» Қарынбайы сол қазір»— деп кекеген сыңай байқатады.

— Қарны тойса ханға сәлем бермейтін қазақ емес пе. Ол ініңнің қазір мұрынан есек құрты түседі,— деді Әлмырза да.— Ауыл баласы, жас жігіт қой деп әуелде көтермелеп озаттардың қатарына шығарып, партия қатарына қабылдатып, былай жетелесем әлдеқандай болады. Жаман бір кісілік бар өзінде. Көкірегі таудай. Осы күні енді алдына бір үйір жылқы біткен екен, ешкіммен жұмысы жоқ, өз алдына мемлекет. Өзін бір қысыңқырап қойса болар еді, елден-жұрттан ұяласың. Бірі болмаса бірі: «Әлмырза сөйтіпті» деп жүрер. «Менің тұрмысымды, күнкөрісімді қызғанды»,— деп ол ойлар. Қойшы дейсің сонан соң.

Әлгіндей-әлгіндей әңгімелер естігенімен жігітті алғаш асығыстау екі-үш рет кездестіріп, жүздескеннен кейін-ақ Қанат көңілінде дұрыс санап қалған. Аса елпілдеп, кісіге жұғысып тұрмағанымен сыпайылығы бар, сөз пошымы орнықты, сыйласқанмен сыйласа білетін жандай әсер қалдырған.

Оныменен жақсырақ танысып, кеңірек сөйлесудің сәті жазда жайлаудағы малшыларды аралап жүргенде түсті.

Қонысбектің үйі таудың теріскей бетіндегі алаңқайлау жазық етектегі бұлақтың басында отыр екен. Ауыл төңірегі саздауыт, көк шалғын. Бастаудың дәл алдындағы ауқымы қора төріндей ойпаңға көлшік болып жиналған, онан аяқтай шығып, төмен қарай жылбырай аққан судың әп-әжептәуір салқын лебі бар. Анда-санда желпіп өткен самалмен су жағасында өсіп тұрған жалбыздың исі келеді. Үй артындағы шалғыны дізеден келетін көгалда, желіде байлаулы жатқан бес-алты құлын, үйездеп тұрған бір үйір жылқының қарасы көрінеді.

Мезгіл шаңқай түстің шағы. Қоралы қойды айдыны айнадай жарқыраған көлшіктен әрі, бұлақ суының аяқ жағына сала ауылдан едәуір жерге жусатып тастапты.

Ыдыс-аяқ, көр-жер қоятын, кісілер келгенде балашаға отыратын кішкене қараша отау мен жұмыртқадай аппақ, еңсесі биік алты қанат ақ үй белуарынан шалғынға батып тұрғандай. Үй төңірегінен жақында ғана жұрт аударғаны аңғарылып, жаңа қоныстың сонылығы сезілгендей.

Ауыл маңының мына көрінісіне, үй-ішінің рәпетіне көңілің толып, ішпей-жемей тоятпағандайсың. Берекелі тірліктің нышанын түйсінгендейсің.

— Қонысбек, мына жайлауың келісті жер екен. Жылда осында отырасың ба?— деді Қанат төңірекке көңілі тола көз жүгіртіп.

— Оншақты жылдай болып қалды, аға, жайлап жүргеніме. Алғашқы мал баққан жазымда таңдап келіп отырып едім. Сонан бері меншіктеніп, айрылған емеспін. Жұрт осы күнде мұның атам заманнан бергі «Жазық бұлақ» атын қойып, «Қонысбек бұлақ» дейтін болыпты.— Қонысбек риясыз кейіпте күлді.— Сөйтіп, тарихқа еніп кететін түрім бар, ағасы.

Оның сөзіне көңілденіп, Қанат та қосыла күлді:

— Сен әзілге айналдырып тұрсың, түбі сол шын болып кетуі кәдік.

Қанат күлкисін тиып шын көңілімен сөйледі:

— Ендігі тарихқа өзің тәрізді еңбекте бағы жанған ерлеріміз кірсе несі айып. Қайта солай болуы тиіс.

Жақсы ниетімен тілек білдіріп тұрған соң Қонысбек оның сөзін әзілге сайып: «Ой, қойыңызшы, қайдан» деп қашыртпаламады.

— Көңіліңіз өссін, аға,— деді ризалық білдіріп.

— Жақында жұрт аударып қонғансың ғой деймін.

— Иә, бұлақтың маңы жаз ішінде екі-үш рет жүрг аударуға молынан жетеді. Бұрын ана бір тұсында отырған болатынбыз,— деп бұлақтың күн батыс жағындағы шөбі ерте сарғайып, тақырланған төңіректі нұсқады.

Шешініп тастап, белуардан бұлақтың мұздай суына жуынып алған соң бұлар ішке кірген. Ақ үйдің ішінің жиһазы да жарасты екен. Үзіктен төмен жағалай кілем тұтылған. Жерде де бір текемет, бір кілем, бір көрпеше — қабат-қабат төселген. Оюлап қолдан тоқыған басқұр, уықбау, босағабау, керегебау дегендер түр-түрімен айкүш-ұйқыш жүргізіліп тасталған. Жағалай тұтылған кілемдердің керегенің ортан беліне дейін түрілген төменгі ашық тұсынан, іргеден, көрінген шымшидің бояуы қанық, ою-өрнектері көздің жауын алғандай.

«Сүйегі келісті жасалған екен. Әбзелін де дұрыстаған»,— деп ойлады Қанат үйге айнала көз жүгірте отырып.

— Шайға дейін сусын ала беріңіз,— деп Қонысбек сырлы үлкен ақ тегешпен қымыз келтірді. Көкнәрдің дәшіндей қарамықтанып бетінде майы жүзіп жүрген салқын сусын бал татып тұр екен. Үстін-үстін екі-үш шай кесесін тастап жібергенде тұла бойдағы шаршаған құрыс-тырысы жазылып, денесі бусанып қоя берді. Шып-

шып тершіген маңдайын жұмсақ түкті ақ сүлгімен сүрте беріп:

— Қымызың қымыз-ақ екен! Келіннің өзі ашытқаны ма, әлде жеңгейдің қолынан шыққаны ма?— деді Қанаттын ыразы қалыппен.

— Жалпы апамның басшылығымен ғой,— деп күлді Қонысбек.

— Жоқ, ә. Келінің өзі ашытқаны, Қанат қалқам. Ас-ауқат, ыдыс-аяқты біз өткізгелі қашан. Ол жағына қол тигізбеймін. Біздікі тек қазір айқай ғана. Сонан соң мына бір жаман немелерді жұбатып, айналдыру,— деді Қонысбектің шешесі төңірегіндегі үпір-шүпір бірінен-бірі айнымайтын қара домалақтарды кезек-кезек еркелете бастарынан сипап.

— Үйдің мына әбзел, жиһаздарын тоқу келіннің де қолынан келе бере ме?— деп сұрады Қанат кемпірге бұрылып.

— Е, келгенде қандай. Осының көбісін өзі иіріп, өзі тоқыды. Тек мына шаруалардан, от басының ас-суынан қолы тимейді ғой, әйтпесе, мұның түр-түрін жасайды.

— Келінді жақсы тәрбиелеген екенсіз, жеңгей, рахмет.

— Е, енді білгенімізді үйреттік, әйтеуір. Санасына берген шығар, бейшараның. Кісінің желкелегенімен кісі жүре ме, өз ықыласы болмаса.

— Келінге де рахмет, үлкен кісінің ақыл-өнегесіне ден қойып, жақсы тәрбиесіне құлақ асқан. Қазіргі көп жастың парасатты жетпейтін тірлік бұл.

— Е, құлақ аспай, керек болса, өзі үшін емес пе? Өз игілігі, өз от-басының қамы. Мен бір жаққа арқалап кетейін деп отырғаным жоқ.

Кемпірдің беймарал қалпына Қанаттың көңілі тоғайып қалды. «Баласын мен келінің жақсылығы-ау, үлкен кісінің қыры сынбай өктем отырғаны. Бұлары көргенділік екен. Дұрыс-ақ. «Ағаңа не істесең алдыңа сол келеді». Бірақ осы мақалды ұмытып барамыз ба қалай. Бұлардың мына от басының ұйтқысын жүрген жерінде өнеге етіп айта жүретін екен. Осы шаруашылық, өндірістегі озат тәжірибе, елеулі бір жетістіктерді насихаттап жатамыз ғой. Ал мынандай тәрбиелік мәні бар адамгершілік қасиет, ара қатынас, семьялық баянды тұрмысты неге озат тәжірибе ретінде таратпасқа. Ауыл, аудан жастарына неге үлгі, өнеге етпеске. Тәрбиелік жұмысымыздың бір саласын осы адамның бір-біріне, от басына, қоғамдық еңбекке қатынасында жаңа дәстүрмен

ата дәстүрдің озық үлгілерін бірдей ұштастыра білуін қадағалай жүргізіп отырсақ қайтеді. Біле білсек бүгінгі күнгі тәрбие жұмысының көкжиегі кең, сонымен қатар аса жауапты, әрі нәзік. Соншалықты білім, парсатпен ептілікпен, қырағылықпен қоса аса жанашырлық, сезім талдықпен жүргізуді талап етеді.

Қанат алдағы уақыттың ішінде осы үйдің кісілерін алдыртып, ауыл жастарымен бір бас қосу жиын, сұхбат өткізбек болып шешті. «Аудандық, тіпті, республикалық газет редакцияларымен хабарласайыншы,— деп ойлады.— Мынау үйдегілердің еңбегін, тұрмысын, от басынтымағын, өмірбаянын келістіріп жазып жарияласа оқыған кісі алар ұлағат, өнегесі болар еді».

— Аға, қымыз алыңыз салқындай,— деді Қонысбек өз-ойымен өзі болып кеткен Қанатқа қарай ақ толы кесені жылжытып.

— Биені жылда үзбей байлайсың ба?

— Иә. Жаз шыға жайлауға келгеннен күзге дейін сауып отырамыз.

— Оның жақсы екен. Осы әдетіңнен айрыла көрме.

— Қанатжан-ау, деді кемпір сөзге араласып.— Жоқ болса амал жоқ. Ал бардың қызығын көрмей, не болыпты. Әр нәрсенің өзінің уақтысы бар. Сауының тұрып, жазда қымыз ішпей қалай отырасың. Қанша асауқат болғанымен бұл жарықтықтың жөні бөлек қой.

— Ол не дегеніңіз... Ал бірақ малшыларымыздың арасында бір жаман әдет пайда болыпты. Құлындаған биелері қос-қосынан байланбай ауылдарының қасында бос жайылып жүреді. Осы сапар келе жатып алты-жеті шопанның үйіне соқтым, бірінші рет осы үйден қымыз татып отырмын. «Бұларың қалай» десем: «Қол тимейді, бейнеті бар. Қайдан әуре болып жүреміз. Жұрттың бәрі бие байлағанды қойды ғой, қымыз ішіп жатқан елді көрмейміз осы»,— дейді.

— Е, шырағым, бұл енді жалқаулықтың кесірі. Тамақ тоқ. Жұрттың бәрі тік жүріп, тік тұрғысы келеді. Артық қимыл жасағысы келмейді. Ол енді мал баққан кісіге келіспейтін мінез. Кеңседе отырсаң бір сәрі. Совхоздың орталығында отырсаң бір сәрі. Ол жерде енді мал ұстап, сауу қиын шығар. Ал мұнда, жайлауда отырған елге не жөн?! Жақсы емес қой бұл. Жақсы емес. Әйелдері бие саууға ерінеді. Күйеулері шыныдағы суындарын ішіп жүре береді де. Бір биесі болса жетелеп жүрсе де сауып ішіп, көрші-қөлеңімен бөлісіп отыратын кемпір-шалдар кеткен...



Қанат ылажсыздау күйде басын изеді:

— Солай тәрізді...

— Енді күнде радиодан «қымыз — дәрі, шұбат — дәрі»,— деп айтып-ақ жатыр ғой. Соған да құлақ аспағандары ма, шіркіндердің?! «Қолға ұстамаған малдың, бас білмеген малдың қайыры жоқ» деуші еді үлкендер. Сонан соң да ғой олардың құлынын құлындай, биесін биедей бас білгізіп, қолға үйрететіндері. Ал енді осы жүрген шопандардың қай-қайсы да малсыз емес. Шүкір, қазір ел дәулетті ғой. Бірақ солардың көбісінің жылқысы үлкен-кішісі демей тағы. Ноқта-құрық тимегендері бар. Әйтеуір сыртынан қоғамдап, малмен бірге жаз жайлауға айдап келіп, қыс құмға құлатып жүреді. Маңайына өздері де таяна алмайды. Бірен-саран соғымын соның ішінен атып алатын сұмдық шықты. Даладағы аң емес есігінің алдындағы малын атып ұстаған қайбір жақсылық дейсің. — Кемпірдің шын қапаланып, ренжіген сыңайы бар. — Біздің сөзіміз кімге жетеді. Айтқанымызға кім құлақ аса қойсын. Қанат шырағым осы жай да бір естерінде болсын. Ел басқарған жігітсіндер. Сөздерінді тыңдайды. Айтып, ұқтырып бас-көз бола жүріңдер. Күніміз малмен күн болған жұртпыз ғой. Оны бағып-қағуда ыждағатты болайық. Мал жинағанды бәріміз тәуір көреміз. Оның сойып етін жеп, сатып ақшасын жинауға құмарақпыз. Ал өзін тек мәшиненің үстінен ғана баққымыз келеді.

— Дұрыс айтасыз, жеңгей.

— Өзің де көріп жүрген шығарсың осы совхозыңда бір шопаның озат, бір шопаның «незат» болып жатады. Солай емес пе?

Қанат кемпірдің сөзіне езу тартып күлді.

— Солай, солай...

— Неге олай? Жайылымы бір, суаты бір. Бәрі осы совхоздың малы. Бәрі осы совхоздың малшысы. Оның себебі бірі дұрыстап бағады, бірі дұрыстап бақпайды. Осымды теріс дейсің бе, шырағым.

— Жоқ, жоқ. Теріс айтып отырған жоқсыз. Шыны сол.

— Олай болса тыңдай бер, шырағым. Осыдан он шақты жыл бұрын Қонысбек пен келін алғаш бір қора тұсақ алып мына «Жазық бұлақтың» басына қонғанда осы үйде мал дегеннен жалғыз қаракер бие ғана бар еді. Қазір мынау, өзің көріп отырсың ініңнің тұрмысын. Тіл-көзден аулақ болғай тек. Үйірлі жылқы, қоралы қойы бар алдында. «Мәскуіші» ана тұр мінемін десе.

Кемпір үйдің жанындағы ақ кенеппен жабулы жеңіл машинаның нобайын негімен нұсқап қойып, әңгімесін онан әрі жалғастырды:

— Осының бәрі ненің арқасы, осының бәрі қайдан келді дейсің?! Айналайын малдың арқасы. Сол малға бола төккен ащы тер, адал еңбектің арқасы. Осы заманда еңбек етсең қарының тоқ, тұрмысың түзу, мерейің үстем әйтеуір. Өкімет айналайын, еңбек еткен малшыдан ешнәрсе аяп жатқан жоқ. Бақ малыңды дұрыстап — совхоздың да есебі түгел, сенің де ішкенің алдыңда, ішпегенің артында, «қағанағың қарық, сағанағың сарық». Осыны үлкен түгілі бала да түсінетін жағдай. Бірақ кейбіреулердің жетесіне жетпейтін тәрізді. Мен балам мен келінімді мақтайын деп отырғаным жоқ. Тек сөздің реті келген соң айтамын. Обалы не жазғандардың, тілеуі ең алдымен мына жатқан совхоздың бір қора қойының үстінде. Жан-тіні қалмай қарайды, жан-тіні қалмай бағады. Соның арқасында, мұнысына шүкір, кімсің Қонысбексің болып отыр. Мал баққалы бері абыройсыз емес. Әлгі жарысында осы совхоздың шопандарының ішінде бірінші орынға шықпағанымен екінші, не үшінші орын алмаған жылы жоқ. Онысына жыл аяғына қарай бәйгіге мың-мыңдап ақша, жүздеп төл береді өкімет. Онан артық не керек. Қазір өзі қолында барын ұқсата білсе шопанның жағдайы деген мынау.

Кемпір орнынан қопаңдай қозғалақтап, бас бармағын көрсетті.

— Оныңыз рас.

— Солай шырағым. Ал енді осы ит басынан іркіт төгіліп жатқан ағын-төгін заманда тақ-тұқ күнелтіп отырған шопандарың да бар. Оны да көріп жүрміз. Соларға айдалада отырып зығырданым қайнайды. Олардың да алдындағысы осындай бір қора қой. Өздері он екі мүшесі сау, зіңгіттей азаматтар. Не көрініпті от басында береке болмайтындай. Өздері кінәлі, шаруаның ығытын тауып жүргізе алмайды. Жалқау. Өздеріне тиесілі істеріне бейсалақ қарайды. Онымен қоймай арақ ішеді. Сонан соң қайдан тірлігі оңсын. Малды бақсаң — берекет. Бақпасаң — болымсыз әрекет. Сонан соң біреуге ауыз ашып, иек сүйеп алу бір жаман әдет. Кейбіреулер бар қатыны шөп басын сындырмай шалжайып үйінде жатады. Өзі күндіз атқа мініп қалқайып мал соңына барып қайтса болды. Басқа тірліктің бәрін совхоздың мойнына артып қойған. Сол атқару керек деп санайды. Киімді совхоз тауып береді, ас-ауқатыңды да сол жет-

кізіп беруі керек. Қөші-қон, қора-қопсың болса да соның міндетінде. Әдбен жаман үйреніп кеткен. Ешнәрсеге еңкейіп, бұрылғысы жоқ. Сонда ол қандай малшы. Қит етсе анауым жоқ, мынауым жетпейді деп байбаламдап, қорасының асты тазаланбаса да жоғарыға арыз айтамын деп шыға келеді. «Өз шаруам, өз тіршілігім ғой, осының жемісі өзімдікі ғой, неге аянамын»,— деп құлшынып тұрмаған соң ол кісіден не жақсылық күтуге болады.

— Мұның бәрін тап сізше түсіну үшін кісіге сана керек, жеңгей. Бізде әлі сол сана жағы жетіспей жатырау. Тура әлгіндей малшыларды өзім де кездестіріп жүрмін.

— Сана деген етпен, сүйекпен бірге бітетін нәрсе ғой. Санадан бұрын ондайларды жаман үйретпеу керек. Айтып ұялту керек. Жиналысқа салыңдар. Ол заманда, бұл заман жұмыстан, еңбектен өлген кісіні көргенім жоқ. Осында бір үйлер бар. Бұзаулы сиыры есігінің алдында сауылмай жүр. Ал өздері шайға қататын ақсыз отыр. Мұнан өткен жалқаулық бола ма екен?!

— Апам да әбден іштен тынып жүр екен, шерін бір тарқатты-ау,— деп Қонысбек күлді.

— Е, шырағым, шер тарқататындай маған өтіп жүрген зары жоқ. Жай әңгіменің реті болып қалған соң айтамын да.

Кемпір осы көп сөйлеп кеткен жоқпын ба дегендей әңгімесін үзіп, сәл кейін шегіне түсіп, ұршығын қолына алды.

— Апамның айтқаны рас,— деді Қонысбек те сөзге араласып:— Бізге осы жақын жерде Томарбай деген шопанымыз бар. Көбіне көрші отырамыз. Өздерінің екі-үш бұзаулы сиыры бар. Әйелі соны саумайды. Ал ауылына соғып өткен «Автолавканың» сатушыларымен «сгученный молоко», «сливочный май» алып келмейсіңдер деп ұрысып жүргені.

Кемпір де сөзге қайта араласты:

— Ойбұй, ол келін де бір кер жатқан. Күйеуінің соры ғой. Томарбай өзі, жазған, кесір-кесапаты жоқ, момын жігіт. Ал келіннің көкірегі таудай. Пештеніп кісі менсінбейді. Сылқым болғысы бар. Ой, шырағым, әркімнің өзіне ылайық тәубасы болмаған соң қиын ғой...

Кемпір қолындағы ұршығын мәсісінің қонышына сүйкей, қатты шиырып алды да, біраз айналдырып барып тоқтатып, ұзақ сонар әңгіме бастайтындай ыңғаймен ұмсына түсіп, икемделе отырды:

— Қанат, шырағым, қартайған кісі мылжың келетін әдеті. Не болса соны айтып кеттім бе... Жаңағы келіннің тірлігінен шығып кетті-ау...

— Жоқ, жоқ, олай деменіз, сөзіңізге қатты риза болып отырмын. Көргені, тоқығаны бар үлкен кісінің әңгімесі деген ғанибет қой. Айта беріңіз...

— Рахмет шырағым, жақсы лебізіңе... Қанат, қалқам, мен әркімнің өзіне ылайығы болады деп санаймын. Анау олай екен, мен неге сөйтпеймін деу қате. Қойшының әйелісің бе соныда лайық жүріс-тұрысың, мінез-құлқың болсын. Оған қорланатын, арланатын ешнәрсең жоқ. Тура сол мінезден кем болмайсың. Ісіңе сәйкес ебің болсын. Мықтыға тисең саған ешкім қой деген жоқ қой. Несібең. Соған шүкірлік ет. Қанағат қыл. Аман-есендігіңді тіле. Жақсы ма, жаман ба, үлкен бе, кіші ме күйеуіңнің басын сыйла. Қабағын бақ. Ерін кемсіткен әйел оңбайды. Үйдің берекесі еркектің айбарына байланысты. Әйел күйеуін өзінен төмен санағысы келді дегенше ол шаңырақтың қыдыры кетті де... Сол келіннің аты кім еді, Қонысбек?!

— Қайшакүл.

— Иә, ә, Қайшакүл еді ғой... Біз көргенімізді, көңілге түйгенімізді айтамыз да... Естерінде болсын, шырақтарым, еркекті мүжитін әйелдің табасы. Жақсы әйелдің еркегін анау екен, мынау екен деп, бірінің байлығын, бірінің басындағы бағын өз күйеуінің алдына көлденең тартып, көзін шұқымайды. Онан өнер ештеңе жоқ. Қайта ерінің сағын сындырып, құдіретін қайтарады. Жүнжітіп жібереді. Еркектің рухы төмендеді дегенше ұйым бұзылады. Кәрі, жасына карамай қатын желігеді. Сонан соңғы жағдай ұрыс-жанжал, реніш, ырың-жырыңға айналады.

Қанат кемпірдің сөзіне тәнті болып: «Тұрмыстың академигі ғой мына кісі. Не деген ақылды жан»,— деп ойлады.

— Дұрыс айтасыз, жеңгей,— деп қуаттады.— Әттең осы әңгімеңізді сол келіндеріңіз естіп, зердесімен ұғар ма еді...

Тыңдаушысын тапса айтылмайтын сыр бола ма. Сол жолы Қонысбек те Қанатпен қалтқысыз шешіліп сөйлескен. Екеуі көп жайды ортақ ұғысқандай болған. Қонысбек тек өз шаруасы төңірегінде ғана емес, ауыл-аймақ, жалпы совхоз тіршілігіне байланысты сүбелі әңгімелер қозғап, татымды-татымды пікірлер білдірген. Оның ой ауқымына, қарақан басын күйіттемей ел қамына жан

• ауырта алатын азаматтық болмысына Қанат іштей сүйсінген. Сөйте тұрып: «Әлмырза бұған неге наразы болды екен. Ұнатпайтын қабақ танытып еді,»— деп ойлаған. Сонан соң ескерусіз ғана жай әңгімелеген болып, Әлмырза туралы пікірін білмекке сыр тартып байқаған. Сонан әңгіме туындап кетті де, сөздің бір иінінде:

— Әлекең шаруашылықтың ығытын білмейді емес — деді.— Біледі. Ол жағына жетік. Өзі де басшылыққа ерте араласқан кісі ғой. Тәжірибесі жетерлік. Совхоз тіршілігінің бүге-шігесіне дейін бес саусақтай біледі. Басқарудың сан тәсілін игеріп алған. Обалы нешік ұршықша иіреді. Беделі де жақсы. Аудан көлемінде бірінші хатшыдан басқа кісі «сенікі дұрыс емес» деп айта алмайтындай жағдайы бар-ау. Бірақ...

Қонысбек айтсам ба, айтбасам ба екен деген кісідей, әрі мұның өз сөзін қандай ыңғайда тыңдап келе жатқанын байыптап алғысы келгендей кідіріп, бір сәт бұл жаққа қарады. Мұның тыңдауға ықыласты сыңайын аңғарған болуы керек әңгімесін жалғастыратын кейіпте:

— Ағамызды жамандап кетеміз бе, қайтеміз?!— деп күлді.

— Өсек пен қайбаттан аулақ болсақ, оқасы жоқ. Біз аға-іні, ағайын-жекжат болғанымызбен тең праволы азамат, коммунистік ғой. Көңіліміздегіні жасырмай айтқанымыздың айыбы жоқ. Айта бер.

— Менің байқауымша Әлекең мықты директор. Бірақ үлкен бір кемшілігі бар. Бұғызы кеңдеу. Көңілінде астамшылық та жоқ емес. Кімнен де болса алғысы, жегісі келіп тұрады. Кім де болса жалпақтап, жағынып тұрса дейді.

Қонысбек ақыр бастап қойдым ғой, енді несіне тартынамын дегендей әңгімені ұзағынан қайырып, өз жағдайын да, Әлмырзамен арасын да жасырмай айтып берген.

Әлмырзаның шынымен алғашқы кезде мұны ішке тартып, қоғамдап, өз адамы санаған жағдайы бар көрінеді. Бұл да інісіндей болған. Бірақ көңіліндегі кісіні төмен тұтып, кеміте қарайтын бір ұнамсыздау пейіліне ықтияр болмаған тәрізді. Сәл істеген қызметін, жақсылығын пұлдап, тап сол болмаса бұл қатарға қосылмай қалатындай, күнін көре алмайтындай пәлсінген пиғылын ұнатпаған. Сонан соң бойын аулақ сала бастаған. Бір жағы өз қолы өз аузына жеткен соң шалқая баста-

ды деп, екінші жағы осынша қара-құрасы болып тұрып анда-санда мезіреті жасамайды деп қазір Әлмырза мұны жек көретін көрінеді. Сол кісінің бетімен мал мамандары мен совхоз активтерінің біразы өзіне қырын қарайды екен. Оған қипақтап жүрген бұл да жоқ көрінеді. «Мейлі білгенінен қалмасын» дейтін сияқты. Дені сау тұрса ешкімге жалынатын, кіріптарланатын жағдайы жоқ тәрізді. Несіне жалтақтайды. Шопандықтан босатып тастайды деп қорқа ма. Қалай босатады. Мемлекетке беріп отырған төлі, жүні кем бе? Малының бағымы кем бе? Күйі төмен бе? Әрісін айтпағанда тура соңғы бес жылдың ішінде бір де бір бас шығын бермеген. Әрине, мал болған соң өлім-жітімсіз тұрмайды ғой. Қорамнан түк қой өлмейді деп айтпайды, әрине. Ара-тұра шығын бола қалса, шүкір, қолында бар, жекеменшігінен қосады. Әйтеуір совхоздың малының басын түгел ұстайды. Қемітпейді. Мал басы түгел, берген төлі жақсы болса жылма-жыл соған алған бәйгісімен еңбек ақысының өзі де жетіп жатыр бұларға. Сөйтіп совхоздың да есебі түгел, өзінің шаруасы да дұрыс. Жұртқа да абыройлы. Осы кейінгі бес-алты жылдың көлемінде совхоз бойынша төл алуан бірінші жүлдегер болмағанымен екінші, үшінші орыннан қалған кезі жоқ көрінеді. Өз еңбегіне сенсе несіне пұшайман болады.

Осылай түйіндей келіп, Қонысбек дегенімен көңіліндегі бір күдігі мен өкпесін де сездірген.

— Енді, жылда аралас көшіп, аралас қонып жүрген соң біріміздің жағдайымыздан біріміз хабардармыз ғой. Сезіп, біліп отырамыз. Биыл совхоз бойынша бірінші орынға шыққан Төлтай, қайбат болмасын, өз көңілімше, шын мәнінде төлді менен артық алған жоқ. Ептеп бұрмалау, процент қосу араласты ғой деймін. Имандай шыным, Қанат аға, мен оның жетістігін, бірінші орынға шыққанын қызғанып отырғаным жоқ. Алсын бәйгені. Обалы нешік, оның да еңбегі адал жігіт. Мал десе үйішімен ішкен асын жерге қояды. Осы совхоздағы озат шопандардың бірі екені сөзсіз. Бірақ биылғы төлі менен артық емес. Әлекең осы жерде алақолдық жасады.

Осы кездесуден кейін Қанат өзіне жақсы бір жолдас, арада пікір сақтамай сөйлесе алатын іні тапқандай сезінген-ді. Анда-санда кездескенде тұрғылас, замандас, еңбектес, әріптес ретінде шешіліп әңгімелесіп, қай шаруаның төңірегінде болса да ойды ортаға салып отыратын. Кісіге парасатты тәрбиенің бір түрі, жауапкершілік артып, сенім білдіру. Бұл сенім оның көңіліндегі аза-

маттық рухты оятады. Қоғамдық іске белсенділігін арттырады. Жан дүниесінде жаңғыру жасайды. Сонан кісі өсіп, толысады. Кемелденеді. Алдыңғы қатарлы еңбеккер, жас коммунист ретінде көңіл бөліп, қатарға тартып, санасып, керек кезінде әр түрлі тапсырмалар беріп, қоғамдық жұмысқа қатыстыра бастағалы Қонысбек те ашылып, өзімен-өзі, өз шаруасын ғана күйттеген бұйығы күйден өзгеріп, тұлғалана түскендей еді. Совхоз коллективінің ортақ іске жаны ашитын саналы, белсенді азаматы ретінде таныла бастаған.

«Шаруашылықтың берекесінің ұйтқысы осы тәріздес жігіттеріміз болса керек. Бүгінгі еңбек адамы, бүгінгі шопан қандай болмақ дегенде осы Қонысбектерді алға тартып мақтана аламыз ғой»,— дейтін Қанат көңілі тоғайып.

Қонысбектің мұны шырғалап, төңіректегенін Әлмырза онша ұната қоймады. Бірақ сыртқа шығарып сыр берген жоқ. Қанат та оған назар аудармаған.

\* \* \*

Өткен жылы аудан төл алудан облыс бойынша алға шығып, айтарлықтай табысқа жетті. Малшы қауым бір көтеріліп, желпінісіп қалған. Соның үрметіне жаз шыға, қырқым аяқталып, ел жайлауға қоныстанғаннан кейін малшылардың аудандық слеті өтті. Бұл жиынға облыстық партия комитетінің бірінші секретары Қоңыров жолдастың өзі келіп қатысқан. Жиын болардан біраз бұрын ауданнан звондап, той қамындағы атқарылуға тиіс біраз шараларды тапсырмалай келіп: «Озат малшылардың бірін сөзге дайындап қой. Сендердің совхоздарыңнан бір шопанды мінбеге шығарамыз және слет болардан екі-үш күн бұрын сөйлейтін кісінің аты-жөнін айтып хабарларсыңдар,— деп ескерткен. Қанат ойластыра келе Қонысбекті мақұл көрді де, тізімге соны кіргізген. Әлмырза басқа бір кісілерді қолайлап еді.

— Енді хабарланып қойды, тағы өзгертіп жатамыз ба. Бәрібір емес пе,— деді. — Қонысбек ел алдына шыға алатындай жігіт қой.

— Мейлі ендеше...— деген сонан соң Әлмырза да.— Кейде бір бұра тартып, қисық жүретіні бар еді. Сонысына бағып, әлденелерді бықсытып, ұятқа қалдырмаса болғаны әйтеуір.

— Ондай санасыз жігіт емес қой. Өз сөзіне өзі есеп бере алады...— деген Қанат.

Сонан соң Қонысбекті шақыртып, жағдайды түсіндірген:

— Обкомның бірінші хатшысының өзі болмақ. Жауапты жиын. Мұқият дайындаларсың,— деген.

Қонысбек жүрексініп, қашқақтап, бас тарта қойған жоқ.

— Жарайды, сөйле дессіңдер сөйлейін. Бірақ әңгіменің бағыты қай тақырыпта болғаны жөн,— деп ақыл салған.

— Оны енді өзің ойлан,— деген бұл. Сенен басқа да мінбеге шыққандардың қай-қайсы қол жеткен табысы мен көрсеткішін, тәжірибесін, еңбек жолын әңгімелер. Сенің де оған, әрине, қысқаша тоқтала кеткенің жөн. Ал негізінен өзіңнің көңілінде жүрген көкейкесті ойларыңды ортаға сал. Малшыларға не жетпейді, не керек. Мал шаруашылығы өнімдерін еселеп арттыру үшін қандай шараларды жүзеге асырса болар еді деп санайсың. Шопандардың тұрмысы, жай-күйі туралы әңгімеле. Есіңде болсын, ауданның бүкіл активі, еңбек озаттары жиналады. Облыс басшылары тыңдап отырады. Сын көз көп. «Ә, бәрекедi» десін ел. Жауаптырақ бол. Әрі көңілде жүргенді шығаратын сәт осы. Мұндай бас қосуда айтылған орынды ұсыныс жерде қалмайды, іске тікелей пайдасы тиеді. Айтарыңды жазып аламын десең алдын ала қағазға түсір, мен де үстінен бір қарап шығайын.

— Ойымдағыны айтып бере аламын ғой, сол қағазбен сөйлемей-ақ қойсам қайтеді?

— Мейлің онда,— деді Қанат. Тіпті жақсы. Тек нендей мәселелерді қозғамақсың соларыңды алдымен ойша жүйелеп, тиянақтап алғайсың... Онда енді тәуекел, іске сәт.

Малшылар тойы жайлауда, таудың бір көкмайса шалғынды, әсем қолтығындағы жазықта, ашық далада өткен. Қарақұрым болып жиналған халық митингі болатын аланды қаусырмалай тұрған. Қонысбекке сөз жиналыстың орта кезінде тиді. Бәйгеге ат қосқан кісідей Қанат қобалжып, қозғалақтай бастаған. Қонысбек сөзінің кіріспесінде, еңбек жолын, биылғы көрсеткішін, алдағы міндеттемесін қысқаша шолып өтті де, қыс қаңтардың аязына қарылып, жаз шілденің ыстығына қақталып жүріп, Отан байлығын тасытуға үлес қосып келе жатқан малшы қауымның еңбегін бағалап, әрдайым қамқорлық жасап, бүгін міне мынандай салтанатты ме-



реке өткізіп отырған, алқа топта аттарың атап, абыройың асырып, біріне машина, біріне мотоцикл мінгізіп, біріне кілем құшақтатып сый-құрметке бөлеп жатқан үкімет пен партияға алғысын білдірді.

— Бұл жиын, бас қосуда қол жеткен табыстарымызды паш етіп, бір-біріміздің мәртебемізді көтеруіміз жөн,— деді сөзін онан әрі жалғастырып:— «Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» деген осындайда жарасады. Сонымен бірге ортақ іске пайдасы тиер, алдағы күнге сабақ болар, ойларымызды да ортаға салатын жиын осы. Жіберген кемшілігіміз, әттеген-айымызды да талқылайтын тұс осы. Не бар, не жоқ ашып айтып, алдағы күннің қамын ақылдасқанымыз абзал ғой деймін мұндай да.

Қоңыров жолдас мол денесін сергек бұрып, мінбедегі жігітке байыптай көз жігіртіп, зер сала қарады. Қонысбек тершіген маңдайын дәс орамалмен сүрткілеп қойып, сөйлеп тұр.

— Биыл біздің аудан да мен өзім еңбек ететін «Сарыдала» совхозы да төл алу науқанын табысты аяқтады. Жалпы кейінгі жылдардың көрсеткіш нәтижесі жаман емес. Солай бола тұрғанымен мені бір ойға қалдыратын жағдай, мал басының өсуі баяу. Неге?! Бұл көп болып ойласатын жай. Мысалы, біздің совхозда менің бала кезімде алпысыншы жылдардың басында, жетпіс мыңға тарта қаракөл қойы болатын. Ал бүгінгі танда қырық мың бас. Менің білуімше бүкіл аудан бойынша мал саны қазір сол алпысыншы жылғы деңгейіне әлі жеткен жоқ. Рас, онан бергі уақыттың ішінде екі рет қатты қыс болып, табиғат апаты көп шығынға ұшыратып кетті. Мал басының күрт төмендеуіне оның тікелей әсері болды, сөз жоқ. Бірақ бар кінәні сол қыста болған жұтқа жауып, ақтала беруіміздің қисыны келер ме екен?!.

Жұрт сілтідей тынып қалған. Қоңыров бастап, президиумда отырғандардың бәрі құлағын тігіп, оның сөзін қалт жібермей тыңдап отырған сыңайлары бар.

«Жарайсың, Қонысбек, бет алысың дұрыс. Жұртты бір қаратуын қараттың, енді мықты бол, қарқыныңнан тай ма»— деді Қанат іштей әрі сүйсіне, әрі көңілі әлі де қалай болады дегендей алаңдай түсіп.

— Керек десе сол қыста соншама малдың қырылуына жол беруде өзіміздің де кінәміз аз болмауға тиіс. Салақтығымыз, салғырттығымыз болмады деп айта аламыз ба. Сол жалқаулық пен жауапсыздықтан бүгінде

пышақ кесті қол үзіп кеттік дей алар ма екенбіз. Арамызда мал бақпайтын шопандар, мал қарамайтын мамандар аз ба. Аз емес. Қойдың тамағы тоқ, ақшасы мол деп келіп, оны бағып-қағуға, бейнетін көтеруге мойныны жар бермейтін, ықыласы жоқ малшыдан не береке күтесін. Ондай қырсыздар қазір де жетерлік. Оның алдындағы мал қайдан өссін. Алдымыз қазір жүз саулықтан жүз елу, жүз алпысқа дейін қозы алып отырмыз. Ал отарынан басқа бас бере алмаған шопандар бар. Себебі не дейсіздер ме, негізгі себебі алдындағы малын дұрыстап бақпайды. Күйі төмен мал қайдан төл берсін. Сонан соң отарында шығын болады, мал басы түгел емес. Шығын көбейіп кеткен соң мамандар, ферма, совхоз басшылары сөз болады деп жауаптан қашып, әлгі өлген малдарды жасырып, шамалы бөлігін ғана актіден шығарады. Ал қалған жүздеген бастар тірі малдың есебінде жүре береді. Бұл қойлар совхоздың қағаз жүзіндегі есебінде бар, ал фактический жоқ мал. Ал жоқ малдан қалай жүн қырқып, төл аласың. Өнімнің төмен болатын, мал басының өспейтін себебінің бірі осы...

Ойлы қалыпта жағалай жұртты көз жүгірте шолып шыққан Қоңыров сол сәт Қонысбекке қарай бұрылып:

— Дұрыс,— деді.— Дұрыс айтып тұрсың. «Ауруын жасырған өледі»,— дейді халық. Мұндай көз бояушылықтың ақыры жақсылыққа апарып соқпайды, жолдастар. Ал мұндай жағдай әр жерде кездесетін тәрізді. Сонда кімді алдамақпыз. Соны бір ойлайықшы...— Қоңыров жұртқа тағы да жағалай көз тастай орындығына шалқая отырды:

— Айта бер, шырағым, ойындағыңды ірікпе, айт,— деді Қонысбекке қарап, ықылас білдіріп. Өзінің қызылшырайлы, зор жүзі реңдене әрі сонымен бірге өңіне сұс пайда болғандай бір түрлі айбарлана түсті. — Әлгі жүз басқа жүз қозы бере алмай отырған әріптестеріңнің атын атай кетші. Мына көпшілік естісін. Ұяты бар жігіттер болса намысы оянар...

Қонысбек совхоздағы көрсеткіші төмен, қырсыздау екі-үш шопанның аты-жөнін айтты.

— Ол жігіттердің осында бары бар ма?!— деді Қоңыров көпшілікке қайта көз жүгіртіп.

Ешкім ешнәрсе деп іле жауап қата қоймап еді. Көптің ортасынан біреу дауыстап:

— Олар мұнда қайдан келсін. Бұл озаттар жиналған той ғой,— деп қалды.

Қоңыров сабырлы жүзі сәл күлімсірей түсіп:

— Оларды да шақырту керек еді,— деді.— Мына өзі қатарлы жігіттердің жетістігін көрсін, естісін. Озаттарға қандай сый-құрмет жасалатынын байқасын... Жарайды, сөйлей бер,— деді сонан соң Қонысбекке мейірлене бұрылып.

Қонысбек жаңа Қоңыров сөйлеген кезде үзіліс жасап, терін сүртіп, ептеп тыныс алып, жан-жағына зер салып, сол мезет алдыңғы қатарда отырған Қанатқа қараған. Қанат қошуақ көңілде жайдары жымиып: «Дұрыс, сөйлей бер» деген ыммен қас қаққан.

— Ғылым мен техниканың ауыл шаруашылығына, жалпы өндіріске тигізіп отырған пайдасы ұшан-теңіз, өрине,— деді Қонысбек даусын кеней, қоңырлата, қайтадан әңгімесін жалғастырып.— Оны күнделікті көзбен көріп, естіп-біліп жүрміз. Сонымен бірге ғалымдарымыздың алдында бұл салада әлі шешімін таппаған міндеттер де аз емес тәрізді. Көптеген өзекті мәселелерде олар бізге тиісті көмекке келе алмай отыр. Мысалы, жылдан жылға біздің аудан жайылым таршылығы, су тапшылығы дегенді қатты сезінуде. Ауа райының құрғақшылығы жылма-жыл қайталануда. Ондай жылдары қиындыққа кезігіп жүрміз. Мәселенің түп төркініне келсек мал басының ойдағыдай өспеуіне өз тарапымыздан кетіп жүрген салақтық, жауапсыздық, көзбояушылықпен бірге, ең негізгісі, осы табиғат таршылығы қатты әсер етуде. Ғылымның бізге нағыз көмекке келетін тұсы осы. Олар дер кезінде қол ұшын бере алмай отыр. Ал біз көмекке зәруміз...

Көпшілік дүрліге қол соғып, абыр-сабыр болып кетті:

— Жарайсың, жігітім!

— Айт, айта түсі!

— Жұрттың көкейіндегісін жаттап жүр екенсің де.

— Әңгімесі тұшымды, жүйе-жүйесімен келіп тұр, өшейін.

— «Сарыдаланың» шопаны деді ме өзін?!

— Ие, «Сарыдаланікі». Қонысбек Жолдиев дейтін жігіт қой...

Дабыр-дұбыр біразға дейін созылып барып, жиналыс басқарушының зорымен әрең басылды...

— Жолдастар, сөзді бөлмейік. Тыныштық сақтаңыздар. Айтатын пікірлеріңіз, сұрайтын сұрақтарыңыз болса шешен сөйлеп біткен соң білдіріңіздер, рұхсат. Ал

қазір тәртіп сақтайық. Жолдиев жолдас сөйлей беріңіз...  
Уақытыңыз бар әлі...

Қоңыров та айта бер дегендей ыңғайда басын изеді.

Мұнан кейін Қонысбек малшы тұрмысы, олардың арасындағы мәдени-тәрбие жұмыстары туралы ой қозғайды. Шопандардың тұрмыс жағдайының қазір көп жақсарғанына тоқтала келіп, бұдан да гөрі көтеріп, үлгілі дәрежеге жеткізуге болатынын сөз етті. Автодүкен, автоклуб, түрлі мәдени үгіт бригадаларының малды ауылға дәйекті қызмет көрсетіп жүргеніне ризашылық білдірді. Сөйте тұрғанымен малшылар арасындағы саяси-тәрбиелік жұмыстың басқа да бір пәрменді үлгілерін қарастыру керек екені жайлы ой білдірді. Өзі көрген, куә болған әлденендей сөлекет жайттарды тілге тиек ете отырып, кей жерлерде малшылардың арасында ішкілік ішу тәрізді жағымсыз әрекеттер кездесетініне қынжылды. Ондай жандардан нәтижелі еңбек, табыс күтудің қисынсыз екенін, көбіне бағымындағы малдарын түрлі шығынға ұшырату, төмен көрсеткішке ие болу осыларда жиі кездесетінін айтты. Ондайларға тиым салу үшін көп болып қолға алып, шара іздестіру керектігін ескертті.

— Сол жолдастардың кейбіріне «мұның не» десең, «Енді қайтеміз қысы-жазы айдалада жалғыз үй, тіпті, ішқұса болып кетесің. Сонан соң көңіл көтеру үшін ішеміз»— деген уәж айтады. Әрине, қисынды дәлел, парасатты тіршілік емес олары тек ақталу екені, сылтау екені кім-кімге де түсінікті ғой. Олай дейтінім менің әкем қырық жылдай мал баққан еді. Сол кісінің өмірімде, ішім пысты, зеріктім дегенін естісемші. Таңның атысы, күннің батысы шаруадан қолы босамас еді. Міне, еңбек деген сол. Міне ұрпақ қамын, келешек қамын ойлаған деген сол. Сол абзал жандардың арқасында жиырмасыншы жылы бір қора, жарым қора қойдан құралған колхоз малы алпысыншы жылдар алпыс-жетпіс мыңға дейін жетті. Міне ел дәулеті деген қайдан құралады... Міне осы өнегеден біз көз жазбауға тиіспіз.

Әрине, қазір уақыт басқа, дәуір басқа. Ол кездің қиындығы, тауқыметі басымызда қазір жоқ. Заман түзу, күнкөріс жақсы. Сондықтан барша жүріп-тұрып, көңілді тұрмысты қалауымыздың еш әбестігі жоқ. Бірақ ысырап құнығу, жеңілгөйлікке бой алдырып алмау керек шығар. Оның арты жақсылыққа апарып тірмес.

Осыларды тебірене айта келіп, Қонысбек сөзінің соныңда көңіліндегі мынандай бір ойларын білдіре кеткен.

— Рас қазіргі малшылардың дені жастар. Қысы-жазы жалғыздікті, жалғыз үй түзде жүретіні бесенеден белгілі жай. Жыл он екі ай бойына малдан босап, үйінен ұзап ешқайда шыға алмайтыны да шындық. сол себепті басшылық тарапынан оларға мынандай жағдай ескерілсе. Малшылар үшін түрлі туристік, сондай-ақ санаторий, демалыс үйлеріне берілетін жолдамалар көбейтілсе.

Жыл сайын әрбір малшының жұбайымен болсын, жалғыз өзі болсын, қалаған жерлеріне барып емделіп қайтуына, қыдырып қайтуына, жағдай жасалса. Совхоз басшылығы ол демалыс алған кезде малына ие болатындай дұрыс адам тауып, жауапкершілікті соған жүктейтіндей мүмкіндік қарастырса. Көптеген шопандардың демалыс алуға, көмекшісі аса сенімді дұрыс кісі болмаса, тәуекелі жетпейді. Малың кім көрінгенге сеніп тастай алмайды. Науқан кездерінде, болса да, ешқайда кетпейді. Ал жайшылықта да өзі бір ай жоқта отары жақсы бағылмай қоңы төмендеп қалса оның бір жылдық зардабы болады. Сонан қорғалақтап ешқайда кете алмайды. Әйтпесе, анда-санда туристік сапарға шығып, түрлі санаторийлерге барып демалып қайтып тұрса ой-өрісі, дүние танымы кеңейіп, бой жазып, сергіп қайтар еді.

Қонысбектің тағы бір айтқаны мынау еді:

— Малшы қауымның бейнеті жеңілейіп, бір мезгіл арқа-басы кеңітін кезі жаз жайлауға шыққан сәті. Сол уақытта қыз ұзатып, келін түсіріп, бала сүйіп қуанғандары той-томалақ өткізіп, желпініп қалады. Кейінгі кезде осындай тойларда, сондай-ақ совхоз, аудан орталықтарында өтетін мереке, жиындарда ат жарыс, көкпар тәрізді ұлттық ойындарға басшылық тарапынан тиым салу бар. Рұхсат етілмейді. «Аттан кісі жығылуы мүмкін, адам жазым болады» деген себептер айтылады. Енді болмысты кейбір кездейсоқтықпен өлшеп-пішуге бола ма? Авария жасалады екен деп машинаны жүргізуді тоқтатып тастап жатқанымыз жоқ қой. Біз сияқты ұлттық құрамы бірыңғай, малды аудандарда бұл жағдай ескерілсе.

Қанат Қонысбек мінбеде тұрған кездерде президентіміздің орта кезінде отырған Әлмырзаға әлсін-әлсін көз салған. Әлмырзаның кіржиіп, шұқшынып кеткен пошымынан ұнатпай, ашудан тырыс-тырыс жарылғалы отырғанын аңғарған. Жиналыс бітіп жұрт түскі асқа арнайы тігілген үйді-үйге тарай бастағанда, бұл жұрт со-

нын ала кешеуілдей түсіп, Әлмырзаны күтті. Ол сол қыр-ындау қабақпен:

— Әй, сенде осы біреуді желпілдетіп,— деді салқын ғана.— Бұл қазақта шамасына қарап сөйлеу деген жоқ қой. Осыншама жұртқа ақыл айтатындай кіммін деп ойламайды екен-ау.

— Оу, сен неге шала бүлініп тұрсың? Молодец. Ол өте жақсы сөйледі. Сөзін теріс деген кім болды.

— Кім теріс десін. Бірін-бірі жамандап жатса қайта «шоқ-шоқ» деп алақанын ысқыламаса, қой дейтін кісіні көргенім жоқ бұл күнде. Елге қызық керек...

— Қой олай деме, кімді жамандады. Бірен-саран өзара сын айтылса түбі өз пайдамыз.

— Қайдағы өзара сын... Бүкіл аудан, облыс басшысының алдында «Сарыдаланың» шопандары төлді аз алады. Арақ ішеді деп жатса сол бізге абырой әперетін сөз бе?!

— Ой, қой, қаракұрықтатпа. Ондай ешнәрсе жоқ...

Екеуі солай әңгімелесіп тұрғанда аудандық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы келді еңтігіп:

— Әй, «Сарыдалалықтар» жүріңдер. Қоңыров жолдастың өзі іздеп жатыр: «Жаңағы шопан Жолдиевті шақырындар, совхоз директоры мен парторгі бірге келсін» деді.

Бұл екеуі «ол неге» дегендей аңтарылып қалып еді.

— Ой, бірге отырып шай ішсін дейді. Сендерге риза болып қалыпты,— деді ол жайрандай күліп. Сонан соң барып бұл екеуінің де жүзіне шырай жүгірді.

Сәлем беріп үшеуі аудан басшылары, облыстан келген кісілер отырған шағаладай аппақ, алты қанат киіз үйге кіріп келгенде төрдегі Қоңыров түрегеліп:

— Жолдиев бері кел, жоғары шық,— деп тура оң жағынан орын босаттырды. Бұлардың атына жылы-жылы лебіз білдірді.

— Мынандай шопан, мынандай азамат тәрбиелеп өсірген совхоз коллективіне, басшыларына рахмет айтуымыз керек. Әрбір малшыларың осы жігіттей болсын. Соған жетіндер,— деп риза көңілмен Әлмырза мен Қанаттың қолын қысып, арқаларынан қақты. Әлмырза үйден қызара бөртіп көңілді шыққан.

— Да, бұл да бір біткен шаруа болды,— деп төңірегіне шалқақтай қарады.— Ал енді тойды қайсымыз жасаймыз,— деді күліп.

— Жайлауға жүріңіздер, біздің үйге,— деді Қонысбек.

— Оған басқа бір жолы кеңшілікте болмаса, қазір тығыл-таяң шығар. Ертең ауданда тағы жиналыс бар,— деді Әлмырза.

— Біздікінде болайық,— деді Қанат.— Осы Қонысбектер үйден дұрыстап шай да ішкен жоқ.

— Е, бәсе жолы солай ғой өзі,— деп Әлмырза көңілдене әзілдеді.

Осы сәт Қанатқа бір ой келген: «Осы бүгін совхоздың біраз малшыларының басы қосылды. Ертең бет-бетіне тарайды. Солардың қай-қайсының да үйінен дәм татып жүріп, арнайы қонақ бола жүріп, өздері оларға бір дастархан көрсеткен емес. Осылай сәті келіп тұрғанда екі сылтау, бір желеумен бәрін жинап үй көрсетіп жіберейін. Ауылдың актив жігіттері де бірге болсын. Тойдың аяғы есепті ғой»... — деген.

Сонан кейін осында келген ауыл әйелдерінің ішінде жүрген Жұмакүлді іздеп, тауып ойын айтып еді қарсылық білдірмеді.

— Ертерек айтпағаның-ай. Сәл асығыстау екен, дайындығымыз шала болып, ыңғайсыз болмас па екен,— деп қана хауіп айтты.

— Оқасы жоқ, сынай қоймас өзіміз ғой. Қолыңнан келгеніңше қамданарсың.

— Мейлі олай десең.

— Онда сен осы жерден, аудан орталығынан керек жарағынды ал да ертерек ауылға қайта бер,— деп өз машинасына мінгізіп жіберді — Қонақтар кешке ба-рады.

— Көп кісі ғой, сыйымды болсын деп дастарханды залға, столға жасадым. Кісілер бөлініп отырмайтын шығар...— деді Жұмакүл.

— Оның дұрыс...

Қанаттың үйінде кең залдың төрінде, кенепке бояумен салған үлкен, мұртты кісінің суреті ілулі тұратын.

Қонақтардың біразы келген бойда әлгі суретке қарағыштап:

— Кім салған, қашан салдырғансыз, Қанеке, келістіріп жасаған екен,— десті.

Студент кезінде көркемсурет училищесінде оқитын бір жолдас жігітіне қиылып жүріп салдырып алған еді. Қанат сонысын әңгімеледі.

— Бұл кісі Қанаттың идеялы,— деп әзілдегендей болды Әлмырза. — Бала күннің өзінде онан кейін сту-

дент кездерінде де ол кісі жайлы әңгімеге шыр-шыр болып араласып, шыж көбелек болатын еді. Қазір де сол қалпынан айнымаған.

— Бұл кісінің бойындағы табандылық пен талап қойғыштық, жеке бас қамынан аулақ, қоғам мүдесіне деген адалдық, берілгендік біз үшін өмір бойы үлгі болуға тиіс қасиет дер едім,— деді Қанат салмақты үнмен.

— Рас, рас!

— Дұрыс қой, дұрыс,— десті отырғандардың көпшілігі мұны қостап.

Сол күні бұлар той аяғын Қанаттың үйінде дүрілдеткен. Ұйым, берекесі бүтін, ауылы өскен, азаматы толысқан, тұрмысты, кемелденген жұрттың шат-шадыман бір көңілді отырысы болғандай еді бұл...

\* \* \*

Осылай шаруашылықтың ыстық-суығы аралас, қиыны да, қызығы да жетерлік қаракетке толы қат-қабат күндері өтіп жатқан... Уақыттың жылжығаны байқала ма, Қанат мұнда келгелі де үш-төрт жылдың бедері болып қалды. Шаруашылықпен де, адамдармен де әбден танысып етене үйренісіп кеткендей жайы бар-тын. Әлмырзамен де арасы күнделікті тірліктің иінінде бірде кездесіп қалғанымен, бірде жүздесіп дегендей, әрі бәрі шаруашылықтың қамы болған соң көңілге зіл жинамай, қалыпты сіз-бізден кетіскен жері жоқ еді. Бүгін Нұрмағанбет ақсақалдың келуі, қынжыла, ашына отырып айтқан әңгімесі Қанаттың силастық күйіттеп, сабыр сақтаған көңіліндегі тұнып жатқан наразылықтың көзін түртіп қозғап жібергендей болды.

Әлгінде түн ортасында кенсеге кездесуге шақырған Әлмырзамен сөзі жараспай, әңгіменің түйінін ертеңге қалдырып, тырыс етіп сыр бермей, еш көңіл танытпай кеткені де сол себептен-тін.

Мұның Нұрекеңнен естіген әңгімесін Әлмырза тонын айналдырып, мүлде басқаша жеткізген. Қайсысы дұрыс екенін дәл қазір тап баса алмағанымен Әлмырзадан сондай шатақтың шыққанын іші сезгендей. Нұрекең бейсеубет сөздің адамы емес. Тектен-текке келмесе керек.



Қалай дегенде де болған жайдың анық-қанығын өзі барып біліп қайтуға ертесіне ертелеп мал ауылға, Томарбайдың үйі отырған «Қызыл қақтың тақырына» қарай тартып кеткен. Ауылға таянғанда кепет бір ой түсті: «Оу, бүлініп жатқан оның үйіне бірден жетіп бармай қоя тұрып, көршісі Қонысбектен неге хабар алмаймын. Мұндай шатақ шықса ол естімей отыр дейсің бе. Солай еткен жөн шығар.»

Қонысбек үйінде екен мұны танып сонадайдан алдынан шықты.

— Ой, ағасы келіп қалғаныңыз қандай әйбет болды. Әйтпесе орталыққа сізге баруға жиналып отыр едім,— деді сәлемнен соң іле-шала.

— Иә, Қонысбек үй іші, мал-жан аман-есен ғой?!

— Жақсы, жақсы, рахмет, ағасы.

— Иә, не әңгіме бар. Төңіректегі көрші-қолаңмен хабарласып тұрсың ба:

— Хабарласамыз ғой. Өзіңіз де ертелеп суыт жүрісіңізге қарағанда бір нәрсе естіген сияқтысыз-ау...

— Бұл не әңгіме. Барып білдің бе?

— Сондай бір ыңғайсыз жағдай болып тұрғаны... Қонысбек кібіртіктеп мұның жүзіне қарады... — Үйге кірсеңізші, жүріңіз...

— Үйді қоя тұр алдымен әңгіменді айтшы. Жүр былайырақ оңаша шығып сөйлесейік...

Қанат ауыл сыртына қарай нек қағып екеуі қатарласып солай беттеді. Болған жайдың ұзын-ырғасын Қонысбек айтып берді...

Бір қора тұсақ бағатын Томарбай көктемгі қырқынды өткізген соң жайлау жұртына көшіп келгеніне екі аптадай болған. Алдыңғы күні үйіне малды ауылды аралап жүрген Әлмырза соққан. Директордың кейде шофер алмай, машинасын өзі айдап жүретін әдеті болатын. Бұл жолы да жалғыз екен. Ол үйден шай ішіп күн бата орталыққа қарай аттанып кеткен. Осыдан бір күн бұрын мұнда қатты жаңбыр жауып жер көктің бәріне көл болып қақ тұрған жағдайы бар екен Ауылдан шыға бере Әлмырзаның машинасы сондай шұқанақтардың біріне батып, тұрып қалған. Әрекет жасай қоятын қасында шофері жоқ, сонан соң үйге қайтып келіп, Томарбайды осыдан оншақты шақырымдай жердегі қырқын пуктіне барып хабар бер деп жұмсайды.. «Онда жүн тасып жатқан машиналар бар, олар кезікпесе рациямен орталықтан техника шақыртсын радиске айт»,— дейді.

Томарбай атына міне сап солай жөнелген. Жолай мотоциклмен жайлаудағы үйіне барып келе жатқан ауылдың балаларының біріне кезігеді. «Айналайын сенің жолыққаның жақсы болды. Соншама жерге ат зорықтырып, несіне әуреленіп барамын енді. Жолыңда ғой пунктке соғып айта сал. Әлекең күтіп отыр, көмек тезірек жетсін дерсің. Орталыққа барған соң инженерге де хабар берерсің»— деп тапсырғыштап, жарым ортаға жетпей-ақ кейін қайтады. Атын әрірек қаңтарып тастап үйге таянғанда Қайшакүлдің сықылықтаған көңілді дауысын естиді. Көңіліне күдік алып, жаман ой кіреді. Есік алдына келіп ішке қайта құлақ түрсе Әлмырзаның даусы да жарқын-жарқын шығатындай. «Осы үйде тағы басқа біреулер болып солармен әңгімелесіп отырмасын»,— деген оймен киіз есікті сәл сырғытып, саңлаудан ішке көз салған. Үйде бөтен ешкім жоқ. Қолдарындағы екі жасар кенжесі ұйықтап жатыр. Мектепке іліккен екі үлкені орталықта интернатта еді.

Төрдің алдында дастархан жайылған. Бір шетінде Әлмырза, төменгі жағында Қайшакүл. Орталарында аузы ашық, ішіп таусуға айналған бір шөлмек «коньяк» Екеуінің де жүздері албырап маз-майрам. Басына ду етіп қаны шапшып, көз алды бұлдырап, өзін-өзі ұстай алмаған Томарбай үйге атып кіріп, не істерін білмегендей есіктің алдында дір-дір етіп қалт тұрып қалды. Мұны осылай оқыс кіріп келеді деп ойламаған, әрі кісі шошырлық мына түрінен тайсақтаған екеуі отырған бойы екі жаққа қарай шегіншектей берді. Дегенімен Қайшакүл тез ес жиып, көкайыл әдетіне басып:

— Әй, жау қуды ма сені, елдің зәресін алып, бұл қай жүрісің. Өрт сөндіріп келгендей өрекіп онысы несі-ей,— деп шаңқ ете түсті. Осы сәтті пайдаланып Әлмырза да:

— Әй, тым тез оралдың ғой? Пунктке барып қайтқаның ба?! Кімге жолықтың? Машина бар ма екен?!.. — деді жайбарақат қалып танытуға тырысып. Бірақ сөзі қиюы қашыңқырап, бей-берекет шықты. Өңінде қобалжудың ізі бар. Көзі де сезікті дыбыс естіген локатрдай бір орында тұрмай ойнақшуда.

— Машинаңды үйдің желкесіне әкеп батпаққа батырғандағы ойың осы екен ғой,— деді Томарбай ызалы үнмен.

— Әй, батпаққа батырған дегені не сөз ей мынаның. Қалай-қалай сөйлейсің?! — деді өзіне-өзі енді келе бастаған Әлмырза доқтанып, дауыс көтере.

— Әйтпесе мына жалпақ далада сол шұқанақтан басқа жүретін жер құрып қалып па еді,— деді Томарбай шындықтың шылбырынан ұстап тұрғанын өзі де енді-енді сезіне.

— Әй, сенің өзіңнің есің дұрыс па? Не шатып тұрсың? Мұнымен не айтпақ ойың бар? Сен мені кім деп тұрсың? Тәлкек қылатын адамды тапқан екенсің. Көзінді ашып қара. — Әлмырза шын ашуға көшті. — Аяғыңды тартып бас. Байқа бала. Жыныма тисең аямаймын, есіңде болсын.

— Менің де енді аянатын еш нәрсем жоқ...

Қанын ішіне тартып сұп-сұр болып кеткен Томарбайдың бас-аяғына көз жүгіріп өтіп Әлмырза:

— Мынау ауру ғой. Ауру екен, байқұс. Мынау шизофрение...— деді ұйықтап жатқан баласын көтеріп алып бір бүйірде қалшып тұрған Қайшақұлге қарап.

— Ауыру,— деді ол да шімірікпестен Әлмырзаны қоштап. — Көзіне елестейтін бірдеңесі бар болуы керек. Сонда есінен шатасып қалады. Әйтпесе дені сау кісі осыны істей ме. Не бүліншілік осы салып тұрғаны. Қараптан-қарап ылаң жасап. Елді жынды қылып, Үлкен бар, кіші бар ұялмай ма... Ой масқара-ай! — Қайшақұл теріс қарап кемсеңдей бастады. Оның әлгі сөзінен бел алғандай Әлмырза иықтанып, түтеп ұшып түрегеледі:

— Әй, отыр қане елдің апшысын қуырмай. Сөйлесейік.

— Сөйлесетін не бар. Сізбен біз құда болмаспыз...

— Отыр деймін иттің баласы...

— Иттің баласы мен емес, сен,— деді Томарбай зіркілдеп тұрған Әлмырзаға тап бергісі келіп қалш-қалш етіп. Бас салуға өзін екі орайтын еңгезердей Әлмырзаға шамасы келе қоймасын бір соқыр түйсікпен сезінетін тәрізді, сонан ба тәуекелі жетпей тұр. Көзі төр алдында керегенің басында ілулі тұрған қос ауыз мылтыққа түскен. Мұның бет алысынан сезіктенген Әлмырза сақтанайын деді. Әлгінде төр алдына көзі түскенін аңғарып қалған ол дереу артына бұрылып дәл желке тұсында ілінген мылтықты қолына алып алды. Сонан кейін арқаланып айғайға бассын келіп:

— Иттің баласы бұралқы итше атып тастайын ба,— деп қоразданды. — Құныңды кім қуып алар екен менен. Жынданып өзін-өзі атып алыпты деп ісінді жаптыра салу қолымнан келеді. Тура сенен келер пәле жоқ маған,— деп қорқытты. — Ертең есінді жиып, өзіңе-өзің

келген соң, осы істеген қылығыңа кешірім сұрап, аяғыма келіп жығылмасаң ісім сенімен болсын. Көресің,— деді кетерінде.

— Түнде сол уақиғадан кейін Томарбай үйге келіп,— деді Қонысбек сөзін жалғап.— Көмекші шопаныңды жібер, менің малымды қарай тұрсын. Санап өткізіп кетемін. Сонан соң орталыққа хабар айтарсың біреуді жіберер, не айдап алып кетер. Мен енді мал бақпаймын. Ол үйден шықтым. Әйелмен ажырасам. Қазір рудникке барып жұмысқа тұрамын»,— деп әрлі-бері басу айтып тоқтау салғаныма қасарысып көнбей қойды. Сонан соң амал жоқ көмекшімді ілестіріп жібердім. Соның отарын бағып жүр қазір.

— Ойпырмай, ә,— деді Қанат басқа еш нәрсе айта алмай.

— Әлекеңдікі іс емес енді,— деді Қонысбек ренішті үнмен. — Азаматты өйтіп басынуға болмайды ғой. Өзі сіздерге соққан жоқ па, орталыққа. Әлде бірден рудникке кетіп қалды ма екен.

— Жоқ, әзір кете қоймапты. Бірақ маған жолыққан жоқ. Нүрекеңдікінде жатқан көрінеді...

Томарбайға Нүрекең ата жағынан бір табан жақындау ағайын болып келетін. Сол кеткен бойда жолай ол Нүрекеңе соғып, жағдайын айтып, шағынған. Сонан соң Нүрекең: «бұл әңгіме бір жайлы болғанша ешқайда кетпейсің»,— деп жібермей ұстап қалған.

— Бұл жайды кеше сол Нүрекеңнен естідім,— деген Қанат ойланған қалпы. — Сонан соң не жағдай бұл біліп қайтайын деп келген едім. Әңгіменің бет алысы белгілі болды... Жарайды мен енді қайтайын.

Қонысбектің «үйге кірсеңізші» деп шақырғанына рахметін білдіріп, қараған жоқ.

— Әлекең өзі ауылда ма екен,— деді Қонысбек. Көмекейінде «оған жолыққан жоқсыз ба» деген сұрау тұрғанын аңғарғанымен Қанат байқамаған болып:

— Ауылда шығар,— дей салды. Әлмырзамен сөйлескенін айтқан жоқ. «Көп сөздің керегі не?» деп ойлаған. Әлмырзамен екеуінің арасындағы әңгімені Қонысбекке айтып жатудың қажеті бар деп таппаған. Әрі айтатын да аталы ештеңе жоқ еді. Әлмырза: — Әй, анау Томарбайың барып тұрған ақымақ жігіт екен. Жынды ма, ауыру ма бір бәлесі бар-ау. Ит екен нағыз, оны адам деп. Қап. Қарасы құрысын енді... Бұл адам деген не болып кетті өзі,— ... — деп таусыла жамандаған. Ақтала сөйлеген.— Арызданып көрінген жерге шапқылауы

мүмкін. Бәлеқор адамның әдеті ғой ол. Ұят-аят дегенді керек етуші ме еді. Хабардар болсын деп әдейі алдынала өзіне айтып отырмын... Қаперінде жүрсін. Тіпті шақырып алып сөйлесіп көресің бе ақымақ немемен,— деген.

Мәселенің басы-қасында болмаған соң тап қазір мен не айтамын деген сыңаймен бұл ашылып еш нәрсе демей тоң-торыс кеткен. Әлмырза жалғыз өзі отырып қалған.

Қонысбекпен сөйлесіп шыққан соң Қанат қайтар жолда Томарбайдың үйіне соқты. Қайшақұл бір күн барқыттан, бір күн шәйден төгіліп киініп, сыландап, қашан көрсең де: «қайнаға амансыз ба?» деп еміне сәлемдесіп, жұтына қарсы алатын әдетінен жаңылғанғадай өңі сынық, жүдеу кейіпте, пәс көңілде көрінді. Төменшіктеп, Қанаттың жүзіне тура қарай қоймады. Сөйте тұрғанымен: «Шырағым бұл не әңгіме?»— деген Қанатқа: «Қайнаға, ініңіздің сондай бір ноқай мінездері бар, оны енді сыртқа шығармай жасырып келген соң аңғара бермейсіздер ғой»— деп жантайтты.

Қанаттың көңілінде дүлей бір ашу ду ете түскенімен өзін-өзі ұстады. Ішкі толқынның әсеріндегі аққұба жүзі сұрланып барып басылды. Бұған еш нәрсе деудің де, еш мінез көрсетудің де қисыны жоғын сезіп, әлденендей дәрменсіздіктен жігері құм болып, үндемеді. «Томарбайдың да маңдайының соры бар жігіт екен,— деген іштей. — Бірақ, бұйрық, тағдыр. Жазмышы сол. Оған енді кімді кінәлайсың. Өз несібесінен көреді-дағы. Енді ылажы болса ана үш баланың жетімсіремегені дұрыс. Ел арасының әңгімеге қалып, у-шу болмағаны жөн».

Сол күйі орталыққа соқпай бірден кеңсеге кірген. Үсті-басының шаңын қағып, орнына жайғасқан соң, ойланып ұзақ отырған. Кешегі Нүрекеңмен арада болған әңгімені қайыра есіне алған...

\* \* \*

Нүрекең қамырығып, ауыр-ауыр сөйледі. Қанат әуелде не дерін білмей тығырыққа тірелгендей дағдарып отырып қалды:

— Әрине, совхоз директоры сенің иелігіндегі кісі емес,— деді Нүрекең ашуын басып, сабасына түскендей

болған бір сәтте. — Бірге қызмет атқарып жүрген соң, осы ауылдың екі басшысының бірі болған соң, әрі қатар өскен дос-жар жігіттер деп, саған салмақ сала айтқаным ғой. Әрі қатар, үзенгілес ағайын ретінде де, осы совхоздың партия ұйымының басшысы ретінде де бұл мәселеден қалыс қалуың тиіс емес. Өз сөзінді айтып, көрінетін қисының бар. Елден, көптен жоғары тұрған және жоғары тұруға тиіс ешкім жоқ. Адамды ең алдымен өз жүрген ортасының талқысы тәрбиелейді. Қандай шара жасайсың өзің ойластырып көрерсің... Сол үшін алдыннан өтіп, ақылдасып отырмын. Бірақ бұл істі енді аяқсыз тастатпаймын... Егер сендер сөйлесіп реттей алмасаңдар басқаша әрекет жасаймын. Бұл жігітке тәк-тәк керек тәрізді. Көз алдына өзімшілдіктен шел бітіп кеткен сияқты. Қазақша айтқанда тәубасын ұмытқан. Осының кейбір жағымсыз қылықтарын аңғарғанымен «Нұрмағанбет өз балаларымен сиыспай, айтысып, араздасып жүр екен» — деген әлде кімдердің қаңқу сөзіне ілінемін бе деп қорғалай беруші едім. Әйтпесе мен де кіретін есік, тыңдайтын кісі таба аламын. Енді бұлай қалдырмаймын...

Қанат Нұрекең ашумен жоғары жаққа арыз жазғалы отыр ма екен деп ойлаған:

— Сәл қоя тұрыңыз, жан-жақты ойланып алайық өзі,— деген. — Өз тезімізге ырық бермей жатса, бізді кісі екен демей жатса, сонан соң жазарсыз.

— Жазғаның не шырағым,— деді Нұрекең бұған күлбілтеленбей тура қарап. — Домалақ арыз жөнелтейін деп отырғаным жоқ. Осы жасқа келгенше істеп көрмеген кәсіпті енді сақал-шаштың ағарғанында қайдан жасайын. Мынандай бір жағдай бар... Сен оны білмейтін шығарсың. Естігеніңнің терістігі жоқ...

Нұрекең солай отырып мөлтек бір сырын айтқан.

\* \* \*

Облыстың партия комитетінің қазіргі бірінші хатшысы Қоңыров жолдас соғыстан кейінгі жылдары институт бітірген бойында осы ауданға МТС-ке агроном болып келген. Сол жылдары Нұрекең басқаратын колхозға қызмет бабымен талай рет келіп, үйінде жатып бірге жүрген жағдайлары бар екен. Қағылез келген, талдырмаш денелі, балауса жүзді, балаң жігіт, кісіге ілтифаты түзу, елгезек, жайдары жас еді. Тындырымды, тапсырылған шаруаға соншама ықтияттығына Нұрекең риза болып, іштарта жүрген. Бірде уәкіл болып

ауылға келе қалған. Түнемеге үйге түнеп шығып, таң сртең азанымен: «Таудағы егісті аралап көріп қайтамын»,—дейді.

Ол кезде осы маңдағы үш-төрт колхоз, таудың үстірт жонына бидай егетін. Солардың шығымын, жайкүйін көзбен көріп, аралап қайтпақ. Мезгіл сәуірдің тұсы болатын. Күн бұлттанып, жаңбыр шақырған сынайын танытып тұрған. Ол кезде жол бойы да, тау да елсіз. Ерте көктемде қоспен көшіп барған егіншілер иесіз жатқан үстіртке арпа, бидайды сеуіп болған соң, ауылға қайтып келген. Енді егін ораққа ілінгенде ғана қайтып барады. Тау жолы бұралаң, жықпыл-жырасы көп. Бұрын жүріп көрмеген кісіге үстіртті адаспай табу да оңай емес. Соны ескерте келіп жас агрономға: «Ертеңге қара, бірге барып қайтайық. Жалғыз өзің қалай жүресің»,— деген бұл. Өзінің тығыз бір шаруадан қолы босамай отырғанын, қазір оған еріп жүре алмайтынын айтқан. «Арғы күні ауданда МТС-те жиналыс бар. Сонда хабарлама жасауым керек. Ертеңге қарап жатуға уақытым жоқ»,— деп ол жолдан қалуға ыңғай танытпады. — Несі бар жалғыз болғанда. Атым жарамды. Ертелеп шықсам кешке қайтып ораламын ғой»,— деп айтқанынан қайтпай қойды. Сөйтіп барар жолдың жобасын қағазға сызып алып, жүріп кеткен.

— Үстірттің жауын-шашыны, ауасы, топырағы, тіпті, желіне дейін ала-құлалық болмайды. Егіні де, шөбі де біркелкі шығады. Сен сол бергі таяу тұсындағы егістікті аралап көрсең болды, бәрін қарап шығамын деп өуреленбе,— деп мықтап тапсырған бұл оған. — Сол бір жері қандай болса басқа жері де тап сондай екеніне шүбәланбай-ақ қой. Ерте қайт, күн барында таудан түсіп ал. Жолы қиын. Құз-жыралары терең.

Бұл тапсырудай-ақ тапсырған. Ол бас шұлғудай-ақ шұлғыған. Сөйтіп күн шықпай салып ұрып жүріп кеткен. Сәскеге таяу кешелі бері тұнжырап ойланып тұрған ауа райы кенет желдетіп бастады да, сабалап нөсер жауын төгіп берсін. Жауын күні бойы ашылар болмады. Кешке қарай соңы қарға айнала бастды. «Қап, әлгіні бекер жалғыз жіберген екем, үстіндегі киімі де жұқа еді. Үйден күн жауып кеткендей бола ма деп сулық берген едім, бірақ биттің қабығындай жұқа неме, ол не алғау болсын. Тауда тасқын шайып кетіп жүрерме екен. Атынан айырылып қалды ма. Бұл уақытқа дейін аман болса келіп қалуға тиіс еді»,— деп бұл енді уайым шеге бастайды. Ақыры үйде тағат таба алмаған соң күн ба-

та қос атпен қоржынға шамалы ас-ауқат, жылы киім салдырып, қойма қарауылының қос ауыз мылтығын тақымына басып, тауға тартты.

Қарлы жаңбыр ұрып тұр. Төңірек тас қараңғы. Жүрер жолды әрең жобалап келеді. Мұның бір үлкен қауыпы «Қыран сайдың» өзегі. «Тауда жауын жауса шілде де қызыл су жүріп өтетін бұл өзектің долы мінезін білмейтін балаң неме, жарық барында ылаждамаса түнге қалса бір пәлеге ұрынады-ау»,— деп қансиіп келеді. Түннің қай шамасы екенін де ажырата қою қиын. Әйтеуір сақтана жылжып, таудың қалың ішіне кіргенін сезеді. Бір кез алдыңғы жақтан сарқыраған жойқын үн жеткен. «Қыран сайға» таянғанын шамалады. Қара жолмен ептеп басып жағаға келсе сайдың жіңішке табаны аласапыран, дәл бір айдаһарлар алысып, арпалы-арпалысып жатқан тәрізді. Тым таянып келуге денесі түршігіп қараңғыда төңіректі бажайлауға тырысып, біраз тұрды. Бұл кезде жауын саябырлай бастағандай еді. Арғы биік беткейден әлде не от жылт етіп сөніп жылт етіп сөнгендей көрінді. Қараңғыда талған жанарға көрінген жай слес шығар деп көзін уқалап жіберіп қайта үңілді. Шынында да бір жымысқы майда оттар өшіп жанатын сияқты. Тасқын судың құлақ тұндырған гүрілінің арасынан санасына әлдене жылқының оқырына кісінегеніндей бір дыбыс жетті. Кенет: «қасқыр гой мынау»— деген ой сап еткен:

— Болғанбек, әй, Болғанбек! — деп қалай айқай салғанын өзі де аңғармай қалды. Сол айқайлаған бойы аспанға қарата мылтықты басып-басып жіберген. Әлгі жымысқы оттар табан астында зым-зия жоғалды. Мылтық дауысының тасыр-тұсыр күңіренген жаңғырығы ба-сыла бергенде арғы беттен:

— Аға, ағатай... бұл сіз бе,— деген жігіттің дауысы еміс-еміс жетті...

— Ойпырмай-ай, айналайын-ай, амансың ба, әйтеуір,— деді бұл атын тебініп қалып. Астындағы күрең алға қарай лықси беріп тоқтай қалды. Сонда ғана алдында тасқын су жүріп жатқаны мұның есіне қайыра түсті.

Арғы беттен:

— Аманмын, аманмын,— деген әлсіз дауыс тағы жетті.

Бұл енді аттан түсіп, судың жиегіне қарай жүрді. Арғы беттен бері қарай келе жатқан Болғанбектің де қарасы нобайланды. Екеуі сақтықпен басып, ептеп жа-



ғалай жүріп тасыған судың қылталау тұсын тауып, қарама-қарсы келіп жақындасты. Екі аралары бес-он қаддам болғанымен айқайлай сөйлеседі. Әбден жауын өтіп қалжыраған Болғанбектің дауысы бәсең. Әзер-әзер естіледі. Жол жүріске ауыр, барып қайтқанынша кеш түсіп кеткен. Қараңғыда тасыған сайдан өтейін десе аты жүрмей қойған. Судың беті жаман екен. Әрі өзі де жүрексінген. Сонан соң атын қасына байлап, арғы беттегі жартастың қуысын паналаған көрінеді. Таңның атуын күткен. Әрі аш, әрі жаураған, қалғып кеткен екен, аттың шыңғырған дауысынан ояныпты. Сөйтсе үш қасқыр екеуіне төніп келіп қалған. Тірі жан емес пе. Айқайлап өре түрегеліп, қолына іліккенді лақтырып, үркіткен. Сонан соң маңайына тас жинап алып жыртқыштар таянса, атқылап жан сақтап отыр екен. Бірақ беті жаман бірте-бірте жақындап төңіректтей бастаған тәрізді. Сол кезде бұл келген.

— Ойпырмай, ағатай-ай, мылтығыңыздың бары қандай жақсы болды. Мына атаңа нәлеттер тірідей жейтін, тіпті,— дейді жаурап қалтыраған әрі үрейленген бойы дір-дір етіп. Сөйте тұрғанымен қауыптан құтылғандай үнінде қуаныш бар...

— Сөйтіп бір кезде ініміздей болып кеткен жігіт еді,— дейді Нұрекен әңгімесін сабақтап. — Онан кейін де ауылға талай келіп, бірге жүргенбіз. Ауданда екі-үш жылдай істеген соң облысқа қызметке ауысты да, ол жерде көп болмай Мәскеуге оқуға кетті. Сонансоң хабарласқан емеспіз. Оқудан кейін басқа облыстарда қызметте жүргенін еститін едім. Мұнда келгеніне де екі жылдай болып қалды ғой.

— Оу, Нұреке-ау, обкомның бірінші хатшысының өзімен осындай жақындығыңыз бар екен ғой,— деді Қанат әлде қуанғандай, әлде таңданғандай оған күлімдей карап. — Тіпті, кісіге сездірмейсіз... Біздің облысқа келегелі алдына барған емессіз бе?!

— Жоқ. Енді бір түсіп тұрған шаруаң болмаса жұмыс жоқ, дәйім жоқ не деп барасың. Ауыл үйдің арасындағы адам емес, үлкен қызметтегісі кісі. Жылтыңдап қайдан босаға күзетіп жүремін. Әрі заманында кіммен кім қызметтес болмайды. Бір кездегі азын-аулақ таныстығын сатып, әлдене сұрап жүрген жандай не аламын дедім... Әрине осы облысқа келгенін естігенде қуандым. Қанша дегенмен көз көрген жігіт. Іскер, әділ, парасатты кісі болыпты деп естимін. Сырттай тілектеспін. Бағы жансын. Азаматтың амандығы жақсы.

Қанат Нүрекеңнің сөзіне риза болып толқып отырып, өзінің жаңағы бір сұрағын ойланбай жеңілдеу айтып қалғанына іштей қысылды. Сонан соң жауып шайғансыды.

— Жасы үлкен кісісіз, осы аудандағы, облыстағы қарт ардагерлердің бірісіз. Әрі әлгіндей жақын таныстығыңыз болған соң қызметке алғаш келіп жатқанда қайырлы болсын айтып, кіріп шықты ма екен дегенім ғой...

— Әрине, бара қалсам сен кімсің демесе керек... Оның үстіне өзін кішіпейіл, кісіге мейірімі бар жан екен деп жүр ғой.

— Жақсы адам,— деді Қанат шын көңілмен. Әр жер-әр жерде кездескен, жиналыстарда көріп жүрген танымына қарай ол да өз көңілінде осындай байламда еді. — Әрі кең көлемдегі басшы сияқты. Нені де болса сабырмен, ақылмен шешетін тәрізді. Ол кісі келгелі бері екі жылдың ішінде-ақ облыс кәдуілгідей көтеріліп қалды десіп жүр ғой.

— Ә, онда солай болғаны. «Халық айтса қалт айтпайды» деген. Жұрт біледі ғой... Сол кісіге барсам деп жүрмін... Барғанда бір нәрсе сұрамақ ойым жоқ. Басымда үйім, енді қалған аз ғана өміріме жетерлік ішіп-жемім бар, шүкір. Маған енді сіз-біз сыйластықтан басқа еш нәрсенің керегі жоқ. Осы ауылдың жағдайын айтып, соның қамымен барсам ба деймін... Бұл бетінен бері қарамаса мынаның қылығын да айтсам ба деген ойым бар. (Қанат мынау дегені Әлмырза екенін сезіп отыр). «Өз бөлтірігіне ауыз салған қасқырдай болмайын, қойшы» деуші едім. Осында шектен шығу бар. Бұлай жібере беруге болмас, әсілі...— Нүрекең ойланған қалпы өзімен-өзі сөйлескендей сөзін үзік-үзік айтады. — Әкесі адал момын кісі еді... Шешесі антұрған еді бұл, шіркіннің... Бала шешеге тартады деген рас-ау осы...

Қанат Нүрекеңнің бұрынғы ауыл шалдарынша сөйлегеніне күлкісі келіп, жымия түсіп өзін-өзі ұстады.

— Нүреке, ол кісіге барып, жүздесіп ел жағдайы, ел қамы жайлы әңгімелесем дегеніңізді мен өзім құп көремін. Керек десеңіз қажет нәрсе. Бірақ дәл қазір Әлмырзаға бола кіріп, ол туралы сөз етпей-ақ қоя тұрғаныңыз жөн болар. Ондай үлкен жерге бір-біріміздің кемшілігімізді айтып ренішпен бармай, онан гөрі осы ауылға пайдалы, өз қолымыз жетпей жүрген, шешімі аудандық масштабтан да әрі тұрған келелі мәселелердің бірімен

кірсеңіші. Не сұрау керегін ақылдасып шешерміз. Олай ете қалсақ, меніңше, Қоңыров жолдас өтінішіңізді қайырмауы тиіс. Қолма-қол көмек берері сөзсіз. Сөйтіп бір таныстығыңызды пайдаланып қалайық. Ал Әлмырзамен сіз болып, біз болып, өзіміз сөйлесіп керерміз. Ол ешқайда кетпес.

— Шырағым, ана үш баланың тағдыры ойыншық емес. Оны мықтап ескер. Ел аман жұрт тынышта тірі жетім қалып жүрмесін. «Әйел ақымақ, Әлмырза тентек» деп қоя салғанмен болмас. Артын ойландар.

— Ол жағын реттеудің қамын жасармын. Әлмырзамен ашық әңгіме болар. Өз қатесін өзі түзетуге тиіс. Ал қиястанса өзіне өкпелесін. Енді күлбілтеленіп, жауырды жаба тоқымаспыз.

Нүрекең мұның шешіміне көңілі толғандай, келіскен күйде қош айтысып, шығып кеткен. Сонан кейін Қанат шаруаның қаншалықты қиынға тіреліп тұрғанын, ойына алған шешімді орындаудың қандай ауыртпалығы барын енді түсінгендей дал болып, отырып қалған. Әлмырза өзін құрбандыққа шалып бұған ағынан жарылып: «Мені осылай қара басты, бұл істі енді шу шығармай, ушықтырмай реттейік»— дей қоя ма. «Жарайды, көріп алдық білгеніңнен қалма» деуі кәдік қой. «Жала жапқан біреулердің шашбауын көтерісіп, мені сүріндіргің келген екен. Маған жасаған достығың ғой ол»,— деп кінәлауы ықтимал-ау. Не істеу керек, сонда?»

Өзі осы сәт екі оттың ортасындағы жандай қысылып, қиналған қалыпта еді.

Қанат бұл тығырықтан шығудың сан түрлі жолдарын сарапқа сала келе осы бір байламға тоқтаған.

Алдымен Торамбайдың от басын қалпына келтіру керек. Ол үшін Әлмырзаны «аяққа жықпай» болмайды. «Қолыңмен істегенді мойныңмен көтер» деген халықтың қағидасы бар. Ер жігіт болса сынатын жерде сыну керек. Томарбайға барып: «Ашумен, қызбалықпен артық-артық сөздер айттым, көңіліңе жинама, кешір, қалқам. Жақсылы, жаманды ағаң емеспін бе? Жасы үлкеннің артық ауыс сөзін жақсы іні елемес болар. Өзің мені дұшпан тұтып, жоқтан өзгеге сезіктенгеніңе қырсығып едім. Қалқам, сен ренжитіндей арамызда еш нәрсе жоқ»— деуі жөн. Сонан кейінгісін үлкен-кіші болып бұлар жайластырады. Мүмкіндігінше от басының ұйымы бұзылмағаны дұрыс. Балалар жыламасын. Осыны бір тыныштандырып алған соң қалың жұртшылыққа жарияламай-ақ партия ұйымының мәжілісін шақырып, сонда

Әлмырза дұрыстап талқыға түседі. Мәймөңкелейтін, жуып-шаятын жағдай жоқ, таза, принципті әңгіме қозғалуға тиіс. Негізгі сөзді Қанат өзі бастайды. Ешнәрсені бүркелемей ойындағысының бәрін түгесіп айтады. Өті жарылып кетсе де бар кемшілігін бетіне басқан жөн. Сөйтіп отырған жұрттың таразысына салайық. Мықтап ескерту жасайық. Алдағы іске сабақ болсын... Ал бұған кішірейгісі, көнгісі, санасқысы келмей шаруаның бетін ширықтырса осының бәрін тізіп, аудандық партия комитетінің алдына мәселе қояды. Тіпті онан әріге баруға да дайын. Қалайда тиісті нәтиже жасайды. Ендігі жасырып бұғуі ымырашылдық, керек десе, қылмысқа саяды. Көріп, біліп отырып жолсыздыққа төзе беру қылмыс емей немене?!

Осы қорытындыға тіреліп, бүкпесіз ашық әңгімелесуге бел бұған ол Әлмырзаны шақырып алмаққа телефонның құлағын көтере берді. Жайшылықта шаруашылық мәселесінің төңірегіндегі әңгіменің қай-қайсын да директордың кабинетінде отырып шешетін. Совхоздың бірінші басшысы сол ғой деп көбіне бұл кісілік сақтамай-ақ басқа да ұсақ-түйек ақылдасатын істер болса оның алдына өзі келіп жүретін. Бұл жолы директордың телефон номерін терді де:

— Әлмырза, саламат па? Өзіңдесің бе? Ешқайда кетейін деп отырған жоқсың ба? Онда қазір маған келші, әңгіме бар еді,— деді салмақты үнмен. Сонан соң телефонның құлағын орнына қойып, нығырлай ұстаған күйі есікке қарап қас қақпай сірескен бойы қимылсыз отырып қалды.

Өңінде сүс бар еді.

# ҚАРАТАУДЫҢ САМАЛЫ

ПОВЕСТЬ



Гүлнәр жаңа ғана жұмыстан оралып, шешініп, кешкі ас қамына енді кірісе берген. Сыртқы есіктің қоңырауы сыңғыр ете түсті. Қолын алжапқышқа сүрткілеген бойы келіп есік ашса енесі мен кенжесі Бақытжан екен. Екеуінің қолында тырсиған екі жүк қалта. Ыстықтап күреңітіп, барт болып кетіпті. Мәреге жаңа келіп жеткен аттай танаулап еңтігіп тұр. Гүлнәр енесінің қолындағы қалтаны алып, ішке кіргізді. Екеуінің мына қалпына қарап күлді.

Айша еңтігін баспаққа дәліздің орта кезіндегі жұмсақ орындыққа отыра берген. «Ту-у, құдайдың күні күйіп кетті ғой. Түс қайта тіпті ысыды. Автобуста да кісі көп екен... Әрең жеттік қой»,— деп өзімен-өзі сөйлескендей күңкүлдеп, терін сүртіп желпіне бастаған.

— Апа-ау, неғып алаөкпе болып жүрсіз? Той жасайсыз ба? Бұл не дайындық?

— Той жасаса несі бар екен,— деді бет орамалымен самай, маңдай тұстарын ысқылай түсіп.— Бақытжан екеумізге әкесінің әр келгені бір той, солай емес пе?— Жүк қалтасын ас үйге апарып тастап, өздерінің бөлмесіне қарай өтіп бара жатқан он жасар немересіне мейірлене қарап қойды.— О, құлыным. Пошымыңнан айналайын, папасының аузынан түсіп қалғандай болып тұрған. Папасы да келіп қалатын шығар енді.

Бақытжанның танауы көтеріліп кетті. Шешесіне қуақыланып, маңыздана қарап қойды.

— Ой, апам да осы жаман баласын әлдеқандай ғып.— Гүлнәр күліп ас үйге қарай кетті.

— Әдіреқал,— деді Айша оның соңынан зілсіз дауыстап.

— Әй, ана минералды суыңнан стақанға құйып әкеп берші онан да.

Суды ішіп алған соң шекесінен мұздай тері бұрқ ете түсіп:

— Шүкір, мұныңа шүкір,— деді.

Айшаның жалғыз ұлы оқу бітіргелі осы үлкен қалада қызмет істейтін. Біраз жыл бұрын жоғары жақ шақырып алып, «Қаратаудан кен іздейтін көп кісіге бастық болып барасың» деп ұйғарыпты. Дәрмен енді көбіне сол жақта-тұғын. Үйіне қатынасып қана тұратын. Үй іші, бала-шағасы оның әр келуін асыға, сағына күтетін.

Дәрмен жақында телефонмен сөйлескенде осы шамаға барып қалармын деген-ді. Кешелі бері басы Айша болып үйдегілер әне келіп қалады, міні келіп қаладымен елендей күтуде еді. Сол сөйлескенде «өзін басқа жұмысқа жоғарылатқалы жатыр» деп те айтқан екен әйеліне. «Сол шаруашылығына қарайлап кешігуде ме екен— деп ойлаған Айша.— Амандық болса келіп қалар. Дүкеннен, базардан дастарқанға оны-мұны алып қояйыншы»,— деп кешелі бері Бақытжанды ертіп қайта-қайта базаршылап жүрген. Үлкен екі немересі — Айжан мен Бақтияр ержетіп қалды. Өз тіршіліктерінен артылмайды. Сонан соң оларды әурелемейді. Дүкенге екі-үш рет қатынап, су-суан тасып мұздатқышты толтырып қойған: Көк өніс, түрлі жеміс-жидек те көтеріп келген. Қазір тағы да «тәуір несі бар» екен деп көк базарға барып қайтқан беті.

Демін алып, шайын ішкен соң Айша терезесі аула жақтағы өзі жататын бөлмеден далаға қараса биік қараталдың түбіндегі орындықта үш-төрт кемпір жиналып қалған екен. Осы аулада тұратын таныс кемпірлер. Күн қайтқан соң көлеңкеге отырып әңгіме дүкенін құруға шыққан беттері.

— Тамағың піскенше мен кемпірлердің жанына барып қайтайын,— деді келініне.

Әңгіменің қызығымен кеш түсіп кеткенін де аңғармай қалған екен.

— Апа, папам келді! Папам келді!— деген Бақытжанның қуанышты дауысын естігенде ғана төңірекке зер салды.

— Қашан келді?— деп қалбалақтап орнынан тұра берді.

— Қазір. Жаңа кірді үйге.

— Жүр. Жүре ғой... Ал көріскенше күн жақсы болсын, әй кемпірлер,— деді серіктеріне.

— Жақсы, жақсы. Бар. Баланың әжелгенінен ертең ауыз тигізерсің,— деп жамырасты кемпірлер.

— Жарайды. Жарайды. Ол тұрыпты ғой,— дейді Айша қошуақ көңілмен кетіп бара жатып.

Үй іші мәре-сәре. Балалар дастарқан жайып, қапылып жатыр. Бәрінің аузында дамыл жоқ, бірі сұрап, бірі жауап беріп әңгімеден босамайды. Айша ашық-жарқын күліп келіп сәлемдескен баласының қолын қысып:

— Айналайын,— деп мандайынан иіскеді. Денсаулығын, шаруа жайын сұрастырды. Ас үстіндегі әңгіме кезінде Дәрмен:

— Тәте, туған жеріңізді сағынған жоқсыз ба? Барып көргіңіз келе ме?— деп сұрады.

— Е-е, шырағым туған жерін аркалап жүрген кім бар дейсің! Қайда да бас аман болсын де. Қазір кісіге жердің бөтендігі болмай кетті ғой!

— Тәтем дегендер нағыз жаңа заманның адамы,— деп күлді Дәрмен.

— Осы сендердің жұмыс істейтін жерлерің тура сол «Көктастың» асуының өзінде ме?

— Тура сонда, тәте,— Қала асудың етегіндегі жазықта салынып жатыр.

— Асудағы біздің үйдің жұрты әлі бар ма екен?

— Жоқ, тәте. Асуды кеңейтіп асфальт төсеген. Соның астында қалған сияқты. Ал бірақ үйдің алдындағы беткейде жалғыз мола болушы еді ғой.— Айшаның жүрегі зырқ етіп, қаны басына шапшығандай құлағы шыңылдап қоя берді. Не істерін білмей төмен қарап бүгежектеп, дастарқанның шетін қайырмалай берді. Бірақ абырой болғанда Дәрмен де, үйдегі басқалар да оның бұл күйін аңғармағандай.— Сол әлі тұр. Басына бір түп тал өскен.

— Ой, тәңір, десе,— деді Айша сол төмен қараған бойы. Оны неге айтқанына өзі де мән бермей.

— Тәте, сонда көшіп баратын болып отырмыз.

— Қайда?— Айша баласына ұйқыдан оянғандай таңдана қарады.

— Көктас қаласына.

— Е-е, неге? Мұндағы үй-жай, бала-шаға...

— Бәріміз де барамыз.

— Мына үйді қайтесің?

— Үй қазынанікі ғой, тәте-ау, өзіне өткіземіз. Ол жақтан осындай үй береді.



Дәрмен енді мән-жайды түсіндірді. Оны өзі қызмет істеп жүрген жаңа қалаға бастық етіп жоғарылатыпты. Енді қалайда сонда көшіп баруға тиіс көрінеді.

— Келіннің қызметін қайтесің?

— Ол жақтан да қызмет табылады. Жаңа қаланың өзінде осындағы тау-кен институтының филиалы ашылып жатыр. Соған да оқытушы керек,— деп күлді Дәрмен. Бәрін ойластырып шешіп қойған тәрізді. Не айтсын.

— Құтты болсын онда,— деді.— Өздерің дұрыс деп тапсаңдар, маған бәрі бір.

— Сессия кезі ғой, Гүлнәр жұмысын бітіріп, есебін алсын. Үйді сонан соң көшірерміз. Ал әзірге сіз, Бақытжан үшсуіміз барып тұра берейік.

Жолға шығатын болғанына қуанып, Бақытжан секіріп жүр.

— Қашан жүреміз онда,— деді Айша келіскен ыңғайда.

— Осында екі-үш күндік шаруам бар, соны бітірген соң поезға мінеміз.

Үйдегілер бүгін кештете жатқан. Айша бөлмесіне кіріп шешініп, кереуетінің бас жағындағы тетікті шырт еткізіп, жарықты сөндіріген бойда төңірекке тым-тырыс қараңғылық орнай қалды. Көшедегі шамдар да өшкен. Ұйқыдағы қала түн астында тыныстап жатқандай тыптыныш. Тек анда-санда осы өлі тыныштықты тілгілеп, көше бойымен зу етіп өте шыққан некен-саяқ машинаның дыбысы естіледі. Үй тұсынан ащы дауыс азынай түсіп, созылып барып, тына қалады. Сонан соң қайтадан тылсым тыныштық орнайды. Жанындағы Бақытжан үстіндегі жеңіл жамылғыны аяғымен төменге серпіп тастап, тыр-жалаңаш күйі, бір қалыпты пыс-пыс дем алып ұйықтап жатыр.

Айшадан ұйқы қашқан. Мына тосын жаңалық оған қатты әсер еті. Ішкі дүниесі туған топыраққа баруға ықтияр болып тұрғанымен көңілінде қобалжу да жоқ емес. Ойы сан-саққа жүгіріп, көпке дейін көзі ілінбеді. Есіне сол бір күндердің елесі оралып кетпей қойды. Жалдында қайта жаңғырған әлгі елестердің жетегінде жатып «о, тәңір» деп күрсінді.

\* \* \*

Мұсат шалда перзент дегеннен жалғыз ғана осы Айша еді. Шал мен кемпір ортасындағы бір қызды бетінен қақпай еркебұланды өсірді. Айшаның әбден бой-

жетіп, сабағынан үзілгелі тұрған алмадай толысып піскен шағы.

Бұлар Қаратаудың жонындағы бір қиялы асуда жалғыз үй отыратын. Мұсат шал шаруасы шағын колхоздың қырық-елудей күйек қошқарын бағып қысы-жазы осы қыстауды мекендейтін. Қыстаудың жанына жаз таудан шабылған шөп жиналады. Осындағы төрт-бес маяның қарауылдық міндеті де әкесінің мойнында. Күзге салым бірер ай, күйекке салуға, отар-отарға таратып алып кеткенде болмаса, басқа уақытта қошқарлар осы қыстауда бағылады. Шалға жетерлік машақаты бар шаруа бұл.

Жазды күні тауға, жайлауға шыққан малшылар осы маңайды төңіректеп отырады да күз, күйек өте, ылдифа түсіп кетеді. Сонан соң қыс бойы бұлар қар жамылған тау асуын жалғыз қыстап шығады. Шал мен кемпірдің бұл тірлікке әбден еті үйреніп кеткен. Еш нәрсемен алаңы жоқ. Жалғызсырап, елегізіп, тыпырштын Айша ғана. Жаз мезгілінде үйі келім-кетім кісісіз болмайды. Ал қысқа қарай кісі аяғы сирек. Осыдан түстік жерде таудың ішінде қысы-жазы жұмыс істейтін кен-барлау партиясы бар. Сонан аудан орталығына қатынасқан бірен-саран аттылы, арбалы кісілер, азық-түлік, басқа түрлі жүк артқан адамдар ара-тұра жол бойындағы бұлардың үйіне соғып өтіп жататын. Осындай жүргіншілер болмаса қыс мезгілінде асудағы жалғыз үйге арнайы келетін ешкім жоқ. Олардың бұл жаққа келгіштеп жүргеніне біраз жыл болған. Алғашқы кезде ешкім назар аударып, «неғып жүрген жандар» демейтін. «Тау зерттейтін адамдар» дейтін де қоятын. «Тау зерттегені несі, жұмыстың да неше түрі бар екен-ау» дейтін енді біреулер таңқалып. Кейінгі кезде олардың әңгімесі дабырлап естіле бастаған.

— Сол жерден шахта ашатын болыпты.

— Қала салады екен. Темір жол келтіреді дейді.

— Қазірдің өзінде салып жатқан құрылысы керемет.

— Өзінің дүкендерінде жоқ зат жоқ,— десіп әрліберлі өткен ауыл адамдарының сөзі сол болатын.

— Айша, әсіресе, «дүкенінде неше түрлі зат тұрады екен» деген әңгімеге көбірек елендейтін.

— Көкем алып барсыншы,— деп қыңқылдап қоймаған соң бірде шешесі:

— Шал-ау, қошқарды ауыл төңірегіне мен-ақ айналдыра тұрармын. Айшажанды ертіп әлгі үлкен дүкенге

барып, қант-шай алып келсеңдерші. Ержеткен балаға ылайық тәуір киім-кешегі болса қарарсындар,— деген.

Шалы екі ойлы күйде, құлықсыздау:

— Бір күнде барып қайта алар ма екенбіз, едәуір жер-ау, өзі,— деді.

Кемпірі бармасына қоймас ыңғай білдіре сөйледі:

— Күн шықпай ертелеп кетсеңдер қайтып үлгересіңдер ғой. Жаздың күні ұзақ емес пе. Айшажан да бой жазып, қыдырып қайтсын. Бала болып ешқайда шығып жатқан жоқ. Жалғыздан жалғыз зерігеді. Осы бір жалғыз моладан басқа барар жері де жоқ.

— Тек, олай деме. Е-е, тілі күйгір.— Шал кемпіріне зекіп тастады. Бірақ жол жүруден бас тартқан ыңғай танытпады.— Айшажанның өзі барғысы келе ме екен?

— Барамын, көке,— деді екеуінің әңгімесін үнсіз тыңдап, бұрышта отырған қызы іле жауап беріп.

— Жарайды онда, бүгін ерте жат. Азанда жүреміз. Кемпір сен жолға оны-мұнында даярлап қой.

— Өзіңнен артылып жатса мына әкең екеуімізге көй-лекке, ішкіімге ылайық матасы болса байқарсын,— деді шешесі Айшаға қарап.— Май шамның білтесін ұмытпашы. Сонан соң маған майда шаш тарақ болса көрерсін...

Шешесі төсек жайлай жүріп оқтын-оқтын ойға түскен тапсырмаларын айтып қояды. Айша ертеңгі жолға әзірленіп, шашын жуып, тарап, әбдіреден бір киер көйлегін шығарып, қырыс-тырысын жазып, төрдің алдына іліп әлек болуда.

Таңертең мұны шешесі таң алагеуімнен оятты.

— Айшажан тұрған ба? Ал кемпір шайынды жаса,— деді, атын ерттеп болып үйге кірген әкесі. Аялдамай тезірек жүріп кетейік.

Мұсат шал сонан соң кемпіріне ауылдағы шаруаны тәптіштей тапсырды. Қайта-қайта ықтияттап қоймаған соң, кемпірі бұрқ ете қалды:

— Ой, сорлы-ай, езбелей беретінің не? Мен бір жақтан келіппін бе осы үйдің не шаруасы барын білмейтін. Тақақтап қоймай қойдың ғой. Мұның әдеті қит етіп ауылдан шығатын болса артын жау шабатындай көреді де отырады.

Шайпаулау кемпірінің бұдан әрі шамына тиіп алмайын дегендей Мұсат оның сөзін зіл санамай, жайдары жүзбен кеңк-кеңк күлді.

— Әй, шаруаның ыңғайын айтқаннан басқа не дедім саған. Сонша шала бүліндің. Нағашың көк езу еді, кісіге

тап-тап беріп отыратын. Құдая-құдуэнда, соған қайдан тартқанынды.

Кемпір шалының әзілін шынға жорығандай шытынай сөйледі.

— Сенің жауыңның басы менің төркіндерім еді ғой, қашаннан. Әлдеқашан сүйегі қурап қалған нағашыма тиістің бе енді.

— Жә, жә. Жоқ жерден ілік іздеп отырасың-ау. Шайынды құй онанда,— деді шалы күлкісін жиып.

Әкесі мен шешесі кейде өстіп қағысып қалғанда араласа кететін әдетімен Айша:

— Қойсаңдаршы енді,— деді бұйыра сөйлеп.— Жол жүрейін деп отырғанда бұл не?

Осымен әңгіме тамам болды, үшеуі үн-түңсіз отырып шайларын ішті. Сонан соң бәрі сыртқа шықты. Тап үй іргесіндегі жынысты сайда күні-түні кісенмен жайылып жүретін мес қарын торы ат ерттеулі күйі қазықта байлаулы тұр екен. Әкесі шешіп әкеліп:

— Ал, балам, мін,— деді.

Бұл ерге жайғасқан соң торы аттын сауырына көрпеше салып, мінгесіп, әкесі де атқа қонды. Тізгінді Айша алып әкесі ердің қасынан қос қолдап ұстаған. Ауылдан ұзағанша Мұсат артына бұрылып кемпіріне айқайлаумен болды.

— Ал, Мөңкіш-ау, ықтият бол енді. Біз де жол болса ерте қайтуға тырысармыз. Малдан көз жазып қала көрме, әйтеуір. Жазыққа қарай жаярсың...

— Ой, көке, құлағымды жеп қойдыңыз-ау. Айттыңыз ғой енді. Несіне қайталай бересіз,— дейді Айша зілсіз ашуланып.

Әкесі мұның бетін қайтармайтын әдетімен жуас, сабырлы қалыпта өз тіршілігіне ақтала сөйледі:

— Ей балам, сақтықта қорлық жоқ. Жалғанның жазымынан сақтасын да. Жаман айтпай жақсы жоқ, мына малдың бірін ит-құс тартып, жазымдап кетсе немесе ұры-қары біреуге қолды болып кетсе не бетімізді айтамыз. Тап масқара болғанымыз ғой. Қолхоздың сиырдай қошқарын қайдан тауып төлейсің. Бір қой түгілі бір пұт бидай үшін сотталасың. Мен еріккенімнен зар қақсайды дейсің бе.

Мұсаттың үйі отырған «Көктас» асуы таудың ең бір шөбі шүйгін, шұрайлы тұсы саналатын. Сай жыраларында жабайы тал, тобылғысы мол. Өспейтін шөп жоқ. Жазды күні жабайы алма, қарақат, бүлдіргені төгіліп

жататын бұл төңіректің ең алдымен елдің аузының суы құри әңгіме ететіні — шиесі. Үлкендігі бармақ басындай, уылжып піскен қан қызыл шие жыра біткеннің өн бойында тұнып тұратын. Бұл жердің шиесінің дәмі де өзгеше, уыстап теріп аузыңа сала бересің тек. Таудың қыста бораны аздау, тыныш, жазда самалы ерекше салқын тұстарының бірі осы жер. Асуды бойлап шағын өзен ағады. Өзенге әр жер әр жерден тас астынан көз тауып атқылап жатқан мөлдір бұлақтар келіп құяды. Бұл бұлақтарды бастау төңірегіндегі тұстардың түр-түсіне қарай жұрт «Ақ бұлақ», «Қара бұлақ», «Сары бұлақ» атап кеткен. Осы тас бұлақтардың қай-қайсысының да суы балдай, мөп-мөлдір. Ішсең қыста тіс қаритын зәрі жоқ жылы, жазда шекеңнен өткендей мұп-мұздай болып жатады.

Өзенге, бұлақтарға арқарлар құлап келіп су ішіп, қаптай өріп, қайтып жатады. Таудың бұл ерке тағысы осы төңіректе көп-ақ. Суға жабылып шыққаннан кейін тасты қия беткейде сатұр-сұтыр өрлеп бара жатып, еріккенде бой жазып ойнағандай, тарс-тұрс сүзісетіндерін қайтерсің. Тастан-тасқа ырғығанда сондарынан тұяқ астарынан домалаған қиыршықтар сонау сай табанына дейін жарыса бөрлігіп, көшкін жүргендей бір сарын естіліп тұратын.

Асудағы қыстаудың қарсы алдындағы қия беткейде көкке найзадай шаншылған, құз-жартасты, тіп-тік, биік шоқы бар еді. Таудың бұл төңіректегі ең биік тұсы осы. Суға жабылып шыққан арқарлар міндетті түрде әлгі шоқыға қарай өрмелер еді. Биіктің қып-қызыл жартасты ұшар басына шығып алған соң қатар-қатар тұрып алып, мүйіздері қайқайып, танауды көке беріп маңқайып, кейде сүт пісірім, кейде шай қайнатым қыбырсыз тұратындары бар. Сонан соң кенет ойларына бір нәрсе түскендей шұғыл қимылға еніп, биікті тасалай бере, лезде көзден ғайып болады. Кейде түн ішінде ай астындағы биіктің үстіне, сатыр-сұтыр дүрліге, жаракты қолдай самсап шыға келіп, тап бір осы ауылды күзетке алғандай қасқайып-қасқайып тұратындары бар. Біраз тұрып-тұрып, кенет түнді басына көтере жөңкіле жөнеледі. Тасыр-тұсыр шапқан тұяқтың дыбысы көпке дейін тау ішінде жаңғырып барып үзілетін.

Күн ұясынан жаңа ғана шығып келеді екен. Қатпар-қатпар тау жондарының арғы жағында жалындап жатқан алқызыл шапақтың алғашқы арайы алдымен ауыл алдындағы биікті аймалауда. Шоқының төбесіндегі биік

жартастардың ұшар басы өрт шалғандай шоқтанып, төменгі тұстары көлеңке тартып қарауытып жатыр. Осынау күн мен түн егескендей екі дүниенің аралық суретін әрлей түсейін, айбарландыра түсейін дегендей табиғат тағы бір тосын бояу тауып қосыпты. Төбесі алаулап бергі беткейлерін қорғасындай ауыр көлеңкелер жайлаған биік жартастың үстінде күн шығысқа қасқая қарап, міз бақпай қалған арқардың жалғыз құлжасы тұр. Сексеуілдің дініндей шор-шор буылтық, айқара құлаш қос мүйізі жалындап, сауырында құбылып сәуле ойнайды. Айша мына керемет сұлу көріністен көз алмай қызыға қарады.

— Көке, ана жалғыз арқарды қараңызшы.

— Үйірі арғы астыртта жатқан шығар. Құлжасы ғой. Ой, жарықтықтың тұрысын. Қасиетті нәрсе-ау өзі.

Кен іздеушілердің ауылына баратын қара жол асудан асқан соң тау жонының жалпақ жазық үстіртімен жүреді де отырады екен. Жон үстінің оты шүйгін. Қурай, шайыр, түйе жапырақ аралас жусанды, бетегелі жазығы бітік өскен ақселеуден ұшы-қиыры жоқ теңіз айдынындай жарқырап толқып жатыр. Осы күміс даламен ет пісірімдей уақыт жүріп барғанда алдан, жер астынан оқыс шыға келгендей, жартасты, құз-қиялы биік тау шоғыры көлденеңдеп тұра қалады. Жер бедері, түртүсі тұп-тура асудағы үй алдындағы биіктен айнымайтын тіркес-тіркес тау шоқыларының бергі етегіндегі алаңқай ойпауыт жазықта елді мекеннің жобасы қарауытады.

— Ә, балам, міне келіп те қалдық,— деді әкесі.— Ойпырмай, өзіне қыруар жай салып тастапты-ау. Тоба, ит арқасы қияндағы тау ішінде де қала тұрғызып жіберген, ә.

— Көке, бұл жерде бұрын ауыл жоқ па еді?

— Неғылған ауыл, балам. Жан аяғы баспайтын жер ғой. Ертеде осыдан біраз жыл бұрын, колхоздың қоныстануын тұрғызып ел жаппай үй салуға кіріскенде осы жерден келіп ағаш қырыққанымыз бар еді. Жыра-жырасында едәуір ағаш өсетін. Сонан кейін келіп тұрғаным.

— Сонау қоныстануға осы жерден ағаш тасыдыңыздар ма?

— Енді қайтесің, балам. Үй төбесіне жарайтындай ағаш тек осы маңайдан ғана шығады. Басқа жерлердікі майда, Кәдеге аспайды. Арбаға артып, өгізбен сүйретіп,

өйтеуір, итшілеп тасып жеткізетінбіз. Сөйтіп жүріп салдык қой ана қоныстануды.

Ауылға таяп келген соң Айша тізгінді әкесіне беріп, аттан түсіп, жаяу қатарласа жүрді. Екі жағына қатар-қатар барак үйлер салынған түп-түзу шолақ, жалғыз көшемен келіп әкесі дәуде болса дүкені осы шығар дегендей орта шеніндегі еңселілеу ақ үйдің алдына тоқтады. Қатар тұрған абажадай-абажадай екі есігі бар екен.

— Айшажан, мына маңдайшасындағы жазу не дейді, дүкені осы емес пе екен? Өзінің екі жерінде жазуы тұр ғой,— деді аттың үстінен оқи қоятындай, әлгі жазуларға қарай итіне түсіп. Айша төрт бұрышты көк сырлы темірге ақ бояумен бадырайта жазылған жапсырманың екеуіне де көз жүгіртіп шықты. Бір жағында «магазин», бір жағында «контора» деп жазылған.

— Көке, бір жағы магазин, бір жағы кеңсесі екен.

— Ә, бәрі осында болды ғой,— деп әкесі торыдан түсе бастады. Ат байлауға қолайлы не бар екен деп жан-жағына алаңдап еді көзіне ылайық ештеңе іліне қоймады. Сонан соң шылбырын ұзынырақ етіп сыртқы есіктің үлкен шойын тұтқасына күрмеп байлады да:

— Жүр, балам,— деп ішке кірді.

Төрт қабырғасы бірдей сіресіп тұрған бөлменің іші қара көлеңкелеу. Даладан кірген бойда Айша ә дегенде іште кісі бар-жоғын пайымдай алмаған. Көздің жауын алып, қат-қат жиналған дүниелерге ашқарақтана қарай берді. Бұлардың ауылында мынандай әңгіме бар-тын. Батыр дейтін малшы шал жиналысқа шақыртылып бір топ кісімен алыс тұратын аудан орталығына жолы түседі. Шаруалары бітіп, енді үйге қайтар бойда біреулер бала-шағаларына керек зат ала кетпек болып аудан орталығындағы магазинге соғады. Бұрын мұндай дүкенді көрмеген Батыр таң қалып, қалтасында көк тиіні болмаса да: «Шіркін-ай, мынаның бәрі керек зат екен-ау» деп магазиннің ішін айналып шықпай қойыпты, десетін.

— Әй, қайран аңқаулық-ай, әйтпесе дүкенде кісіге керегі жоқ зат тұра ма екен,— деп қатарлары әжуалайтын.

Сол әңгіме ойына оралып, Айша өзіне өзі іштей күліп, бойын жиып ала қойды. Жаңағыдай емес, қара көлеңкеге көзі үйреніп төңірегіне байыппен зер салды. Дүкеннің аяқ-табақ, ас-ауқат жиналған бұрышы жағынан ағаш кенереге асылып екі кісі бұларға аңтарыла қарап қалыпты.

— Оу, қария, қайдан жүрсіз, ассалаумағалейкум,— деді тұрған екеудің бірі, жылмаңдаған жастау жігіт.

— Әликумсалам, бұл қай баласың?— деп әкесі өзін білетін біреудің кездескеніне мәз болғандай қауқалақтап қалды.

— Қария, есіңізде жоқ шығармын. Әрлі-берлі өтіп жүріп үйіңізден шай ішкенім бар еді.

— Ә, солай ма. Біздің үй «Көктастың» асуы деген жерде отырады. Бәсе жүзінді шырамытамын. Қайдан көрген бала десем.

— Иә, жол болсын, ақсақал.

— Әлей болсын, шығарым. Кемпір қант-шай таусылды деген соң... Әрі мына балама ылайық киім-кешек бола ма деп. Шаруаның адамымыз, ешқайда шыға бермейміз. Бүгін сол әдейі арнап келгенім.

— Дұрыс, дұрыс, ақсақал. Ал керегіңізді қараңыз. Қалағаныңызды береді мына жігіт. Дүкеннің иесі осы жігіт,— деп қасындағы серігіне қарады. Сонан соң оған:

— Женя,— деп әлдене орышалап сөйлеп еді, анау мен дайын дегендей құрақ ұшып, басын изеді.

Айша бұл жігітті алғаш көргенде-ақ таныған. Бұрын екі рет көргені бар... Бірінде атты арбамен ауданға бара жатып үйлеріне соғып шай ішкен. Жөн сұраған әкесіне «осы таудың ішіндегі кен іздеушілерге керек-жарақ заттарын, ас-ауқатын тасып беріп тұратын «экспедитормын». Анда-санда ауданға барып есеп өткізіп тұрамыз. Бұл соған бара жатқан бетім еді»— деген.

Жас та болса талайды көріп ысылған кексе жігіт балаша лыпылдаған елгезек мінезімен іші-бауырға кіріп, кісіні өзіне икемдеп алуға ыңғайы бар жан тәрізді. Өзі әңгімешіл. Қысылып, тарыншақтағанына қарамай Айшаны да қайта-қайта сөзге шақырып болмай қойған. Әкесімен, тіпті, ескі таныстарындай-ақ сөзі жарасып кеткен.

— Ныспым Қыдырбек дедің бе, шырағым. Қыдырбек, сендерде иленген қайыс бола ма?— деген әкесі.— Үзеңгі бау, тартпаға жарайтын. Жүген өруге келетін.

— Бар ғой, ақсақал. Неше түрі бар.

— Ер-тоқым да бола ма?

— Сұрасаңыз тауып береміз ғой, қария.

— Япырай бір барып қайтатын екен-ау өзіңе,— деп ынтызар болды әкесі.

Екеуі біраз тәжікелескен. Қайта-қайта Айшаға сұқтана бергенінен секем алды да кемпір оған ұнатпаған кабак білдірген.



Қыдырбек сол тапар қайтар жолында да соғып өткен. Есік алдындағы сайдың беткейінде шиі теріп жүрген бұл жолдан шығып үйге қарай бұрылған арбалы жалғыз кісіні сонадайдан көрген бойда-ақ таныды. Қызды байқап қалған ол да үйге таянып қалған жерінен атының басын бері бұрды. Сайдың ернеуіне келіп, атын арбаға қаңтарып, өзі жерге түсті. Сонан соң тік құлама беткейден бұта-бұтаның басынан ұстап, дік-дік аттап сайдың табанына қарай бет алды. Айша қарсы беткейде жүрген. «Мұнысы несі, қайда келеді?»— деген күдікпен онан көз алмай қарап қалды. Бұл жерден ауыл анық көрінеді. «Әу» десе дауыс та жетеді. Жігіт сай табанына түскен соң:

— Қарындас, амансың ба? Бұл қайда келеді деп менен үркіп тұрсың ғой деймін. Қорықпай-ақ қойыңыз. Танымайтын бөтен біреу емеспін ғой,— деп күлді. Шынында да жігіттің жүзінен бөтен ойдың белгісі байқалмайды. Ақжарқын күйде қалтқысыз сөйлеп тұрғандай.— Ұзақ жол зерігіп кетесің. Ермекке біраз шиі теріп алайын деп едім. Осы сайдың шиесі керемет деуші еді.

Қыздың көңілі орнына түсейін деді.

— Ыдысыңыз жоқ қой.

— Мынаны толырып алсам да біраз ермек болар.— Жігіт басындағы қалпағын шешіп қолына алды.— Қай тұстың шиесі көбірек?

— Қарасаңыз өзіңіз де көресіз ғой.

— Сіз, мен білсем әлі маған сенбей тұрсыз,— деді жігіт күле сөйлеп, бұл жақ беткейге қарай таяна түсіп. Айша оның жақындағанын шек көрмейтін тәрізді. Сөйткенімен көңілінде түсініксіз бір қауіп те жоқ емес. Осындай екі ұдай күйде сілейіп тұрған қызға жігіт аса таянбай келіп тоқтап, қалың бір түп тобылғының басында бырдай болып көз тұндырған қып-қызыл шиені асықпай тере бастады.

— Қарындас, мына иен таудың ішінде жалғыздан-жалғыз зерікпейсіз бе?

Жігіттің сөзі іштегі қысаның шиканды жерін сипап өткенімен қыз сыр бермеуге тырысты.

— Жалғыздыққа үйреніп кеткенбіз.

— Дегенімен, қиын ғой, сізді аяймын.

— Неге аяйсыз. Әке-шешем қасымда. Өз үйімдемін.— Қыз күліп әңгіменің басын басқа жаққа бұрды.— Ағай, сіздердің тұрған жерлеріңіз осыдан қашық па? Ел көп пе онда?

— Онша қашық емес. Аттылы кісіге ски-үш сағаттық

жол. Неге қыдырып келмейсіз. Қарсы аламыз. Бізде ойын-сауық болып тұрады, көресіз,— деді жігіт шын көңілмен шақырып.

— Ой, танымайтын жер, жалғыз өзім. Және онда мені кім жібермек.

— Мені танисыз ғой. Жалғыз екен деп сізді ешкім жемейді, уайымдамаңыз.

— Сізді қалай танимын?

— Көріп тұрсыз ғой, міне.

— Ол аз.

— Көп болу үшін не істеу керек?

Айша жігіттің сөзіне күлді.

— Қайдам?

Екеуі осылай әңгімелесіп, қатарласа шне теріп біраз жүрді. Қыз енді қасына таянған жігітен үркектегенін қойып, қайта уысына толтырып-толтырып алып оның қалпағына шие салысты. Әңгімемен жүріп байқамай төменгі табанға түсіп кеткен екен, қатар келе жатқан жігіт білегінен шап беріп ұстай алғанда қыз оқыс шошып кетті. Жан-жағына көмек іздегендей алақтай қараса екеуі сайдың тереңінде тұр. Жан-жағы құлама күз беткей. Төбеде аядай аспан ғана көрінеді. Қыз қорыққанынан дір-дір етіп:

— Ағатай, қоя беріңізші,— деп жылап жіберді.

— Қарындас, сонша шошығаныңыз не? Мені кісі жейді дейсіз бе? Сізбен қалжындап ойнауға болмай ма? Тау киіктей тағы екенсіз өзіңіз, қорықпаңыз тимеймін,— деді ол әрі әзіл, әрі наз араластыра сөйлеп. Үні орнықты, жайбарақат тәрізді.

Қыз сәл сабырға келіп жігіттің жүзіне назар салып еді, көзінде жылт-жылт ойнаған беймаза от бар екен. Көңіліне қайтадан күдік кіріп.

— Жіберіңізші,— деп тартынды. Жігіттің қарынан қыса ұстаған қолы білегін шокша қарып күйдіріп бара жатқандай.

— Сәл тұра тұрыңызышы енді,— дейді анау сол босатпаған күйі.

— Апам, іздеп қалады, жіберіңізші,— деп жалынды бұл.

— Қарындас, сіз маған ұнайсыз. Мен басым бос, әлі үйленбеген жігітпін. Маған тұрмысқа шығуға келісесіз бе?

Бар есіл-дерті тап қазір мынадан босану ғана болып тұрған қыздың оның сөзіне мән беріп, ойланарлық мұршасы жоқ.

— Құдай үшін жіберіңізші,— деп жұлқынады.

Жігіт майлы шектей айналдырып айырылмайды.

— Қалада үйім бар. Мұнда әшейін екі-үш жылға, қаражат жинап алу үшін келгенмін. Маған тұрмысқа шықсаң қалаға алып кетемін. Мұнда не бар саған. Керек десең әке-шешенді де көшіріп алуға болады. Неге үндемейсің? Жауабыңды айтсайшы?

— Қайдам, білемеймін. Жіберіңізші!

— Уәденізді алмай босатпаймын.

— Басқа бір күні сөйлесейікші, қазір қоя беріңізші, ағатай.

— Қазір неге сөйлеспейміз?

Өмірінде бірақ рет көрген жігіттің осыншама жабысуын неге жорырын білмей Айша аң-таң. «Өлермен бе, ала аяқ па, әлде бары осы ма, жазғанның. Шыны ма екен? Не де болса қазір қоя берсе екен. Бұдан артық бойыма жақындатпайын. Қалай ғана байқамай қалдым. Айқай саламын деп қорқытайын. Мына жерден дауыс та жетпейді ғой. Құдай-ай, не істейін...»

— Қазір неге сөйлеспейміз? Осы қазір несі бар? Екеуден-екеуміз. Ешкім кедергі жасап жатқан жоқ. Біз жұмыстағы адамбыз. Қайта-қайта жол түсе бермейді.— Жігіт бұған қарай таянып икемделе берді. Бұл шегіншектеп, тартынып, шыр-шыр етеді.

— Таянбаңыз, таянбаңыз... Қойыңызшы, ағатай... Айқайлаймын. Апа-а...

Анау оқыс ұмтылып, мұны қапсыра құшақтап алды. «Апа» деп айқайлай берген қыз ерніне түгі темірдей жігіттің еріндері отай қарып қадала кетті. Бір сиқырлы күш қыз бойын қорғасындай балқытып, ерітіп әкетіп барады. Жүйке-жүйкесі босап әлсіздене берген ол кенет ішкі бір түйсіктің әсерінен селк етіп, бойын жиып алды. Өзінің мына тұрыс, мына күйінен зәресі ұшып шошып кетті. Тынысы тарылып, өкпесі алқымына келіп тірелді. Осы сәт өз бойынан тосын бір қуат тауып, ашқарақтана аймалап еңсеріп әкетіп бара жатқан жігітті қос қолымен кеудесінен тірей бере, ышқына итеріп кеп қалды. Қолға түскен киіктің лағындай монтаны қыздан мұншалықты қарулы қарсылық күтпеген жігіт шалқалақтап құлай берді. Құрсаудан босанған бойы қыз жан-ұшыра ауыл жақтағы тік беткейге өрлемей жөнелді. Артынан қуғанмен жете алмасын сезді ме, әлде айқай салар деп тартынды ма жігіт сол орнынан қозғалмады. Бұл ұзап кеткен соң ғана асықпай сайдың үстіне көтеріліп, арбасына

мініп, артына карап-карап қойып, желдіртіп бара жатты...

Айшаның оны сонан кейін көріп тұрғаны. Бұған ренжіп қалған ба, бұрынғыдай өліп-өшкен қалып танытпайды, сәлемдесті де қойды. Ал шалдың алды-артына бірдей шығып, көңілін табуда. Өзі шырттай киініп алған. Көңілді. Аяғында екінің бірінің қолына түсе бермейтін былғарысы жалт-жұлт еткен су жаңа қырым етік. Үстінде темекі түстес қымбат матадан галифе шалбар, гимнастерка.

— Ал, ақсақал, керегіңізді айта беріңіз. Женяның біраз саудасын жүргізіп кетуге келгенсіз ғой,— деді күліп.

— Ой, балам, керектің бәрін ала беретін шама қайда, кемпірге азын-аулақ кант-шай болмаса,— деді Мұсат.

— Айтпақшы, кәрия, сізге қайыс алып қойып едім. Ер-тоқым әзір түсе қойған жоқ. Кейінірек оның да ретін келтіреміз,— деп бұрыштағы десте-дестелердің арасынан білектей бір бума суырып әкесіне ұсынды.

Шал риза болып қалды.

— Көп жаса, шырағым. Нарқы қанша тұрады мұныңның?

— Бір құлаш қайысқа сізден ақша сұрап жатамын ба? Тегін ала беріңіз.

Шал тіпті қуанып қалды. Қайта-қайта рақметін айтты.

— Айшажан, сен керегінді қарасайшы, не бар екен,— деді сол көңілді күймен.

Айша өзіне, үйдегілерге бір-бір көйлектік мата, ине, тарак, иіс сабын тәрізді майда-шүйде алып әкесінің қоржынының бір басына салды. Сонан соң ауызы шолақ, тұмсығы мен сіргелігіне былғары жүргізілген кенеп бәтәңкені қолына ұстап, айналдырып көрді. Аяғына өлшеп киюге мына тосын адамдардың алдында қысылып тұрған жайы бар. Әкесі сонысын аңғарғандай:

— Алайын деп пе едің, аяғыңа киіп көр,— деді.

— Киіп көріңіз, мә, мында отырып, аяғыңызға өлшеніз,— деп сатушы әлденеден босаған ағаш жәшікті ұсынды. Жәшіктің шетінде отырып, Айша қысыла-қымтырыла аяғындағы көне етікті шешіп, бәтәңкені өлшеп көрді. Аяғына шақ екен. Бірақ киіп көрген ғұрлым, сұқтанып тұрған сырт көзден бе, ыңғайсызданып, терлеп-тепшіп бітті. Сол төмен қараған күйі:

— Дұрыс екен,— деп әкесіне ұсынды.

Әкесі оның ақшасын төлеп, қоржынына салып жат-

қанда Айша омырауында темір сыдырмасы бар көк ши-  
барқыт кеудешені алып иығына өлшеді.

— Балам, сырт киім ғой, киіп көрсейші,— деді Мұсат.

— Көрдім ғой, көке, дұрыс.

— Е, дұрыс болса ал. Нарқы не екен?

Айша жапсырма қағазына қарап бағасын айтты.

— Жарайды. Ал енді алып болсаң, қайтайық. Жүр.  
Балалар сендерге де рақмет.— Мұсат қоржынын көте-  
ріп, сыртқа бет алды. Әкесінің соңынан ілесіп шыға бер-  
ген Айшаны есіктің аузында Қыдырбек кес-кестеді.

— Қарындас, не зат қалайсың, сыйлыққа алып бе-  
рейін.

Қыз сасып қалды. Жігіттің ішіп-жей сұқтанған на-  
зарынан жасқанып төмен қарады.

— Рақмет, ешнәрсенің керегі жоқ.

— Әнеукүнгі айтқаным есінде ме, ойландың ба?

— Жоқ. Білмеймін. Әкемнен ұят болады қоя бері-  
нізші.

— Жакында ауылыңа барамын. Ойланып, жауабын  
айтарсың.

Қыз үндемеді.

Есік алдына шығып, артына қарайлап тұрған әкесі-  
нен тайсалды ма жігіт мұны онан әрі бөгемеді. Кейін  
сырылып жол босатты.

Осыдан бір аптадай өткен соң «ауданға бара жатыр  
едім»— деп Қыдырбек үйлеріне соқты. Айша қашқақ-  
тап, оған қарамауға, оңаша кездеспеуге тырысты. Шай  
ішкен соң да жүре қоймай сипақтап бұған қарайлаумен  
болып еді, Айша байқамаған сыңай танытты. Екі күннен  
кейін қайтар жолында ол тағы түсті. Жалғыз өзі зерігіп  
отыратын әкесінің осындай өткен-кеткен кісі кезіге  
қалса әңгімесісіп жібермей қоятын әдеті. Жолаушының  
сәлемін алысымен «Әй, шай қайнат»— дейді кемпіріне.  
Көбіне үй айнала жайылып жататын қошқарларға мез-  
гіл-мезгіл есіктен қарап қойып отыратын әкесі мұндай-  
да, әңгімеге кіріскенде, малды Айшаға тапсырады.

— Балам, көз жазып қалмай малды сен айналдыра  
тұр,— деп міндеттейді.

Айша есік алдына шықса жаңа ғана қарсы беткейде  
жатқан мал көрінбейді. Жағалай сай табанына зер  
салса ол жақта да жоқ. Сонан соң өрмелеп, тырмысып  
төңірек түгел көрінетін үй алдындағы биік шоқының  
иығына көтерілсе қошқарлар асудан жонға қарай кете-  
тін қара жолға түсіп алып, желдеген бойы заулап ба-  
рады. Қайтып ауылға барып әкесіне хабарлап жатқан-

ша мал ұзап кететін. Осы жерден терең жыраны кесіп өтсе асудың бұрылысына келгенде бері таман қисаятын қара жол қашық емес.

Қыз төмен қарай құлдилаы жөнелді. Жыраның таба-нымен біраз жоғары өрлеп барып, қарсы бетіне қарай тырмысты. Алқынып, аптығып қара терге малшынып, өлдім-талдым дегенде қырқаға көтерілсе тура желдеп бара жатқан малдың өкпе тұсынан шығыпты. Жыра ішінің қапырық тымырсығынан өкпесі өшіп, үні бітіп қалған еді, жон үстінің самалы аңқылдап тұр екен. Тынысы кеңіп сала берді. Шіркін, таудың самалы-ай!

Айша жүгіре басып малдың алдынан шықты. Тоқта-тып кейін қайырған соң, тақтай тастың үстінде отырып демін алып, терін басты. Сәлден кейін орнынан тұрып, жолмен бұрылып, айналып жүрмей-ақ жаңағы келген ізімен төтелей қайтпаққа малды жыраның ішіне қарай икемдей берген. Қенет ат пысқырып, жол бойында келе жатқан арба доңғалағының тарсылы естілді. Артына бұрылып қараса Қыдырбек. Шай ішіп болып енді аттан-ған беті болуы керек. Мұны көріп сонадайдан бері бұ-рылды. Таянып келіп тоқтаған соң арбадан секіріп тү-сіп, бұған қарай жүрді. Айша әлденеден қарадай қарап тұрып дегбірі ұшып, өзін қоярға жер таппады. Көзі ой-нақшып күлімдеген жігіттің жүзіне үрейлене, жәутең-жәутең қарап, шегіншектей берді.

— Әй, не деген тағы қызсың. Адамнан соншалықты қашқақтайтының не?

— Ағай, қойыңызшы. Таянбаңызшы.

Жігіт мұның сөзін керек ететін емес. Қол созым жер-ге жақындап қалды. Шегіншектенген қыз жалт бұрылып қашуға ыңғайланған, сөйтсе бір топ қалың тобылғыға келіп кептелген екен шыға алмай қалды. Жігіт келіп бас салды. Тобылғы түбінен пыр етіп, жалғыз бозторғай ұшып, шырылдаған бойы көкке көтеріліп бара жатты.

Ізінен селдір ғана жұқалтаң шан өріп, асуда бүлкіл-деп бара жатқан арбаның соңынан қараған күйі, Айша өз бойына өзі ие бола алмай, есеңгіреген қалпы, мелшиіп әлі тұр. Жас айғыздаған жүзі елі көшіп кеткен жұрттай әлем-жәлем.

Кештете малды ауылға айдап келген қызының түрін көрген шешесі шошып кетті.

— Қалқам, бір нәрседен қорыққаннан саумысың, өңің қашып тұр ғой. Ауырып қалған жоқсың ба?

— Апа, мазам болмай тұр, жатайыншы,— деді де үйге кіріп кетті.

Шынында да түні бойы ыстығы көтеріліп, ауырып шықты. Ұйқылы-ояу жатып әкесі мен шешесінің күбір-күбір сөйлеген сөздерін құлағы шалады.

— Ұшынып қалған емес пе өзі, ыстығы бар ғой.

— Білмеймін, бір нәрседен шошыған сияқты ма? Тау жарықтықтың киесі бар зат қой. Қайдан білейін неден сескенгенін,— дейді уайымдап шешесі.

— Тау деген иесі бар нәрсе ғой. Кім біледі? Тәуекел, құдайға сыйын.

— Осы баланы малға жалғыз жібермейікші. Шиландай таудың іші. Төңіректе тірі жан жоқ,— дейді шешесі.

— Иә, сол дұрыс шығар,— дейді әкесі.

\* \* \*

Қыдырбек сол жолы кетерінде «Келесі аптада қайтып соғамын. Әкеңе құда түсемін»— деген. Сонан бері бір-екі апта өтіп кетті. Хабар бола қоймады. Айшаның скі көзі асудағы қара жолдың бойында.

Жазды күні осы төңіректе жайлауға шыққан малшылардың үйі отырады. Солардың біріне қыдырыстап қайтқан әкесі тосын, жайсыз хабар алып келді. Кеншілердің қалашығында қойма ұстайтын екі жігіт көп затқа «растрат» болған. Солар тексеруге келіп қылмысын ашқан кісіні қайтарында жолдан күтіп, ұстап, өлтіргелі жатқанда тауда кен іздеп жүрген біреулер үстінен кезігіп арашалап құтқарып қалған. Ал ана екеуі ұрысып, қашып, қолға түспей кетіпті. Тау-таудағы үңгірлерді паналап, ұстатпай жүрген көрінеді. Соған бұл төңіректегі қойшыларға: «Сақ болындар. Малдарына не болындар» деген хабар жеткен көрінеді.

— «Сақтансаң, сақтаймын» деген ғой. Бәленің беті аулақ. Ықтият болайық, кемпір,— деген әкесі.— Біздің де қолымызда колхоздың қыруар малы бар ғой. Кім біледі қандай ниетті адамдар.

— Ойбай, тағы не бәле айтың,— деп үрпиді шешесі.

Әлгі тосын хабарды Айша бір түрлі үрейлі қабылдады. Үнемі жалғыздықтан құлазып өскендікі ме өзіне осындай алып қашты суық әңгіме қаты әсер ететін. Осыдан кейін қатпар-қатпар тау жондарына, сұсты сірескен күз, жартастарға әлдене сұмдық жасырынып жатқандай сескене қарайтын әдет тапты. Көңіліне белгісіз үрей ұялап кетпей қойды.

Осы манда отырған малшылардың бірінің ержетіп қалған баласы шетінеген екен, әкесі бірде сол үйге барып құран оқып, көңіл айтып қайтпақ болды.

— Намазына да бара алмап едім, ұят болды. Мына Мұсат мұсылманшылықтан кеткен бе дер, кемпір, барып келе қояйын,— деді.

— Ойпырмай, мен де көрінуім керек еді,— деді шешесі қынжылып.

— Қой, өзі кешке қарай, ауылға Айшажанды жалғыз тастап кетуге болмас, қорқар,— деді Мұсат.— Басқа күні екеуің барып қайтарсыңдар.

— Мейлі онда,— деді кемпірі.

— Кешке қарай қошқарларды ана биік тас албарға қамаңдар,— деді әкесі. Әйтеуір ықтият болыңдар. Мезгіл-мезгіл қарап, зер салып тұрыңдар. Менде кешікпеуге тырысармын.

Соны айтты да әкесі төр алдында тұрған ескі кара мылтықты алып сүртіп, майлап, оқтап, қайтадан орнына ілді. Әкесі аңсақ кісі емес. Мылтықты қолына көп ұстай бермейтін. Анда-санда кездейсоқ қоян, кекілік, бұлдырық атып алғаны болмаса осы таудың өріп жүрген тағысынан қанжығасына байлап келген кезін Айша көрген емес. Кей-кейде шешесі:

— Еті қандай дәмді, жарықтықтың, арқар да атпайсың еркек болып,— дегенде:

— Ой, арқар аңшының аңшысына атқызады ғой. Маған не жорық. Арқар аулаймын деп жүріп тастан құлап, шалыңның сүйегін жинай алмай қаларсың,— деп кеңк-кең күлетін де қоятын. Бірақ: «білгеннің зияны жоқ. Айдалада жалғыз үйміз. Әр түрлі адамдар өтеді. Мен кейде үйде бола бермеймін. Мұны өзін қалай ұстауды біліп қойыңдар»,— деп кемпіріне де, Айшаға да мылтық атуды үйреткен.

— Әй, Мөңкіш,— деді Мұсат жолға жүруге қамданып жатып.— Қазір малға шыққанда мынаны мойныңа сала жүр. Сен ешкімді атып құлатпағаныңмен мылтық деген нәрсе сес болады.

— Малды сшқайда ұзатпаспыз. Үйдің төңірегінде айналдыра тұрармыз,— деді шешесі.

— Ал енді ана төбетті байлап алып қал,— деді әкесі атына мініп жатып. Әйтпесе маған ілесіп кетеді. Біраздан кейін босатып жіберіндер.

— Айшажан, итті байлашы,— деді шешесі.

Айша: «Құтжол, Құтжол, кә-кәлап» жүріп үлкен қара төбетті ұстап, есік алдында жатқан ескі арқанның үзігімен ат қазыққа байлады. Ит әкесі атқа мінгеннен қынсылап, аласұрып әлек болды. Жайшылықта сақ та жүректі, аюдай үлкен қара төбеттің бір жаман әдеті әкесі



әтқа мініп ауылдан шықты дегенше соған ілеседі. Ол қанша күн жолда болса сонша күн қалмай ілесіп жүре береді. Қазір де жұлқынып босанудың әрекетін жасауда. Әкесінің қарасы ұзай бергенде:

— Ойбұй, мықтап байламаған екенсің-ау, босанып кетті-ау,— деп шешесі опынды да қалды. Аяғы әр жерден бір тиіп қара төбет әкесінің сонынан барады.

— Ал да арам қатқыр,— деді шешесі дәрменсіз кіжініп.— Ана шал оның сонынан ілесіп кеткенін байқамайды ғой енді.

— Байқағанда не істейді. Құтжол бәрібір енді ұстатпайды. Бара берсін,— деді бұл.

Әкесі кетісімен шешесі екеуі малға шықты. Қошқарлар үй төңірегінде жайылып жүрген. Енді ауыл алдындағы белеңге қайырып салып кеш түскенше сол маңайда айналдырды. Мезгіл екіндіге таянғаннан-ақ тау ішіне көленке ұялап қарауыта бастады. Бір еңкейген соң-ақ зымырап тоқтамаған қалпы, қатпар-қатпар тау жондарынан әрі асып, көкжиекке құлаған күн күреңіте қызарып, алау-жалау, өртеніп барып батты.

— Күннің батысы бүгін біртүрлі екен,— деді Мөңкіш әлденеге тіксінгендей.

Айша батыс көк жиекке зер салып еді, күн ұясына қонған тұстағы аспан белдеуінің суреті сұрапыл соғыс жүріп жатқандай аласапыран екен. Көк жиекке қонақтаған ұшпа бұлттар қызыл, қара түспен боялып, өрт ішінде жүрген жанды бейнедей самсап көрінеді. Сәлден соң өрт саябырлап, әлгі сурет бірте-бірте көмескі тартып, аспан белдеуі суыған күлдей күлгінденіп, төңірек қарауыта бастады. Тау ішін қараңғылық тұмшалап, төбеде жұлдыздар жанды. Төңіректегі күз, жартастар, жыра, сайлар белгісіз үрей шашып, тылсымдана қарауытып, шоқылар сиқырлы алыптардай сұстанып көрінеді.

— Апа, малды қоралаймыз ба?— деді Айша.— Қараңғы түсіп кетті ғой.

Қошқарларды айдап келіп албарға қамады. Есігін мықтап бекітті.

— Қап әлгі төбеті құрғырдың кетіп қала қалғанын қарашы,— деді Мөңкіш уайымдап.

— Көкем кешікті-ау.

— Е, оның барып қайтқаны сол ғой. Екі ара едәуір жер. Шай ішкенше келіп қалар енді. Қой бұл тұрысымыз не? Үйге жүр. Отыңды жақ. Мен бұлақтан су алып келейін, кешкі астың қамын жасайық,— деді Мөңкіш алға түсіп.

Әкесі келе қоймады.

— Көкем кешікті-ау,— деп тағатсызданды Айша.

— Кешікпеуі тиіс еді, барған үйі тамақ ішіп кет деп жібермеді ме екен. Қой шайынды жасай бер, келер,— деді Мөңкіш қызына.

Енді кеселерін аузына ала берген, қора жақтан әлдене дүр еткендей болды. Екеуі де елең ете түсті. Дүр еткен дыбыс тағы қайталанды.

— Бұл қалай, албар ішінде мал үріккен тәрізді ғой,— деді кемпір сасып, қалбалақтап, орнынан тұра беріп.— Айшажан, жүрші қора жаққа барайық.

Айша да үрпиіп, не істерін білмей состиып тұр.

— Жүр, қалқам,— деді шешесі есіктен шыға беріп.

— Апа, мылтықты алайын ба?

— Ала сал. Биік албардан ит-құс түспесе керек еді. Бұл неге үрікті? Қап әлгі төбеті құрғырдың... Айт, айт... Әй! Бұл кім, әй!— Шешесі үйден доң айбат жасап айқайлай шықты. Оның соңын ала Айша да сыртқа беттеген. Ай туып қалған екен. Дала жарық. Қора маңы көзге еркін шалынады. Бұлар жүгірген бойда есігіне барған. Жабық, жаңағы өздері бекіткені күйі тұр. Бірақ іштегі малдың пысқырынған дыбыстарынан әлденеден үркіп, шошығаны байқалады. Екеуі енді айналып қораның артына қарай беттей берген. Сол-ақ екен албар түбінен бүкеңдей шығып әрі қарай жөней берген екі кісінің қарасын бірден байқады. Алдыңғысы ауыл сыртындағы терең жыраға қарай салып ұрып барады. Кейінгісінің жүрісі баяулау, серігінің соңынан митың-митың әрең ілесуде. Иығына бір қошқарды салып алған. Тастар емес. Кемпір ә дегенде арттарынан қуа жөнелуге тәуекел ете алмай қалшыып тұрып қалды. Сол тұрған күйі жан даусымен:

— Аттан! Аттан! Ойбай тастап кет, ойбай! Қошқарды қайда апарасыңдар?!— деп айқай салды.

Мына көріністен Айшаның зәресі ұшып, шешесінің тасасына тығыла берді. Кемпір аналар сол бойы қара үзіп алыстай түскенде шыдай алмай ышқынып:

— Таста, ойбай, таста,— деп жүгіріп қуа жөнелді. Оларды ұстайын деп емес, шешесінен ажырап қалуға қорқып Айша да жүгіріп келеді. Үрейден даусы шықпай, үні бітіп қалған.

— Ойбай-ай, енді қайттық?— деп жанұшыра жүгірген бойы зарлап келеді шешесі.

Алдыңғы ұры төмен түсіп көрінбей кетті де соңғысы сайдың ернеуіне таяй берді. Алды терең жыра.

Енді сәл кешіксе тасаланып үлгіреді. Сайға ілікті дегенше көз жаздырып кеткені. Мына түнде бұл екеуі оған түсуге дауаламайды.

— Ойбай-ау, көріп тұрып айрылды-ау? Не бетімді айттым? Айша-ау, мылтығың қайда, атсайшы, ат! Ойбай ат жылдам!

Ес-түсінен айрылғандай санасызданып қалған Айша ешнәрсені пайымдауға мұршасы келмей, тек шешесінің бұйрығымен қолындағы мылтықты көтере беріп, қошқар арқалаған кісіге кезеген күйі шүріппесін тартып кеп қалды. Өзінің ауыр соққыдан шалқалап құлай бергенін ғана сезді. Сәл сәтке есі ауып кеткендей болып, көзің ашып алса шешесі сүйреп тұрғызып жатыр екен. Мылтықтың дүмі ұрған иығы ауырып, шыдатпай барады.

— Не болды, байғұс бала, тфә-тфә деші! — Кемпірдің басқамен шаруасы болмай мұның асты-үстіне түсуде. Айша орынан түрегелгенде маңдай алдынан, арқан бойы жерден селтиген жалғыз қошқарды көрді. Онан әрегіректе ышқына ыңырсыған кісінің даусын естіді.

— Апа, не болды? Анау кім? — дегенді эзер айтты.

— Білмедім не сұмдық екенін. Білмедім. Жүрші үйге барайық, жүрші. — Дегбірі қалмаған шешесі мұны кейін қарай сүйреледі. Бұлар үйге жақындай бергенде кенет абалай үрген иттің даусы естіліп, таянып келіп қалған аттылы кісінінің қарасы көрінді. Мұсат екенін таныған соң екеуі бірдей ағыл-тегіл дауыс салып, солай қарай жүгірді. Бұлардың мына пошымынан әлде не сұмдыққа кезіккенін сезіп тұрғанымен ол өзін-өзі ұстап, екеуін сабырға шақыра тіл қатты:

— Жаным-ау, не болды? Амансыңдар ма?

— Бір сұмдыққа ұшырадық, білмеймін, не болғанын. — Мөңкіш жүрегі талып кеткендей қолымен кеудесін басып жүрелей отыра кетті. Айша ағыл-тегіл жылаған күйі состиып тұр.

— Сабыр. Сабыр етіндерші. Жөндерінді айтшы.

Екеуі эзер дегенде болған жайдың нобайын баяндап шықты.

— Ана жатыр. Анау бір тұста, — деп сілтеді кемпір жыра жақты мезгеп.

— Жүр, — деді Мұсат кемпіріне. — Айшажан сен үйге бара берші. Қорықпа енді. Тәуекел бір бұйырғаны болған шығар. Кемпір мылтығыңды маған бер.

Әкесі мен шешесі ес-түссіз қанға боялған біреуді үйге көтеріп кіргізіп, оң жаққа сұлата салды. Айша жаралы кісінің жүзіне көз салған бойы:

— Қыдырбек!— деп шар етіп талып түсті.

Жігіт сол түні көп кешікпей дүние салды. Ертеңіне есік алдындағы таудың беткейінен Мұсат бір кісі сиятындай жер ойып оны соған жерледі.

Айдаладағы жалғыз үйдегі үшеуі мылқау болғандай тіл-ауыздан қалған. Бір-бірінің жүзіне қарауға қорқатын сияқты. Ешқайсысында өң де, түс те жоқ. Құр сүлдері жүр. Не істеп, не қойғандарын білмейтін мең-зең, қаралы күйде. Осы күндері қас қылғандай бұл ауылға ат басын бұрған бір пенде болсайшы. Үшінші күн дегенде Мұсат:

— Қой, болмас, арыстай біреуді атып тастап, үн жоқ, түн жоқ қалай жата береміз. Бүгін болмаса ертең сұрамас дейсің бе? Сонда не айтамыз. Ұры болып шықпаймыз ба? Ауданға барайын, мелісаға хабарлайын. Тәуекел бұйырғанын көрермін,— деді.

Кемпірдің зәресі ұшып, шошып кетті.

— Өзің барып айтпақшысың ба? Сонан соңғы күніміз не болады?

— Енді қайтемін. Басқа не ылаж бар. Бірақ,— деді шал әлдене тәуекелге мықтап бел буған сыңайда катқылдау үнмен.— Жігітті атқан мен. Қай-қайсыңнан да сұраса солай дендер. Ұқтыңдар ма? Мал ұрлап бара жатқан ұрыны атқан мен. Онан басқа жол жоқ. Айшажан естіп тұрсың ба? Кім сұраса да осы.

Айша бұрышта бүрісіп отырған күйінен селт еткен жоқ. Мына әңгімені естімеген жан сияқты.

— Неге үндемейсің шырағым, естідің бе айтқанымды. Қылмысты болып сенің ұсталғаныңды көргенше шешең екеуіміздің құздан құлап қарға, құзғынға жем болғанымыз жақсы. Ұқтың ба?— Әкесінің үні шарасыздықтан күңірене шыққанымен бұлтартпас бұйрықтай қатаң, сесті естіді.

Кемпір тағы боздап жылай бастады.

— Қой,— деді Мұсат сабырлы үнмен.— Құдайға да, пендеге де аян, қасақана істегеніміз жоқ. Жазмыш. Аққарасын айырар. Нақақ күйдірмес.

Осыны айтты да шал жинала бастады. Хош айтысып, шаруаның ретін тапсырып болған соң, Мөңкішті былайырақ алып шығып, оңаша сөйлесті.

— Ал, енді шаруаңа ықтият бол. Ана баланды байқа, көз жазба. Назары тым пәс. Аллаға тапсырдым. Әлдеқандай жағдай болып мен орала қоймасам,— деді сонан соң күдігін де жасырмай. — Ел ортасына көшіп

барындар. Бұл жерде жалғыз отырмандар. «Бұйрықты іске дауа жоқ». Айшажанға ие бол.

Әкесі кеткеннен кейінгі екі түнде де бұлар сол баяғы көрер таңды көзімен атырумен болды. Күні бойы далада шошып мал соңында жүреді. Кешке қарай төсекке де қисаймай, жинаулы жүкке сүйенген-сүйенген бойы бүрісіп отырғандары. Үшінші күні кешке салым Мұсат шал қайтып оралды.

— Ойпырмай, аман-есенсің бе? Шаруаның беті қалай?— деді шалы сөз бастағанша шыдамы жетпеген Мөңкіш.

— Ауданға бардым. Болған жайдың хабарын айттым. Заң орныны бәрін сұрап жазып алды. Сонан соң: «Керек болсаңыз өзіміз шақыртамыз. Ауылыңызға қайта беріңіз. Алаңдамай жұмысыңызды істей беріңіз» деді.

Мөңкіш шалын қамап қойған шығар деп ойлаған. Сол ойдың әсерімен:

— Ауданда қайда қондың?— деп сұрады.

— Ақша бөлімінде қызмет істейтін ел жақтың бір жігіті бар еді. Көшеде кездесіп, танып сәлемдескені. Соның үйіне барғаным. Оның аузы дұрыс. «Ақсақал сіз уайымдамаңыз. Ол үшін жауапқа тартылмайсыз,— деді.— Сіз қоғам малына ара түстіңіз. Олар өзі қашып жүрген ұрылар екен. Кінә өзінде»,— дейді. Оқыған, сауаты бар жігіт қой бір нәрсе білетін шығар.

Мұсаттың хабары да, қабағы да жаман емес. «Жеті нан құдайысын» айтып кемпір жылап жіберді. Біраздан бері бұл үйді жайлап алған қаралы күйдің азасы сәл сейілгендей болды.

Мұнан кейін бір-екі рет ауданға сұраққа шақыртқаннан басқа Мұсатты әурелеген ешкім жоқ. Бұл әңгіме ұмыт бола бастаған.

— Адамның баласы ғой, обалды. Басын қарайта салайық. Таудың беткейі — су ағады, қар көшеді дегендей топырағын тегістеп жоқ қылып жіберер,— деп Мұсат жалғыз мүрденің айналасына тас қалап, төрт құлақ тұрғызды.

Есіктен шыға келгенде тау бетінде сонадайдан көзге ұрып тұратын жалғыз мола Айшаға жасаған қылмысының өшпейтін таңбасындай бадырайып жанын жейтін.

Алғашқы кезде шешесіне:

— Апа, осы жерден көшейікші,— дейтін.

Өстіп жүргенде қыс түсіп кетті.

— Жазға қарай жер аяғы кеңігенде болмаса, қыстың көзі қырауда қайда барамыз. Жылы баспана, жи-

наған отын-су қайдан табыла қояды. Көктемге дейін шыдайық,— деп Мөңкіш басу айтты қызына.

Қыс аяғына қарай асудағы жалғыз үйде, бұлар керек етті ме, етпеді ме онымен санасып жатпай-ақ, табиғаттың өзіне жөн есебімен, бұйрығына сай, жас шарана дүниеге келді. Бұл жаңалыққа, бәлкім қуанған да, ренжіген де жан жоқ болуы ықтимал. Үйдегі үш ересек жанның ішінде не бары бір табиғаттың өзіне ғана аян сыр. Алайда жаңадан түлеп, қайта тіріле бастаған мына көктем күніндегі жаратылыспен бірге дамылсыз талпынып, тіршілікке ұмтылған жас өмір иесі өсіп келе жатты. Бұл жаңалық осы өзінің болашаққа деген талпынысымен, өмірге деген құштарлығымен төңірегіндегі қоңырқай әлемге сыңғыр үн таратып, көңілді күй шертіп, ол әуеніне көңіл аудармауға болмайтынын сездіре бастаған. Бұрын сыр бермейтін шал жас нәресте өзіне қарай талпынған сайын жүзіне жылы шырай жүгіріп, жымиятын болды. Бір қыздан басқа төңірегінде тұлдыры жоқ, жан басына зәру қарт арттан ерер тұяқ, жұрағат санады ма оны бірте-бірте бауырына тарта берді. Алдына алып:

— Атасына дәрмен, қуат қой,— деп отыратын болды.

Ол бері қарап өскен сайын Айша да басын жерден көтере бергендей. Көңіліне жалғыз мола жақтан есіп тұрғандай сезінетін ызғар лебі саябырлап, жанын жеген азапты ойдың салмағы азаяйын дегендей. Осы бір жас өмірдің тіршілігі мұны жан азасынан арашалап алатын тәрізді. Кінәсын жеңілдететін тәрізді. Сонан соң да, аналық парызы өз алдына, оның өмірі үшін бұл енді қарыздар пендедей сезінген.

Дәрмен бір жастан асып апыл-тапыл аяқ басып жүргенде бүкіл елдің тұла бойын түршіктіріп, қабырғасын қайыстыра күйзелткен соғыс атты алапат басталды. Соғыс біткен соң, қырық алтыншы жылдың қысында, Мұсат ескілікті көкірек ауруы қозып, сонан дүние салды. Айшалар осында қыстап шығып, көктемге салым асудағы базды малымен басқа кісіге өткізіп, төменге, етектегі колхоздың қоныстануына көшіп келді. Екі әйел мен жұдырықтай баланың таудағы жалғыз үйде қалуының енді қисыны жоқ еді. Әрі Дәрменнің мектепке баратын мезгілі келген.

Көшерден бір күн бұрын Айша Дәрменді ертіп беткейдегі бейітке келді. Жерден бір уыс топырақ алып қабірдің үстіне салды. Дәрмен де Айшаның айтуымен солай істеді.

— Тәте, бұл кімнің моласы?— деп сұрады ұлы сонан соң.— Біздің туысқанымыз ба?

Айша не айтарын білмей тығылып қалды.

— Жоқ,— дегенді әзер айтты. Алқымына жұдырықтай тас келіп кептелгендей қинала жұтынып, арғы жағынан лықсып шықалы тұрған көз жасын зорға тежеді.— Білмеймін, айналайын. Осы жерде баяғыдан жатқан мола ғой. Бір бейшаранікі шығар,— деді ұлының жүзіне тура қарамай тайсақтаған күйі.

— Онда неге біз топырақ саламыз?

— Солай еткен сауап, айналайын. Үлкендер айтады ғой: «Қабір көрсең бір уыс топырақ салып, құдай рақмет қылсын деп өт. Тірі жанға ол парыз»— деп.

— Тәте, атамның басына да барып топырақ саламыз ба?

— Атаңның қабірі төмендегі ауылдың жанындағы көп қорымның ішінде ғой. Көшіп барған соң көресің. Алып барамын. Қариялардың біреуін ертіп алып құран оқытасың. Атаң өзіңе үнемі солай деп тапсырып отырушы еді ғой.

— Иә,— деді бала төмен қараған күйі ойланып, жабырқау тартып. Сәлден соң бұған жүзін бұрып.

— Тәте, атам енді қайтып келмей ме?— деп сұрады.

— Келмейді ғой, қалқам.

— Әжем атаң келеді. Кейін өлген кісілердің бәрі тірілетін көрінеді деп отырады ғой.

— Кішкентай болған соң сені қорықпасын деп жұбатқаны ғой. Өлген кісі тіріледі деген жай сөз ол.

Дәрмен мұның айтқанына ықтияр болмағандай қабағын шытты. Атасын тап бір бұл қайтарғысы келмегендей көңіліне алып қалған сыңайы бар. Сонан соң баланы жұбата еркелетіп, басынан сипады.

— Сен енді үлкен жігіт болдың емес пе? Биыл мектепке барасың. Оқып азамат боласың. Оқушыға мұндай әңгіменің керегі жоқ. Әжең қартайған кісі айта берседі. Өзің оқып үлкейген соң бәрін білесің, түсінесің әлі.

Айша осылай баланы көңілдендірген соң:

— Үйге бар енді, жүгір. Әжең жалғыз отыр. Сені іздер. Мен сәлден кейін барамын,— деп оны ауылға жіберіп, өзі сай табанына түсіп, биік боз талдың бір шыбығын кесіп алып келіп, моланың бас жағына екті.

Бойын жазып түрегеліп, өзі тұрған биіктің төбесіне қарай жүрді. Ең үстіне шыққанда көк жиек кеңейіп, көсіліп сала берді. Қаратаудың көз жетер жердегі қатпарқатпар жондары, шың-құз, биіктері бәрі-бәрі алақанда-

ғыдай сайрап жатыр. Сонау төменде, асудың бойындағы отырған үйі торғайдың ұясындай болып қана жұпыны қарауытады. Төбеде аспан, төңіректің бәрі тау. Бір-біріне мінгесіп, тіркесіп, көз жетпеске сіңіп жатқан тау шоқылары; қанаттасып керіліп, созылып жатқан қоңыр жондар. Қай жағына қарасаң да ұшы-қиыры жоқ тау сілемдері. Тау. Тау. Тау... Түстіктен баяу ғана желпіп жылы леп соғып тұр. Далада көктем күйі, көктем иісі. Жүзін жылы жас жуып, Айша тау басында ұзақ тұрды. Орталыққа көшіп келген соң екі жылдан кейін шешесі қайтыс болды. Оны шалының қасына қойып, аманатын атқарды. Үйде Дәрмен екеуі ғана қалды. Өзі колхоздың түрлі науқандық жұмысына шығады. Баласы мектепте.

Дәрмен үшінші класс оқып жүрген. Бірде көктемде күні бойы соқаның соңында жүріп дінкесі құрып шаршап келсе ұлы сора-сорасы шығып жылап отыр. Өзі бала болып көп жыламайтын. Еркелігі де аз. «Бұрын мұндайы жоқ еді, ересек балалардың бірі ұрып зәбірледі ме екен» деп ойлаған.

— Кім, кім тиді, құлыным?

Бала қыстығып, өксіп-өксіп егіледі, үндемейді.

— Байғұс-ау, саған не болған? Кім тиді, айтшы.— Айша дауыс көтеріп ашулана сұрады.

Бала жылағанын тоқтатып, мұрнын қорс-қорс тарта, бұған жапақтай қарады. Айша оны аяп кетіп, басынан сипап, бауырына тартты.

— Не болды, жаным? Неге жыладың?

— Тәте, менің көкем қайда?

Айшаның жүрегі тоқтап қала жаздады. Тұла бойы бақайшағына дейін мұп-мұздай болып шымырлап кетті. «Тек құлап кетпейін, тек құлап кетпейін»— деп өзін-өзі эзер ұстады. Бір шама уақытта барып есін жиып:

— Оны неге сұрадың?— дегенді эзер айтты.

— Қласта бір бала сенін әкең жоқ. Сенің әкең соғысқа қатысқан емес. Оны ешкім білмейді. Менің әкем соғысқа барып қайтпай қалған. Оны ауылдың бәрі таниды деді. Тәте, соның айтқаны рас па?

Айшаның өзегі от түскендей өртеніп, не істерін білмеді. «Суға кеткен тал қармайды». Қараптан-қарап отырып әшкерә болсын ба.

— Ол қай жүгермек? Оттапты, өтірік айтады. Соған да кісі жылай ма екен,— деді баласын бауырына қысқан күйі аймалап. Қаракөлсеңке үйде екеуден-екеу оғ та жақпай осылай ұзақ отырды. Күні бойы қыстығып, жы-



лап, шаршаған бала шешесінің ыстық құшағына кірген соң маужырап ұйықтап кеткен. Анда-санда солықтап қойып, пыс-пыс етеді. Оны сол бауырына басқан күйі Айша ағыл-тегіл көзінің жасына ерік берген.

Дәрменді үйдегілер атасының баласы дейтін. Өзі де жасында сондай пиғылда болатын. Бері таман есі кіріп, әр нәрсені зерделей бастаған шағында Айша оған: «әкең соғысқа кетіп, келмей қалған» деп ұқтырған. Бала оған қалтқысыз сенген. Бұл сырды білетін ауыл адамдары да осындай ыңғай танытатын. Осылай жүріп жатқан. Фаилиясы атасының атынан — Мұсатов. Баланың көңілінде басқа еш нәрсе жоқ еді.

Не болса да ауылдан, ағайын ішінен кетуге пейіл емес шал-кемпірдің ыңғайымен ел ортасына келгенімен Айша осыны әу бастан-ақ уайым ететін. Көз көрмес, құлақ естімес басқа жаққа кетіп қалуға әке-шешені тастай алмаған. Енді қарайлайтын несі бар? Бала мынау күн-күнге өсіп келеді. Әр түрлі әңгімеге құлақ түріп келеді. Неше түрлі адам бар. Кімнің аузына қақпақ болмақсың. «Қой, бөтен бір жерге қоныс аударған жөн шығар». Ойлай келе Айша осы шешімге бел буды.

Таудың ішіндегі баяғы әкесімен екеуі атпен баратын жерде қазір үлкен рудник ашылып, қала салынған. Теміржол жеткен. Дүниенің түкпір-түкпірінен талай ел көшіп келіп сонда қоныстанып жатыр деп еситін. «Көпшілік жер ғой, бір жұмыс табылар. Сол көшіп келіп жатқан жұрттың біріндей үйренісіп кетермін»,— деген ойға ат басын тіреді.

Жанашыр деген екі-үш жақын ағайынға осы шешімін білдіріп, ақыл салып еді, алғашқыда олар мұның қалай деп өкпе айтты.

— Шырағым, Мүсекеңнің бір баласын арамызға паналата алмасақ, несін ағайын болып жүрміз. Неден тарықтың? Қандай жағдайың бар, бізден жасырма. Қолдан келген көмегімізді жасайық,— десті.

Бұл ағайынға, ауылға еш өкпесі жоғын айтып, жағдайын түсіндірген соң, олар да ойын шет көрмеді.

— Өзің біл, шырағым,— десті енді.— Әйтеуір ел ортасы деп бір-бірімізге қарайлап кете алмай отырғанымыз болмаса, қазір бізден гөрі қаланың тұрмысы, күн көрісі әлдеқайда артық қой. Денің сау, басың жас, бір кісідей күнелтіп кетесің ғой. Жолың болсын. Ағайынды, ел-жұртты ұмытпа, хабарласып тұр.

Екі-үш күннен кейін колхоздың ат арбасын алып, азын-аулақ жүгін тиеп, ауылмен қош айтысты.

Үркектей кіргенмен қалаға тез үйренісіп кетті. Келген бойда құрылысқа сылақшы болып орналасқан. Екі-үш ай жалда тұрып, сонан соң өздеріне бір бөлме үй тиді. Дәрмен мектепке барды. Құрылыстың жалақысы тәуір. Қалада пұлың болса керегің табылады. Тұрмыстары оңала бастады.

Әйтеуір, еңбектен аянған жоқ. Сонан соң да ма үлкен, кіші силап, жүрген ортасының өзіне ниеті түзу болды. Жиналыста төрге шақырды. Мейрам, тойда екі кісіге сыйлық берсе бірі бұған тиді. Мінезі ашылып, ажары келісіп, толып-толысқан, бап-байсалды келіншек болды. Басынан тағдырдың бұйрығы солай ма, Айша ұлының тілеуін тілеп өмірін жалғыз өткізе берді. Бірақ көрінгеннің етегінен ұстай кетуге ықтияр болмады. Орайы келетін жан кездеспеді. Тұла бойы қызып, ыстығы көтеріліп, аласұрып ұйықтай алмаған кей түндері: «мені еркектің киесі ұрған шығар»— деген ойға қалатын.

Дәрмен онжылдықты үздік бітірді. Сыптай жігіт болып өсті.

— Талабыңнан қайтпа. Сені оқытуға шамам келеді. Қатарыңнан қалма. Оқуға бар. Алдағы несібеңді өзің білесің. Ал қазір жетімдігімнен болды-ау, сөйтетін едім деп жалтақтама. Денім сауда сенің керегіңе жараймын,— деді оған кесімді түрде.

Шешесінің жігерлі сөзінен қуат алғандай бала қуаныштан бал-бұл жанды. Сол жылы үлкен қалаға барып, кен іздеушінің үлкен оқуына түсті.

Тағдырдың мұнысына шүкір, баласы жүрдім-бардым біреу емес сап-салиқалы жігіт болып өсіп келе жатты.

Қуаныштың адам қадірін біле ме. Әдетте кісі жадында қайғы болмаса қуанышты сәт көп сақтала бермесе керек-ті. Алайда Айша сол бір күнгі қуанышын әсте ұмытқан емес. Сол қуанышты көңіліне ұялатқан Дәрменнің сол хатын әлі күнге бой тұмардай сақтап, жоғалтқан емес.

Сонан аз күн бұрын ғана Айшаның «Еңбек Қызыл Ту» орденімен наградталған хабары келіп, көп жиналып той өткізіп, баласынан хат алғанда өзі көңілді жүрген.

«Тәте, қымбатты тәте,— деп бастапты Дәрмен.— Алдымен орденіңізбен құттықтап қояйын. Бұл хабарды газеттен оқығанда қуанышымда шек болмады. Қасымда бір кісі келе жатыр еді. Жақын кісі. Сізге де бөтен болмайды...»—«Қыз екен ғой»,— деп ойлады Айша. Екеуіміз бір-бірімізді құттықтап құшақтай беріппіз. Көшедегі ел күліп өтіп жатыр. Тәте, жанымдағы кісінің бүгін

туған күні еді. Соны тойламақ болатынбыз. Оған мына жаңалық қосылды. Жолдастарымның бәрі қуанды. Сіз үшін тост көтердік...»—«Аздап ішкен екен ғой қуанышқа,— деп ойлады Айша.— Ішсе ішсін, жігіт болған жоқ па. Оң-солын таныды. Бұл бағып қасында жүре ме. Өзі білер». Дәрмен бұрын хатты бұлай шешіліп жаза бермейтін еді. Сабағының барысын, өз жайын қысқаша ғана хабарлай салатын. Сонан да ма кейде «баласы өзіне салқын емес пе осы» деп іштей қауіптенетін.— Тәте, қазір Гүлнәрді жатақханасына шығарып салып келіп сізге хат жазып отырмын...— «Есімі Гүлнәр болды ғой. Аты жақсы екен...»— Бөлмедегі үш жігіттің үшеуі де ұйықтап жатыр. Терезе жақтағы менімен тұстас кереуетте жатқан Жолдас ұйқысырап әлденені айтып қояды. Оның сөйлеп ұйықтайтын әдеті. Онан кейінгі төсектегі Мұхан мен шам жағып столға отырғанда: «Дәрмен-ау, қыздарға хат жазатын кезден әлдеқашан өтіп кеткен жоқ па едік, мұның не?»— деп әзілдеп іргеге қарай айнап түсті. Ал Қалкеннің үстінен түйе ойнақтаса да оянабайды ол. Жатысы сондай жайлы. Пыс-пыс етіп төсекке қисайған жағынан азанда бір-ақ тұрады. Бәрі де жақсы жігіттер...— «Өзі жақсы кісіге — елдің бәрі жақсы. Жолдастарыңмен сыйласып, тату тұрғаның дұрыс, айналайын...»—Тәте, бүгін газеттегі хабарды оқығанда сұмдық қуандым. Сіз де қуанатын шығар деп қуандым. Жалғыз өзіңіз жабырқап, шаршап жүргенде бір серпіліп қалатын болды-ау деп қуандым. Сізге оңай болмағанын сеземін, тәте. Сіздің басыңыздан қандай күй, қиындықтар өтті, әрине, мен оның бәрін біле бермеймін. Менің білетінім — мені адам болса екен деп тіледіңіз. Қалайда мені адам етемін деп жаныңыз тынбады. Маған құрбан болуға пейілсіз. Тәте, сол еңбегіңізді, ықыласыңызды ақтауға тиіспін. Неге айтқанын ұмытып қалыппын. Бала күнімде әжемнің сізге: «Әкең тәрізді қайырымды, кісі аяғышсың, ол өзіңнің сорың ғой »— деп ұрысқаны әлі есімде. Шынында сіз қайырымдысыз ғой, тәте. Өмірде сізді ренжітпеймін...— Хаттың осы жеріне келгенде елжіреп өзін-өзі эзер ұстап отырған Айша жаулығының ұшын көзіне апара берді.

Мұнан кейін Дәрмен диплом жазып жатқанын, көктемде оны қорғаған соң, үйленетін қызын ертіп (ол да бныл институтты бітіреді екен) ауылға баратынын жазыпты.

Айша қатты толқыды. Ертесінде жұмысқа сондай

сергек, жайдары келді. Бірге істейтін әйелдерге қуанышын айтып бөлісуге асықты.

— Кешке біздің үйге жиналындар. Тойым бар,— деп шақырды оларды.

— Әй, балам келді деген жоқ едің ғой. Не той? Ордениңді әнеукүні ғана жуып едік қой,— деді біреулері.

— Ой, той көптік ете ме, тойға шақырса бара беру керек емес пе,— деді бірі.

— Әрине, әрине, барамыз,— десті көпшілік.

— Мен бүгін мұратыма жеттім,— деді Айша шын шаттанған кейіпте, мас кісідей толқып.

Елдің бәрі мынау не деп тұр дегендей аңтарыла қарап қалыпты. Әйелдердің қайсысы әзілдеп жатыр:

— Әй, сен ішпеуші едің ғой.

Айша күлді.

— Ішетін кезім келсе неге ішпеймін.

— Өзің жақсысын, әй. Жарайды онда. Әйтеуір бір нәрсеге қуанып тұрсың ғой. Құтты болсын. Қуанышың баянды болсын.

Әйелдердің бәрі осылай деп тілек білдіріп жатыр.

— Рақмет, маған керегі тек осы тілектерің. Осы тілектерің қабыл болсын,— деді бұл шын көңілмен тебіреніп.

Жазға қарай баласы оқу бітіріп, келін алып келіп Айша үлкен тойды сонда жасады. Ел тарап абыр-сабыр басылған соң Дәрмен шаруа жайын ақылдасты.

— Тәте, мені сол үлкен қаланың өзінде, министрлікке инженерлік жұмысқа жіберіп отыр. Келініңізді де сол өзі бітірген мұғалімдер институтында оқытушы етіп қалдырмақ. Келісім берсеңіз соны жөн көріп отырмыз. Барып жұмысқа орналасқан соң сізді көшіріп аламыз. Қалай қарайсыз осыған?

— Айналайын, қазір маған алаң болмандар. Дұрыс деген жұмыстарыңа бара беріңдер. Жерге қарап отырғаным жоқ. Үйім басымда, үйренген жұмысым. Таныс адамдар.

— Тәте, сонда біз ол жақта, сіз бұл жақта. Айналырған үшеуіміз бөлініп жүрмекпіз бе?

— Шырағым, мен сендерден қайда кетеді дейсін. Түбі сендерге барамын ғой. Әзірге мынау үйреніп қалған жұмыс, пенсияға шыққанша істей тұрайын. Оған да аз қалды ғой. Үлкені де, кішісі де туғандай бауыр басып кетіп еді. Қадырсыз емеспін. Тағы қай жерге барып кірме болып жүрмекпін. Тап қазір дайын тұрған үйлерің жоқ. Оған дейін пәтер алындар.

Дәрмен мен келіні бұл ақылын теріс көрмеді. Айша пенсияға шыққан соң, екі немерелі болған кезде ғана баласының қолына көшіп келген.

Біраз жыл болды Дәрмен Қаратаудың баяғы «Көктас» асуы аймағында зерттеу жасап жатқан кен барлау партиясына бастық болып бекітілді де, көбіне сол жақта тұрып қызмет атқарып жүрген. Үйіне ара-тұра келіп кететін. Ол жерден сұмдық көп кен табылды. Қала салынып жатыр деген хабарға Айша көптен қанық-тын. Енді міне сол жаңа қалаға баласын бастық етіп жоғарылатыпты. Бәрі көшіп бармақ. Айшаның туған жерді сағынған көңілі солай қарай бой ұрып, жүрегі қуаныштан лүпілдеп жатқандай. Түні бойы осылай ой жетегінде, көз ілмей шықты.

Поезд тура жаңа қалаға дейін баратын болыпты. Кілең таудың теріскей етегін бөктерлей салған темір-жол бойына ана жерден де, мына жерден де ауыл қоныстанып, бұрынғы иесіз жатқан жапан дүз шиландай елге айналған. «Көктас» асуының төңірегі кісі танымас-тай өзгерген. Тауды ерсілі-қарсылы тіліп салған тас жолдар. Электр жүйесінің қанаттаса тізіліп, айқыш-ұйқыш кетіп жатқан биік темір бағандары, қызылды-жасылды сан түрлі ағылған машина. Арқарлар ғана жосып, жортып жүретін жан баспаған шоқылардың үстінде төбесімен көк тіреп түтін атқан мұнаралар. Асу етегіндегі қойнаудың кең жазығында ол шетімен бұл шеті ат шаптырым қала жатыр.

Айша ертегідей мына көрініске таңқалды. «Ойпырмай, не деген күш. Не деген құдірет»,— деп тамсанды. Адам емес табиғат та өзгереді екен. Бұл бұрын Айшаның зерделей бермеген нәрсесі. Асудағы көп бұлақ тартылып, ит тұмсығы өтпейтін қалың жыныс сиреген. Ұшқан құс, жүгірген аң көрінбейді. Өзгермеген тек ұшықнырына көз жетпей мұнартып қана жататын кәрі Қаратаудың қатпар-қатпар жондары, төбеге төңкеріліп төніп, тұратын зеңгір көк аспаны ғана тәрізді. Ұлы табиғат өз орынында сияқты. Ұлы табиғат өзгермейтін сияқты. О, қасиетті жаратылыс!

Айша асудың төбесіне таянып келіп тоқтаған жеңіл машинаның жанында қалған. Жон үстінің кісінің жанын жадыратып, сарайын ашар саумал самалы аңқылдап соғып тұр. «О, шіркін, Қаратаудың самалы-ай! Сенің ауаңа не жетсін!»— дейді Айша ақ шәйі көйлегінің етегі мен жаулығының ұшы желге желбірей, терең тыныстаған күйі, жеңіл демалып.

Дәрмен мен Бақытжан қарсы беттегі биік шоқыға көтерілеміз деп сайға түсіп кеткен. Айша төңірекке көз жүгірткен бойы, сол қалпы ұзақ тұрды. Беткейдегі жалғыз моланың тастан қалаған төрт құлағы сонадайдан көзге шалынады. Айша жүрелей отырып, өзінің білетін кәлимасын қайырып, дұға қылды. Осы сәт көңілінде бір ой жылт ете түсті: «Өзіммен бірге ала кетсем күнә болар, Дәрменге осы жолы шындықты ашсам қайтеді. Білгені дұрыс шығар. Айтпағаным обал-ды. Мен де енді қанша жүремін. Сонан соң әйел, балаларына сездіремін десе өзі білер. «Жабулы қазан — жабулы» десе және ықтияры. Әйтеуір мен міндетімнен құтылсам қайтеді».

Осы кезде таудың басына қарай тырмыса өрмелеген баласы мен немересінің қарасы көрінді. Бақытжан алда, өршелене құнжыңдап барады.

«Әлде керегі жоқ па? Соны іздеп жатқан кім бар? Баяғыда жер құшағына енген әкесі мен шешесінен басқа ешкім білмейтін осынау көне сырды қайта қозғамай-ақ қойған жөн бе?»

Көңілі екі ұдай болып, қатты дағдарды. «Қой мойныма қарыз етпейін. Шындықты айтқан жөн шығар. Соны айтқаннан не бүліне қояр дейсің?..» Осы шешімге тәуекел еткендей, орнынан тұрып, етегін қақты. Аяндап асудың ернеуіне қарай беттеді.

Биікке шығып қайтқан екеу жыраның бойымен өрлеп, жақындап келе жатты. Айша тапа бір үкім алдында тұрған жандай дегбірі қалмай, мазасыздана бастады. Олар таянған сайын тайталасқан екі сезімнің қыспағы тарыла түсіп, не істерін білмей шарасызданды. Қолыбасы дірілдеп, өңі қуқыл тартты. Шешесінің қажып тұрғанын аңғарған Дәрмен:

— Біз көп жүріп қалдық па, тәте, шаршағансыз ғой деймін. Шөлдедіңіз бе? Жүріңіз ауылға қайтайық,— деді машинаға қарай бұрылып.

— Жүрсек жүрейік,— деді Айша осы жерден кетуге асыққандай.

Машина қыж етіп, от алып, сырғи жөнелгенде үстінен бір ауыр салмақ сырылып түскендей бойы жеңілдеп қалды. Арт жағынан тезірек алыстағысы келгендей алға қарай ұмтылып, ентелей отырды.

Жолы бойы келе жатып Айша осынау құпияны ұлына өзінің енді қайтып айта алмайтынын, ол сырды ашуға қашан да тәуекелі жетпейтінін түсінді. «Сол да жөн шығар», деп алға қара түзеле отырды.

Машинаның әйнегінен ішке самал соғып тұрды...

# ӘҢГІМЕЛЕР



## ШӨЛ

*Жан болып жаралған соң әрнәрсеге шөлдеуің ықтимал. Онсыз өмір бола ма? Керек десең, әсте шөліркеп көрмеген адам тіршіліктің қадыр-қасиетін жете түсініп, дүние сырына терең бойлай қоюы да екі талай... Бір кезде сусынға шөлдеген кішкене Берденім өскенде мейрімге шөліркеп жүрсең оғуы да талайыңа жазылған тиесім деп білгейсің. Шыдам мен қайрат мұнан да алып шығады деп сенгейсің. Ана жердің үстінде сеніменен тағдырлас, армандас, сапарлас, жан дүниесі жақын жандар жеткілікті шығар. Солардың қай-қайсысына да; жалпы жақсылыққа шөлдеп жүрген әр бір ақниетті адамзатқа, мейірің қансын деп тілек тілер едім.*

Автор

— Апа, көкеме барып қайтамын,— деп қыңқылдай берді Берден.

— Өзі де келіп қалар, сен қалай барасың? Жалғыз жете алмайсың ғой, таба алмайсың ғой,— деп басу айтады шешесі.

— Табамын, таба аламын ғой. Түп-тура жолмен жүремін де отырамын. Жол «Төбскөңнен» өтеді, сонансоң «Қосмаяға» барады. Шөп ауыл «Қосмаяның» жанында деп еді ғой. Таплайтын несі бар.

— «Қосмаяға» жеткенше екі арада ел жоқ қазір. Малшылардың бәрі тауға, жайлауға шығып кеткен. Жалғыз қалай жүресің. Мына шілде де айдалада ұшып өлерсің. Адасып кетесің бе, қайтесің. Қойсайшы, шырағым, осы желөкпеленбей.

Берденнің шешесінің сөзіне тоқтай қойғысы жоқ.



Есіл-дерті әкесін барып көріп қайту. Шөп ауылда сауын жоқ. Әкесінің ақырап жүргені сөзсіз. Соны ойласа қарадай-қарап отырып өзі шөлдегендей болады. Бар ықыласы екі қарын айранды қоржынға теңдеп алып, әкесіне, шөпшілерге барып қайтса. Әкесі де, шөпшілер де бұған риза болып қалса. Әрі өзі әкесін сағынып жүр. Әкесі кетерінде: «Апталап болмағанымен он шақты күнде бір рет келіп хабарласып, қал-жағдайларыңды біліп кетіп тұрармын. Малға ықтият болыңдар. Ел ортасындасыңдар ғой»,— деген еді. Сонан бері айға жақындап қалды, қара көрсеткен жоқ. Ара-тұра екі араға қатынасқандардан бұлардың хабарын сұрап, сәлем айтып жібереді тек: «Шөпте кісі аз. Ауылға барып қайтуға сонан шыға алмай жүрмін. Қалт еткен бір сәті болса соғармын»,— дейді. Күте-күте, қарай-қарай Берденнің тағаты таусылуға айналған. Сонан соң күнде жатарда: «Ертең көкеме барып қайтамын, айран жинап құйып бер»,— деп шешесіне қиғылық салады.

Қайта-қайта балалары тұрақтамай, шетіней беріп, перзенттің тақсиретін көп тартқан Қалима қазір қолында бар, көз алдында жүрген үш-төрт кішкентайының үлкені болған соң Берденді бетінен қақпайтын. Еркелетіп, маңдайынан сипап, шолжаңдатып жатқаны да шамалы. Тек тірі жүрсе болды дейтін де қоятын. Сонанда ма әкесіне құрақ ұшып тұратын Берден шешесіне мойын толғаулық жасай береді. Өз дегеніне көндіруге ықтияр.

— Немен барасың? Саған көлікті қайдан тауып беремін. Ат әкенің астында. Көріп отырсың ғой, малды жаяу бағып жүрмін,— дейді, ылажы таусылғандай қынжылып.

— Қуан ұстаның қара ешегін сұрап әкеп бер.

— Онымен жете алмайсың-ау. Ол бір шабан жамалдатқыр ғой. Сескенетін ересек кісі болмаса балаға жүрмейді. Сенің әлің келмейді оған.

Берден қасарысып алған, бетінен қайтпайды.

— Әлім келеді жүргіземін. Сұрап әкеп берші.

— Ойпырм-ай, айдалада ұшып өлесің-ау. Сені не сайтап тұртті. Қоймай қойдың.— Қалима не істерін білмегендей дағдарады. Сөйтіп отырып күйеуіне тиіседі:

— Осы колхоздың шөбі сол болмаса жинналмай қалатындай ол да байланып қалды ғой сол жаққа. «Ой, шырағым, бағып отырған малды кімге тастаймын, мені әурелеме» деп басында бармай қоятын адам емес пе? Біреуге жоқ деп қарсы сөз айтуға бет моншағы үзіледі де тұрады. Осы ауылдың қай малшысы малын қатын-ба-

ласына тастап шөп шабуға барып жатыр. Ә десе мә дей ұшып тұрған бұл ғана.

Қалима осы бойда шөпте жүрген күйеуіне біраз реніш айтып барып тоқтайды. Сонан соң:

— Байқұс бала, болмай қойдың ғой. Сұрасам сұрап әкеп берейін есегін,— деп орнынан тұрады.

«Жаңажолдың» қоныстануын қыстайтын ел жазға қарай киіз үйлерін көтеріп, ауыл қасындағы «Жайлау-құдықтың» жазығына келіп алқа қотан отырады. Қазір де ебелекті кең жазықта жиырма-отыз киіз үйлі үлкен ауыл бар. Берденнің үйі солардың тақ ортасында. Әкесі Серәлі колхоздың бір қора ешкісін бағатын. Шілде туа Серәліні колхоз бастығы Жақсылық шақырып алып қолқа салды.

— Секе, «Қазотыдағы» шабындыққа шөпшілерді жөнелткелі жатырмыз. Баратындардың дені әйел, балашаға болды. Соған естияр, бас не бір кісі керек болып тұр. Бригадир мына егіннен босайтын емес. Әрі ауыл төңірегіндегі азын-аулақ жоңышқа, жүгеріні де уақтылы суарып, уақтылы жинатуға кісі керек. Мен бірде тауда, малда, бірде ойда жүремін. Осыған өзіңізге тіреліп отырмын. Басқа бара қоятындай адамның ыңғайы жоқ.

Заты кісіге жоқ деп айта қоймайтын Серәлі өтініп тұрған соң бастыққа жоқ дей алмады.

— Қайдам, енді, үймен ақылдасып көрейін. Сенің де қысылғаныңнан айтып тұрғаның шығар.

— Ол не дегеніңіз, Секе! Басқа ылажым болса малдағы сізді әурелеймін бе? Жаздың күні мал, әйтеуір, ауыл төңірегінде жатады ғой. Ел іші ғой. Ал сіз бір ай, бір жарым ай шөпшілерге барып, қол ұшын беріп баскөз болыңыз. Қалекен де ренжімес, айтсаңыз түсінер.

— Неге ренжиді. Ренжімейді. Тек, әйтеуір, не бола алса жарағаны ғой.

— Малға ма, малға Қалекен не болады. Оған алаңдамай-ақ қойыңыз. Ақыры өзіміз илейтін терінің пұшпағы ғой, Секе! Бізге біреу істеп бермес. Көктемде су көп жайылған екен, шабындық биыл бітіп тұр. Жақында көріп қайтып едім. Сонан енді шамамыздың келгенінше біраз мая тұрғызып алсақ. Буынсыз жерден қинады деп ренжімеңіз.

— Ой, ол не дегенің? Неге ренжиміз. Бәрімізге ортақ шаруа емес пе? Осындай қауырт кезде бір-бірімізге қол ұшын бермесек елдігіміз қайсы. Сенің де осы жалынып отырғаның жеке басыңның тірлігі емес шығар.

Өзі қиналып отырғанда Серәлінің екі сөзге келмей

келісе кеткеніне Жақсылық шын қуанып, ризалық білдірген рай танытты.

— Рахмет, Секе! Бала-шағаңыздың игілігін көріңіз.

Әкесі үйге келген соң Жақсылықпен арада болған әңгімені әйеліне айтты.

Қалима:

— Бір күн емес, бір апта емес, жаз бойы шөп шабыс дегені артық екен. Бағып отырған қоралы малың бар. Ол да колхоздың малы. Қолың бос болса бір сәрі...—деп ыңғай бермей қисайып келе жатыр еді, Серәлі әңгімені ұзартпай тиып тастады.

— Әй, ол да қиналғанынан айтып отыр. Осы кісі түсінер, сөзімді жерге тастамас деген соң айтып отыр. Сөйтіп қиналып тұрғанда сақалды басыммен қалай жоқ дейін. Жаздың күні ғой бір нәрсе етерсің. Ертеңгісін өзің ұзатып жайып қайтсаң сонан кейін ауыл төңірегіне Берден айналдырар. Бірер айға шыда енді. Тәуекел.

Қалима қайтып қарсы сөзге келген жоқ. Әкесінің кірқоңын жуып, жолға алатын оны-мұнысын дайындауға кірісті.

— Атты алып қаласыңдар ма, мініп кетейін бе?— деді әкесі.— Ара-тұра ауылға қатынап, жай-жағдайларыңды біліп тұруға керек бола ма?

— Мініп кетсең мініп кет. Келетін болсаң көлікті қайдан іздеп жүресің. Малды жаяу-жалпылап баға тұрармыз,— деді шешесі.

Жаздықүні ауыл төңіректей жайылатын малға жайшылықта да ат міне бермейтін. Сонан соң торы атты әкесі өзімен бірге алып кеткенді жөн көрді.

\* \* \*

— Әй, қара есекті алып келдім. Қазір ауылдың сыртына апарып арқандап қой. Баратын болсаң ертең ерте-леп кет, ыстыққа ұрынбайтындай болып,— деді шешесі.

— Қодығы да бар ма?

— Қодығы қазір қасында. Ертең бірақ байлап алып қалу керек. Жас қодық күн ыстықта ұзақ жолға шыдамай шаршаса, жүрмей қояды. Оған қарайлап енесі де жүрмейді. Сонан соң басыңа бейнет болады. Ал қодығы ауылда қалса, барарыңда ылаждап бір жетіп алсаң болды, қайтарыңда қара есек құстай ұшып отырады. Кешке қалмай ауылға жылдам келесің.

— Онда байлап алып қалыңыз,— деп келісті Берден.

— Қайдам екі арада ел жоқ шөлдеп қаласың ба,— деп уайым салды шешесі.

— Апа, жылқы ауыл қайда? «Қосмаяның» арғы жағында ма, бергі жағында ма? Нұркен атам мен Күлжан әжем үйі бар емес пе сол жақта?

— Туу-у, жылқы ауыл қайда, біреу қайда? Жылқы ауыл қазір ар жақтағы көлдерге қарай көшіп кеткен шығар. «Исабайда» ма, «Сарыкөлде» ме отырған болар: «Қосмая», «Қазотыда» қазір су жоқ. «Шабақтының» арнасы тартылып қалған. Керек десең құдығы да ащы. Жылқы ауыл отырушы ма еді бұл кезде онда. Бірақ «Қосмаяда» бір қора тоқты бағып Нұрланбайдың үйі отыр деген. Алдымен соған барасың. Оған жетсең шөпшілер сол үйдің қасында анандай жерде көрініп тұрады деген. Сілтеп көрсетіп жіберер. Ол үйдегі әжене сәлем бер үлкен кісі ғой.

— Мақұл.

Таңертең Берденді шешесі күн шығар-шықпастан оятты. Екі басына айран толтырған екі қарын салынған ала қоржынды қара есекке артып беріп, құрт, ірімшіктен бүйірі тыңқиған шағын дорбаны қанжығасына байлады. Өзін қолтықтап ердің үстіне мінгізіп, «қодығына айналсоқтап жүре қоймас, ауылдан ұзатыңқырап шығарып салайын» деп жетелеп алып, едәуір жерге дейін апарып тастап кейін қайтты.

Берден көңілді. Таңертеңгілік салқыннан денесінің сәл тоңазығанына да мән бермей құлшына түсіп, тепеңдеп келеді. Ауыл сыртындағы жатаған боз құмақшадан асып түскен соң-ақ маңдай алдынан сағымдана толқып жатқан ұшы-қиырсыз кең жазық, жасыл өлке көрінді. Бұл баратын шөпшілер осы жалпақ даланың төсінде, сонау бір орта тұсында ма екен. Қазір бұл жерден көз жете қоймайды. Әлі алыста. Қоныстанудан шыққан қара жол жусанды, сортаң, сұр даламен ирелендей, тұптура сол жазыққа қарай тартады да отырады. Жасыл алқаптың жол бойындағы көз жетер шамасында екі жерде қарауытқан төбе, сол төбелердің үстіндегі қора-қопсының нобайы көрінеді. Берденге бұл жерлер таныс. Бергі төбе — «Төбекөң», онан әріректегісі «Қосмая». Қыста малшылар отыратын қыстаулар. Көктемге қарай қызыл су жүргенде осы ұшы-қиыры жоқ жазық су астында қалады да әлгі төбелер аралға айналады. Сол үшін су келмей тұрып, ерте көктемде-ақ малшылар қырға көшіп шығып кетеді. Сонан қара күзге дейін бұл төңірек иесіз. Қазір көз алдында мен мұндалап тұрғанымен жа-

зық үстіндегі төбелердің жүргінші таянған сайын каш-қақтап жеткізбей дінкелететін сиқырын Берден біледі. Сондықтан әне көрінді ғой келіп қалған шығармын деп емексі қойған жоқ. Әсіресе қазір бір-бірімен іргелес жатқандай қатар көрініп тұрған «Төбекөң» мен «Қосмаяның» арасындағы жазықтың жеткізбейтінін біледі. «Қосмаяға» иек арттым дегенше шөпшілерге барғанын. Бірақ соған жете қою оңай емес. Оған дейін екі арада ел жоқ. Бұл қиындықты Берден білмей, сезбей қалған жоқ. Оған әу бастан-ақ тәуекел еткен. Қазір де уайымнан аулақ. Қайта алдыңғы жақтағы сағым жүзген жасыл жазыққа құмарта, қызықтай қарайды. Әкесінің мұны көргенде: «Садағаң кетейін, сен қайдан жүрсің. Жалғыз өзің келдің бе?»— деп әрі қуана, әрі таңдана қараған өзіне сондай ыстық, қызыл шырайлы, мейірлі, дөңгелек жүзін көз алдына елестетіп, танауы делдіндеп қояды. Шөпшілердің де бұған риза болып: «Ой, азамат. Міне, жігіт»,— десіп, кеу-кеулесіп қойып, алып келген сусынына бас қояры сөзсіз. Жоқ, Берденнің бұл сапарына көңілі тоқ.

Қара ешекті қос өкпеге тебініп, қолындағы сым темірмен нығынан шұқып, қайта-қайта сауырынан шықпыртып қойып әр түрлі тәтті ойларға беріледі. Тек мына есегі түскір шабандау. Қинаңқырап келеді. «Шіркін, Құсайынның көк ешегі болар ма еді, аттай шауып отырар еді. Апама соны сұрап бер демеген екем. Бірақ Құсекең өзі суға мініп жүр, бере ме оны. Мейлі осылай жүріп отырса да жетермін. Есесіне түстен кейін ауылға қайтарда қодығына қарай зымырайтын шығар».

— Ыхы, ыхы!— Тебіне түсіп сым темірдің ұшын жүні тықырланып ақ тақыр болған шоқтықтың үстіндегі оймақтай көнтақаға жүгіртеді. Қара есек сона тигендей қыбыжықтап алға қарай ұмсына түсіп, сәл жүрісін үдеткен болады. Сол сәт Берден қайтадан қиял кеше бастайды:

«Қосмаяның» қасындағы кішкене көл тартылып қалмаса қаз-үйректің балапандары өріп жүрген шығар. Ауылға біразын ұстап алып қайтар ма еді. Бара жатып соқсам ба екен? Әлде қайтарда бұрылғаным жөн бе?»...

Осы сәт өткен жылы шешесі мал жайып жүріп ауылдың жанындағы «Домалақ» көлден ұстап әкеп берген қоңыр қаздың балапанын есіне алды. Қанаты енді қылтия бастаған, үлкендігі ұршықтың басындай ғана кішкене қоңыр ала балапан еді. Бұл алғашқы да ескі тымағының ішіне салып, мысық жеп қоймасын деп тымақты

керегенің басына іліп жүрді. Сүт, қаймақ беріп, бертін келе суға нан шылап жегізіп, шыбын ұстап қаққызып жан-тіні қалмай баққан. Бір тәуір жері балапан тез жетілді. Жаз соңына қарай әбден семіріп, үлкен қаз болып, талтандап шыға келген. Бұл біреудің иті тимесін деп ол қайда барса сонда үнемі соңында ілесіп жүретін. Қешке үйдің ішіне керегеге байлап қоятын. Сол қаз бірде түнде үшті-күйлі жоғалып кетті. Ертесіне зар қағып іздеп аяғындағы үнемі байлаулы жүретін құлаштай қызыл жібек жібін ғана ауыл сыртындаға шеңгелдің түбінен тауып алды. Онан басқа із-түз жоқ. Ит алып кеткені не біреу сойып жегені белгісіз. Бұл кезде Берденнің ауылы құс ұстауды кәсіп етпейтін. Әлгі қазға елдің бәрі қызығатын. Жұп-жұмыр, жылт-жылт еткен әдемі құс еді. Берден іздеп екі күн жылады. Көпке дейін ұмыта алмады. Есіне түссе болды іші ашып қоя береді. Алғашқы күндері ит талап жеп жатқан, не біреу бауыздап, үйтіп жатқан қазы түсіне кіріп жаны ашып, өксіп жылап оянатын...

Күн сәскеге көтерілген. Төңірек күрт ысый бастады. Берденнің желкесінен, жауырынынан күн өтіп келеді. Қара есектің жүрісі бәсеңдей түскен. Қайта-қайта тебініп ұра беруден шаршағандай Берден де баяулаған. «Ыхы, ыхылап», шоқтығынан шұқып қойып қана келе жатыр.

Көңілінде әлі де әр нәрсе. Қиялы шөпшілердің ауылында жүр. «Шөпшілер шабындықтағы тартылған көлдің табанынан балықты қырып ұстайтын, қазір де бар шығар. Ауылға біраз сазан ала қайтсам. «Қазотының» балығы қандай дәмді»,— деп ойлады бір сәт. Көз алдына бұл төңіректің жондары қап-қара, сары бауыр сазандары елестеп, сілекейі шұбырғандай болған соң кеберсіген еріндерін жалап жұтынып қойды. Осы сәт өзінің шөлдегенін сезді. Күн түске тырмысып, төңірек өртеніп тұр.

Жақсы екпінмен жүріп отырғанда бұл шамада «Қосмаяға», елдің қарасына ілігіп қалуға тиіс еді. Жамалдатқыр қара есек алға емес артына қарай жүріп келе жатқандай. Күн ысыған сайын басын төмен салып, санап басуға айналған. Ол ол ма ілбіп келе жатып сол күйі тоқтай қалатынды шығарды. Сонан соң қозғап көр. Басқа-көзге төпеп ұрып, шоқтығына ши жүгіртіп жатқаныңа да керек өтпейтін болған. Қайта ондайда басын төмен салған күйі алдындағы екі аяғының арасына тұмсығын тығып алып, бір орнында тас-табандап тұрып алған бойы көткеншектен шыр-көбелек айналады. Қаса-

қы шіркін, бірақ алға жылжуға жоқ. Берденнің ылажы таусылды. Тебіне-тебіне, сабалай-сабалай діңкесі әбден құрыды. Шөлдеп, қаталап, таңдайы кеуіп кеткен. Тілі аузына симайды. Бұл келіп тоқтаған жері «Төбекөң» мен «Қосмаяның» ортасындағы жазықтың бел ортасы. Берден әлдеқайдан көмек іздегендей төңірекке аландай қарады. Қыбыр еткен тірі жанның қарасы көрінбейді. Қай жағына көз салса да көк жиекке дейін керілген жазық. Сынаптай толқыған сағым. Сол жөңкілген көп сағымның ішінде алдыңғы жақтан тайшаптырым жерде «Қосмая» қалқып тұр. Ал мұның соған жетуі мұң.

Мезгіл шілденің орта кезі еді. Жаздың ең бір жайсыз тұсы бұл. Күнің ыстығы мен даланың аңызағы дүниені қуырып, өртеп жатқандай. Жер де, көкте лапылдап күйіп тұр. Берденнің үстіндегі бір қабат ақ сұрып жейдесінің өзі денесін темірше қариды.

Күн түске таянып қалған. Айналада төбе жасырып, сәл көлеңкелей қоятындай бір түп бұта, қарайған да жоқ. Қараөлең мен ажырық аралас өскен біркелкі жазық. Сазды жердің шыбын-шіркейі жабылып талап ол да шыдатпай барады. Қара есек басын жерге салған күйі қозғалар емес. Берден сасайын деді.

— Енді қайттім. Қап, атаңа нәлет-ай.— Ызаланып есекті құлақ түбінен қолындағы сым темірмен құлаштап тартып-тартып жіберді. Есек сол бүгежектеген бойы құлағын қағып-қағап жіберіп тұра берді. Шоқтығына піспелеп еді шырқ көбелек айналды. Алға қарай жылжыр емес. «Енді не істейді?» Өзін шөл әкетіп барады.

Бұл Берденнің төртінші класс бітірген жылы еді. Жайшылықта зерек, пайымды болғанымен мынандай айдалада күтпеген жерден ақылынан адасардай қиындықпен бетпе-бет келгенде балауса санасы тұманданып, зердесінен айырылып қалды. Бар ықылас-пейілі, ынтызары алға қарай жүруде ғана болып басқа еш нәрсені ойлауға мұршасы келмеді. Бар мақсаты тек алға қарай қозғалу. Сонан соң есектен түсе қалып бас жібін нығына салып, мықшындап жетелеп, сүйреп тартты:

— Шу, жануар, шу, шу!

Абырой болғанда, біреу артынан итергендей-ақ қара есек орнынан қозғалды. Тартыншақтап бір аттап, екі аттап алға таман жылжыды. Бұл тырмысып бар күшін салып, сүйрелей түсті. Бұл сүйреген сайын ол самарқау қимылдап жетекке ілесейін деді. Бұл сүйрей тартып отырса қара есек ілбіп соңынан ілеседі, ал шаршап бас жібін босатты дегенше тоқтай қалады. «Мұндайда қаса-

қы арам болады екен-ау!» Сонан соң қайта сүйрелейді.

Әбден титықтады. Шөл әкетіп барады. Сонда да тоқтап қалмай есекті мықшындай тартып келеді. Мына жамалдатқыр арамның қорлығына ызаланды ма, әлде шөл қинады ма, зәбірленіп өксіп-өксіп жылады. Жылап келе жатып өзінің осы қиналғанын біліп әкесі кенет алдынан шыға келер ме еді деп армандайды. Сол үмітке елігіп бір сәт көзінің жасын сүртіп жол бойына үздіге қарайды. Толқыған сағымнан басқа түк көрінбейді. Үмітінің қанаты қайырылып, көңілі қайта құлазып, қыстығып шарасызданады. Қапаланып қайта жылайды. Енді манағыдай емес әкесін шақырып дауыстап: «Көке-ау!» деп бақырып келеді. Мына ыстықта, мынандай күйде келе жатқанда дауыс салып бақырып жылаудың бойдағы қуаттың жартысын алып кететінін қайдан білсін. Қайдан пайымдасын. Оны пайымдаса бала бола ма? Берден бола ма? Оны пайымдаса өзін-өзі осыншама азапқа салып, арты екі талай шын қауіпке киіктірер ме еді. Қазір есегіне амалдап мініп алып, басын кейін бұрып «шу» десе ыта жөнелгелі тұрған қара есек мына қауіптен аман алып шығып, ауылына жеткізерін қайдан зерделесін. Бағана алғаш шөлдеген кезде «қоржынның бір басындағы қарынның аузын шешіп айран ішсем бе екен»,— деп ойлаған. Бірақ қоржынды есектің үстінен көтеріп алып, көтеріп салуға әлі жетпейді. Ал ердің артқы қасына тендеулі, ыстық күнде шайқала-шайқала шаңбырақ атып тырсылдап кеткен қарынның аузын солай тұрғанда шешуге тәуекелі жетпеген. «Байлауын шешсем болды ақтарып төгіп алармын. Қайтып байлау қиын. Ие бола алмай айраннан айрылып қалармын. Бір жағындағысы төгіліп қалса қоржынның екінші басы теңі болмаған соң ердің үстіне тұрмайды. Сусып түсе береді. Оны ұстап отыруға шамам келмейді, өзіме бейнет болады» деп қорыққан. Сонан кейін қара есектің әуресімен жүріп, оған келіп шөлдің азабы қосылды да, басы айналып қалды. Айран сол бетінше есінен шығып ұмыт болған. Қазір шөлден қаталап дымы құрып келе жатқан Берденнің есектің үстінде, қоржында айран бары қаперінде де жоқ. Оны ойлайтындай жағдайы және жоқ. Жылай-жылай шаршап, өкпесі өшіп, үрейден есенгіреп, мәңгіріп қалған. Әйтеуір санасында сақталған жалғыз мақсат — алға қарай жылжи беру. Соны ұмытқан жоқ.

Өзі әбден қажыды. Бірақ әлі есекті сүйреп ілбіп келеді. Көз алды қарауытып, басы зеңіп, аяғын әрең алады. Денесі дел-сал. Өз бойы өзіне әрең бағынады. Кейде



бәрін тастап жерге құлай кеткісі, жата кеткісі келеді. Бірақ белгісіз бір күш оған ырық бермей алға сүйрейтін тәрізді. Жата кетсе қайтып тұрмайтынын өзі де еміс-еміс аңғаратындай. Еркін бір беріп алса қайтып көтеріле алмасын, сол үшін босаңсымау керегін, шыдау керегін Берден ақылмен емес әлденендей түйсіктің әсерімен сезетіндей. Сонан соң да тоқтамауға, жығылып қалмауға тырысып келеді.

Бұл кез ол күннің ыстығын да, шөлдегенін де ұмытқан. Оң мен түстей бір күйде сенделе басады. Көз алдында әлде нелер бұлдырайды. Құлағы тарс бітіп қалғандай түк естімейді. Қай мезгіл, қайда келе жатқанымен және шаруасы жоқ. Есі ауытқып барып, ауытқып барып қайта кіретін сияқты. Санасы көз алдындағы бір суретті ұстайды, бір суретті ұстай алмайды.

Өңі ме әлде түсі ме айыра алмайды. Алдынан үй қараңдағандай, адамдар көрінгендей болды да бір сәт жоғалып кетті. Бір кез қайта пайда болды. Әлдекім үй қасындағы құдықтың басында қой өргізіп жүр. Бұл солай қарай келеді. Құдық жақыннан көрінген тәрізді еді, жеткізбей қойды. Әлі жүріп келеді. Әлі жүріп келеді... Күн бесін бе, сәске ме көк жиектен көп жоғары тұр.

Бұл құдықтың басына келген тәрізді. Біреулер әлде не деп бұған таянғандай болды. Мұның ешкіммен жұмысы жоқ, ұзын ағаш астаудың аяқ жағына жетіп, жүрелей берді де мөлдір сұйыққа бас қойды. Алғашқыда су жұтқандай әсерде еді. Енді байқаса мейірі қанар емес. Жып-жылымшы бір нәрсе, ішкен сайын шөліккей түскендейсің.

Кенет жүрегі сазып, төмен тартып кеткендей, тұла бойы суып, жансызданып, дүние қарауытып бара жатты. Сонан кейін еш нәрсе білмейді.

Өңі ме түсі ме белгісіз. Әлдеқайда жатқан сияқты. Төңірегінде біреулер күбірлеп сөйлейді. Байқаса өзі көзі жұмулы, көңілі ояу құс ұйқы күйде тәрізді. Тұла бойы ұйқыда, санасы ояу. Төңірегіндегілердің сөзін еміс-еміс түсінеді. Тәріздері мұны әңгіме етіп жатқандай.

— Ойпырым-ай, ажалы жоқ екен. Өмір-жасы ұзақ болар. Ұшып өле жаздаған байқұс бала. Жолда қалып қоймай қалай жеткенін мұнда,— дейді бір кемпір кісі.

— Бұл не қылған бала деймін. Ойнап ерігіп келе жатыр ма, басын жерге салып, аяғын анда-санда бір басады.— Мұны айтып отырған ер кісі.— Не жүрмейді, не қоймайды. Жетегінде есегі. Осы «Қосмаядан» бергі қарыс жердің өзіне шай қайнаттым жүрді-ау. Таянғанда

барып ауырып келе жатқан бала-ау осы деп едім. «Әй, неғып жүрген баласың, кімсің» десем жауап бермейді. Келген бойда мана түсте қой ішкеннен қалған астаудағы жылы суға басты қойсын. Сонда барып «ойбүй, шөлден қаталап келе жатқан бейшара екен ғой, далада тұрған өлі су ішіп ауырып қалады-ау. Әрі оңған су емес өзі ащы су» деп қасына келгенде таныдым Берден. Түрі кісі шошитындай болып өзгеріп, күйіп, барлығып кеткен. «Әй, мұның не? Үйден тұщы су іш»— деп көтеріп алғанымда, талықсып жүре бергені.

— Ойбай, зәреміз қалған жоқ,— дейді кемпір.

Еркектің даусы қайта естіледі:

— Қатты састық. «Ойбай, Серәліге не бетімізді айттық. Баласын біз өлтіргендей болдық-ау»— деп апам жылап жіберді.

Кемпірдің үні қайта естілді:

— Онысы рас. Әкесіне хабар жібер дедім. Не де болса енді естіртіндер дедім. Қайта Нұрлаш: «Апа, тамыры соғып жатыр, тынысы да бар, үрейлендірмей қоя тұрайық. Байқайық,— деп басу айтып тоқтатты. Бейшараның көрер жарығы бар екен. Өмір-жасы ұзақ болар. Бәріміз сол үрейленіп басында отырдық. Жоқ, біраздан соң бала қыңырқанып, көзін ашып су сұрағаны. Бір кесе мұздай сүт беріп едім, түгел ішіп салып қайта ұйықтап кетті. Сонан соң бір мұздай тер шықты дейсің. Қайта-қайта орамалмен сүртіп отырдым. Тер шыққан соң ажары кіріп, тынысы дұрысталды. Қазір ұйықтап жатыр енді. Бейшараның көрер жарығы бар екен. Өмір-жасы ұзақ болар.

— Ақымақ неменің баланы осы шілдеде жалғыз жіберіп,— деді біреу осы кез. Берденнің ұйқысы шайдай ашылып кетті. Әкесінің даусы. Қуана елеңдеп көзін ашып алса, бас жағында мұның жүзін шыт орамалымен желпіп қойып әкесі отыр.

— Ой, садағасы кетейін ояның ба?— деді маңдайынан мейірлене сипап.— Еш жерің ауырмай ма?

— Жоқ, ауырмайды.— Берденнің өңі қуаныштан балбұл жанып жүре берді. Еркелеп әкесінің қолынан ұстады.

— Басың айналмай ма?

— Жоқ.

— Шөлдеп, шаршап қалғансың ғой. Ештеңе етпейді.

— Әй, мынау әкесін көргенде қысаланып, шағынып жылайтын шығар десем, көзіне жас та алған жоқ қой. Міне, жігіт, кісі болғаны,— деді басына биік етіп күндік

ораған ұзын бойлы, ақ құба кемпір бұған риза кейіппен. Нұрланбайдың шешесі екенін танып, бұл басын көтеріп түрегеліп, қолын алып сәлем берді.

— Қәп жаса,— деді қарт әже бата беріп.

Әкесінің бұл үйге келген бойы осы екен. Қәптен хабар алмаған соң кештетіп барып қайтайыншы деп ауылға қарай шыққан беті жол бойында болған соң кемпірге сәлем бере кетейін деп түскен. Осы жерден баласына кезікті. Ауылдың хабарын естіді.

— Жалғыз өзің қайта бересің бе? Қорықпайсың ба?— деді Серәлі баласына.— Қорықсаң апарып салайын.

— Қорықпаймын, көке, өзім қайта беремін,— деді Берден шын көңілімен.— Ауылда қодығы бар, қара есек енді өзі үшін жүреді. Күнде салқындады, бағанағыдай емес.

— Ақылдан айналайын. Садағасы кетейін,— деді әкесі мұның томпиған пішініне мейірлене қарап.— Онда өзің қайта бер. Енді оншақты күнде шөп те бітеді. Соған соң барамын.

Әкесі есектің ерінің айыл-тартпасын қайта тартып берді.

Берден өзіне-өзі көңілі тоқ кейіпте, насатана аттанды. Күн кіші бесінен ауып барады. Даланың ыстығы қайтып, «Қазотының» кең жазығы кешкі қоңыр салқын күйге ене бастаған. Жолдың екі жағында жайқалып өскен бидайық шөп ауық-ауық желпіп өткен самалмен ақырық тербеледі. Күні бойы аңызактан қорғалап, тасаланып қалған ақ қанат, сары қанат, көк қанат, барқыт түк көбелектер көздің жауын алып бырдай болып, қайта өре бастаған. Тып-тыныш мүлгіген шабындықта шегіртке шақырып, шілде қоңыз ғана шырылдайды. Шөп басын бауырымен сипай қалқып, қапталдаса жарысып қарлығаш ұшады. Ара-тұра жол бойынан, мәуіті түгі күн сәулесімен сан құбылған, қоңыр бауыр, жасыл қанат күйкентай құс кездеседі.

Ауылға қарай қара есек «шу» дегізбей лекітіп отырды. Берденнің көңілі де қуаныштан алып-ұшып, мәз-мәйрам. Алдан, көкжиекте, керегедей керіліп Қаратаудың сілемі көрінеді. Онан бергі боз далада өз ауылының қоныстануының қарасы қылаңытады. Солай қарай ұшыртып келеді. Қарсы алдынан, тау жақтан салқын леп еседі.

Қаратаудың теріскей қолтығында жатқан кең жазықта үш-төрт колхоз үпір-шүпір қатар қоныстанған. Соның бірі «Жаңажол». Ауыл арасы жақын болған соң бір-бірінен хабарлары қалыс болмайды. Той-томалақ, жиындарда мидай араласып, әңгімелері бірге өрбиді. Тағдырлары ұқсас, әдет-ғұрып, салт-сана ұқсас, жұтқан ауа, ішкен су ортақ, әбден ағайын, жекжат-жұрат болып бауыр басып кеткен ел.

Сырт қараған кісіге үлкен шаңырақтың астындағы бір үйдің балаларындай бөтендігі жоқ осы ауылдардың өз ара бәсеке, «бақастықтары да» болмай тұрмайды. Колхоз-колхоздың палуаны күреске түсіп, аты бәйгеге қосыла қалды дегенше әр қайысы өз ауылының сойылын соғып шыға келеді, әрине. Қай кезде де мәнәйі себеппен бас қоса қалса әрқайсысы өз ауылын көтермелеп сөйлегенді құп көрер еді. Соның бірі Берденнің әкесі Серәлі мен көрші ауылдың қойшысы Қазы.

Серәлінің қараша үйі «Жаңажолдың» қоныстануының жанында. Жаз жайлауға осы ауылдың сыртындағы ебелекті даланы қоныс етіп отырған Қазы малын күнделікті жайып келіп, «Жаңажолдың» қасынан өтетін оман арықтан суарады да жусатып тастап, түскі шайды Серәлінің үйінен ішеді. Күн қайта малын өргізіп, айдап кетеді. Күндегі әдеті осы. Өзінің бұл үймен жиендік, жекжат-шатыстығы бар.

Қазы домаланған, қунақ қимылды, тығыншықтай қара шал. Қуақыланып, сөйлескен кісісімен қажасып отырғанды тәуір көреді. Қара сөзден тірі жапға дес бермейтін әкесі оны сан түрлі бұлың-бұлыңға салып, әжуалап, балаша ойнатады. Екеуінің сөзін тындап жатып Берденнің шексілесі қата күледі. Әкесінің өзіндей кісіні аузын аштырмай, әзілден отырғызғанына мәз болып, масаттанады. Бір кезде Қазы лажы таусылғандай мойынсұнып:

— Ой тіліңе шоқ түскір, Серәлі-ай,— деп жантая кетеді. Жантайып жатып та қарап қалмайды.

— Әй, біздің таудағы жылқышыларымыз биыл биеден құлынды көп алды. Сендердің осы мына «Қарақоғандағы» жылқыларыңның мәнәсі жоқ-ау онша,— дейді насыйбай шынысының түбін керегенің сағанағына тық-тық ұрып.

— Өй, азғантай жылқыны қойшы. Қозыдан да, бұзаудан да біздің ауыл озып тұрған тәрізді ғой. Солай депті ғой әнеүкүні ауданда жиналыста,— деп әкесі оған

да есе бере қоймайды.— Керек десең Райкомынның өзі біздің басқарманы шақырып, төрге шығарыпты ғой сол жиналыста.

Өстіп бірде қызылкенірдектесіп қалып, бірде: «мейлі айналып келгенде, бәрі осы өкіметтің мүлкі ғой. Өкіметте еш қайда әкетіп жатқан жоқ. Осының бәрі осы елдің, осы өзіміздің игілігіміз ғой»,— десіп мәмілелесіп қойып, кеукеулесіп отырғандары.

Осындай күндердің бірінде:

— Әй, ауылдарыңнан «керой» шығып жатыр ғой,— деді Қазы есегінен түскен бойы үйге даудырлай кіріп.

— Иә, сондай сөз естідік.

— Құтты болсын. Айтып отырса ол өзі «керой» дегеннің прауасы, тіпті, үлкен көрінеді ғой.

— Солай дейді. Бәйкен бейшараға құдайдың берген абыройы шығар. Бала-шағасының несібесі ғой.

Осы колхоздың Бәйкен деген қойшысына жоғарыдан «керой» деген атақ беріліпті деген, бүкіл ауылды дүрліктірген, хабарды Берден де естіген. Елдің бәрі кешелі бері «керой» дегеннің не екенін әңгімелеп тауыса алмай жүрген. Бұрын бұл төңіректе, бұл ауданда мұндай атақ алған жан жоқ екен. (Тап осы кезде осы ауылда Социалистік Еңбек Ері деген сөзді аузына алған және білген де кісі шамалы болса керек. Бәрі «керой» деп сөйлейтін.)

Берден: «керой» болған Бәйкен мен колхоз бастығы Жақсылық екеуі жақын күнде облысқа жүреді екен. Жиналысқа шақырыпты. «Керойлығын» да сонда береді екен. Кеудесіне алтын жұлдыз тағады екен»— деп естіген.

— Әй, мына жалпақ басың озды-ей,— деді Қазы.— Бұл айтып отырғаны «Жаңажолдың» басқармасы Жақсылық. Ұстарамен тақырлап қырғызып жүретін басының пошымына ғана қарап емес, аспайтын-саспайтын сабырлы жүрісіне, бір тоға, тұйық мінезіне, маңдайын сипап қойып, ойлана сөйлейтін әдетіне қарап жұрт осылай атап кеткен сияқты. Әйтеуір оны сыртынан әңгімелегенде елдің көбі әлгі атымен атайтын.

— Еңбегі де, жазғанның. Тынбайды ғой. Заты адал жігіт өзінің,— деді әкесі басқарма жігітті мақтап.

— Оған да үлкен абырой ғой.

— Е-е, не дегенің. Қолхоздың бастығы сол емес пе! Өкімет те көріп отырған шығар.

Ендігі әңгіме Жақсылық төңірегінде болып кетеді.

Жақсылықтың екі ұлы бар. Бірі ересек, он үш-он төртке келіп қалған. Екіншісі Берденмен бірге үшінші класта оқиды. Нәті жуас Жақсылық балаларына келгенде салқындау. Көп еркелетпейді. Олардың бар үйдің баласындай болып шолжандап жүргенін көре қоймайсың. Ардың-гүрдің, парықсыздау үлкен ұлын әкесі қырына көбірек алады. Бірде жұмысты тастап, қашып келген екі-үш ересек баланы Жақсылық қозы көш жердегі қырманға дейін атпен қуып барған жәйіті бар. Сонда, әсіресе өз баласын көбірек нықыртқан көрінеді. Осыны естіген жұрт:

— Жаратылысы момын болғанымен діті қатты жігіт өзінің. Өз баласын да аямағаны ғой.

— Ой, ашуы келсе дүлейлігі бар.

— Өзінің енді бар ықыласы колхоздың шаруасына ауған.

— Әй, сөйтпегенде қайтеді. Осыны басқар деп өзіне сеніп тапсырып отырған соң...— десіп оның тірлігін шет көрмеген сыңайда біраз әңгіме етіскен.

Шынында да жайшылықта мейірімді, кісіге зәрі жоқ Жақсылықтың кейде осылай табан астында ұстай қалатын қаталдығы да бар еді.

«Жанажолдың» балалары ауылдан едәуір қашықтағы мектепке қатынасып оқитын. Күзгі науқандық, шаруашылық жұмыстары саябырлаған соң қысқа қарай колхоз балаларды мектепке алып барып, алып қайтуға ат арба бөледі. Бірде бұлар қыста мектептен қайтып келе жатқанда қар аралас жаңбыр жауып тұрды. Үшінші класс таңертеңгілік оқитын. Мезгіл түс кезі еді. Езіліп түсіп кеткен қара жолда қиқалақтап әрең жылжып келе жатқан арбаның арықтан өте бергенде артқы бір доңғалағы шығып кетіп, батпақта қалып қойды. Бір жағына қиқаң етіп, жантая берген қалдайдың ішіндгі балалар бөрі тигендей шу ете түсті.

Арба енді жүруге жарамайтын болған соң малшынып, толарсақтап, бұлар ауылға қарай жаяу тартты. Күндегідей бір-бірімен алысып-жұлысып ойнап, абыр-сабыр қайтқан күй жоқ, мықшындап өзді-өзімен болып келе жатқан балалар арт жақтарынан ат пысқырғанда жалт қарасқан. Сөйтсе Жақсылық екен. Құмдағы малға барып қайтқан беті болса керек. Астындағы ұзын жал, астау жон, кер аттың құлақ, мойын түбі, омырауы сора-сора тер, бауыры сауырына дейін қара батпақ, кең тана-

уынан бу атып талтаңдай аяндап келеді. Жақсылықтың кіші ұлы да Берденмен бірге-тін. Сол аттылыны көрген бойда:

— О! Көкем келеді, көкем!— деп қуана айқайлап жіберді.— Алақай, ауылға енді атқа мініп барамын, алақай,— деп масаттанып, өзге балаларға қыр көрсеткендей қораздана қарап та қалған. Бірақ бұларға таянып келген әкесі оның сөзіне онша құлақ аса қоймай, өзіне де еркелеткен қабақ танытпай:

— Ой, оқушылар, оқу қалай! Дәу жігіт болып жатырсыңдар ма? Өй, азаматтар. Не арбаларың сынып қалды ма?— деп балалардың бәріне бірдей мейірлене көз салды.

— Сәлематсыз ба?

— Сәлематсыз ба?

Бұлар жапа-тармағай келіп, ат үстіндегі кісіге қол беріп сәлемдесіп жатыр.

— Иә, арбамыз сынып қалды. Көке, мені мінгізіп ала кетіңізші, жаураймын,— деді баласы қиқандап, еркелеп қасына таянып.

— Өй, не дейді мынау, өзіңнен кіші ана балалар құрлы жоқсың ба?— деді әкесі бірінші класта оқитын екі-үш оқушыны нұсқап көрсетіп.— Қарашы олар да жаурамаған. Сен үлкен емессің бе?

Мына көпшіліктің алдында әкесіне дегенін істеткісі келгендей бала өз райынан қайта қоймай:

— Көке...— деп тағы қиқақтап келе жатыр еді.

— Тәйт!— деп тиып тастады түсін суытып.— Анау өзіңнен кішкентай балалардан ұялмайсың ба? Олар да келе жатыр ғой. Қайта арық-атыздан өтерде кітаптарын көтерісіп, көмектесіндер оларға. Бірге келіндер...

Жақсылық кер атты бауырға бір тартып:

— Шу,— деп жөнеле берді. Баласы әрі қызарақтап, әрі әкесінің елемей тастап кеткеніне өкпелегендей томсарып, біразға дейін ешкіммен сөйлеспей қойды.

\* \* \*

Шектен шыққан кер ауыз, кесеапат болмағанымен Жақсылықтың әйелі Үкіштің бір кісідей мінезі, тілі бар. Кей-кейде бажырайып бетіне қарап айтпағанымен үй айнала, не қазан аяқты сылдырата жүріп, күңкілдеп, Жақсылықты кінәлай сөйлейтін кездері де болады.

— Бұл үйдің тіршілігімен мұның ісі шамалы. Не бар, не жоқ, аш отырсың ба, тоқ отырсың ба бұған бәрі бір.

Тек өкіметтің жұмысы бітсе болды. Қолхоздың шаруасынан басқа ойы жоқ. Мәңгіріп қалған бұл.

Әйелінің мұндай әш-пұш әңгімесін естіп отырса да елемейді. Сонан соң ол біраз күңкілдеп барып басылады.

— Әй, ана әкеңе айт, шайын ішсін,— дейді бір кезде балаларына, бәрі бір бөлмеде де отырса да тап бір алыстан сәлем жолдағандай.

Үй іші үпір-шүпір дастарқан төңірегіне жиналған соң әйелі енді жаңағы райынан қайтып, жайлап отырып, арыз еткендей от басы, отын-судың әңгімесін қайта бастайды.

Отынның азайғанын айтады.

— Жарайды, бригадирге айтайын, жақын жерден, Шоқаттан бір арба жыңғыл түсіріп берсін. Көктемге дейін жетіп қалар сол. Сексеуілге құм алыс, әрі баратын кісінің реті де жоқ.

Балалардың ержетіп қалғанын, бұлардың да бұрынғыдай емес киім таңдап, үстеріне қарағысы келетінін, қазір керек десе бір-бір сыпыра жаздық киімдері де жоқ екенін, ертең енді өктем шығып, күн жылт ете қалса, «не киеміз» деп әлі әлек салатынын айтады.

— Әй, бұл иттерге киім не керек. Бала деген не болса соны киіп, шауып жүре бермей ме. Бой жетіп отырған қыз емес,— деп әкесі күліп әңгімені қалжыңға қарай бұрады.

— Қойшы әрі. Бұған бір шаруа айтып отырса мазақ еткендей қылжақтағаны несі.— Әйелі шамданғандай ренжіп қалады.

— Жарайды енді,— дейді бұл да сабырлы күйге түсіп.— Бір лажын жасармыз. Жазға дейін уақыт бар ғой. Дендері сау болса киім табылар.

Сонан соң әйелі бұл үй өткен жаздағыдай биыл да ақсыз отырар ма екен деген уайымын білдіреді.

— Сиыр пермене айтып қойсайшы. Көктем шыға ерте туган сиырларының бірін сауынға бере тұрсын. Шілдеде мына балалар ақсырайды ғой. Бастық деген атың бар емес пе, бір сиырдың сүтіндік еңбегің жоқ па осы.— Күйеуін қайрап түсіп, қыжылына тие сөйлейді енді.

Бұл әңгіменің тұсында Жақсылық тиянақты еш нәрсе айтпай ойланып қалады.

— Оны енді қайдам. Биыл колхозда сүттің планы қалай болады,— дейді төмен қарап, төңкерулі шай кесесін айналдыра дөңгелеткен қалпы, қиналғандай үнмен.

— Әй, сол планың бір сиырдың сүтіне қарап қалған жоқ шығар. Осы өз үйіңнің шаруасына келгенде төмен



қарай қалатының не осы сенің. Мен төркініме сауып берейін деп отырмын ба?

— Мәселе бір сиырда ғана болып тұрған жоқ қой,— дейді Жақсылық жуаси, әйелінің уәжді сөзін теріске шығара алмай.— Осында ауыру-сырқау, кем-тар кісілер бар. Тіпті жас балалары көп үйлер бар. Соларға да сауынға сиыр бөліп бере алмай отырмыз. Сұраушы көп. Айтса қайсынікі де орынды. Бірақ колхоздың сауын сиырларын үйді-үйге бөліп, таратып жібере аламын ба? Заңға сыймайды ғой.— Жақсылық қынжыла сөйлейді.— Ал осындай жағдайда мен елден ала бөтен үйіме сиыр айдап келіп, сауып отырсам, жұрт не дейді. Елден ыңғайсыз емес пе. Көппен бірге көреміз де.

Енді тықақтай берсе күйеуінің ашуланып, ренжіп қаларын сезген әйелі.

— Қайдам өзің білерсің, енді,— деп монтансыйды.

Оның да көңілін қалдырғысы келмеген Жақсылық:

— Реті қалай болар екен, уақытысында көрерміз,— дейді.— Елдің несібесіне қарап, сәті түсіп, сиырлар көп бұзаулап берсе, сүт жоспарынан шығатындай орайы келіп жатса, мұқтаж елдің біразына сауын беру ойда бар.

\* \* \*

Жақсылық Серәлімен жамағайын. Үй іштері жақын араласып тұрады. Өзі де ара-тұра кіріп-шығып, әкесімен әңгімелесіп, ел ішінің келім-кетім шаруасы, кейде, тіпті, колхоздың науқандық жұмысының жайы туралы да ақыл салып отырады.

Бірде кешке салым бұлардың үйіне Жақсылықтың әйелі келді.

— Үкіш-ау, апақ-сапақта неғылып жүрсің, жай ма?— деді Берденнің шешесі.

— Жәй ғой, женеше.

Малды кешкі жайылымға ауыл алдындағы жазыққа салып, есіктен көз жүгіртіп қойып, әр жер, әр жері тарқатылып кеткен ескі жүгенін қайта өріп үйде отырған әкесі:

— Жақсылық ауылда ма?— деп сұрады.

— Ауылда, көке.

— Облысқа жиналысқа барады деп еді, әлі кеткен жоқ па?

— Ертең азанда жүрмек.

— Бәйкен де бірге бара ма екен?

— Солай дейді ғой.

— Е-е...— деді әкесі хабарға қаныққандай.

— Ал өзін жай жүрсін бе?

— Көке, ана ініңіздің сол облысқа киіп баруға жарайтын дұрыс аяқ киімі де жоқ екен. Сіздің аяғыңыздан былтыр бір тәуір бәтінке көрген екен, «Секең соны сонан кейін киген жоқ тәрізді еді. Сандығында жатқан шығар. Сұрап әкеп берші, жиналысқа киіп барып қайтайын»,— деп жұмсап жіберді.

— Е, бар ғой, жатқан шығар. Әй, тауып бер,— деді әйеліне.

— Ой, салақ қой, салақ. Керек десе бір басына да қарамайды ғой,— деп қынжылды Үкіш әрі өзінің бұл келісіне ақталғандай күйеуін кінәлай сөйлеп.— Осы онда-мұнда бармай тұрмайды. Сонда көңіл бөліп не өзіне, не балаларға керек әлгіндей киім-кешек, зәру заттарды ескеріп ала келейін демейді ғой.

— Ой, шырағым-ай, соны ескергісі келмейді дейсің бе. Қолы тимейді ғой. Бұрылуға шамасы жоқ қой. Үйде отырып білмейсіңдер. Бұл колхоздың шаруасы деген, бай-ба-ой, ұшы-қиыры бар ма мұның,— деп әкесі Жақсылықты ақтай сөйледі.— Ауданға бара қалса да соның жұмысымен біреуге кіреді, біреуге жолығады. Кеңсе-кеңсені кезіп жүргенде есінен шығып кетеді де.

Сонан соң Серәлі кемпіріне қарады:

— Әй, тауып бер, жылдамырақ.

— Қазір, қазір,— деп әйелі орнынан тұрды.

\* \* \*

Осыдан жаяу кісіге екі-үш күндік жердегі «Кендісайда» «Жаңажолдықтардың» бірінің туысы, бірінің жекжаты дегендей көп ағайындары тұрады. «Кендісай» рудник деп аталғанымен мұндағылар үшін «зауытты» үлкен жер. «Кендісайдан» қорғасын шығады. Теміржол барады. Дүкендері бай, не керектің бәрі табылады. Бұл жақтан барып қайтушылар сирек болғанымен жаз шыға ол жақтан келушілер аз емес. Демалысқа шыққан шахтерлер кей жылдары бала-шағасымен, кей жылдары салт келіп, мұндағы ағайындарына аунап-қунап жатып кетеді. Солардың бір көп келетін жері осы Серәлінің үйі.

Қазір мына Үкіш сұрап келіп отырған қоңыр бәтінкені «Кендісайда» тұратын, туыстығы жақын, шахтер жігіт бұрнағы жылы Серәліге тарту етіп алып келген. Мұның үйі қайтарында әлгі жігіттің қоржынының екі басына майы алынбаған құрт, ірімшік толтырып, астында-

ғы есегінің мойнына бір лақты ешкіні қосақтап байлап ризалықпен шығарып салған. Ал бәтіңке сонан бері сандықта сақтаулы. Оны әкесінің бір-ақ рет Май мейрамында аудан орталығында болған салтанатқа киіп барғаны есінде. Келген соң бәтіңкенің шаңын сүртіп айналдыра қарап отырып:

— Заты зат-ақ. Былғарысы не деген қалың. Солдат ердің қапталында осындай былғарылар болушы еді. Өзін, бәлемді, тасқа салсаңда тырп етпейтіндей етіп мықтап тіккен екен. Әй, өкіметтің ісі — іс-ау, шіркін, не деген шебер, қалай-қалай қиюластырып тіккен, — деп сүйсіне әңгімелегенін естіген. Әкесі сөйтіп отырды да бәтеңкені бауынан мықтап байластырып, қазан-аяқ жақта жүрген шешесіне қарай лақтырып жіберді.

— Әй, салып қоя сал. Дегенімен өзі киіп жүруге қатылау ма, қалай, аяқты ауыртады екен, — деді шұлғаудың қырыс-тырысы батып, теңбіл-теңбіл болып бүрісіп қалған башпайларын уқалай түсіп. (Ол кезде ауылдық жерде носки деген бола бермейтін. Бәтіңкені де шұлғаумен кие салатын). Үнемі қыста киіз байпақ етік, жазда жарғақ шоқайға үйренген аяқтың, әрине, әлі кию көрмей сықиған, табандығы бір елі, қалың былғары бәтіңкені тосырқауы заңды да еді. Әкесі тап қазіргі сәтте ол жағын байыптай қойды ма, әлде жылт етер заттың өңі түспей тұра берсін деді ме енді оны кимейтін ыңғай танытты.

Әттең Берденнің аяғына үлкен, әйтпесе, сұрап киіп-ақ алар еді. Ол былғарысының бояуы жылт-жылт етіп, көздің жауын алған, өкшесі биік, табаны қалың, бұзау тұмсық қоңыр бәтіңкеге қызыға қарады. Бір ғажайыптың күшімен аяғына шап-шақ бола қалса деп қиялдады. Сонда қоңыр бәтіңкені киіп сықиып тұрған «Қызыл Ту» бастауыш мектебінің оқушысы Берден Серәлиевті көз алдына елестетіп көрді. Көңілі бір түрлі көтеріліп қалды. Әттең не керек, бұл тек арман ғой. Ал қазір оның ауылы алыста.

Берден кей-кейде, оңаша қалғанда кебеженің құлпын, өзі білетін әдіспен, шегемен түртіп ашып, түбінде жатқан қоңыр бәтіңкені алып, өлшеп киіп, байқап қояды. Әзір жуықтайтын емес. Тап мұның ынтазар көңіліне ерегіскендей аяғы, тіпті, өспей қойды. Бәташғар, кісінің аяғы осы шашы тәрізді неге тез-тез өспейді екен. Әкесінің жүзі қырғыштай ескі ұстарасымен құйқасын удай ашытып отырып, тап-тақыр етіп қырып бергеніне сәл уақыт өте ме, өтпей ме Рысжан апайдың:

— Шашың қауғадай болып кетіпті ғой, неге алдырмайсың,— деп самайын тартқылап тұрғаны.

\* \* \*

Жақсылық қоңыр бәтіңкені сол мейрамда әкесінің аяғынан көрген болуы керек.

— Үкіш-ау,— деді әкесі бәтіңкені ұстап, үйден шығып бара жатқан әйелге дауыстап.— Жақсылыққа айт, онда-мұнда жүріп тұрады ғой. Сол-ақ кие берсін, қайтып бермей-ақ. Мен қайда барып жатырмын. Барған күнде маған ешкім бәтіңкен жоқ демес.

— Айтайын, көке, жарайды,— деді Үкіш қошуақ көңілмен.

Сонан апта өткен соң Үкіш қоңыр бәтіңкені алып қайтып келді.

— Көке-ау, ол кісінің затын бойына сіңіруші ме еді. «Қаладан өзіме бәтіңке сатып алдым. Апарып беріп рахмет айтып кел» деп беріп жіберді.

Үкіш кеткен соң Серәлі өзімен-өзі ойланған күйде:

— Негізгі пейіл-құны түзу өзінің. Дүниеге қызықпайды. Онысы дұрыс қой. Дүниесі түскір бұзады ғой кісіні. Ниеті жақсы. Пейіліне берер жазғанның,— деп әңгімелеп отырды.

\* \* \*

Елуінші жылдардың басында «Жаңажол» аудандағы жиырмашақты шаруашылықтың ішінде бірінші рет «Миллионер колхоз» атанды. Бірнеше малшысы кеудесіне алтын жұлдыз тақты.

Жақында ауыл жақтан келген таныс кісі осы колхоздың қазіргі бастығының бір басында екі жекеменшік жеңіл машина екі үй барын әңгімелеп отырғанда неге екені белгісіз Берденнің ойына сол бір қоңыр бәтіңке хикаясы оралып, көпке дейін көңілінен кетпей қойды.

## ҚОЯНБАЙДЫҢ БАУЫРЫНДАҒЫ АУЫЛ

Інің қатты науқас деп шақыртқанда Берден күтпеген тосын хабардан есеңгіреп, абыржып қалған. Басқа шаруаның бәрін жинап тастап, табан астында поезға мінген де жүре берген. Алматы — Москва поезы облыс орталығына таң ата келді. Онан түсе сала ауылына қарай жүретін автобусқа отырды. Жол бойы үнемі бір ұйқылы-

ояу буалдыр күйде келді. Түнде де осылай дөңбекшіп шыққан. Көңілге қайта-қайта сумандап кіре берген суық үрейден қашып ешнәрсе ойламауға тырысты. Бірақ бойын мазасыздық жайлап алған, дегбірі ұшып, байыз таппай қойды. Қажығанын, шаршағанын, қорыққанын сезінуден гөрі өзін қоярға жер таппағандай делбе бір күй кешу басым.

Бұл келгенде ауырлау жатқан інісі бері қарағандай екен. Мұны көріп қуанып, сергіп қалғандай болды. Бұл да амандық-саулық сұрасып, көңілін демдегендей. «Уһ», деп дем алғандай. Бірақ үрейден қатты қажып шаршағанын енді сезді. Тұла бойы дел-сал, соққыдан шықпандай. Жүйкесін қажытып, еңсесін басқан ауыр салмақ жуық арада серги қоймады.

Кештете жатып, көпке дейін ұйықтай алмай таң алдында ғана көзі ілініп кеткен екен, інісінің ыңкылдаған дауысынан оянды. Тұрып қасына келді.

— Тағы да мазам болыңқырамай жатқаны,— деді ол.

Бұл өзінің үрейленіп тұрғанын сездірмей. Науқастың көңілін орнықтырғысы келіп, барынша салмақты, жайдары сөйлеуге тырысты:

— Онда аудан орталығындағы ауруханаға алып барайын. Қашан жазылғаныңша өзім қасыңда боламын. Тәуекел де, ештеңені уайымдама. Мен көлік іздеп келейін. Сөйткеніміз дұрыс шығар. Жарай ма?

Інісі де осыны мақұл көргендей:

— Мейлің,— деді.

Жайлы, қолайлы машина тауып алып, ішіне науқас аяқ-қолын жазып еркін жататындай етіп жұмсақтап төсек салып, соған інісін жайластырып, түске қарай аудан орталығына бет алды.

Мазасызданып ыңкылдап жатқан жігіт машина жолға шыққаннан кейін тынышталып мызғып кеткендей болды. Ол дамылдаған кезде мұның да бойы жеңілдегендей еңсесін көтеріп, орындыққа түзеле, жайласыңқырап отырды.

Інісінің ұйқыдағы жүзіне зер сала көз тоқтатып еді ажарын шек көрмеді. Тыныш, бірқалыпты тыныстап жатыр. Көңілі орнығайын деді. Машинаның терезесіне қарай мойын бұрып, сыртқа көз жіберіп, айналаға зер сала бастады. Көз алдына ауыл төңірегінiң бала кезден үйреншікті, ыстық суреті дөңгеленіп тұра қалды.

Мұның ауылы Қаратаудың теріскейіндегі бір кең қолтығынан басталып, Мойынқұмға дейін көсіліп жатқан жатаған құмақты жалпақ жазықтың сол тау аңға-

рына таяулау тұсына қоныстанған еді. Ауылдың түстігінде шығыстан батысқа дейін созыла көк жиектің ұзына бойын алып, қарауыта мұнартып, Қаратаудың сілемі жатады. Таудың шығысына көз жетпейді, аспанмен астасып кете береді. Ал батыс жақ шегі дәл жазғы күннің ұясына қонар тұсында қоспақ өркештеніп, күрт биіктеп барып, кілт үзіледі. Қаратаудың ең биігі саналатын бұл тұсы «Мыңжылқы» аталады. Кәрі таудың қатпар-қатпар жондары үнемі қарауыта мұнартып жатқанда, әлде алыстығы ма, әлде биіктігі ме «Мыңжылқы» бұл жерден қашанда көгілдір тартып, сағымданып көрінеді. Тау емес сурет сияқты, елес сияқты. Кең даланың төсіне табиғат өзі бояй салған сурет дерлік. Сағым көтеріп бірде биіктеп, бірде аласарып, қозғалып, қимылдап тұратын тәрізді.

Әркімнің түсінде көретін бір тауы бар шығар. Ал Берденнің үнемі түсіне кіріп, көгілдір көркімен қызықтырып, жақпар-жақпар шың-құздарымен еліктіре тартатын кнелі тауы осы. Ауылына келсе жалықпастан көз алмай, ықыласы құлап, ұзақ қарағыштайтын көрінісі де сол.

Көңілінде қалтқысыз жатталған осы даланың көрінісін Берден алыста жүргенде есіне жиі-жиі алып, көз алдына елестетіп, сол елесті жүрегі езіле кезіп, құштарлығы басылмас тәтті бір сезімге берілетін. Ал ара-тұра мұнда келгенде балалығының бал дәуренін өткізген мына даланың қоңыр сарғыш түсті моп-момақан, құлази керіліп жатқан кең жазығының таныс кейпіне құмарта қарай беруге жалықпайтын. Тіпті, табанымен топырағын басып тұрып, осы далаға деген мауқы басылмай, сағыныш жетегінен арылмайтын кездері де кездеседі. Мұндай ынтық сезім, мүмкін, туған ауылынан шеткерірек жүрген әрбір жанның бойында болатын шығар кім біледі. Ол арасы Берденге беймағлұм. Ал өзінің осы өлкеге деген құштарлығына шек жоқ әйтеуір.

Машинаның артқы терезесінен дөңгелене жүзген кең жазық шырқ көбелек айналып, сағымдана толқиды. Оң жақта тіркесе созылған тау жондары қапталдаса жарысып қалмайды. Машина Қоянбай бауырындағы ауылдың ескі жұртының тұсынан өтіп барады екен.

Қалың көштің бір бүйіріне сала оқшаулау шығып жайылған тайлақтай Қаратаудың жалпақ сілемінен оңашаланып, теріскейдегі кең жазыққа қарай қиыстап, бөлектеу тұрған биік қырқаның ауылға қараған шығыс жақ тұмсығының жыныс, топырағы бояп қойғандай қып-

қызыл болып келеді. Қолбей созылған жоны тақтайдай жап-жазық осы қоңыр қырқаның қызыл сүйірлене биіктей келіп тоқтаған бергі тұмсығының баурайында ерте-ректе шығыстан батысқа қарай қос көше болып тартылған, Берденнің ауылы «Жаңажол» колхозының қоныстануы жататын. Бертін келе осы маңдағы шағын-шағын колхоздар бірігіп, совхозға ұйымдасып, қазіргі мына жаңа орталыққа қоныс аударды. Берденнің бала кезі сол Қоянбай баурайындағы ауылда өткен еді. Қазір онда ескі үйлердің жұрты ғана жатыр.

Кешелі бері көңіл күйдің әсерінен бас көтеріп, жан-жаққа көз жүгірте алмаған Берден төңірекке енді ғана зер салып келеді.

Ескі жұрты көргенде көз алдына балалық шақтың елесі жүгіргендей болды. Ауыл бейнесі санасында салынған суреттей сақталып қалыпты.

«Жаңажолдың» өзі бір-бірінен аралары едәуір алашақтау орналасқан екі көшеге бөлініп отыратын. Көше бойындағы түп-түзу болып тізіле салынған үйлердің бәрі біркелкі, төбесі қамыспен жабылып, үстіне балшық жатқызылған қоңырқай тамдар болатын. Қамыс бұғатының қалыңдығы бір құлаш, басқа үйлерден еңселі де, аумақты колхоз кеңсесі, ғана бір кезде сыланған әгін жаңбыр шайып, алашұбарланғанымен сәулеттілеу көрініп тұратын. Қоныстанудың маңында өсіп тұрған тал-терек дегендер атымен болмайтын. Қоңырқай далада көзге елеусіздеу шалынып, қоңыр сұр ауыл жататын.

Екі көшенің бойына тізілген колхоз қоныстануының басындағы көп қорым жатқан жатаған құмақшаның арғы астында үркердей шоқталған бір шағын ауыл отырады. Әлсеннің тамы аталатын бұл ауылда бес-алты үй бар. Қоныстанудың шығыс жағында оңашалау тұрған тағы бір бөлек тамдар бар. Ондағы албар қораға колхоз жаздыкүні бидайық саздан шабылған пішенін жинап, қыс күш аттарын бағады. Жаз тауға шығып, қыс құмға құлап жүрген азын-аулақ малшылардан басқа бұл ауылдың бар тіршілік нелері міне, осы қоныстануда жүріп жатады. Ауылдың дені бала-шаға, жесір әйелдер, қарттар. Соғыстан аман-есен оралып, жарадар болып қайтып елге келіп, қызыметке араласып жүрген ер-азаматтар да жоқ емес. Елдің соғыстан кейінгі жылдардың тапшылығынан әлі арыла қоймаған кезі.

Берденнің көз алдына аппақ қар басқан даладағы батар күннің қызылымен таласа бырдай болып, түтіндері тік ұшқан жатаған ауыл елестеп өтті. Қысқы кештің

сол бір көңілсіз ескі суретін неге ойына алғанын Берден өзі де зерделеген жоқ. Мүмкін қазіргі көңіл күйіне сәйкес есіне түскен шығар.

Жаздыкүні көк жүзіндегі сапарын аяқтауға асықпай ауылдың сыртына қарай қиыстап барып, «Мыңжылқының» тасасына қонақтап бататын күн көзі қыста аяздан қорғанып ұзақ жүріске шыдамағандай дәл ауыл алдындағы Қоянбай қырқасының тұсына жетеді де ұясына қонады. Аязды кеште батар күннің қызылы да ауыл үстін суық қарып жалап өткендей әсер қалдырады. Кешкі шапақпен жалындаған қызыл тұмсық та — Қоянбайдың ауыл тұсындағы биігі бірте-бірте бояуы оңып, күлгіндене береді. Ақыры көлеңке ұялап, қарауыта бастайды. Сөйткенше төңірек те қоңырқай тартып, қысқы түн жайлап түсіп келе жатады.

Ауыл сыртындағы жатаған құмақшалары көзге шалынып, ұшы-қиыры жоқ шалқайып жатқан кең жазықтың аясы енді тарыла бастап; қараңғылық қаусырмалап, көк жиегі қарауыта бұлдырап, қусырыла түседі.

Кеш таянған бастап далада ойын соңында жүрген Берденді көңілсіздік жайлап алады. Көз байлана бастаған даланың тылсым көрінісіне белгісіз бір құлазыңқы сезімнің жетегінде үрейлене қарап, ұзақ тұрады. Аязды кеште әуелей анық естілетін ауыл ішінің абыр-сабыр дыбысына — ойынның қарбаласындағы балалардың у-шуы; оларды үйді-үйіне шақырған шешелерінің айқайы; иттердің маңқылдай, шәуілдей үрген дауыстары; ұста дүкені жақтан бірде шыңылдай, бірде дүрсілдей шыққан балға үні; жақын маңнан сықырлата басып өтіп бара жатқан аттылы-жаяулы кісілердің аяғының дыбысы — осылардың еш қайсына назар аудармай өзімен-өзі тұрады.

Іштей күбірлеп жалбарынып: «Атамды түнде ауырта көрме, атамды ұзақ жасата көр»,—деп тілейді.

Кенет жақын маңнан шыққан:

— Берден, әй, Берден, сенбісің?— деген дауысқа жалт бұрылып, ұйқыдан оянғандай әлгі бір үрейлі ойдан бойын жинап ала қояды.

— Берденбісің, неғып тұрсың?— Әжесі жел үрлеп

— Неғып тұрсың?

тастаған күрткі қарды абайлап, сақтана басып қасына таянып келеді.

— Жай.

— Тамақ дайын болды, жүр үйге. Бұл тұрыстың не жалғыздан-жалғыз. Мен ана арғы көшедегі ойнап жат-



қан балалардың ішінде екен деп әуре болып сонда барып жүрсем.

Берден әжесінің соңына ілесіп, үйге қарай беттейді. Сол сәт ойына әлгі бір көңілсіз ойлар қайта оралып, әлде неге елегзиді. Сонан соң әжесіне таяна түсіп:

— Әже, атам енді ауырмай ма?— дейді, көзіне жас үйіріле қобалжып. Тап қазіргі осы бір алаң күйінен сол әжесінің жауабы құтқаратындай, сол кісіден әлденендей көмек күтетіндей сезімде елеңдей қарайды өзі.

Мұның уайымдап келе жатқанын сезген әжесі, маңдайынан етсіз, тарамыстау, әжім-әжім алақанымен мейірлене сыйпап, жұмсақ қоңыр даусымен көңілін тыныштандыра:

— Айналайын, жүрегіңнен садаға кетейін сенің, атам сіді ауырмайды. Жазылып келеді ғой, қорықпа,— дейді.

— Әже, атам жазылады ғой, ә,— дейді бұл да осы бір сөздің шылбырынан айрылғысы келмей.

— Жазылады, жазылады, айналайын!

«Атамды жазылта гөр, атамды ұзақ жасата гөр»,— дейді бұл тағы іштей күбірлеп.

Кешкі ызғырық сәл саябырлап, аяз сынған тәрізді. Күміс теңгенің сынығындай көгілдір, күлгін түстес жарты ай Қоянбайдың үстінен қарауыл қарап тұрғандай тіп-тік шаншыла, қыдия қалыпты. Қамшылар жағында қапталдаса ерген атқосшысындай болып жарық жұлдыз жарқырайды. Түн астында бұйығып, бүрісе түсіп, қарауытқан үйлердің мұржасынан тіп-тік көтерілген бозғылт түтін әуелей ұшып аспанға сіңіп, сейілген елестей селдіреп, жоғалып жатыр. Ауыл үйлерінің іргелігі төмен, аласа қабырғаларындағы төрт көзді шағын терезелерінен іште жанған жетілік май шамның жарығы сыртқа өлеусірей себелейді. Берденнің үйі шамды үнемі терезенің ішкі қуысындағы жалпақ кенересіне қоятын. Сонан болар бұл үйдегі шамның сыртқа ұрған жарығы себелемей, шақырая жарқырап тұратын. Сонан үйдің алдына да жарық түсетін. Бірақ қазір бұлардың терезесі көрінбейді. Суырған қар есіктің алдына таудай етіп жар тұрғызып, ол қабырғамен қабырға болып сіресіп қалған. Оны түгелдей аулаққа күреп тастауға мұршалары жетпеген соң, күндіз күн түсіп тұру үшін терезенің тұсын алаңқайлап кеңітіп, есіктің алдын тауды тілгендей жарып жол ашқанды. Мұның өзін ауыл-үй болып жабылып әрең аршыған. Айнала қоршаған аққала жардан үйдің төбесі мен мұржасы ғана көрінетін...

...Ол кезде бұл төңіректің ауа райы, табиғаты қазір-

гіден басқаша еді. Қыста қар қалың түсетін де Қаратаудан тәулік-тәулігімен тоқтамай соққан жел қарды суырып айдап, сай-жыра біткенге тыққылап, тегістеп, ауылдағы кей үйлердің айналасына осылай ақ жар тұрғызып, кейбір үйдің, тіпті, үстінен жүріп кететін. Ондайда көршілер қар астында қалған үйді мұржасы арқылы шамалап, төбесінен бастап аршитын. Қысқы боранның осы қылжағынан хабардар жұрт сыртқы есіктерін үнемі ішке қарай ашылатын етіп орнататын. Басқа ел сырттан аршып жатқанда үй ішіндегілер де қарап отырмай есіктің көзінен қардың астын үңгіп, далаға шығар тесік жасаудың қамын қарастыратын. Ақыры есіктің көзі ашылып, іштегілер мен сырттағылар тоқайласқан сәт өз алдына бір жеңіс думанына айналатын. Екі жақтан көшіп келіп кезіккен елдей шуылдасып, мәз-мәйрам болатын.

Бір қызығы — ауылдағы кей үйлерді басып салатын ақ боран басқа бір үйлердің төңірегін жым-жылас суырып айдап, маңайында күрерге қар тастамайды. Ал көктемге қарай қар ерігенде тау өзендері құтырына тасиды-ай келіп. Бұл ауылдың жанынан өтетін Бүркіттінің өзенінің аттылы, жаяулы жүргіншіге бірнеше күн бойына өткел бермей қоятын кездері жиі кездесетін. Қаратаудан құлай аққан бұл өзен жазыққа шыққан соң арнасына сыймай жайылып, жер-көкті телегей-теңіз су алып кететін. Көл біткеннің айдыны кемерінен асып, үйрек-қазға толып, ызы-қиқы болып жататын. Бұл ауылдың қазіргі балаларына сол кездегі осы қысқы боран, көктемгі тасқын су жайлы айтсаң ертегі деп қабылдары сөзсіз. Ол түгілі дәл Қоянбайдың Қызыл тұмсығының астынан өтетін Бүркіттінің арнасының қазіргі ескі оман арықтың орнындай ғана болып қалған, құм басып жайпауыттанған сайына қарап бір кезде осы жерден долдана ағып тау өзені өтетін еді дегенге қазір өзің де шүбәлана қарайтын сияқтысын...

Үйге таяп келген соң Берден әжесіне ілесіп жал болып жатқан биік қарды айналып жүрмей-ақ есік алдына соның басынан тік етіп түсе қалмаққа төтесінен үстіне көтерілді. Үй алдындағы ақ жардың биігіне көтерілгенде дәл бір ауылдың төбесіне шыға келгендей әсерге бөленді. Қоныстанудың ұзына бойына көз жүгіртті. Осы көшенің сонау ең басындағы тұрған там Далбақай атасының үйі. Онан кейінгі Рахбек шалдың үйі. Мынау колхоздың ұста дүкені. Дүкеннің қасындағы қоржын тамда Қуан ұста тұрады. Бұл үшеуінің шаруадан қолы босай

қалса ермегі бес карта. Бір үйге жиналып алып, күнітүні бас алмай ойнауға пейіл. Жалықпайды да, шаршамайды да бір жеңіп, бір жеңіліп гүжілдеседі де жатады.

«Далбақай атам үйінде ме екен. Карта ойнап жатқан шығар. Үйге ертіп келсем бе екен»,— деп ойлады Берден жоғарыдан қарап тұрып. Сол кісі келіп отырса үйіндегі ауыртпалық, көңілсіздік бір түрлі жеңілдейтіндей сезінеді. Көңіліне едәуір медет санайды.

— Әже, Далбақай атамды шақырып келейін бе?!

Әжесі Берденнің ішкі дүниесін ұғатын сияқты.

— Далбақай атаң үйде отыр,— дейді мұның көңілін орнықтыра.

Үйге кіруге жүрексініп тұрған бұл қуанып, бір түрлі жеңілденіп қалады. Арқасын әлдекімге сүйенгендей көңіліне сенім пайда болады. Жарлауыт қардан дік етіп секіріп түсіп, табалдырықтан қобалжымай еркін аттайды. Аттай беріп: «Атамды енді ауырта көрме»... деп күбірлейді. Осы сәт көптен бері көңіліне ұялап алған уайым жүгі кенет сейілгендей сезінеді.

Берденнің бойына осы бір көңілсіз үрей сол атасы алғаш ауырған түннен бері орнап алған еді...

...Екі бөлмелі тамның дәлізіне кісі отырмайды. Онда ас-ауқат, күнделікті тамызық отын, киіз үйдің жабдығы, басқа да әр түрлі шара-пара заттар жинаулы тұрады да, от жағылмайды. Үйдегілердің барлығы төргі бір бөлмеде жан сақтайы. Пеш те, қазандық та осында. Асты осында пісіріп ішеді. Осында ұйықтайды. Бекті қарт кемпірімен және үйемелі-сүйелмелі үш-төрт немересімен, балалары оқуға қарағалы осында қыстап шығады. Үйдегілердің ең кішісі Берден онда үшінші класта оқитын.

Атасы мен әжесінің төсегі үнемі пештің түбінде болатын да бұларға тиесілі орын, түнде жатса да, күндіз отырса да, терезенің алды еді. Үйдің төрі әрдайым қағылып, сыпырылып, мұнтаздай тап-таза болып мейманға сақтаулы тұратын. Атасы келім-кетім кісісі көп, қонақжай жан еді.

Атасының кенет науқастанып, төсек тартып жатып қалғанына біраз күн болған. Алғашқыда Берден мұны қаперіне алған жоқты. Атасынікі не науқас, қалай ауырып қалды оған да мән бермеген. Тек түн баласына ыңырысып қиналып шығатынын кейінгі күндері сезе бастаған. Сонан атасының келбетті, сүйекті ақ сұр жүзі сарғыш тартып, күрт жүдеген кейпіне енді ғана зер салып, көңіліне аяныш тәріздес сезім ұялағандай еді.

Осы күндердің бірінде түн ортасында шырт ұйқыда жатқан Берден әжесінің қатты абыржи шыққан дауысынан шошып оянды.

— Бөкен, Берден, Әйкен,— деп үйдегі балаларды оята дауыстады ол. Өзі не істеудің амалын таба алмай, сасқалақтаған күйде:

— Қария, не болды, қария-ау, не болды,— деп шалқасынан жатқан кісінің біресе аяғын біресе қолын уқалап жанталасуда. Көзін ә деп ашқанда Берденнің көргені осы. Атасының түріне назар салғанда зәресі ұшып жылап жіберді. Кең маңдай, ат жақты, қыр мұрын, жібектей есілген аппақ, сұлу сақал-мұртты, зор жүзді, сесті, ақ сұр өңі сақарға салып алғандай қуарып суалып кеткен екен. Көзі жұмулы, жүріп кеткен жан тәрізді. Жылаған бойы:

— Ата, аталап!— келіп аяғынан құшақтай алды. Аяғынан жан кетіп қалғандай мұп-мұздай. Тынысы тарыла, қинала сырылдаған дысыбы үрейлі де қорқынышты-ақ. Жүзінде тіршілік белгісінен гөрі басқа бір күйдің кебі аңғарылғандай. Аяқ-қолы тартыла жиырылып, ықылық ата қиналғанда енді-енді үзіліп кететіндей. Амалы таусылған әжесі зәрелері қалмай жылап тұрған бұларға:

— Жүгіріндер тез,— деді.— Мүтекең атанды, Далбақай атанды, Қуан ұстаны шақырындар, көрші үйлерге айтындар, атам қысылып жатыр, әжем жіберді деңдер.

Үстеріне лыпа ілді ме, ілмеді ме ол арасын әлі күнге дейін естеріне түсіре алмайды, үшеуі далаға жүгіре шыққан бетте тапа бір алдын-ала келісіп алғандай-ақ, үш шалдың үйіне қарай жанұшыра безе жөнелді.

Берден бірден өздерімен жақын ағайын, атасынан біраз жас үлкендігі бар Мүтекең қарияның үйіне қарай тартты. Ол кісінің үйі ауылдың арқа жағындағы екінші көшенің бойында болатын. Екі аралық едәуір жер еді. Бір-бірінен оңашалау орналасқан екі көшенің ортасындағы жазық алаңқайда ескі құдықтардың апан болып қалған орыны, түрлі қазан шұңқырлар кездесетін. Оларды қазір үрген қар тегістеп, типылдап тастаған. Қай жер, ой, қай жер шұңқыр аңғару қиын. Ай болса қараңғы. Үрген қардың кей жері тып-тығыз, қатты, үстінен жүрген кісіні көтере береді, кей тұсы бос, күріп етіп түсіп кетесің. Омбылап әрең шығады кісі. Жайшылықта бөтен иттен қатты қорқатын Берден алдынан абалап шыққан бірер қаншыққа қараған да жоқ. Келген бойда есікті тоқпақтай берді. Шырт ұйқыдағы жұрт жуық

арада ояна қоймады. Енде не істерін білмей сасып, жүгіріп терезеге келді. Әйнекті екі-үш қағып жібергені сол екен ар жақтан бөрліге оянған кісілердің дыбысы естілді. Іштен әлде кім терезеге үңілді. Кім екенін ажыратпаса да сыртта келіп тұрған баланы көрген болуы керек, тез шам тұтатып есікті ашты.

— Бұл қайсың? Түн ішінде неғып жүрген жансың?— деді есік ашқан кемпірі.

Әрі суықтан, әрі үрейден қалтырап, дір-дір еткен Берден:

— Атам, атам...— деп кемсеңдей берді. Басқа сөз айтуға жөппелдемеде тілі икемге келе қоятын емес.

Мұны енді ғана таныған кемпірі:

— Ойбұй, мынау Берденжанбысың? Неғып жүрсін айналайын-ау! Бұл жүрісің қалай? — деп бәйек бола сөйлеп, таяна берді. Шалы да төсектің үстінде басын көтеріп отыр екен.

— Не дейді, не дейді?— деді елеуреп.— Берден дейсің бе? Е, ол неғып жүр?

— Ойбұй, өзі қатып қалыпты-ау, айналайын,— деп сұп-суық қолынан, бетінен сыйпалай берген кемпірдің иығына сүйеніп бұл өкіріп жіберді. Шал мен кемпір ештеңенің байыбына бара алмай, қаупалақтады да қалды. Екеуі екі жағынан құшақтап, мұны жұбата алмай әуре.

— Атам қысылып жатыр, әжем жіберді,— дегенді жылап тұрып әрең айтты.— Тезірек жүріңізші,— деді өксіп, өксіп.

Жағдайды енді-енді ұға бастаған шал абыржып:

— Мәсім қайда, мәсім,— деді төсегінің аяқ жағында жатқан мәсісін қонышынан қолымен сыйпалап тұрып. Оны тауып алған соң асып-сасып аяғына кие алмай біраз әуреленді.

— Шапаным қайда, шапаным,— деді төңірегін сыйпаланып. Оны тауып иығына ілген соң:

— Иә, пірім, қуат бере гөр, аһуһ!— деп созалаңдай орнынан тұрып есікке таяу тұстағы қабырғаға сүйеулі ақ таяғын қолына алды.

— Жүр,— деді сонан соң кемпіріне бұрылып.

Берден алда, үшеуі сүріне-қабына ентелеп келеді. Шал қайта-қайта ыңқ етіп омбы қарға түсіп кетеді де, ырсылдап, күрсілдеп әрең шығады.

— Иә, пірім, өзін қуат бере гөр,— деп қояды.

Өліп-талып, етек-қоныштарынан сауыс-сауыс болып қарға малтығып үйге де жетті.

Аралары біраз ата болғанымен Бекті қартқа туған

інісіндей жақын жүретін, бұл шаңырақтың ең бір қимас кісілерінен саналатын, қалтқысыз бауырмал, аңқылдаған ақ көңіл мінезіне орай Далбақай ата атанып кеткен Нүрке шал бұлардан бұрын келіп үлгерген екен. Әлі де қиналыс үстінде сұлық жатқан науқастың аяғын уқалап, тізерлей отырған күйі:

— Қария, қария,— дей береді.

Дауысы дірілдей, аурудың үстіне түсіп кетуге пейіл қалыпта үздіге шығады. Бұлардың кіргенін де аңғарған жоқ. Жаны ауырып, шын күйзеліп отырған сыңайы бар. Қелсаптай үлкен басы тұғжиып, қапсағай денелі зор тұлғасы шөгіп еңкіш тартып кетіпті. Науқас кісінің аяқ-қолын уқалап отырған сексеуілдің тармағындай ірі-ірі сіңірлі саусақтары дір-дір етеді.

— Нүркемісің? Осында екенсің ғой. Жағдайы қалай?— деді, Мүтекең қария оның қасына тізерлей беріп.

— Ә, келдіңіз бе? Қайдам жағдайын. Мүтеке, бір дем салып жіберіңізші, алла рахым етіп, шипа болар ма екен?— деді Нүрке өтінгендей.

Мүтекең қарияның тәуіпшілігі бар, софы кісі еді. Атасының тамырын ұстап, қол-аяғын уқалап, ішінен әлде не күбірлеп, білгенін жасаған болып жатыр. Анда-санда жуан қоңыр даусымен ұйқыдағы сәбиді оятқандай жайлап қана:

— Бекті! Әй, Бекті!— деп қояды. Дауысында қобалжу бар тәрізді. Бұл кісі де ұзын бойлы денелі еді. Тізерлеген күйінің өзі шөккен нардай өңкиіп көрінеді. Тұмсығының ұшында түймедей қызыл қалы бар, тура мандайға тұтаса біткен дөң мұрыны салбырап, кісіге зәрі жоқ, момын кейіпті, сабырлы жуас жүзі жабырқау тартып, уайымдап отырған сыңайы байқалады.

Терезеге таман тұста, іргеге қарай түріп, жинай салған, әлгінде балалардың жатқан төсегіне сүйеніп бүріскен қалпы Қуан ұста отыр. Ескілікті көкірек ауыруы бар, дімкәстау кісі еді. Бір жөтелсе шиқылдап тоқтамай, буынып қалатын әдеті бартын. Мезгілсіз уақытта, желең күйде салқынға шыққандікі ме тық-тық жөтеліп мазасызданып қояды. Сөйтіп отырып қасындағы екі шалға:

— Тәуекел, сабыр етіңіздер,— деп басу айтады.

Атасы әлі қиналыс үстінде, ажалмен арпалыста. Екі жағында екі шал, бас жағында әжесі. Жандарын шүберекке түйіп, аурумен бірге алас ұрғаннан басқа жасарлажы болмай дағдарған күйде.

Берден де, оған тете ағасы мен әпкесі де бірі үй орта-

сындағы тіреуге бірі пешке, бірі босағаға сүйенген бойы зәр-құттары қалмай, мөлт-мөлт етіп, біресе атасына, біресе отырған шалдарға жәутең-жәутең етеді.

— Отырындар енді үрпимей, ана көрпеге оранып отырындаршы, жаурап қалдындар,— дейді әжесі ара тұра бұлар жаққа мойын бұрып.

Кенет атасы бір түрлі селкілдеп, қинала бұлқынғандай қайта қысыла бастады.

— Ойпырмай, ойпырмайлап!— екі шалдың да, әжесінің де жаны қалмады. Берденнің қорыққаны сонша аяқ-қолынан жан кетіп қалғандай әлсізденіп, өзі сүйеніп тұрған тіреуді тас құшақтап алды. Қоя берсе жығылып қалатын тәрізді. Бойында үрейден басқа ешнәрсе қалмаған.

Осы бір сұмдық ауыр, ұзаққа созылғандай көрінген сәл сәттік арпалыстан кейін атасы сұлық түсіп тынши қалғандай болды.

— Денесі кішкене жіпсігендей ме қалай. Иә, пірім, иә, пірім, қолдай гөр. Сәл тер шықса тыныстар еді,— деді Мүтекең өзімен-өзі сөйлескендей. Сәл үнсіздіктен кейін:— тамырының соғысы дұрысталайын деді, тәуекел енді,— деді үмітті дауыспен. Жүзі сұрланып, қаны қашып кеткен Нүрке ол кісіден бір дәремет күткендей жаутандай қарайды.

— Маңдайы да жіпсігендей. Ә, тер шығайын деді! Енді жақсы болады,— дейді Мүтекең науқастың ол жер, бұл жерін сыйпап.

Осыдан сүт қайнатымдай уақыт өткен шамада сұлық жатқан атасы сәл ыңырсығандай дыбыс беріп, қимылға келді. Артынша ауыр бір ұйқыдан қажып, шаршап, мәңгіріп оянған кісідей, жайлап кірпігін ашып, жан-жағына бей-жай немқұрайды көз жүгіртті. Жанарында сүлесөк салқындық бар. Әбден есеңгіреп қалған тәрізді.

— Қария-ау, ойпырым-ау, қария-ау, көзіңізді аштыңыз ба, әйтеуір?! Мені танысыз ба, қария?..— деп қалбалақтап жүзіне үңіліп, төніп тұрған Нүркені байқап, атасы бас изеп, өңін жылытқандай болды. Сол-ақ екен Нүрке отырған бойы көзінен жасы сорғалап, иықтары бүлкілдеп, еңкілдеп қоя бергені.

— Қой, әй, балаларды қорқытасын. Мынаның мынасы не-ей?— деп әжесі оған зілсіз жекіген болып жатыр.

Мүтекең де кемсеңдеп атасына қарап:

— Батыр-ау, мұның қалай, қорқыттың ғой, қорқыттың ғой,— дей береді.

— Ойдойт дерсің, мына екі шалдікі не-ей, балалар-

дан әрмен,— деп әзілдей күліп, Қуан ұста орнынан тұрды.

Жаңа ғана үреймен ауыртпалық жайлап алған үй ішіне атасы бір сәтке көз ашқанда шуақ құйылып жүре бергендей болды.

— Қария халіңіз халай? Жақсысыз ба?— деді Қуан ұста қасына таянып отырып, қолынан ұстап. Атасы басын изеп:

— Шүкір,— деп ернін жыбырлатты. Сонан соң басын әрі қарай бұрып көзін қайта жұмды.

— Енді сөйлетіп мазаламайық. Демалсын. Қажып жатыр ғой. Ұйықтағаны дұрыс қайта. Әл жинайды. Кейінірек отырыңыздар,— деп Қуан ұста өзі терезеге қарай сырғыды.

Екі шал да шегініп-шегініп төрге шығып отырды. Атасы шынында да дамылдағандай әзір тыншу күйде.

— Қорықпаңдар енді, атаң ұйықтады ғой. Сендер босқа жаурамай әне жерге көрпеге оранып, оранып жата беріңдер,— деді әжесі бұларға терезенің төменгі жағын сілтеп.— Жата беріңдер, енді уайымдамаңдар.

— Атамдар кетпей ме, осында бола ма?— деді Берден көңіліндегі түйткілін жасырмай. Сол кісілер отырса атасы ауырмайтын сияқты. Өздеріне де жеңіл, қорқынышсыз сияқты. Қетпесе екен деп тілеп отыр. Ол кісілер кетіп қалса бұл үйде жаңағы бір үрейлі сәт қайта орнайтын тәрізді. Мұның осы ойын сезгендей Далбақай атасы:

— Айналайын, кетпейміз, отырамыз. Атаңның қасында боламыз,— дейді.

Әжесі де:

— О, қоңқиған мұрныңнан, айналайын, қорықпай жата бер, атаңдар болады,— деді.

Қайта-қайта булыға жөтеліп қойып отырған Қуан ұста:

— Мына екі кісі бар ғой. Мен ауыру күзеткен ғұрлы елдің мазасын алып бітермін. Кетейін. Таңертең келермін. Шүкір дамылдап жатыр ғой. Тынысы дұрыс. Ал, аллаға тапсырдық,— деп рұқсат сұрап орнынан көтерілді. Сыртқа шыққан соң да есік алдынан ұзағанша шиқ-шиқ жөтеліп бара жатқан дыбысы біразға дейін естіліп тұрды.

Таңертең Берден абыр-сабыр сөйлеген кісілердің даусынан оянды. Әжесі мұның ояғанын көріп:

— Берден-әй кісілердің жолынан тұршы, ұйқың қаңбаса мына жерге келіп жат,— деп пеш түбіндегі өз тө-



сектерінің орнына жастық тастап, көрпеше төсеп шақырды.

Бұл көзін ашқан бетте бірден атасын іздеп солай қарай зер салды. Атасы жартылай отыр, жартылай жатыр деуге болатындай күйде арқасына жастықтарды бірінің үстіне бірін биіктетіп қойып, көрпеге кеудесінен оранып, көзін ашып отыр екен. Жүдеп құр сұлдері қалыпты. Жан-жағына тиянақ етіп қойған көрпе-жастық болмаса өз бойын өзі билеп, түзеліп отыруы да неғайбыл тәрізді.

Мезгіл азанғы шайдың кезі. Төр алдына шалдар топырлап қалыпты, есік жақта бір топ кемпір отыр. Бұлардың азанымен ести салып атасының көңілін сұрауға келгенін сезді. Бірге жатқан әпкесі мен ағасы оқуға кеткен. Бұл бармай қалыпты. Тәйірі, әжесі: «түнде ұйықтаған жоқ, жата берсінші, бір күн сабақтан қалғанға еш пәрсесі кетпес,»— деп ояттырмаған тәрізді. Кейде аяз, жауын-шашын күндерінде де әжесінің сөйтетін әдеті еді.

Күн едәуір көтеріліп қалған болуы керек түстікке қараған жалғыз терезеден үй ішіне түскен сәуле молая бастапты. Терезенің арғы жағындағы жал болып тұрған биік ақ қаланың жоғарғы кемері күн сәулесімен қызыл-сары түске құбыла ойнап, ұшқыш ата жарқырайды. Биік жар өзінен арғы даланы тасалап, көрсетпейді, тек терезенің үстіңгі жағынан көгілдір матаның бір жапырақ жыртындысындай болып бұлтсыз, шайдай ашық көк жүзі қылаңытады.

Әжесі дәлізде қайнап тұрған самауырды алып кіріп, шай жасады. Кіріп-шығып, хал біліп, көңілдерін танытып жатқан жұрт. Бәрі де жылы пейілдерін аңартып, қанатымен су сепкісі келген қарлығаштай қапылып, жандары қалмай тілектестік білдіреді. Кісі аяғы саябырлап, келіп-кетуші азайған кезде үйде оңашаланып үш-төрт шал қалды.

— Бұл қу тіршілік бітер дейсің бе. Қарияның қасында болып, біраз әңгімелесіп отырайық,— деп қыр мұрындылау келген орақ тұмсық, бетінде ептеген шешек дағы бар, ашаң жүзді, ақ сары шал төрден есікке жеткізе шырт түкіріп, жастықты шынтақтай жантая жайласты. Қағылез денелі, ширақ қимылды, даудырлаған ақ көңіл бұл қарт — Рахбек — әңгімешіл кісі еді. Селдір-сирек сақал-мұртын қайта-қайта ширатып, сыйпалап қойып, шырт-шырт түкіріп, кербездене қоландап,

көтеріліңкіреп отырғанды ұнататын. Жасында сал-серілікке әуестенгенін мақтаныш ете айтатын.

Рахбек Нүрке екеуі түйдей құрдас. Бірімен-бірі қажасып, әзілдесіп отырады. Қуан ұста үшеуі бас қоса қалса айрылуы қиын. Таңның атысы, күннің батысы демеіді бес карта ойнайды. Сол ойнағаннан үшеуін кемпірлері келіп, қарап тұрған шаруаларын айтып, құлақтарының құрыш етін жеп, қақсап, байбаламдап отырып, сүйрегендей етіп әрең ажыратып жүргені. «Бұл неғылған бітпейтін ойын өзі. Алары жоқ, берері жоқ, ұтып жатқан ұтысы жоқ. Неғылған таусылмайтын ойын. Неғып жалықпайды екен осыдан»—деп кемпірлері реніш білдіре күңкілдеп те қоятын.

Кісілер отыратын болған соң әжесі қолына лөкет пышақ пен ағаш табақты алып дәлізге қарай беттеді. Дәліздегі кебежені тықырлатып үйткен қойдың жылы жұмсағынан кесіп алып келіп қазанға салды.

Шалдар өткен-кеткенді әңгімелеп біраз отырды. Сөзге араласпағанымен атасы да әңгімеге құлақ қойып, тындап жатқан сыңайда.

Бір кезде Рахбек Қуанға қарап:

— Әй, үйің жақын ғой картаңды алдыршы, қарап отырғанша екі-үш таратып жіберейік,— деді.

— Ой, қой, қарияның мазасын алармыз,— деп Қуан сыпайылық сақтағансып еді, Рекең тақымдап қоймай қойды.

— Қарияға ешқандай зияны жоқ, жайлап ойнап отырамыз ғой, солай емес пе, Нүрке,— деп ол кісіге де құптатып қойды.

— Қария, мына екеуімен бір карта ойнап жіберсем, мазаңызды алмаймыз ба?— деп ақ көңілімен атасының алдынан өтіп жатыр. Атасы рұқсат дегендей күлімсіреп басын изеді де қойды.

— Әне, қарияның өзі рұқсат етті. Бол, Берденді жібер де алдыр,— деп алқымдай сөйледі енді.

Сөзбен де, басқамен де ісі жоқ, тақуа жан Мүтекен тәспісін тартып өзімен-өзі. Картаға кіріскен үшеуі алғашқы бірер ойында сыпайылық сақтай, мәмілемен отырып еді, біраздан кейін-ақ гүжіл басталып кетті.

— Қайта жүрмейсің, қайта жүрмейсің,— деп өзеуреді Нүрекең Рекеңнің қолын қақпайлап.

— Ал жаңа өзін ше, өзі неғылдың?

— Қашан?

— Ұмытып қала қойғанын.

— Әй, жайрақ, дабырласпандаршы. Үйде науқас

кісі бар. Осы екеуімен бірге карта ойнап керегі жоқ. Дауласып, миды жеп бітесіндер,— деп Қуан басу айта наразылық білдірді.

— Шікін-ай, ә. Мынаған обал болып жүр екен-ау. Кісі бола калуын қарашы,— дейді Рекең оның төбесінен асыра есікке қарай шырт түкіріп қойып.

— Бол, бол, жүр,— деп алқымдайды Нүрекен.

— Әй, керең,— дейді Рахбек құлағы сараңдау естін оған. Мынаны бере тұр қайта басайын. Өмірі көрген баққаның осы емес шығар.

— Жоқ, жоқ! Қырладым де, жеңілдім де, мойында,— деп нықтайды Нүрке кеңк-кеңк күліп, мәз болып.

Тілінің шаяны бар, кісіге сөзін жібере қоймайтын Рахбек қарап қалмай, әлдене деп шағып алады. Сол кезде Нүрке картаны тастай беріп:

— Мандайыңа қояын ба, осы,— деп тамырлары арса-арса томардай жұдырығын түйіп алып, Рекеңнің төбесіне шүйлігіп төне береді. Расымен қойып жіберетін тәрізді.

— Бұл қерең өстеді, өстеді енді,— деп ол қарқ-қарқ күліп қасындағы жастыққа жантая кетеді.

Бұлардың осы карта ойнап, гүжілдескеніне қошуақ емес Мүтекең:

— Бала болып кеттіме-ей, қайтеді. Дауа жоқ екен-ау өздеріне,— дейді зілсіз наразылық білдіре.

— Пірадар, ұрсып отыр, қой, қояйық енді,— дейді сонан соң Қуан ұста.

Шалдар бесін ауғанша отырып, «кешке хабарласармыз, керек болса бір-екеуміз осында түнеп шығармыз, енді үй жаққа барып қайтайық»— деп орындарынан тұрады.

Атасы көпке дейін түзеле алмады. Мұнан кейін де бір-екі рет осылай талықсып, ауырлап қалды. Соңғы рет кеше түні қайталап еді. Берденнің уайымдап тұрғаны да сол еді. Далбақай атан үйде деген соң көңілі жайлаңғандай қуанып кетті. Атасы осы қанша ауырғанда да әлгі қарттар, шығарда жаны басқа қалып танытып, күні-түні қасынан кетпей, құрақ ұшып бәйек болатын. Ауылдағы басқа елдің де тілегі солай түзу еді...

Ол кезде бұл төңіректе аурухана, дәрігер деген болмайтын. Сонда осы бір шағын ауыл ауыру-сырқауын әлгіндей бір-біріне деген қалтқысыз ықылас-пейіл, көңіл жылуымен емдеп келген екен-ау...

Кейде бір шалдардың әжесіне:

— Қына, мынумен қария шай ішсінші. Кемпірдің сан-

дығының түбінде жатыр екен. Қарияға берейінші деп алып келдім,— деп шыт белбеуінің бүктемесінен бір түйір науат әперіп жатқанын көретін.

Ал кемпірлер:

— Жазда Түркістандағы қыз ала келген еді, сонан қалғаны екен. Қария аузының дәмін алсыншы. Жарықтық жақсы жердің асы ғой,— деп бір уыс өрігін не құрмасын әкеп жүргені.

Атасы шайқор болғанымен жеміс-жидек, кәмпит дегендерді аузына алмайтын. Үлкен сары самауыр толы шайды жалғыз өзі көк қанттың бармақ басындай бір түйірімен ғана тамамдайтын. Дастарқанда не түрлі тағам тұрса да шай ішіп отырғанда аузына ас салмайтын. Бұл әдеті ауылдың кәрі-жастарының бәріне мәлім. Соны біле тұрса да әлгі шал-кемпірлердікі қолдарынан келген көмегі, білдірген ықыластары болса керек.

Бір-біріне өстіп көңіл жалғастырып, барлы-жоғын бөлісіп селбесіп отыратын.

Соғыс кезінде колхоздың малын баққан атасы сұрапыл басылған соң әрі жасы келіп, әрі немерелері оқуға ілігіп қалды да малды майданнан қайтқандардың біріне өткізіп, қоныстануға көшіп келген. Қолында әскерге кетіп сонан қайтып оралмаған кіші інісі мен жасы асып, әскерге жарамағанымен үш-төрт жылдай жұмысшы батальонында болып қайтқан, қазір колхоздың ешкісін бағып жүрген өзіне тете інісі Серәлінің балалары бар. Соларды орталықта отырып оқытады. Осы кемпір-шал, бала шағаны асырап-сақтаудың қамындағы Серәлі әйелімен екеуі қысы-жазы малдың соңында.

Елдің әлі де тапшылау кезі. Ауыдағы қырық-елу үйде сол кезде ұмытпаса, екі-ақ кісі де — Мүтекең қария мен атасында ғана жеке меншік бір-бір түйе болатын. Жұрт қыстық отынға ауыл төңірегінен шағыр жусан, құрай, қала берді, ақ шеңгел шауып арқалап таситын. Берденнің әлі есінде бұлар өздеріне қысқа жетерлік отын жинап алған соң ауылдағы ел әлгі екі түйеге күніне бір үйден кезекке тұратын. Түйе қолына тиген кісі Шоқаттан, Шабырдан сексеуіл не жыңғыл тәрізді қызуы молдау, сүйекті отын тасып түсіретін. Аязды күндері жусанға араластырып жағуға қандай рахат. Әйтпесе жалпылдақ отынның бір өзі мұндайда шақ келе ме, әрі жылуы бола ма? Сонан сары күзден бастап қар түскенше екі нардың арқасы босайтын күн болмайтын.

Бірде оқу басталғанда Бердендердің қағаз-қаламы, кітабы жетіспей қалды. Табан астында тиың-тебен табы-

ла қоймады. Жұрттың ақша жинайтын кезі емес ол. Ылаж табылмай қиналған сәтте атасы бір күні Шоқаттан бір түйе жыңғыл басып алып келді де үйдің қасына түсіріп, бөлек жинап қойып, жексенбі күні, таң қылаң бере, Берден мен онан екі-үш жас үлкен ағасы Бөкенді оятып:

— Екеуің «Саудақентке» барып қайтыңдар,— деді.— Онда да отын қат деген. Базарға апарып өткеніне сатыңдар да, соған керек қағаз-қаламдарыңды алыңдар.

Екеуі апыл-ғұпыл киініп, далаға шықса қара нарға кешегі алып келген жыңғылды артып қойыпты. Жаймалап тақтайдай етіп теңделген отынның үстіне жабағы көрпешені салып, екеуі міңгесіп:

— Әйт, шу-уу!— деп ауылдан тура шығар күннің астына қарай кетіп жатқан қара жолға түсті.

«Саудақент»— осыдан оншақты шақырымдай жердегі аудан орталығы. Селоның бір шетіндегі балшық дуалмен қоршалған шағын базар алаңына бұлар күн сәскеге тырмыса ілікті. Базар ішінде әр жер, әр жерге топталып, иіріліп тұрған, әрлі-берлі жүрген кісі қарасы бір сыпыра. Әрменірек түкпірге сала әркім-әркім бірекеуден ұстап тұрған оншақты қойдың қарамы көрінді. Ана жерде де, мына жерде де қабының аузын ашып қойып, стаканда пісте сатып отырған кемпір-шал. Қауын, қарбыз, асқабақ, пияз, сәбіз сататындар үстінде бастырмасы бар ұзыншалау ағаш сөрениң төңірегіне жиналыпты. Сөрениң бір шетіне таяу тұста анда-санда «Жаңа жолға» да келіп-кетіп жүретін, бояу, тарақ, қол айна тәрізді кәкір-шүкір сататын құрымшының арбасы тұр. Берден оны бірден тани кетті, Балшық дуалдың іргесінде бауланған жоңышқа тиелген екі-үш есек арба көзге түседі. Базардың ә, деп қарағанда назарға ілігер көрінісі осы.

Бұлардың биік ағаш дарбазадан кіре беруі мұн екен қазағы бар, орысы бар, төрт-бес адам қоршалай кетті. Орыстарының не айтып тұрғанынан Берденнің хабары шамалы, ал қазақтары:

— Әй, балалар мына отындарыңды сатасыңдар ма?— дейді.

— Сатамыз, сатамыз,— дейді екеуі бірдей жарыса сұраушының оңай табыла кеткеніне қуанып.

— Нарқы қанша?

Бұл сұрауға екеуі бастарын қасып бір-біріне қара-

ды. Осыны аңғара қойған орта жастардағы бір жылмандаған қазақ кісі:

— Әй, жүріңдер бері,— деп түйені жетелей жөнелді.

— Қайда, қайда?— деп аңтарылып қалған екеуіне, базарға таяу тұрған бір-біріне жабыстыра салынған үш-төрт қотыр тамды нұсқады.

— Біздің үй анау. Сонда апарып түсіріңдер. Мен ламын, тиісті ақшаларыңды беремін.

— Ей, қайда апарасың, нарқын естиік те, тоқтай тұр,— деп басқалардың шаужайлағанына да, бұл екеуінің қауіп ойлап, үркектеп, бүгежектегеніне де қарайлайтын емес. Қимелеп әкетіп барады. Бидасынан жетектеген бойы қара нарды есігінің алдына апарып бірақ шөгерді. Екеуі не істерін білмей бір-біріне жапақ-жапақ етеді. Сол кезде әлгі төс қалтасына қолын сұғып жіберіп бір уыс ақша алып шықты да, санап Бөкенге ұсынды.

— Мә, бала, осыған ырза бол. Бұдан артық саған ешкім бермейді. Ал отыныңды түсіріп, арқаныңды жинап ал.

Бөкен ақшаны санап көрді де келіскен сыңаймен басын изеді. Сонан соң үстіндегі отынын түсірген нарды жетелеп базарға қайтып келді. Екеуі екі қалтасын пістеге толтырып алды. Сөйтіп селоның ортасындағы кітап дүкеніне қарай беттеді. Керегінше қағаз-қалам, қажет кітаптарын алып кенелді де қалды. Онымен қоймай бұрын қолдарына түспей жүрген бір-бір қайыс сөмкеге ие болды.

— Қалған ақшаға қант-шай ала кетеміз,— деді Бөкен. Берденге бәрібір өмірінде бір мол ақшаға ие болып, базарлап жүргеніне мәз. Азық-түлік сататын дүкеннің алдына келген соң:

— Сен нарды ұстай тұр, мен кіріп шығайын,— деп ағасы ішке кіріп кетті де үлкен, қызыл ала шыт қалтаны қант, шай, кәмпітке тыңқитып келді. Сөйтіп қуаныштары қойынына симай, арқа-жарқа күйде ауылға қайтты. Ауылға келе жатып Берден сонда: «Атам қара нарды елге отын тасуға бергенше, осы ауданға әкеп жыңғыл сатса, ақшаның астында қалады екенбіз-ау. Неге сөйтпейді екен»,— деп ойлаған. Қара нардың сүті құнарлы, әрі бұлақтай мол болатын. Ол боталаған жылы ауыл-үйдің ауызы аққа тиетін. Егер оның сүтін бір үйдің қажетіне жаратса бұлар шұбатымен-ақ көл болып отыра еді. Бірақ сауған-сауғанынша ауылдағылар шай қаттыққа деп кесе, дастағанмен пышақ үстінен үлестіріп әке-

тетін. «Бер-бер» дейтін де отыратын атасы. Сөйтіп бұлардың өзі шұбат та ашыта алмайтын.

Атасы сол науқасынан қыс ортасы ауа бері қарады. Бірақ әбден тұралап, құр сұлдері қалған. Біразға дейін оңала алмады. Қайындай тіп-тік сұңғақ денесі арса-арса болып, терісі сүйегіне жабысып, ат жақты, кең маңдай, зор келбетті жүзі көк шандырланып, көрер көзге аянышты күйде еді. Дегенімен атасы далаға өз аяғымен кіріп-шығып, төсектен тұрғалы бұл үйдің өзіне тән өрі кіріп, от басы, шүңкілдесіп, көңірсіп отыратын болады.

Бұрын атасы ауырмай тұрғанда күн бата кешкі тамақты ішіп, бұлар сабағын орындап алған соң жатқанға дейін кемпір-шал немерелеріне әңгіме айтып, кейде балалардың тақпағын тыңдайтын.

— Қане, атаң да естісін әнеукүнгі өлеңдерінді айтындаршы,— деп әжесі қолқалап, ән салдыратын.

«...Өсеміз, өрлейміз, басамыз кең алға...»— деп бұлар жамырай қосылып жатқанда атасы жүзіне нұр жүгіріп, жайдар күйде отыратын. Кей, кейде бұлар әнін аяқтаған кезде, соғыстан қайтпай қалған інісінің балаларына қарап:

— Әкең, бейшара, осыларынды көрмеді-ау,— деп күрсініп, жабығыңқы тартып, ойланып қалатын.

Атасы мұндай ойланған сәтте терең иірімдей тұңғықтанып, томаға тұйық күй кешетін. Іштегі бір жан дүниесін сыздататын жараның ауызы ашылып кеткендей шырайына салқын сыз орнап, қабаржып, көңілсіз тартып кететін.

— Бір әкеден туған, үлкені мен, ағайынды он ұл едік. Сонан жер басып жүргеніміз мынаның әкесі екеуміз ғана. Ендігі арттағы бар қарайған осы бір жаман немелер. Үміт, тілек осылардың үстінде,— деп атасының мұны негімен нұсқап әңгімелеп отырғанын талай еститін.

Ол кісінің әлгіндей күпті кезде бастан өткен ауыр күндердің елесін кезіп, қиналып кететінін бұл сезетін. Сондайда іштей аяп, қолынан келсе мына дүниенің бар жақсылығын атасының басына үйіп-төгіп, жарылқап-ақ тастағысы келер еді.

Атасы бұлардың ешқайсысын еркелетіп, маңдайынан сипаған жан емес. Бірақ білсін естісін дегендей бұрынғы соңғыдан әңгіме айтып отыратын. Берден де үйдегі басқа балалар да ол кісіден қатты қаймығатын. Артық қимыл, артық сөз, ұшқалақ мінез көрсетіп ал-

мауға тырысатын. Қай-қайсы да салмақты, орнықты болуға күш салып бағатын. Мінезі ауыр, дейі қаттылау атасы күндіз қолы қарап отырмайтын, жұмысқа келгенде мазасыз кісі еді. Үйдің төңірегін қайта-қайта күрегіштеп, қара нардың астын құдайдың құтты күні екі-үш қайтара тазартып, құмалағын, шөптің көшегін аулаққа апарып, тап-тұйнақтай етіп жинап, қораның да, үйдің де айналасын айнадай етіп ұстайтын. Шашау төгілген бір уыс күл, шашылған бір тал отын көрсе қатты ренжитін. Үй төңірегін осы түртіншек жұмысына балаларды да қатыстырып, олардың әр-бір ісіне мұқият зер салып, жіті қадағалайтын. Қарт кісідей емес оқуларының барысын да тақақтап, ықтияттайтын. Қайсы бірінің тіршілігіне риза болса, көңілі толса, мейірленсе, ақ сұр жүзі күлімсіреп, жылы жанарымен қарайтын да қоятын. Атасының осы бір сәттік қана ықыласының өзі бұлардың көңіліне күн шуағын құйып жібергендей қуанышқа бөлеп тастайтын. Масаттанып, марқайып қалатын.

\* \* \*

Науырыз туып, қыс бойы сіресіп жатып алған қалың қар көксоқталанып, ойдым-ойдым ойылып, дала реңі қара дақтанып, жылға-жылғаға су жүгіре бастағаннан Берден таянып келе жатқан көктемді тағатсыздана, ынтыға күтетін. Осы бір өліара кезде кісінің жан дүниесі де қарбалас сәттерді бастан өткізетін тәрізді. Енді аз күнде тау өзендері тасиды. Көл біткен кемерінен асып, шабындықтар шалқыған айдын астында қалады. Осы күндерде:

— Ана қарандаршы, эне аспанға,— деп балалар қуана шуылдасар еді.

Көк жүзінде сызып, түрлі өрнек салып, ағылып келе жатқан құстардың алғашқы легі көрінеді. Сызды да, дымқыл дала төсі тырналардың тыраулаған сырнай даусы мен үйрек-қаздың қанатының суылдаған үніне толып, соны бір күйге енетін. Мұндай кезде балаларда үйде отыру болмайды. Табиғаттың жөңкіле көшіп түрленіп жатқан өзгермелі құбылысын қызықтаумен жүреді. Күні бойы қағаздан қайық жасап, қар суына жүздіріп, сарыны төңірекке түгел жайыла естіліп, тасып жатқан Бүркіттінің жағасын жағалап, кешке таман салым-салым болып титықтап, кірпіктері әрең қимылдап, зорығып келіп құлайды. Күндегісін кешке әжесінің:

— Шырағым-ау, бұл не сабылыс. Осы жүрістен ауы-



рып қаласың ғой. Мынау не деген шылқылдаған су. Бұл киімдер енді қалай кебеді. Ертең мектепке не киіп барасың енді,— деп зілсіз наразылық білдіріп жатқаны.

Қоянбайдың бауырының көктемі-ай, шіркін. Бәрінен де соны айтсайшы. Берденнің әкесі Серәлі колхоздың бір қора ешкісін бағатын. Серәлінің үйі колхоз қоныстануынан үш-төрт көшіп жететін, қыста малға жайлы, Мойынқұмның жалын қыстайтын. Наурыз өте құмнан көшіп шығып, Қоянбайдың етегіндегі Жайлауқұдықтың жазығына келіп қонады. Ол келісімен атасы, соған ілесіп ауылдағы біраз үйлер шаңырақтарын көтеріп осында шығатын. Бердендер енді мектепке осы малды ауылдан қатынайды. Танертең сап-салқын саф ауада шық тұнған көк майсаны тізеден кешіп, жарыса жүгіріп отырып мектепке қалай жеткендерін білмей қалатын бұлар қайтарда шаңқай түстің сары шуағына жүздерін өптіріп, алысып, ойнап ауылға жетуге асыға қоймайтын. Қоянбайдың бауырының бұл шақтағы көк масаты көркіне көз тоймайды. Құмақшалардың күңгейі қып-қызыл жалын болып алаулайды. Балалар мектеп пен ешкі ауылдың арасындағы жалғыз аяқ соқпақтың екі жағына иін тіресе өскен қызғалдақ, сарғалдақ, бақ-бақ гүлге құшақтарын толтырып, гүл-гүл жайнап келе жататын. Аспанда көк, жерде көк, жұпар ауада буалдыр шуақ жүзіп жүргендей. Қаратаудың жондарының да үстінде бір жылы мұнар кілегейленіп, бусанып көрінеді. Сағым көтерген Мыңжылқының биігі балқыған қорғасындай толқып тұрады. Осы бір ұшы-қиыры көк жиекпен көмкеріліп көсіліп жатқан кең көріністің аядай аңғарында үркердей шоқталып Серәлінің ауылы отырар еді. Ол ауыл май мерекесі өтіп, төл аяқтанған соң бұл қонысынан жұрт аударып, тура қоныстанудың желкесіне көшіп келетін.

Колхоз Серәлі бағатын ешкіні орталықта отырған жұртқа сауынға береді. Әкесі аса зерек кісі. Алдындағы бес жүз ешкінің қайсысынан қанша сүт шығатынын, қайсысының қандай мінез-құлқы барына дейін бес саусағындай біледі. Ал осы бес жүз тұяқтан өрген егізі бар, жалқысы бар, үшемі бар толып жатқан лақтың енелерін қалт жібермей ажыратқанда ауылдағы ел соншалықты ұқыптылығын таң қала сөз ететін. Кей-кейде әкесі әлде қапаланғаны, әлде өз ісіне риза екені белгісіз екі ұдай күйде:

— Өмір бойы осы мал соңында өтетіміме көрінген

шығар, кішкентайымнан малсақ едім. Бала күнімде де ауыл үйдің қозы-лағын мен танып беріп жүруші едім,— деп әңгімелеп қоятын.

Әкесінің ешкі соңында қысы-жазы жаяу жүргеніне шаршап ренжігені шығар деп ойлаған бұл:

— Көке, неге ферма бастық болмайсыз, атқа мініп жүрер едіңіз,— дейді.

— Е, шырағым, әркімнің бұйырған несібесі болады. Пендешілікпен соның байыбына бара бермейміз де пәлен-пәштуән дейміз ғой. Ат үстінде жүр, жаяу жүр, ел ортасында қадырыңмен жүргізісін де. Ағайынға сүйкімнің кетпей, біреуге зияның тимей, сыйыңмен жүрсең болғаны,— дейтін ол тұспалдай сөйлеп, өзіне емес бұған бола айтып отырғандай сыңаймен. Сонан кейін бұған бұрылып, бас аяғына зер сала:

— Оқуың қалай өзі?— деп сұрайтын.

Қағылез денелі, орта бойлы, шымыр, ширақ қимылды әкесінің жанары кісіге жылы ұшырай қарайтын қоныр қой көзі күлімсіреп, қызыл шырайлы дөңгелек жүзіне мейірім ұялай:

— Мейлі, аман бол, әйтеуір. Несібеңнен көрерсің. Мандайға жазылғаны болады түбінде,— деп мұның басынан сыйпайтын сонан соң.

Әкесі қоныстанудың қасына көшіп келген соң ешкілерді бес-оннан әр үйдің жан басына қарай ылайықтап бөледі. Бөлген кезде әр үйге бір сүттісімен бір сүті тапшылауын араластырып беріп, кім кімге де артық, кем кетпеуін мұқият қадағалайды. Жұрт өздеріне тиесілі ешкі мен лақтарға әр түрлі жіптен белгі байлап, меншіктеніп алады. Мұнан соң лақтарды ешкілерден айырып бөлек бағады. Әкесі танертең өріске жайып кеткен ешкіні бесін ауа ауылға айдап келеді. Сол кезде жұрт өздеріне тиесілі сауындарын ұстап, қосақтап, көгендеп, сауып алады да лақтарын жамыратып, ағытып жібереді. Сонан соң әкесі жамыраған малды кешкі жайылымға шығарып түнемеге бірақ алып келеді. Азанда ертелеп ешкілерді қайта айдап кетеді. Күз түсіп, мал суалғанша күндегі әдеттері осы. Бір қора ешкі бұл ауылға жаз бойы сусын, ағарған. Әрі оның үстіне тірнектеп қапқа айран жинап, анда-санда күбі пісіп, май алып, құрт қайнатып, қысқа азын-аулақ нәпақа да жинайды.

...«Дүниенің тапшылығында да көңілдің жомарттығын жоғалтпай, бір-біріне қол ұшын беріп, қарайласып, күнелтіп, ұйым, берекесін сақтап қалған, ынтымағы тұзу қандай ел десейші...»

Берден ой тізгінін жиып алғанда машина үлкен селоға келіп кірген екен. Аудан орталығына жетіп қалыпты.

— Сіз, осында күте тұрыңыз,— деді кезекші дәрігер.— Алдымен жедел жәрдем көрсетіп, науқастың жағдайын қарап шығайық, сонан соң ауруханаға аламыз.

Бұл тап-таза, сап-салқын, ұзын дәліздің орта кезіндегі орындықта отырып қала берді. Халаттарында қылдай қыртыс, кіршік жоқ, кілең таза киімді аурухана қызметкерлері ерсілі-қарсылы асыға басып өтеді. Салдыр-сұлдыр сүйретіп, түрлі аппарат тасып жүргендер де, әр түрлі дәрі-дәрмек көтеріп бара жатқандар да кездеседі. Біреулері:

— Сіз мұнда не істеп отырсыз, анда шығыңыз,— деп кетеді.

Бұл жағдайын мәлімдеген соң «онда мейлі» дегендей бұрылып жүре береді.

Берден осы қалпында ұзақ күтіп қалды. «Әр қайсысы қарап, тексеріп үлгергендері сол болып жатқан шығар»— дейді өзін-өзі тыныштандырып. Інісінің ажары жаман емес еді әлгінде, соны көңіліне медет тұтып отыр. «Кісі ауырмай, сырқамай тұра ма, тәуекел»,— дейді ойын басқа жаққа бұрғысы келіп. Сол сәт мұның көз алдына тағы да Қоянбай бауырындағы ауыл, сол ауылдағы біреуі ауырса өзі ауырғандай әбіржіп, дегбірі қалмайтын ақ тілеу жандар елестейді. Сол елестің жетегінде отырып: «Көңіл жылуының да бір киесі бар-ау. Шапағаты мол-ау»,— дейді іштей өзіне-өзі.

## ТЕРЕЗЕ СҮРТКЕН КЕЛІНШЕК

Терезесі күнге қараған кең бөлменің төр жағында үш жігіт әңгімелесіп отыр. Қосарлана үсті-үстіне тартқан темекіден ауада әредік-әредік селдір, көк шулан түтін үйіріліп тұр. Тынысқа ауырлап кеткен бөлменің желдеткішін ашып алу да еш қайсысының қаперіне келетін емес.

Ақпан айының соңғы күндері болғанымен далада әлі қыс күйінде. Қыстай тебіремей жатқан ескі қардың енді-енді көбесі сәгіле бастаған. «Түске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» бұл мезгілде табиғат не қыстың суығының, не көктемнің желінің дегенін істей алмай әрі-сәрі жылымық күй кешеді. Тау баурайының төмендеу ойпатына орналасқан үлкен қаланы мұндай кезде түтін басып кететін әдеті. Көше-көше, үй-үй де кірлеп, ластанып,

көрер көзге төңірек көңілсіз тартып тұрады. Түстіктен алтын күрек соғып, көктемнің жауыны жайғанша қала іші осылап ыбылысып жатқаны. Мұндай кезде кісінің желпініп, қыдырып қайтуға көңілі соға бермейді. Демалыс күнді, не шаруаң болып, не шақырылып бір жерге бара қалмасаң, терезеңнен түтін басқан далаға қарағыштап қойып өткізуіңе тура келеді. Ал мұндайда әлдеқандай жора-жолдас, таныстардың бірі қыдырыстап келе қалса шет көрмейсің.

Төлеу осы қалада тұратын ауылдастары, анда-санда араласып тұратын жолдас жігіттері, Ашықбай мен Төретай бүгін сәске түсте үйіне жетіп келгенде, тіпті, қуанып қалғандай болған.

— Ой, мына қазақтар қайдан жүр ей!— деп қалтқысыз көңіл танытқан.

— Біз іздемесек, өзің керек ететін емессің. Осылар бар еді-ау деп келмейсің, шақырмасақ араласпайсың. Бұл қалай, Төке! Ағайын осылай болмақ па?— Төретай ашық-жарқын қалыпта наз айтып жатыр.

— Әй, өкпең дұрыс, оған енді келіспеске болмайды. Біздің тарапымыздан кетіп жатқан ондай әбестік бар-ау осы,— деді бұл да күліп, мойындаған сынайда.— Енді біріміз жіберген кемшілікті біріміз толықтыруымыз керек қой. Молодец, келгендерің дұрыс болды.

— Осы мына досың болмай қойған. «Төлеуге барып қайтайық» деп қайта-қайта звандап,— деді аса жалпылдамай, салмақ сақтап тұрған Ашықбай. Әйтпесе мен бүйтіп жеңіл-желпі жүре қоймас едім ғой деген ыңғай таныта.

— Дұрыс қой, дұрыс,— деді Төлеу оның сөзінің астарына, өзінің сәл кісімсінген қалпына назар аудармай.— Иә, үй ішің аман-есен ғой, Ашеке.

— Шүкір дегендей.

Төлеу енді жаңа көріп тұрғандай оның бас-аяғына көз жүгірте қараған. Шықшытына дейін төндіре жақсақал қойған, мысық мұрт Ашықбайдың сыптығырдай ұзын бойы толыса бастаған тәрізді. Үнемі өзін-өзі байсалды көрсетуге тырысып, салмақтана берген соң да ма өңі егделенейін дегендей. Сырт көзге оп-орнықты, айбарлы жан. Төлеу «әй, дәйіс-ай» деп іштей күлді. Көзіне көзі түсіп кетіп еді, мұның ішіндегі мысқылды сезе қойған ол сәл қипақтап қалды.

Кісі қаншама өзгергенімен табиғатынан алшақ кете алмаса керек-ті. Ашықбайдың жасынан Төлеудің алдында мысы төмендеп тұратын әдеті еді. Бұл жолы да сөйт-

ті. Екеуі бір-біріне сәл сәт қарасып қалғанда Ашықбайдың жанарында, табан астында, Төлеудің өзіне таныс тайғанақ жылт тұтанып, сырғақсып, тәкаппарсынған назары жасн төменшік тартты. Төлеу оның ішкі дүниесінен хабар беріп тұратын тайғақтығын бала күнінен қалт жібермей аңғаратын. Бірақ Ашықбай осы осалдығын өзге жұртқа сездірмейтін сияқты. Олардың арасында өзін паң ұстай алады. Жоны күжірейіп-ақ жүреді. Қисыны келсе, тіпті, мұның өзіне де: «сен кім едің» деп қыр көрсетуден ойсыз емес. Алайда жеме-жемге келгенде Төлеуде ол сескенетін бір сес бар. Сонан аса алмайды.

Бұл жолы да ол табан астында өзгеретін әдетімен түк сезбегендей, жарқын жүзбен еңсесін көтере:

— Иә, Төке, өз шаруаң қалай?— деді жұмсақ орындықта ырғалып қойып.

— Не жаңалық бар?— деді Төретай.

— Жуық арада ауыл жаққа барып қайтқандарың жоқ па? Ол жақта не әңгіме бар?— деді бұл.

Сонан соң үшеуі көңілдегі басқа кірбінді ұмытып өңгімеге кірісіп кеткен.

Тіршіліктің ешкім айтпай-ақ, еш жерде жазылмай-ақ ережеге айналып кеткен заңдары бар. Соның бірі қала жұртының қонақ күту рәсімі десе болады. Күн демалыс болған соң таңертең ұйқыдан кештете тұрып, азанғы шайды сәскеге таяу іштің делік. Күн түске айналып қалған. Әйелің ыдыс-аяғын жуып, үй ішін жинап бола бергенде есігіңнің қоңырауы сыңғыр ете түседі. Елеңдей барып ашасың:

— Ассалау!— деп тұрған не қызметтес, не ауылдас бір танысыңды көресің.

— Хош келіпсің,— дейсің. Төрге шақырасың. Апыл-ғұпыл жасап жіберіп шайыңды бересің. Онан кейін әйелің ет аса ма, палау баса ма, тұшпара жасай ма өзі біледі. Әйтеуір бір тамақ кесікті. Сонынан болса да шай. Жуатын кірін суға салып қойған әйелің осы шаруаларды тым шұғылдатып жіберсе қой дей алмайсың, әрине. Бірер күн дайындалтып, арнайы шақырумен келген қонақ емес, бұлай жай қыдырыстап жүрген жора-жолдас, ағайынға бұдан артық төгіліп, шашыла қоятын ыңғай болмайды. Бұл өзі ешкім айтпай-ақ, еш жерге жазылмай-ақ тіршілік заңына айналып кеткен.

Мұндайда екі шай, бір тамақты өткерген соң қаңтарылып қаласың. Енді сыйымыз біткен шығар дегендей келген кісілер хош айтысып, қайтуға жиналады, не қо-

нағың асыға қоймаса темекіні сорғылап, гүрің-гүрің әңгімеге кірісесің. Мұндай ылажсыздан туған әңгіменің ләззаты шамалы, қайбаты көптеу. Әрненің басын шалып отырып талайдың құлағын шулатасың. Өсекке килігесің. Сен оны, ол сені білмейтін, өмірінде бір рет кездесіп, сөйлесіп көрмеген әлде кімді мақтасып, әлдекімді жамандасып отырғаның. «Айдаладағы біреудің от басының кикілжіңі, өсегі маған неге керек, несі қызық дегенге», «өзіме қатысы жоқ әңгімеде нем бар» дегенге ой жүгіртіп, жүгініп жатпайсың. Сөз... Сөз... Жастың да, кәрінің де ауруы... Осылай талайды езбелеп отырып, бір кезде өзін де жалығып тынасың. Қонақты жөнелтіп келіп төсекке құлайсың.

Төлеу үшін осындай отырыстың қызығынан гөрі жүйке шаршатар салмағы басым. Бірақ онан безіп те кете алмайсың. Жан болған соң, үй болған соң біреуге сен барып, саған біреу келіп жатпаса өмір тоқтап қалғандай сезінбейсің бе? Біраз жұрт мұндай жол-жөнекей соқпа отырыстарда картаны қызықтайды. Төлеу әу бастан карта ойнаған емес. Соған қызықпайды. Ықыласы құламай-ақ қойды, әйтеуір. Сонан болар үйреніп те кете алмады. Кейде үйге келген бірен-саран кісі бұл ойнамаған соң осының ыңғайына құлай ма әлгіндей отырыстарда «кел таратып жіберейік» деп карта суырып жатпайды.

Бүгін де үшеуі тамақты ішіп болған. Қайтып кетуге күн ерте, әңгімелесіп отыра тұрайық деді ме, екеуі орнынан көтеріле қоюға ыңғай жасамаған соң Төлеу де қайтасындар ма деген қабақ білдірмеді.

Бір-бірімен жарыса сөйлеген қарқындары қайтып, әңгімелері де азайған тәрізді. Енді әр ненің басып іліп, шатып отырған қалыптары бар-тын. Түрегеліп терезенің алдына барып, темекісін тұтатып, далаға қарап тұрған Төретай бір кез:

— Мына бір келіншектің денсаулығы мықты екен-ау,— деді өзімен-өзі сөйлескендей.

— Ол не?— деді отырған екеуі.

— Мына бір келіншек көйлекшен, кір жайып, манадан бері далада жүр. Өзі дегенмен тәуір келіншек екен. Көршілерің ғой деймін...

— Кім, кім, қане,— десіп отырған екеуі елендеп ұшып түрегеліп, терезенің алдына таянысты.

Бір-біріне иін тіресіп, қанжығалас қатар тұрған екі үйдің арасындағы, тура бұлар тұрған терезенің түбіне таяу, шағын алаңда кір жайып жүрген жас әйелдің үс-

тіне кигені шолақ етек, қысқа жең, жағалығы ашық, омырауы төмен, жалаң көйлек екен. Аппақ, балғын қайындай жұп-жұмыр балтыр, жалаңаш ақ білек, тырстырс еткен омырау кісі көзін арбағандай. Қысқалау болғанымен қыпша бел, тоқ мықын, тығыз денелі, серіппедей солқылдаған жеңіл қимылды, тығыншықтай, әсем келіншек, шынында да мына қыста далада жалаңаш жүргенін елейтін емес. Қірлерін қаттап, үлкен ілегенге жинап, кейбірін қайта жайып, тып-тып етіп жүр.

Жай қарап тұрып, зерікеннен пайда болған аусарлық па, жоқ әлде шынымен ықыласы құлап қызыққан жайы бар ма Төретай әлгі келіншектен көз алмай қалыпты. Әдетте оның көрсеқызарлығы жоқ еді. Бір тоға сыпайы жігіт болатын. Қайта мұндайға ылпың-жылпың ебі бар, өзін «Донжуан» санайтын, сонысын көбіне көзір ете жүретін Ашықбай еді.

Соны ойлаған Төлеу оған қарап әзілдеді:

— Ау, Төке, бұл қашаннан бері бар әдет?

— Е, біздікі жай әшейін бір емексу ғой,— деп күлді ол терезеден бері бұрылып.— Тәуір келіншектерге сыртынан көз салғанымыздың еш айыбы жоқ шығар.

— Соншама өзеуредін, танитын ба едін?— деді Ашықбай ар жағында құпиясы бар кісідей маңызданып.

Төретай әзілдеген болды:

— Тәуір келіншектерден хабардар жүретін өзіңсің ғой, сен танымасаң мен қайдан білейін.

— Танымайтын несі бар,— деді Ашықбай білетінін анық аңғарта. Жүзіне көңілді, өзіне-өзі риза шырай жүгіріп.

Оның сөзіне «мұны қайдан біледі» дегендей Төлеу елең ете қалды. Бірақ Ашықбайдың мақтаншақтау, кейде қосып жіберетін әдетінен хабардар бұл сонысына салып тұр ма деген оймен сеніңкіремей:

— Әй, осы қисынды әңгімелеріңді айтсаңдаршы. Айдаладағы біреуді сыртынан қайбаттап керегі не,— деді ұнатпаған үнмен.

Мұның сөзін өтірікке шығара, жаратпаған қабағын көңіліне алып қалған Ашықбай шып ете түсті:

— Оу, Төке, жаныңыз ауыратын көршіңіз болса айтып қойыңыз, мұнан былай есте жүрсін. Ол жағын қайдан білейік. Әйтпесе кездескен келіншегіміз болатын.

Мынаның үстемдік ала сөйлеген сөзінен бойын жиып алған Төлеу «осы алаяктікі шын емес пе екен» дегендей сұраулы кейіпте аңтарыла қараған.

— Мұны қайдан білесің?

— Ол жағын қайтесіз,— Ашықбай арсыздау күйде ыржалақтап күлді.

— Әй, қой.

— Сенбесең бәске барайық. Көзің жетсін. Төретай да куә болсын.

— Қалай?

— Кез келген жерге оңаша кездесуге шақырып, алып кетсем күмәнің болмайды ғой.

Төлеу үндей алмай ойланып қалды. Мынаның сөзіне сенерін де, сенбесін де білмей тұр. Көңілінде әлде ерегіс, әлде қызықтау ма бір сезім белең алып, «осыны сынап көрсем қайтеді» деген шешімге келді.

— Шартың не?

Өзіне қатысы жоқ әңгіменің қызығынан кет әрі емес ыңғайдағы Төретай бұларды қамшылай түскендей күлді:

— Ой, мына екеуі шындайын деді.

— Үшеуіміз ресторанға бір отырамыз.

— Қай үшеуіміз?

— Әй, осы тұрған үшеуіміз. Басқа кім деп ең. Заказды жеңгеніміз береміз. Қаражатын жеңілген кісі көтереді.

— Бопты,— деді Төретай кесім жасап.

Қонақтары қайтуға жиналды. Төлеу оларды автобустың аялдамасына дейін шығарып салмақ болды. Бұлар кір жаятын алаңның қасынан өте бергенде үйінен шығып келе жатқан жаңағы келіншекті тағы көрді. Ашықбай сәлемдесетін ыңғайда солай қарай бұрылды. Бұл екеуі оны күтіп тұрмай жүре берді. Жігіт жанына таянып барғанда келіншек жақын бір танысын көргендей жайраңдап, бұландап қалды.

— Мына бәтшағар қайтеді,— деді Төлеу секем алып.

— Бұл иттің кәсібі осы ғой,— деді Төретай мақтағаны, әлде даттағаны белгісіз.

— Төретай, сенің аузыңның салымы бар,— деді аялдамада тұрған бұлардың қасына келген Ашықбай көңілді дауыспен.— Күйеуі ауылда жоқ болып шықты. Бүгін күн сенбі — ертең жексенбі ғой. Демек ертең сағат екіде мына жерде кездесейік.— Ашықбай қаланың орталығындағы елеусіздеу екі көшенің қиылысын атады. Сонан соң хош айтысып автобуска мініп кетті.

Ашықбай жасында сүйкімсіздеу, тыриған, арық, қара бала болатын. Қатарларының ешқайсысы елеп, кісі деп көзге ілмейтін. Жасық, жалтақ мінезіне бола иықтай



ма, әлде көзбе-көз өтірік айта салатын суайттығына қыжылдай ма Төлеу оны көбірек зәбірлейтін. Бірақ ол сонда да мұны төңіректегенін қоймайтын. Жылтыраған бір заты болса бұған беріп, жағынып жүретін. Сонан соң да ма, жалпы, оны, қасынан кумайтын. Қайта сырт көзге араларынан қыл өтпейтін дос болып көрінетін.

Мектеп бітіріп қалай қалаға оқуға түсті Ашықбай солай көрер көзге сомадай жігіт болып шыға келді. Қалада бұрыннан тұратын, тәуір қызметте жүрген жақын ағасы бар-ды, солардың қамқорлығының әсері болды ма, ауылдан келген алғашқы бірер жылдың өзінде-ақ ол қала дәстүріне жылдам икемделіп, тез үренісіп, тумысынан осында өскен жандай сіңісіп жүре берді. Бойы-басы да тартылған сымдай түзеліп, ең жаңа модамен киініп, тілі шығып, «мен» деген жігіттің өзі болды да қойды.

Оның мына күрт өзгерісіне Төлеу де таң қалып, тіпті, сыртқа сездірмегенімен қызғанғандай сәттері де болған. Бірақ қай кезде де оның осы кейпінен бір жалғандық сезініп, іштей менсінбейтін көңілін берген емес. Өзін онан тәкаппар ұстап үйренген көңіл бетпе-бет келгенде жасып көрген жері жоқ. Мұның осы қайсарлығын сезетін Ашықбай басқаларға жасайтын өктемдігін бұған көрсетпейтін. Жеме-жемде қаймығатын. Сонан соң бұрын жұп жазбай бірге жүретін екеуі енді ашу-араз жоқ, бір-бірінен аулақтай берген. Қара үзіп көрмей кеткен жайлары және жоқ. Ара-тұра ағайын, жолдас есебінде араласып тұрады.

Ашықбайдың оқу бітіргеннен кейінгі жолы да жеңіл басталды. Ә, дегеннен үлкен сауда мекемесіне қызметке орналасып, тұрмыс-жайын тез жөндп алды. Осы салада әжептеуір ілгеріліп келе жатыр еді, бір шатаққа ұрына жаздап басқа жұмысқа ауысып кетті. Қазіргісі де жаман қызмет емес. Жабдықтау басқармасында бір бөлімді басқарады. Астында жеңіл машина. Өзі ісіне әбден төселіп алған. Керек жерінде лыпып, «көкелеп» сырғып та кетеді. Ретті жерінде тастаған тастай салмақтанып, ауырлап та қала алады.

\* \* \*

Төлеулердің үй кеңейтіп, қаланың бұл ауданына көшіп келгендеріне екі жылдай болған. Әлгі келіншекті сонан бері сыртынан танитын. Алғашқыда өздеріне қарама-қарсы тұрған, тап осы жобада салынған төрт қа-

багты сары үйдің екінші қабатындағы тура бұларға таяу тұстағы бір терезені соншалықты ыждағатпен сұрткілеп, тап-тұйнақтай етіп тазартып жатқан келіншекті көргенде онша мән бере қоймаған. Келесі демалыста жаңағы келіншек сол терезені тап-тұйнақтай етіп тағы сұртіп жатты.

Алдағы аптада сол көрініс сол күйінде тағы да қайталанған. «Не деген пысық әйел, мынау, кім екен өзі»— деп әуес көңілмен енді Төлеу әлгі терезеден көз алмай оның әрбір қимылына зер сала бастаған. Қарсы үйдің осы тұстағы подъезіне кіріп-шығып жүретін ақ құба, әдеміше бір кішкене келіншек болушы еді, әйелдің сол екенін енді жазбай таныды. «Бәсе ширақ, ықтият адамның тірлігі мынау»— деді бұл сүйсінгендей терезеден әлі көз алмаған күйі. Бұдан кейін сүйкімді келіншекті магазинде, автобуста көрсе сәлемдесіп жүретін. Кісі жатырқамайтын қабақпен үйіріліп, сәлемін қабыл алған сайын «өзі түсі игі, ибалы жан, тәрбиесі дұрыс-ау»— деп риза көңілмен жақсының санатына қосып қоятын. Енді жаңағы Ашықбайдың тіршілігін қай қисынға жатқызырын білмей ойланып қалды.

\* \* \*

Ертеңіне Төретай екеуі хабарласып алып, белгіленген жерге келсе Ашықбай машинасында отыр екен.

— Сендер әрегірек барындар. Көзге түспендер,— деді ол.— Қазір келіп қалатын шығар. Келіншекті алып кетемін. Сонан соң қайда кетсендер өз еріктерің. Бірақ кешке қарай уәде бойынша кездесейік.

Бұл екеуі әр таманға жылыстап, темекі тартып, әңгімелесіп тұрған. Бір кезде Ашықбай отырған көк «Жигулиге» қарай жылдамдата басқан әйелді көздері шалып қалды. Өзінен-өзі қуыстанғандай жан-жағына алаңжұлаң үркектей қарап асығыс келе жатқан таныс келіншек машинаның артқы есігінің тұтқасына қолы тиген бойда лып етіп ішке сүңгіп кетті.

— Мынау жытқырдың өзі болды,— деді Төретай.

Төлеу әлдекімге ренжігендей қабағы кіржиіп үндемеді.

— Әй, сенің осы келіншекпен бір жақындығың жоқ па, салың суға кетіп қалды ғой, тіпті,— деп күлді Төретай бұған қарап.

— Ал енді не тұрыс, қайда барамыз?— деді бұл оның әзіліне мән бермей.

— Жүр біздікіне барып шай іше тұрайық, анау да звандап қалар, сонан соң келісерміз.

— Мейлі,— деді Төлеу ылажсыздау, самарқау күйде.

\* \* \*

Көрші әйелмен Ашықбай бір бөлімде қызмет істейтінін, екеуінің көптен таныс екенін Төлеу кешінде, ресторанда отырып естіген. Бірақ осы оқиғадан кейін әлгі келіншектің терезе сүртіп жатқанын көрсе болды, әлде неге денесі тіксініп, көңілі мұздап қоя беретін әдет тапты.

## СЫРНАЙ САЗЫ

Совхоздың бас бухгалтері баласын үйлендіріп, кешелі-бері бұл ауыл той дүрмегімен қапылуда-тын. Барда барша бір тасып төгілгенді тәуір көретін қазақнамай мінезді жұрт той-домалақ десе шашылып қалатын әдеті. Тап сол сәт онан аянары болмайды. Алыс жақындағы жекжат-жұрат, ағайын тумадан шақырылмай кісі қалмаса керек. Ал ауыл үй, көрші-қолаң боса болмаса той тарағанша осында. Бірі сабылып қызметін істеп, бірі әңгімесін айтып «жаңа ғана ішіп-жеп шығып едік қой демей» қайта жасалған дастарханның төңірегіне қайта қонжиысып, жаңа келгендердің шашбауын көтерісіп, гүлдесіп жатады.

Таршылықты да, жоқшылықты да өткерген қауымның ағын-төгіншілікте кеткен есесін кеңінен бір қайтарғысы келгендей ақтарылып, баршылығын, бүгінгі тоқшылығын байқайтын тұсы осындай бас қосуда тәрізді.

Бұл той да осындай жеткілікті сән-салтанатымен өтіп жатқан. Кеше бірнеше дүркін кісілер келіп, аттанып кеткен. Ал бүгін тойға келген қонақтар екі жерге бөлініп отыруы керек еді. Жастар үшін шатырлы үлкен там үйдің стол жасалған кең залы дайындалса, ауданнан келген біраз сыйлы кісілермен, совхоз активтерін, кешелі бері той қамына білек сыбана кірісіп жүрген ағайын, туыстарды алты қанат ақ үйге отырғызу жөн деп табылған. Сонан соң киіз үйдің айналасына қайта-қайта су себіліп, сыпырылып, іргесі түріліп, іштегі төсеніш киіз, көрпелер жаңадан қағылып салынды. Күн ұясына қонуға таянғанда аптаған ыстықтың да лебі қайтып, жазғы кештің қоңыр-жай қызықты кезі туып

келе жатқан. Оның үстіне іргеден айнала себілген мүздай судың салқыны ұрып, үй іші кірген кісіге қайта шыққысыз қонақ жай күй танытады.

Әр тұстан келіп есік алдына шоғырланып қалған, бір-біріне әзір «ассалаумалейкумнен» әрі әңгімеге ендеп кіріп кете алмай тосылыңқырап тұрған көпшіліктен үйге кіру сұралды.

Кірген бетте төрге қарай өрленген қонақтар іштегі осы бір мазалы шақты бірден аңғарып, арқа басты кеңге салып, құс жастықтарға шынтақтай жайлана жайғасқанда, төр ортасынан былайғылар қатар түзей тізіле отырысты.

Үш-төрт жерден дастархан жайылып, шай келтірілді. Шай әңгімемен ұзақ ішілді.

Дастархан жиналған соң біраз ел бой жазуға далаға шықты. Іштегілерден қатар отырған екі-үш жігіт «сызып жібереміз бе,— деп өз ара күнкілдесіп еді, төр жақтан ауыл ағаларының бірі:

— Қойындар, сызғаны не, ел әңгімелесіп отыр ғой. Әрлі-берлі жүріп тұратындар бар. Жолда гүжілдесіп отырасындар ма сол,— деп қалды. Мұнан соң әлгілер бұл әңгімені қайтып қозғамады.

Осы кезде сырттан, көше жақтан ескі бір қайырымды құйқылжыта қайталай сұңқылдатқан сырнай даусы естілді. Сырнай үні есік алдына келгенде кілт үзілді. Отырғандар:

— Бұл кім, мынау?

— Нұркен ғой.

— Ішке кірсін шақырындар,— деп елендесіп қалды.

Сырттан:

— Той құтты болсын!

— Айтсын, келіңіз,— деген дауыстар шықты.

Артынша есіктен еңкіш тартқан орта бойлы, тарамыс денелі, кара қоңыр жүзі қатпар-қатпар әжімді, мосқал кісі көрінді.

— Орта толсын, жігіттер!

— Келіңіз, келіңіз...

Жоғары отырғандардың біреулері:

— Төрлетіңіз,— деген болды.

— Отыра беріңіздер, біз ауыл адамымыз ғой,— деп ол есік жақтан ығысқан екі-үш кісіден кейін бос тұрған орынға келіп сырнайын қойды. Сонан соң жағалай сәлемдесіп шықты.

— Шай жиналып қалған соң келдіңіз ғой. Әй, жігіттер мына кісіге қарсыдағы үйдің бір бөлмесіне дастар-

хан жасап жіберіп, шай беріндер,— деді үй иесі. Сонан соң:

— Нұрекең дегендер ақ ниеттің адамы ғой, той десе шақыру күтпейді. Жақсы келді өзі, біраз сырнай тартқызып, ән еститін болдық,— деп отырғандарға жағалай қарап қойды.

Тегін қызыққа олар да қарсы емес қабақ танытып, енді әңгіме осылай қарай ойысты.

— Өнерлі кісі екен өзі. Домбыраны шертеді екен-ау, шіркін,— деп еді ауданнан келіп отырған қонақтардың бірі, сол-ақ екен әркім өз қисынына қарай кесіп-пішіл тәптіштеп жөнелді:

— Оған бәрі бір. Домбыра, сырнай, кобыз, сыбызғының қай-қайсысына да жан бітіріп, жылатып жүре береді.

— Ой, бұл алтынның сынығындай бұрынғының салсерілерінен қалған көз ғой.

— Бар тіршілігі әнге шыққан, соның соңына түсіп кеткен жан ғой, қасқа. Оның үстіне ішкілік араласқан, қазір не қатын, не бала жоқ жазғанда.

— Е, қайбір жетіскеннен айтады дейсің сонан соң бір мезгіл шерін сыртқа шығарып, өлеңмен көңлін алдайды да.

Жұрт осылай әр қилы әңгіме етіп отырғанда Нұркен қайтып келді. Шайдан кейін көңіл хошы дұрыс тәрізді. Орынына отыра бере-ақ жан-жақтан көпшілік қолқа сала бастады.

Үй иесісі:

— Нұреке, сырнайды қолға алыңыз, мына ауданнан келген кісілер сізді тындасақ деп отыр,— деген соң-ақ.

— Иә, әу деп жіберіңіз,— деп басқалары қаумалап қалды.

Өнер адамына дүниеде жұрт ықыласынан артық еш нәрсе жоқ. Шынтуайтқа келгенде шөл басар сусыны да, демалар ауасы да сол. Өзі өтірікке жоқ жан басқалар жалған айта ма деп зер салып жатпайды. Көз алдындағы күлкіге көңлін беріп, айтқанын ақ көңілмен қабылдай береді. Бар тіршілігінің мәні осы көппен бірге болған соң, өзінің оларсыз тұл екенін сезген жанда болатын көнімпаздық көңіл қалайда бойын аулаққа салдырмайды. Сонан соң да осы жасына дейін көп тілегіне қарсы уәж айтып көрген емес. Қайта ол үшін іштей күтіп, іздеп аңсап отырары, керек болса мына жарық дүниедегі ең қимасы, қымбаттысы да жұрттың осы қолқасы, осы ықыласы.

— Нүреке, әу деп жіберіңіз!

— Қызықшылық қой.

— Нүреке!

Нүркен сығырайған кішкене көздері күлімдеп, отырғандарға жағалай жадырай қарап өтті де «Казанскийін» қолына алды. Жоғары тілден келетін жайлы, жеңіл әуенді бір-екі созғылап өтті де дауысты қосып жіберді. Шымырлата шырқай шықпағанымен тыңдауға тұшымды ән сазы жұрт көңіліне жақындап, тыңдар құлақты өзіне қарай икемдей бастады.

Осы сарындас бір-екі әнмен тағы да тамыр басып көріп, тыңдаушының бетін байқап табысып қалған ол енді құйқылжыта ойнақы тартылатын, бірде эзілге ылайық жеңіл жайлы, бірде құтырына көтергенді қалайтын қайырым, иірімі мол ескі бір күлдіргі әннің әуенін жүгірте бастады.

Отырған жұртта әлде ненің сарынын сезгендей желпінісіп:

— О, пәлі!— деп осылай қарай ұмсынып қалды.

Манадан бері көзге қораш жарбиып отырған қатпа қара шал түлегендей өзгеше түрлене бастады. Жанары оңған шегір көздерінде жылы сәуле ойнап, қара қоңыр өңіне қан жүгіріп, тершіп отырған орнында қунақ қимылмен қозғалып, сергек қомданып алған. Екі жауырыны түлкі алған бүркіттей құшырлана бүлкілдеп, мұз үстінде сырғанағандай лыпып отыр.

Үй ішін әншінің қоңырау даусымен жарыса құйқылжыған сырнай үні жайлап алған. Қайырымның биік тұсын шырқай созған кезде іштен тына қалатын көпшілік ойнақы қалжыңмен орағытқанда бұл салмақты сәттен әншімен бірге шұғыл жалт береді.

— Ой, жаса!— десіп жамырап қалады.

Ақ үйдің іші-сырты бірдей адамға толып кетті.

Тыңдаушыларына басқа дүниені ұмыттыра баурап алған әнші осылай еліктіріп, дүрліктіріп барып тоқтай қалды. Жұрт бірқауым дабырлап барып басылды. Нүркен сырнайын жанына қойып, ерніне бір шөкім насыбай тастады.

Жаңа дәмін тата берген тәттісін жырып алып кеткендей тосылып қалған көп енді әншінің әр бір қимылын бағып, тілеуін тілегендей болып отыр.

— Нүреке, бір түнге тарынбаңыз, тойдың құрметіне,— деген тілектер айтылып жатыр.

Нүркен ерініндегі атымды алып тастаған соң сырнай тіліне оралымды екі-үш күйді ойнап берді. Ара-тұра

ауылдың танымал желдірмелерін айтты. Бірақ айналасындағылардың әлі де өзінен аласысы бардай ажырамай отырғанын сезді.

«Бұл ғана емес сізден күтіп отырғанымыз»— дегендей сыңайдағы көпке қарады. Сонан соң бойын түзеп ойланғандай бір сәт отырды. Жүзі байсалды қалыпқа еніп, өңіндегі жаңағы әзірдегі қуақы күлкі, алажарқын көңілділік сейіліпті.

Сырнайын қатты қысып, қозғап-қозғап қойды. Екі-үш тілден бебеу-бебеу үн шықты. Мұнан кейін құлаштай созып, ескі бір сырнай сазының машықты әуенін сарната ойнап кетті. Келтірмемен бірер қайтара шақыртқылаған соң даусын биік бастап, кедергісіз ашық қосылып кетті.

Дүние-ау бір қисық жол е-е-ей,  
бұрандаған-ай, а-лу-ай...

Әншінің қобыз күйінде аңыраған даусында жүйкені қозғайтын сиқырлы бір саз сарын басым. Ә дегеннен-ақ осы ыңғайдан тиіп, жұртты өз еркіне икемдей беретін, құдіретті әуен жол-жөнекей ешбір сәт шығарып салма созыс, жайдақ қайырым, нәрсіз айқайға ұрынбайды. Өзінің сұлу, шырын қалпын сақтай отырып, кең тыныспен шырқай әуелейді, самалдай жайлы қоңырлайды. Әр қайталауда әннің ырғақты мәнерінің жаңа бір құбылыммен құйқылжитыны тағы бар. Үздіктіріп, күрсінтіп келіп шырқай созғанда сырнай даусымен әншінің әуезді үні айырғысыз жымдасып, әуелеген әсем де, мұнды әуен көңілге сағыныш сазын ұялатады.

Міне осылай тұла бойды шымырлатып, әлде қайда жетелеп бара жатқан қара шал мен қара сырнайдың аңыраған егіз даусы басқа дүниені сиқырлы күймен буып тастаған. Еркінен тыс еліте, ілеспе ыңғайға түскен жұрт егіз әуенмен бірге көшіп, солар ышқынса ышқын-нып, солар қамықса қамығып, ықыласпен құлап отыр.

Қара шал да бүгін өз бойында өзгеше бір күй барын сезгендей. Бұл күй көптен бері келмеген еді. Кейінгі кезде «күтімсіз көңіл көп елікпейтін болды ма, әлде кәрілік дегенін істеп қуат кеміп бара ма» деген ойда болатын. Ықыласы құлаған көптің ортасында бір күн, бір түн шықағанда сыр бермейтін алмас даусының қуат, қадірі қанша екені өзіне аян. Оған өкпе артқан жері жоқ еді. Жас келіп қалдыға сайып, бұлай қиынға сала бермей жүрсе, көңіл хоштың әсерінен екен-ау. Әлі де шығандай саларға жетерлік әл-ахуалы барын аңғарып

отыр. Осы бір аңғарыс бойына ғажап қайрат бергендей тыңайып барады. Ол үшін мұнан артық мына дүниеде қуаныш болмақ емес.

Мына жұрттың ықылас-пейілі де көңілге қай-қайдағыны салып, жастықтың дүбірлі думанындағы отты кезін көз алдына келтіріп, делебесін қоздырады.

Бұл қаршадайынан қолына сырнай ұстап топ ортасына түскеннен жалған айтып көрген емес. Жүректің әмірі, бойдағы өнер намысы бұған жіберген емес. Тыңдаушысының «әй, қойшысын» естігенше өзін көп ықыласына құрбан қылып шалу оған әлде қайда жеңіл еді. Сонан соң да өнер жолына ат жалын тартып мінгелі тыңдаушы көңілін қалдырып көрген жоқ. Қызығын да, қайғысын да мол көрген осы өмірінде шүкір етіп сүйенері, өзін-өзі жұбатыры сол.

Нұркен жасынан ән қуып, басқа дүниенің паркына зер салмай өсті. Әкесі ара-тұра өз-өзімен отырып домбыра шертетіні бар, басқа еш кіммен ісі бола бермейтін, үстінен кісі жүріп кетсе де қыңқ дей қоймайтын, тұйық, сабырлы мінезді, әрі кедей қолды, шаруа кісі еді. Бетінен қақпай өсірген жалғыз ұлының жасынан домбыра, сырнайға әуестігіне мәз болып қызық көрмесе ренжіген емес-ті. Қаршадайынан шаруаға икемдеп, малсақ етіп өсірейін деген ыңғай байқатпады. «Тіршіліктің әріден келе жатқан сүреңі болады. Кісі бұйырғаннан асып кете алмайды. Біздің тұқымға басынан мал бітпеген. Бай боламын деп тыраштанбай-ақ қойсын. Елге-жұртқа жұғымсыз, қадірсіз біреу болмаса болды. Бұйырған несібесін теріп жер. Ер азамат тірі жүрсе өз басын асырайды. Қайта жігіттің бойында ел қарайтындай бір өнері болғаны ғанибет. Біреу палуан, біреу мерген, біреу шешен, біреу әнші, біреу күйші дегендей. Осының ән-күйге әуестігі бар, түбі қара жаяу болмайды-ау»,— деп ұлының домбыра ұстағанын мақтаныш көріп отыратын.

Нұркен он үшке келгенде топ ортасына түсе алатындай тәп-тәуір домбырашы санатына қосылып қалған еді. Сол жылы мұның ауылына жүн-жұрқа жинап Атбасар жақтан бір сәудегер татар келіп, жаз бойы жатты. Сәудегердің сырнай тартатын, ән салатын қызыметші жігіті бар еді. Жаз бойы осы төңіректегі қай ауыл той жасаса оларды қолқалап қонақ етіп, сырнай тартқызып, ән салдырып аялап күтті. Олар қай ауылда қонақ болса бәсіре құнанына мініп Нұркен де сонда жететін. «Қайда барасың?» деп жатқан әке жоқ. Қайта сырнай-



шы татарды ұлы арнайы шақырып үйіне ертіп келгенде іркілмей азын-аулақ қозы лақтың бір-екеуін сойып тастап, жаны қалмай қонақ етті.

Сол жаз қасынан қалмай жүріп Нұркен әлгі татардан сырнай үйренді. Үйренген соң бар есіл-дерті сол болсын. Жатса-тұрса бар арманы бір сырнай. Ақыры бұл қыңқылдап қоймаған соң әкесі шыдай алмай, «сатпаймын» дегеніне қарамай, құнына жығып қайтарында әлгінің сырнайын алып беріп тынды. Сонан соң-ақ кімнің сырнайшы Нұркен, кімнің әнші Нұркен атана бастаған. Осылай еш қамсыз, қапысыз өсіп келе жатқанда, бұл он беске шыққанда, әкесі дүниеден қайтты. Әке өлімі алаңсыз көңілге қайғының қара күйін ұялатып, жүректі мұңға батырған орны толмас бір өкініш еді. Сол өкініш, іштегі қысаның табы қайтпай жатып жасөспірім жігіт тағдырдың тағы да тәлкегіне кезікті. Бұл өзі жас жігітті жасытып, сағын сындырып кеткен, енді қайтып еңсесін көтертпестей жаншып өткен соққы болды...

Үнемі бұлардың ауылдарымен бірге көшіп, бірге қонып жүретін, әкесімен құрдас, алыс берісі, сәлемі бар, жақсы орта шаруалы, байшікештеу Қойлан деген кісі болатын. Қойланның баласы тұрмай-тұрмай келіп көрген Ақбілек атты жалғыз қызы бар. Ақбілек Нұркен екеуі бала күнінен тату-тәтті бірге өскендей еді. Екеуінің осы бір-біріне деген ықылас-пейілін байқады ма екен, әкесі анда-санда Қойланға әзіл-шыны аралас:

— Жалғызға жалғыз телінсе жарылқаймын десе кең болар. Ықылас-пейіл тең болар. Құдалық бізге жөн болар,— деп мақалдап отыратын. Ол ыңғайға Қойлан да кет әрі емес-тін.

— Балалар өссін, қалаулары білер,— деген мәміле танытатын.

Ал бұл екеуі болса бала күнгі татулық, өсе келе аяулы бір қимас сезімге ұласып, бір-бірінен тек жаны бөтен күйде-тін. Қаракетке енді жол деп жүргенде әке өлімі кезікті. Оның ыстық, суығы басылғанша бірер жыл аралап кетті. Бұл үйленудің қамын енді ойластыра бастағанда тосынан суық хабар естіді. Қойлан кейінгі жылдары мал басы өскен соң бұл ауылдан жырақтап, бөлек көшіп қонып жүретін. Әлгі хабарды Нұркен ел аралап, қыдырыстап кетіп, сыртта жүріп естіді. Малы мен дәулетіне бұл өңірде еш кімді теңгермейтін Байжота деген әйгілі бай бар-ды. Сол Байжотаның өткен жылы әйелі қайтыс болған баласы Ақбілекті алуға құда түсіп келіп жатқан көрінеді деген сөз дүңк етті. Бұл

аттың басын шұғыл бұрып, ауылына келсе езіліп шешесі отыр. Әңгіме рас көрінеді. Соны естісімен шешесі Қойланға барып:

— Баяғыдан уәдеміз бар емес пе еді? Қызыңды Байжотаның баласына беремін депсің. Ант аттағандай мұның не?— десе.

— Байлап-матап, санап алған қалың малым бар ма еді. Ол қандай уәде? Қызымды меншіктенетін не жөнің бар?— деп теріс қарап қайтып сөйлеспей қойыпты.

— Жалғыз қызын жылатып сататындай күнін көре алмай отырған жағдайы жоқ. Өзінікі өзіне жетерлік. Байдың буына жығылғаны да мұнысы,— деп қапаланды шешесі.

— Ақбілек не дейді екен?!

— Не десін. Қызда не сөз бар. «Бармаймын, риза емеспін» деп жылап отырған көрінеді. Оны кім тыңдап жатыр. Құдалардың келгеніне екі күн болған екен, бүгін жөнелтпек. Қызы наразы болған соң Қойлан ел шақырып, той жасамапты. «Төсек орнымен тиеп, алып кете беріңдер» деп отырған көрінеді.

— Әлі аттанып кете қойған жоқ па екен?

— Оны қайтесің? Кетсін кетпесін енді Ақбілек саған жоқ, шырағым. Ұмыт. Бұйырмаған бір тіршілік те. Жалғанның қорлығы — әлдінің зорлығы деген сол. Басқа түскенге көну керек, құлыным. Артынан барамын деп әуре болма. Не жазым боласың. Не мазақ боласың. Дертке дерт қосып алғаннан бөтен еш нәрсе түспейді онан...

Шешесі қанша жалынғанымен бұл тыңдар болмады.

— Ақбілекпен қалайда бір ауыз тілдесіп қалуым керек, әйтпесе өмір бойы арманда өтемін,— деді.

Қойланның ауылына бұл түске қарай жеткен. Сөйтсе құдалар Ақбілекті алып сәскеде жүріп кетіпті. Келген бойда соны ести салып, аттан түспеген күйі кеткендердің соңынан қуып, салып ұрып жөнелді. Жүргіншілер жеңіл аяқпен отырып-ақ ұзап кеткен екен. Бесінде ғана қарасын көрсетті.

Салтанатты көшпен жүрген бай баласы серіктерін де мықтап алып шыққан. Қаралы кісі екен. Қалың топтан, мұны байқаған тұста, бес-алты жараяу жігіт кейіндеп бөліне берді де жолын тосты.

Ат басын тірей келіп тоқтаған бұл:

— Әй, жігіттер, жол бөгемендер. Ақбілекпен бірауыз тілдесем деп едім, мұрсат беріңдер,— деді.

— Оу, мұның қызойнақта айқайлайтын әуейлігі ба-рын білетінбіз. Ал топты кісіге жалғыз шабатын жау жүректігін естіген жоқ едік. Бұл мұндардың мынасы не жорық?!

— Көзі қарайған да.

— Есі дұрыс емес шығар, бейшараның. Әйтпесе Мырзаменен бақ таластырғысы келе ме.

— Солай шығар шынында да.

— «Өлетін қарға бүркітпен ойнайды» деген осы да, — деп құдалар жағының жігіттері мұны келекелеп, мазақ етіп бір-біріне қарап күлісті.

— Әй, жігіттер, жалғыздың үні шықпас деген. Бұлай кекесіндеп, қорламандар. Мен жалғыз өзім жауға шауып, қыз айырып қайтамын деп тұрғаным жоқ. Ұрыс-қалы келгенім жоқ. Ақбілекке бір ауыз жүздестіріңдер басқа шаруам жоқ, — деген бұл ағынан ақтарылып, жалынғандай күйде. Тұрғандар бұған құлақ асудың орнына кекетіп, қайта кеу-кеулеп кетті.

— Пәлі, дәмесін қара. Мырзаның қалыңдығына жолыққысы келеді.

— Жүрегіміз жаңа орнына түсті ғой, мынаның ұрыспайтынын естіген соң.

— Ал бұған не жауап айтасыңдар, жігіттер. Қызға жолықтырған соң оны енді артыма мінгестіріп беріңдер дейтін шығар.

— Оған сөз бар ма. Мұндай санасыздан тап оны күтуге болады.

— Оу, ағайындар, бізге қарайлап көш иіріліп күтіп қалды. Осымен мылжындасып тұрамыз ба?

— Енді не істейміз?

— Ақылына келіп келген ізімен ын-шыңсыз жөніне қайтса, тимейік.

— Е-е, енді кетемін десе біз ұстап тұрмыз ба?! Бірақ бұл әулекінің тыныштықпен қайтатын түрі жоқ тәрізді ғой.

— Онда өз соры да...

Бұлардың қызға кездестірмейтін сыңайын байқаған соң Нұркен:

— Ең болмаса Мырзамен бірауыз тілдесейін. Осы тілегімді оған жеткізіңдер, жігіттер, — деді.

— Әй, шырағым, көп сандалмай, жақсылықпен осы тұрған жеріңнен кері қайтасаң ба, жоқ па? — деді тұрғандардың ересектеу біреуі әңгіменің турасына көшіп. — Мырза сенімен сөйлесіп басын ауыртып қайтеді. Сен кім едің оны шақыртып алып сөйлесетіндей. Айтар

сәлемің, арызың болса бізге айт жеткізерміз. Ал өзін енді жолды бөгемей қайқай.

Нұркеннің лажы таусылып, жер болып, жасып аңтарылып тұрып қалды. Айтқанына құлақасып жүрегі жібитін жан көре алмады. Әлгінде өзін келекелеп, күлкі еткен топ енді жауар бұлттай түнеріп, қыңқ десе аятындай түрлері жоқ. Ниеттері теріс тәрізді. Өмірі кісіге қамшы көтеріп көрмеген Нұркен бұлармен сойылдаса алмайды. Сойылдасқанда не опа табады. Шарасыздықтан қапаланып, қыстығып ышқынып кетті мұңлы бір шырқау үн шамырқана шықты:

Ақбілек тауда ойнаған киік едің,  
Көңлімді бір өзіңе иіп едің.  
Дариға-ай, күйігіңді тартпақ па едім,  
Қалтқысыз жан-тәніммен сүйіп едім.

Ақбілек сыңарым ең тел қозыдай,  
Айтармын енді сәлем кімге дұғай.  
Артыңнан қуып келсем жібермейді  
Осылай қалғаным ба жер болып-ай....

Ән аяқтала бергенде сонадайда иіріліп тұрған көштің ішінен дауыс сала сыңси жылаған Ақбілектің зарлы үні жеткен. Бұл сол сәт жаны алқымға тірелгендей аласұрып өзін-өзі ұмытып, атты бауырға бір тартып көшке қарай құлдилай жөнелген. Қоршалап тұрған топ та мұның соңынан іле-шала лап қойды. Әні-міне дегенше-ақ көшке жеткізбей анталап ұстай алды. Сол ұстаған бойда атын жетекке алып, ортаға салып қаумалай шапқан күйі, кейін қарай көштен көп ұзатып шығандай шығарып әкетті. Оңашаға алып шыққан соң қамшымен көміп-көміп, екі қолын артына байлап, екі аяғын үзеңгіге тас қып шандып, аттың жүгенін басынан сыпырып тастап, сауырынан бір тартып айдады да жіберді. Қорлық пен намыстан ызаланып, жынданып кете жаздады. Дәрменсіздіктен қыстығып, жігері құм болып, көрер көзге азып, күйіп қарайып кетті. Өмірі жан азабындай болып табы қалған сол бір қысастық есіне түссе қиялиланып делбе соққандай теңселіп кететін. Сонан көңілін аударғысы келіп, қара сырнайға қол созатын. Іштегі күйік запыран болып ақтарылғандай сай-сүйекті сырқыратар небір мұңлы, күйлі сазды әуен сорғалар еді сонан соң.

Кей-кейде осындай өз-өзімен оңаша отырып сұңқылдатқанда кейбіреулер: «Ашықтықтың азасы ұрған шығар, жазғанды. Ептеп ауысқандықтың да салқыны

бар-ау өзінде»,— деп күбірлесетін. Сол күбірдің анық-қанығын білгісі келгендей, кейде мұның жан дүниені егілте, шырқай салған әсем әнін, есіл-дерттері құрып, елти тындай отырып та кейбір шақ көздер бағжиып, шегір көздер тіміскілей, қысық көздер сығырая, қара көздер мөлдiрей, тiнте-тексере, сұғанақтана қарағыштайтын. Оны аржағымен сезініп, түйсініп отырған бұл әлгілердің сол бір дүмшелігіне, бейшаралығына онан сайын назаланатын. Сонан көңіліне қыжыл, мүсіркеу еніп, шабыттың асқақ, тәкаппар бозы шаң беріп, арқаланып шырқай, шығандай салатын. Мұнан кейін сұғанақ жанарлар жасып, қара көздер мөлт-мөлт жәудірейтін. Өзінің де айызы қанып, шер тарқатып, еңсесін көтеретін, мына тіршілікке шүкіршілік айтатын кезі осындай да еді...

Ақбілекті қайтып көруді тағдыр бұған жазбады. Тек оған деген өле-өлгенше басылмайтын сағыныштың сәулесіндей болып ел аузында жатталған, күні бүгінге дейін өзі айтатын:

Сары дала аңқылдайды самалың-ай,  
Сауырың жылы тиер табаным-ай,  
Көңілге арман болып ұялаған,  
Кездеспей кеткенің бе, қарағым-ай.

Кездеспей кеткенің бе, қарағым-ай,  
Жалғанның кім тартпайды азабын-ай.  
Бір кезде өтпейтіндей мына дәурен,  
Басымнан бұл-бұл ұшып барадым-ай.

Күрең ат бірде аяндап, бірде желер,  
Ағайын бірде қағып, бірде жебер.  
Адал дос, жақсы жарға зәру болдым,  
Өмірдің өткелінде сүйеп демер,..

деп аңырай салған әні ғана қалды.

Байжота құда болғаннан кейін көп кешікпей Қойланды өз маңына көшіріп алған. Бұл қайтып ол жаққа ат ізін салмады. Ақбілек кеткеннен кейін екінші жылдың қысында бұл төңіректе алапат жұт болды. Бетпақ маңын қыстап отырған ел мың-мыңдаған қой, қарасын аптадан аса ашылмай соққан ақ түтек боранға беріп, мұрындарын ұстап шыға келді. Тігерге тұяқ қалдырмай кеткен сол бір ақтама қыстың аяғы елге сүзек болып араласты. Сол дерттен ауыл-ауылымен тұрмай қалғандар болды. Бұл осы өңірде бұрын-соңды болмаған апат еді.

Осы қыс түсер күзде Нүркен күн көрістің қамымен

жалғыз атын мініп, жалғыз қоспағын жетегіне алып, арқадан Қаратау асып, Оңтүстікке кіре тартатын керуеншілерге ілесіп кеткен еді. Шешесіне қыстық отынын, ас-ауқатын жинап беріп, көктемге дейін хош айтысқан. Қыс бойы осы жақта кірешілеп, әжептеуір теңге-пұл тауып, бір сыпыра киім-кешек, қант-шай, ас-ауқат алып елге жетсе ауылдың күйі әлгіндей екен. Жалғыз шеше де ол дүниелік болған. Тек малға қарап киер киім, ішер асты да сонан айырып отырған жұрт онан айырылған соң қаңғып қалған. Аман-есен жүруге жарайтындары енді мұнда қарайлайтын еш нәрсенің жоғын сезіп, жаяу-жалпылап, түстікке — Қаратауға қарай боса бастапты. Бұл да солай біржолата қоныс аударуды жөн көрді.

Жүрер алдында көңілдегі «Алтын тікен» жан дүниесін қайтадан шымылдатып мазасын алды. Неде болса Ақбілекті бір көріп, сәті түссе, жолығып кетуге құмары артты. Тағаты таусылған соң басқа ештеңені ойға алмай, жол жөнекей ауылына соға жүруге тәуекел етті.

Қора-қопсысы мол, ауқымды бай ауылының қыстауы сонадайдан тіршіліксіз өң беріп, моладай жым-жырт салқын көрінді. Көшіп кетті деуге малды жұтқа берген елдің бұл шақта көктеуге асыға қоятын қисыны жоқ. Бойы әлде неден тіксінді. Тіршілік белгісі жоқ ауылға соқпай-ақ кеткісі келіп бір оқталды да, әлденеге қарайлап қайта бұрылды. Ауылдың орта кезіндегі бай үйінің қасына таянғанда бұл көз алдындағы көріністен таң қалып тұрып қалды. Есігі түстікке қараған тамның алдындағы күншуақ күнесте үлкен бір қомшаның үстінде қыбырлаған тірі пенденің нобайы көрінеді. Алғашқыда бұл оны адам деуден гөрі елес пе, әруақ па, әлде жыншайтан тәрізді бірдеңе ме деп қалған. Таяна түскенде ғана құр сұлдері қалған тірі жан екенін аңғарды. Атынан түсіп жүзіне шұқшиып қарап тұрып, Қойлан шал екенін өзгер азыратты. Қойлан мұны таныған сияқты. Таңданғаны ма ажары кетіп қалған, бұлыңғыр, айран жанарымен сүзіліп ұзақ қарады. Ерні қыбырлап, сәлемнің ишарасын істегендей қалып танытты. Сасқалақтаған бұл не істерін білмей дағдарып:

— Ассалаумағалейкүм, Қойлыкеке, — деп қасына жақындады.

Шал сәлемін қабыл алғандай басын изеді.

— Ауылда сізден басқа ешкім бар ма?— деді бұл, жөн сұрайтын біреу болар ма екен деген оймен.

Қойлан басын шайқады.

— Тірі пенде жоқ,— деп ернін жыбырлатты.

Бұрын таныс, білетін кісісі, әрі кеудесінде жаны бар, есі бүтін, тірі жатқан соң бір ауыз тілдесіп, жай-күй сұраспай кетуге дәті бармай Нұркен ептеп басып келіп шалдың қасында жатқан қомшаның бір шетіне құйрығын басты.

Шалдың үзіп-үзіп сыбырлаған азын-аулақ әңгімесінен ұққаны сүзек бұл ауылды түгелдеген. Ақбілек те, бай әулеті де топыраққа табыс болған. Бай ауылын төңіректен жүрген жұрттың аман қалғандарының біразы күйлері мынандай болған соң ерте бастан-ақ тастап-тастап жөндеріне кеткен. Біразы оларды жерге жасырған соң осыдан екі-үш күн бұрын кеткен. Кеудесінде жаны бар, әлі тірі жатқан соң мұның бетіне топырақ тастай алмаған. Ал алып жүруге ақыры адам болмайды десе керек, әрі өз бастарымен әуре жұрт кімді түгендесін, осылай қалдырып кеткен. Еңбектей сүйретіліп, қазір мына жарық дүниеге, күншуаққа шығып отырған беті екен. Осыны айтып болып шал әлсіреген бойы бір жағына қисая кетті.

Нұркен дал болып не істерін білмей отырып қалды. Көзін жаудіретіп, тірі пендені мына күйінде мұнда тастап кете алмасын сезді. Ал сонда тіршілігі екі ұдай мына шалды бағып, мола болған мына иесіз мекенде отырмақ па?! Ойлана келіп бір шешімге бел буған. «Өлсе жолай көмермін, ажалы жоқ болса ел ортасына ілігер. Сонан соң несібесіне жазғанды көрер. Тастамаймын»,— деді. Үйге кіріп қат-қат жинаулы тұрған текеметтің екеуін көтеріп шығып бірінен қоспақтың үстіне қом жасап, бірінен қоршау тұрғызып, шалды көтеріп соның үстіне жатқызды. Ауылдан әрірек шыққан соң түйесін шөгеріп, атын қаңтарып қойып, қара құманға су қайнатып жіберіп, шалға қантпен ыстық-ыстық шай ұртатты. Сонан соң қайдасын «Қаратау» деп тартып берді.

Жол бойы жалғыз-жарым жүргіншіге қауіпті екен. Жол торыған ұры-қары бар. Аштықтан көзі қарайып, неден болса да тайынбайтын сыңайлы жаяу-жалпылы кезбелер де жетерлік. Сонан соң Нұркен көбіне жолсызбен жүргенді мақұл көрді. Онда да күндіз тасалау жерді паналап, еру болып дем алып, түнемеге атқа қонып отырды. Сонан жұлдыздарды бағдарға алып түстікке қарай тұп-тура, бұрылмай бүлкілдетіп соқтырады да отырады. Күн шыға тағы да бір көзден тасалау жырама, сай ма, қалың қаудан бұта ма соны тауып алып, ат басын тартады. Дерев шөпшек, отын жинап жіберіп, ыстық істеп ішеді. Түйенің үстіндегі бақпандысын жерге

түсіріп, дәрет сындыртып орнына қайта жайластырып тамақ береді. Сонан соң жатып көзін іліндіріп алады. Тұрған соң аты мен түйесін жетелеп жүріп оттатады.

Кеш түсе қайта жолға шығады. Тағы да түнгі жолдың таусылмайтын азабы басталады. Ара-тұра кідіріп, ат үстінен мойын созып, «өліп қалған жоқ па екен» деп шалға қарап қояды. Ол сол тырс етіп тіл қатпай іштен тынған күйі жұлдызды аспанға мелшиіп қарайды да жатады. Бұл өзіне үңілгенде ғана тіршілік белгісін аңғартып, осылай қарай жүзін бұрады. Екеуі басқа тілге келмейді. «Е, әйтеуір аман екенсің ғой» деп оның тірлігін де көңілге медеу, дәтке қуат санап ат басын алға қайта туралайды. Таусылып бітпейтін, кісіні жегідей жейтін, шерменде ойлар қайта торлайды. Онан қашып құтылар дәрмен жоқ. Езіле түседі. Осы сапар сол көп ойдың ұшығына жете алмай малтығып келе жатып, әнші Нұркен бір кездегі айбыны асқан, дәулеті шалқыған, жаңағы бай ауылының өз көзімен куә болған ендігі сиқын, ақырын; сол ауылға қол артса мұратына жететіндей сезінген Қойлан шалдың мына түр-кейпін ой елегінен өткізе, зерделей келіп, бұл дүниенің опасыздығына, мына тіршіліктің баянсыздығына тәнті болған сияқты еді. «Бұйрықтан кісі аспайды екен да. Пендешілік, шіркін, бекер екен ғой»,— деген қортындыға тірелген.

Сол жүріспен отырып он күнге қарағанда бетпақ асып келіп, ел қарасына ілінген. Ажалсызды қойсаңшы, Қойлан шал жаз шыға қатарға қосылды. Ол өз аяғына мінген соң бұлар бет-бетімен бұйырған несібесін теріп жеп, жөн-жөніне кеткен. Көшіп келген жұрт мұнда жеткен соң бірден егін еккен жұртпен селбесіп күнелте бастады. Келер жылы өздері диіханшылықпен айналысып, тоғайып, әлденіп шыға келді. Жаңа қонысқа бауыр басып, үйренісіп кетті. Тіршілік шіркіннің қызығы таусыла ма ойын күлкісін қайта тапқан жұрттың ортасында қара сырнайын құлаштап Нұркен жүрді. Мұнан кейінде оның ел қатарлы тіршілікке ебі болмады. Ебін келтіруге көңілі соқпады. Сонан соң қыр үстінен көрінген құдашадай болып, ынтықтырып шақыра берген әуес өнерге ат басып мүлдем бұрды. Ән ләззатының шырынына сусындаған сайын құмарлық жетегінде кете берді. Жиын-той, қаумалаған ортадан өзге мына дүниеден қызық іздемей жүріп қалыпты. Сөйтіп өнердің киелі жолынан аттап кете алмай көп толқыды. Ақыры басқа әрекетпен жан сақтауды бұған тағдыр жазбапты. Сонан соң бойға сіңген әдетпен кетті.



Күндер осылай жылжып өтіп жатқанда кенет заман өзгерді. Патша құлап, жаңа өкімет орнады. Қалың ел қолхозға ұйымдасты. Солармен бірге Нұркен де жаңа заманның жалауын көтерісті. Алғашқы кезде кедейден шыққан жігіт деп, елге қадірі бар деп мұны қызметке араластырып, жаңа құрылып жатқан қолхозға бастық қойып та көрген. Бірақ кезбелікпен қатайып қалған сүйегі ырыққа көнбеді ме, әлде ойын-той, қызыққа бой алдырып қалған көңілі салауат тауып орнықпады ма қызметтен нәтиже шығармады. Сонан соң жаңа тұрмысқа көңілі ақ, ниеті түзу пиғылын байқаған ел қызметті ұқсатпады деп мұны кінәлай қоймады. Ешкімге ойлайтын зияны, істейтін жаманшылығы жоқ жан ғой, қолынан келген шаруаға қолғабыс жасап жүре берсін деген. Сонан кейінгі кәсібі әр қилы. Көші-қонда мал айдасады, қырқында қайшы ұстайды. Жаз шыға егін, шөпке қатысады. Тапқаны тамағында. Сол салт басы күн өткізіп келеді. Есейе келе тұрмыс құрған бір-екі әйел бақсыдай ел кезіп жүрген, от басына құрары шамалы, тұрмыссыз жігіттің отауына көп тұрақтамады. Мұнан кейін өз алдына от болып есігіне тышқақ лақ байлап көрген емес. Қанша тапса да оның басы құралмайды, тіпті, құрайын деп қиналған емес.

Қазір де совхоздың гаражына қарауыл болып кіре берістегі аядай үйшікте тұрып жатыр. Ертеңгі ас-су не болатынын ойлап, тарынған кезі жоқ. Тек көзі тірісінде көп ортасынан айырылғысы келмейді, қара сырнайдан айырылғысы келмейді. Онсыз күн кешіп тұруы мүмкін емес тәрізді. Онсыз мына дүниеде мән-мағына болады деп ойламайды.

Мынау жұрттың Нұркенсіз де таңы атып, тауығы шақырып, күндегіше тұра берері хақ. Алайда оның бұларсыз күні жоқ. Керек болса қазір көңіліндегі бар жақсылығын әнші Нұркенге арнап отырған мынау көп ертең еш нәрсе көрмегендей өзінен айналып өте берерін де біледі, өткенін де көп көрген. Бірақ онымен есептесіп зіл көрген емес-ті. Қашан кездесе де бойындағы барын аяған жоқ. Міне қазір де аянып отырған жоқ.

Ол бұл өмірдің тәкпішін басынан аз өткізбеді. Адамдардың да бір-бірінен аямайтын айла, сұмдығы көп екеніне қанып келеді. Осы бір індетке айналған бақастық пен егестің кезбе оғынан мұның да жазықсыз жапа шеккен кездері болған. Алайда осының бәрінде де ол оқ атқанға оқ атып, басқа істегенді істеп, аңдыс-арпалысқа түсудің, араласудың орнына сол бүлінген тіршілікке,

текке таусылған ақыл мен арға, төгілген арам терге қабырғасы қайыса қайғырып, қам көңілмен күрсінеді. Жаманшылықты жат көрмей жақсыдан жырақ кетіп бара жатқандарға деген жанашырлық, аяушылық сезімнен жүрегі сыздайды.

Кей кезде қолына сырнай алып ортасына түсе қалса мына көптің басында бар осындай бәтуасыз мүшкіл халі ойға оралып, көңіліне мұң ұялайды. Тіршіліктің осы бір тәлкегіне ықтияр болмай қынжылады, қапаланады. Сонан соң сыр сандыққа құлазыңқы күй келеді.

Мұндай сәтте әншіде қалтарыс болмайды. Ол енді тұла бойын иіткен жаңағы сезімнің жетегінде кетеді. Көңіл-күйдің керейтін келтіріп, құлақ құрышын қандырап сиқырлы әуен міне осы шақта туындайды.

Қара шал қазірде дәл осындай халде отыр. Кең пейілі баладай елжіреуік, сәл нәрсеге жабырқап сәл нәрсеге жылитын елгезек жан қазір өзгеше қатайып, қуаттанып алған тәрізді. Үні де шалдығар емес, айтқан сайын кең тыныстап ширғып барады.

...Дүние-ай, қудым сені е-е-ей,  
Жалықпай-ақ-ай, а-лу-ай...

Мына назды асқақ дауыстан құнарлы шыққан жұғымды әннің әсері жұртты айрықша баурап әкеткен. Әсіресе боташа боздай келетін аралықтағы Е-е-еймен көкке асылып қалғандай әуелеп, шырқап тұрып алатын соңғы созылар а-лу-айдың айтылу төркіні, естіген көңілге қылар сесі мүлде бөлек. Тыңдаушы тыпыр етпей тындай отырып, басынан талай күйді өткізеді. Тіршіліктің тәттілігін ойлайды, тұрмыстың тауқыметін ойлайды. Мына дүниенің отырғызып кетер опасыздығына налиды. Осы сәт көңіл түкпірінен күнде байыбына бара бермейтін өзгеше бір ой-түйкіл бой көрсеткендей болады. Мына қысқа тіршілікте қырық пышақ қырқылжыңмен күн өткізіп келе жатқанын, алдап, алданып келе жатқанын осы еппенен, сұмдықпен бәрі-бір шырақты дүниеге жетпегенін сезіп тосылғандай болады. Осы кез: «Бұл да бір әурешілікпе еді, аз күн жалғанды әй деспей-ақ, саудаға салынып сабылмай-ақ, жақсыға жақ болып жайдары өткізуге болмайтын ба едіні» ойлағандай күрсінеді. Көңілге әлденеге белгісіз «әттеген-ай» оралады. Өкініш пе, жоқ әлде кісідегі орны орта, жетпей тұратын сезім күйдің шайқалған толқыны ма, денені

діріл алып, бой шымырлап, осындай тосын күйде, толғанys құшағында қалады.

Түнді орталап барып туған жарық ай төбеге көтеріліп қалған. Ән қызығына түскен көптің уақытпен жұмысы жоқ. Бар ықылас пейлі көңіл күйді қозғаған сол әуенге ауған. Ол тоқтамай — басқаға қарар ыңғай танытпайды. Ән бәсеңдер емес, қара шал әлі аңыратып отыр.

Ақ үйдің іші-сыртындағы көптен оңашарақ там алдындағы ағаш сәкіде әншінің «әу» деп алғашқы даусы шыққалы бері тапжылмай тындап отырған үш-төрт қартаң кісінің бірі:

— Сай сүйекті сырқыратты-ау,— деп қозғалақтады.

— Шіркіннің үнін айтамын-ау сарқылмайтын бұлақ тәрізді екен де,— деп қосылды қасындағысы.

— Сонау жігіт кезінде тындағанбыз ғой, мұны біз. Ой, дүние-ай! — деп күрсінді шетте отырған мосқал әйел.

Алғашқы сөз бастаған еркек:

— Бибітай, күрсінесің ойыңа бір нәрсе түсті-ау, пәтшағар, ә,— деді кеңкілдеп.

— Ой, қу жақ-ай, аузың қарап отырмайды-ау, сірә.

— Қыз кезінде де көріппең-ай Нұркенді, әй сенінде көрмегенің жоқ-ау,— деп анау қайта жабысты.

— Қой, оттамай отыршы-ей!

Өзің қуыстанып қалдың ғой.

Әйел бір нәрседен секем алғандай даусының қатырақ шығып кеткенін аңғарды. Бірақ еш нәрсені елемегендей әрі онан артық әзілдесе беруге де тіленіп тұрмаған ыңғай көрсете:

— Ерігіп отыр екенсің,— деп теріс айналды.

Бибітай жанындағы еркектің жай әзілдеп отырғанына күмән келтірген жоқ. Болмаса ол сезетіндей еш нәрсенің жоғы да өзіне аян. Тіпті мұның қуыстанатындай түгі жоқ. Ол бір жас адамның басында болар елікпе сезімнің лап ете сап сөнген жалындай гәп қой. Керек десе сол кезден кейін оны есіне алып емексіген күні болды ма екен. Оңған бөздей ажарсызданып барып ұмыт болған бір жай ғой. Алайда қазір мына шүйкедей қара шалды көргенде кейде көз алдына сонау кездегі ақ сұр жорғалы сылқым-сері жігіттің елестейтіні бар...

Жаңа өкімет орнап, заң өзгеріп, енді колхоз болып бірігіміз деп жүргенімен ауылдың тіршілігі бұрынғы қыс-

қыстау, жаз жайлау қуалап жүрген қалпынан басқа жүйеге түсе қоймаған. Жасы он алтыға жаңа толған Бибітай елдің айтуынан, өзінен гөрі ересек қыз-келіншектердің әңгімесінен, көрші ауылда Нұркен атты жас әнші жігіт барына сырттай қанық-тын.

Әлі есінде, жазға салым ауылдары жағалауы көк құрақпен көмкерілген айдын көлдің иығына келіп қонды. Елдің малы азайған, қонторғайлау кезі. Үй арасы жырақтамай ауыл жиын отыр. Осы күннің бірінде сәске кезінде көлге қарай келе жатқан топ қыз-келіншектің қарсы алдынан, қылта өзектен, шыға келген екі аттылы ұшырасты. Аттылының бірі — қызылды-жасылды әсірелеу киінген жасамыс сары жігітті Бибітай бұрында көрген. Осы ауылдағы нағашысына жиі келгіштеп жүретін. Ал енді бірі ақ сұр жорғаға мінген, ерінің артына үлкен қоржын салған, орта бойлы, қызыл шырайлы, талдырмаш бозбала. Бұл бейтаным.

— Әбеннің үйі қай тұста екен,— деді жиен жігіт.

Бұлар жөнін сілтеді. Аттылар кідірмей солай жүріп кетті.

— Әнші жігіт осы ғой,— деді тұрған топтың ішіндегі ересегі, сөзуар, толық сары келіншек, ақ сұр аттының артынан көз айырмай сұқтанып. Бибітай неге екені белгісіз осы сөзге елең ете қалды. Онысын біреу сезіп қалды ма дегендей өз-өзінен қысылып жан-жағына ұрлана көз тастады. Еш кімнің мұнымен жұмысы болып тұрған жоқ екен. Бәрінің де назары жаңағы аттылар жақта.

— Әлі үйленбеген бойдақ жігіт көрінеді ғой,— деді қыздардың бірі.

— Серікжан-ау, өзің сыртынан сұрастырып, зер салып жүргеннен саумысың,— деді толық сары келіншек оны қағыта әзілдеп.

Жеңгесі «серікжан» деп тұрған бойжеткен қызарқтап, ашуланып қалды.

Осы күні Бибітай қайт-қайта қонақ жігіттер келіп түскен Әбеннің үйі жағына қараумен болды. Кеш тезірек түссе екен деп асықты. Онысы кешке қарай Әбеннің үйіне жұрт жиналып қонақ жігітке ән салдырады деп естіген.

Адам баласының басынан өткізген өмірінде өзіне қатыссыз өгей уақыт болмайтыны белгілі. Алайда соның бәрін керек қылып санасында сақтай бермейді. Өткен күннің бәрі бірдей есінде қала бермейтіні сонан болар. Тек кейбір сәт пен мезгілдердің уақыт озса да

елесі ескірмейді. Солар ғана тот баспайтын алтындай көңіл түкпірінде көмескіленбей жата береді. Жайлаудағы ауылдың осы бір кеші Бибітайдың әлі есінде. Ойына алса болды көз алдына күні бүгінгідей тұра қалады.

Күн ауылдың батысындағы талай көш жерден мұнартқан Мыңжылқының биік қырқасына қонғанда кең далада жанға жайлы самал соқты. Сонымен бірге ауыл алдындағы айдын көлден салқын леп есті. Жайлау саздың көк шалғынын кешіп, өрістен қайтқан қой-ешкінің маңыраған шуына көлдегі құстың қиқуы қосылып, кешкі даланы ызы-қиқы күйге бөледі. Ә дегенше күн батар батпастан кешкі ас-судың қамына кіріскен жұрттың есік алдындағы жер ошағынан от ұшқындай бастады.

Жалпылдаған отынның лапылдаған жалынымен жағаласып қара көлеңкеде жаңа сауып алған бір қазан сүтті қайнатып тұрған Бибітай малды кешкі жайылымға айдаған бала-шағадан басқа ауылдың ересектері, жігіт-желеңдері әр тұстан Әбеннің ақ отауына қарай келіп жатқанын көріп тұр.

Осы кезде ақ отау жақтан құйқылжыған сырнай даусы шықты. Кешкі тынық ауада оған сырнай үнінің әрбір нәзік діріл тербелісіне дейін кінәратсыз анық естіліп, бұрын тындамаған жаңа, жылы әуен сезімін қытықтап, өзіне жетелеп барады. Бір сәт қазандағы сүтті, ошақтағы отты ұмытып, осы тәтті сазға құлағын тігіп қалт тұрып қалды. Кешкі ауылға жағалай көз жүгіртсе сырнай үні естілген үйге қарай біртіндеп әйелдер, қыз-келіншектер келе бастаған скен, шешесіне қарады.

— Ана жаққа барғың келіп тұр ма? Бара ғой. Ән тындауға елдің бәрі келіп жатыр ғой,— деді шешесі.

Бибітай келгенде әнші жігіт осы ауылдың жастары Нүркеден естідік деп кейінгі кезде жиі айтып жүрген «Дударай» әнін әсем, алғыр даусымен еркін шырқап отырған.

Ауылда бұрын сан айтылып жүрсе де бұл әнді Бибітай жаңа естігендей құштарлана тындады. Жігіттің әй айту мәнерінде кісіні баурап бағындырып алып кететін сиқыр күштің барын ол қапысыз аңғарды. Ғажайып бір әсердің қуатымен жүрегі кеудесіне симай дүрс-дүрс тулады. Өзін біресе қуанып, біресе қорқып, отырғандай сезінді. Мұнан кейін де көпшілік түнімен жігітке қайта-қайта ән салғызды.

Үйге сыймай сыртқа төселген алашаның үстінде отырған қыз-келіншектердің қасына қосылған Бибітай туырлығы белдеуге дейін түрілген керегенің көгінен жігітке көз алмай қарады да отырды. Қараған сайын оның көңіліне мына жайдары, шегір көздері ұшқын атқан, сергек қимылды әнші жігіт ыстық тарта берді. Осы ықыласымен жас қыз жігітті өзіне қимас адам етіп алғанын сол сәтте байқамағанды. Албырт күйдің алғашқы түнін ән аяқталып жұрт тарағаннан кейін бастан кешкен. Үйіне бұрын бойында болмаған соны сезіммен оралған бойжеткен қайтып келген соң түні бойы ұйықтай алмай елегізіп шыққан. Көз алдында әнші тұрып алған.

Нұркен бұл ауылға мұнан кейін де сан рет келген. Ол келген сайын Бибітайдың жігітті көрмегенде алып ұшқан ынтық көңіліне онан әрмен сағыныш тұнып, шарасыз қысылып, құлазып, ағыл-тегіл жылағысы келетін. Бірақ бұл сырын, іштей таусылған толғанысын сыртқа шығарған емес. Қаумалаған қошаметшіл қалың көптен қаға беріс жолығып, жағдай айтысуға да сәті түскен кезі болған жоқ. Әлдеқалай жиын-тойда қатар кездесе қалса көп құдашаның бірі санап, қалжың тастағаны болмаса өзге жұрттан бөлек көз тоқтатып айырып қараған ол жоқ. Сөйтіп жүргенде Нұркен Созақ үстіндегі ағайындарына көшіп кетті де, қыз жігіттен мүлде қара үзіп қалды.

Тағдыр соқпағы ол ауылға қарай бұрылмағанын сезген Бибітай енді қайтып бұл жайды ойламауға, ұмытуға тырысты. Көңіліне қонған басқа бір жігітке тұрмысқа шықты. Екі-үш бала сүйді. Ері 1941 жылы майданға аттанып қаза тапқанда отызға жаңа іліккен еді. Сол бойы балаларын бағып, ерінің әруағын күзетіп отырып қалды.

Ал мынау тарамыс қара шал сондағы қыз-келіншектердің көзінің сұғы болған, ақ сұр жорғаның үстінде келе жатып қоя берген даусы көш жерге жететін Нұркен сал...

Бибітайдың неге екені белгісіз, көңілі бір түрлі жадау тартып кетті. Әлде неге өкінді ме, ықтияр болмады ма, көңіл-күйі неге бұлай өзгерді — оны өзі де ажырата алмады. Тіпті ажыратайын деп алаңдаған да жоқ. Әйтеуір бойында аяныш па, налу ма бір сезім барын аңғарды.

— Алда опасыз жалған-ай, — деді сонан соң.

Ән қызығымен отырған жұрт жаздың қысқа түні

түріліп, таң атып қалғанын жаңа байқады. Ә дегенше шығыс жақ қызыл шапақтанып, көк жүзіне жайылған көгілдір күміс сәуле қалындай түсті. Жер бетіне ұйыған қараңғылық жел айдаған тұмандай сейіліп, төңіректің таныс суреті айқындалып келеді. Алагеуімдегі жазық дала тып-тыныш мүлгіп тұр. Тек алыстағы тау сілемдері сағыммен буалдырланып, бейне бір жақын жерге таянып қонғандай биіктеп көрінеді. Әр тұстағы көрші ауылдардың тал-дарақтары да зорайып қалыңдай түскен, күндізгідей селдіремей қою қарауытады. Осы тыныштықты ауыл алдындағы жайылып жүрген жылқылардың кісінегені, үйірге таласқан айғырлардың шәңгірлеп тебіскені, ара-тұра бірін-бірі түсірлете қуа жөнелгені еміс-еміс бұзып кетіп қайта тына қалады.

Осы кезде ән тоқтап үйдегі жұрт қопарыла далаға шықты. Бой тоңазытар таңғы салқын ауада кең тыныстай демалған көпшілік төңіректің осы бір бей-жай көркіне көз жүгіртіп біраз тұрды. Сонан соң үй иесімен хош айтысып жөн-жөніне тарауға бет алды.

Той болған үйден жұрт соңын ала шыққан Нұркен көшенің шандақ жолын бұрқ-бұрқ аттап, сырнайын қолтығына қысып алған бойы ауыл шетіне қарай ілби аяндап келеді. Жүзінен жетер жеріне асыққан кісінің ыңғайы байқалмайды. Тапа бір ұзақ сапардан шаршап келе жатқан жолаушыдай сыңайдағы ол гараждың кіре берісіндегі үйінің алдына келген соң да бірден әрі өтпей сырнайын жанына қойып тас басқышқа шығып отырды. Қолына насыбай шынысын алып таңертеңгі қарбаластағы ауыл жаққа қарады. Осы сәт көңіліне: «айналайын ел іші алтын бесік қой, онан ыстық не бар, дүниенің кемдігін жалғыз қалғанда сезесің-ау» деген ой келіп, жаңағы бір думанды шақты қимағандай болды.

Осы қалпымен ішке енуге асықпай ұзақ отырды.

## ПОЕЗДА КЕЗДЕСКЕН ҚЫЗ

Шығарып салушылары бар, кетіп бара жатқандары бар вагонның алды сапырылысқан, ығы-жығы адам екен. Дәулет келіп жеткен бойда отырғызу басталды да, тұрған жұрт ішке қарай лап қойды. Поездың жүруіне әлі жарты сағат уақыт болса да қалып қоятындай аптығып, таласа-тармаса мініп жатқан ел. Жалғыз портфельден басқа жүгі жоқ Дәулет көптің арасы-

мен сыналай кіріп, ішке енді. Вагонның ұзынша дәлізі сығылысқан кісі. Терезесі күнге қараған дәліздің қапырық ауасына кісі демі араласып, моншаның ішіндей-ақ тынысқа ауыр соғып тұр.

Тығылысқан адамдар купе-купеге тарап, алға қарай өтуге жол ашылуын күтіп тұрып қалған ол көптің орта кезінен жалт еткен бір нұрлы жанарды байқап қалды. «Кім болды екен? Таныс біреу ме әлде» деген оймен бұл әлгі жанардың иесін іздеп қайта зер салып еді, арадағы сапырылысқан жұрт тасалап, адастырып жіберді.

— Жігіт, жылжысаңызшы,— деп итермеледі артында тұрған адам.

Жаңағы жылт екен әуес сезім жайына қалып, бұл да енді алға қарай сырғудың қамын жасаған. Жылжып келе жатып «Мен неменеге өзеурей қалдым. Көздері жайнап тұрған әйелдер аз ба. Соның бәрін түгендеп жүрген кісідей-ақ елендеп»,— деп өзін-өзі мысқылдай ойлап үлгерді.

Билетте көрсетілген орнын іздеп жағалап келіп, вагонның орта кезіндегі купенің ашық тұрған есігінен ішке кіре бере, табалдырықтан аттаған бойы, қалт тұрып қалды. Оң жақтағы төменгі орында кең аңғарлы қарақат көздері мөлт-мөлт еткен, тұңғыйық жанарлы, дөңгелек жүзді, кіршіксіз мінсіз сұлу аққұба ажарында нұр ойнаған бір бойжеткен мөлдіреп отыр екен. Қыздың биязы, салмақты, жылы шуақты өнінде қараған жан қайтып назарын ала алмай қалатын сыйқырлы тылсым бар тәрізді. Оны мына тіршілікте кездестіретін жұмыр басты пенде деуден гөрі қордың қызы деп қабылдау әлде қайда сыйымды. Дәулеттің жүйрік сезімі қас-қағым сәтте осыларды аңғарып өткендей. Өзінің не әрі, не бері кетпей табалдырықтан аттаған бойы есік алдында тұрып қалғанын енді байқап, қыздың қарсысындағы бос орынға портфелін қоя беріп, жайлап отыра кетті. Отырған бойы көршісі жаққа қайта көз салды. Қыздың үзіліп піскен шиедей тырыс-тырыс еткен еріндерін кербез қозғап сәлемнің ишарасын жасағанын байқағанда өзінің онымен амандасқанын аңғарды. Сырттай байсалды қалып танытып, сыр бермеуге тырысқанымен ішкі дүниесі табан астынан аңтарылып, дағдарған бұл біршама уақытқа дейін өзіне-өзі келе алмай әлде сасқалақтағандай, әлде ыңғайсызданғандай мазасыз күй кешті.

Мұның бұл қалпын аңғарып қалған көршісі, әлденеге жорыды білем:



— Кешіріңіз, мына орын сіздікі емес пе осы. Менікі мына жоғарыда,— деп ақ мамық тамағын жарқ еткізе, аппақ, жұп-жұмыр қаз мойынын сыпайы бұрып, иегімен төбесін нұсқады. Сол сәт қыздың күлімсіреген жүзіне ұялай қалған нұрлы шырай әдемі шықшытына түсіп тұрған тай табан, алтын сырғасының болар-болмас құбылған сәулесімен жарасып, Дәулеттің көз алдынан керемет бір сұлулық жарыса жалт етіп өткендей болды. Ұстап қалуға құдыретің жетпейтін, бірақ өмірі елесін ұмыта алмайтын сұлулық еді.

Әлгі елестің әсерімен көршісінен көз ала алмай ойланып қалған Дәулет оған іле жауап бере қоймаған. Сонан соң қыз:

— Орныңызды жайлаймын десеңіз, мен анда ауысып отырайын,— деді тағы да.

— Жоқ, жоқ,— деді жігіт ұйқыдан ояғандай селк етіп.— Отыра беріңіз. Менің де орным мынау еді,— деді ол да төбесін нұсқап.— Сіз де жоғарыда болсаңыз, онда көрші екенбіз. Соны айтты да «ұялған тек тұрмастың кебі ме» кім білсін, қызға күлген болды. Келгелі бері ә деп айтқан жалғыз ауыз сөзінің өзі бәлендей, қисынды шықпағанына іштей ыңғайсызданды да. Бірақ көршісінде сынай қараған ыңғай байқалмайды. Мұның сөзіне кінәмшілдік танытпай, өзіне такаппарлық мінез аңғартпай, сыпайы қалыппен қарап қояды.

Купенің ыстығы бар, оның үстіне өзі іштей қысылыс тауып отырған жігіт пысынап, қара суға түсіп кеткен еді. Түрегеліп пенжагін шешіп, жоғарыдағы ілгекке ілді. Қалтасынан дәс орамалын алып, маңдайының, мойнының терін сүртіп, желпінді. Бұған назар салмаған кейіп танытып, купенің терезесіне қарай мойын бұрып, далаға қараған болып отырғанымен көршісі мұның әрбір қимылын іштей қалт жібермей байқауда екенін Дәулет сезді. Барынша ізетті қозғалуға тырысты. Қайта орнына отыра беріп көршісін әңгімеге тартқан ыңғаймен:

— Ел отырып болып қалды, біздің купеге ешкім келетін емес қой,— деді тап бір соған алаңдап отырған кісідей. Ал өзі іштей «келмесе, келмесе екен» деген ойдан да құралақан емес.

— Бірінші вокзалдан мінер,— деді көршісі сенімді түрде. Өзі бұған сыпайы ғана назар салып өтіп, жүзін қайтадан терезеге қарай бұрды.

«Шынында да жаздың осы мезгілінде поездда бос орын болушы ма еді. Менікі де сөз-ау»,— деді Дәулет.

Дәлізде ерсілі-қарсылы жүріс, абыр-сабыр саябыр-лаған. Ел орындарына жайласып үлгерген болуы керек. Тек әр тұстан ду еткен күлкі, көтеріңкі шыққан дауыстар естіліп қалып, естіліп қалып тұр. Купе ішінде тымырсық. Қашан поезд қозғалып, желдеткіш іске қосылғанша осылай болады. Ысылап-пысынап шыдауға тура келеді.

Дәулет көршісіне көз жүгіртіп еді купе ішінің қапырығына бұл тәрізді шыдамсыздық танытқан сыңайын байқамады. Терезеден сыртқа көз жіберген күйі, сабырлы қалыпта өзімен-өзі отыр.

Бұл да арғы жаққа зер салған. Екінші жолға тағы бір жолаушы поезы келіп тоқтапты. Перонда топырлаған ел. Вагондардың шаң-тозаңнан таза, жарқыраған көк жапырақ түсі көз тартып, көңілге жылылық шақырғандай. Дәулеттің поезды көрсе қызығып, сонымен әлдеқайда сапар шегіп кеткісі келіп тұратын бала кезден әдеті еді. Ерте көктемгі аспандағы тырнаның тізбегімен кең даланың төсінде сонау көз ұшында сырғып бара жатқан поездың көрінісінде кісі көңіліне сағыныш тәріздес әлдене сезім ұялататын бір ұқсатық бар сияқты көрінетін оған. Осы жасына келгенше өзінің көрген, аралаған жерлері шамалы десе болады. Үй күшіктеу, жұмыс бастыау ма қалай, көп қыдыруға ыңғайы жоқ. Ретін келтіре алмайды, әйтеуір. Алайда, сол бір бала күннен бойда бар кезбелік сезім жоғалған да емес. Кейкейде күнделікті күйбең тіршіліктен мезі болғандай жалығып кеткенде далаға қарай тартып жөнелгісі келіп, аңсары ауып тұратын кездері аз кездеспейтін. Сондайда теміржолдың вокзалына келіп, ерсілі-қарсылы өтіп жатқан поездарға, сапырылысқан жүргіншілерге қарап, бір сәт топырлап, бір сәт тына қалатын перонда ұзақ жүріп қайтса мауқы басылғандай болатын.

Қайта осы соңғы екі-үш жылдан бері — бұл қызмет атқаратын ғылыми-зертеу институты Оңтүстік облыстардың мал тұқымын асылдандырумен айналысатын бір шараушылығымен келісіп, тәжірибе жұмыстарын сонда өткізіп тұратын болғалы бері Дәулет жылына бір-екі рет айлап, апталап сол жаққа командировка алып жүрген. Осы жолы да соған келе жатқан беті-тін.

Сыртқа көз жүгірткен бойы ойланып қалған өзіне көршісінің қарап отырғанын бұл ол жаққа назар аудармай-ақ ішкі түйсіктің әсерімен сезген еді. Бірақ оны аңғармаған қалып танытты. Елең етіп қарап жатуды қос көрмеді. Дегенімен әлгі басқамен ісі болмай өзі-

мен-өзі отырған күйден ойы бөлініп кетті де енді не істерін білмегендей ығайсыздық сезініп, іштей қолайсыздана бастаған. «Қашанғы бұлай отыра бермек. Мұның орнында басқа бір жігіттер болса мынадай сұлуды көргенде жайнаң қағып, жарқылдап кетер еді. Манадан бері сапырып, талай әңгіменің басын қайырып тастар еді...» Дәулеттің негізі мұндай әдетті, мұндай жандарды суканы сүймейтін. Онан жасандылық, жалғандық сезініп, іштей ұнатпас еді. Көп сөйлейтін кісіні өтірікші деп қабылдайтын. Қазір «соның өзі де керек нәрсе екен-ау»,— дегендей ойға лажсыз барып отыр.

Сонан соң көршісін суыртпақтап әңгімеге тартпақ болды. Бірден аты-жөн сұрасып жатуды ыңғайсыз көріп:

— Қай жерге дейін барасыз?— деді.

Көршісі жолдағы шағын станцияның бірінен түсетінін айтты.

— Үйіңіз сонда ма?

— Станцияның қасындағы колхозда тұрамын.

— Не қызмет істейсіз?

— Ауылдық ауруханада дәрігер едім. Осында үш айлық курсқа оқуға келгенмін. Бітіріп, енді қайтып бара жатырмын.

— Атыңыз кім болады, қарындас?

Зылиха.

— Менің атым Дәулет...

Жігіт өзін қысқаша таныстырып өтті.

— Жақсы,— деді көршісі оны ыхыласпен тыңдап алып, басын изеп, сыпайы ғана күлімсірей.

Зылиханың пайымды қалып танытып, адаммен тосырқамай сөйлескен ашық райында ізеттілік бар. Кісіні өзіне үйіріп тұратын жылы шырайлы жүзінен сонымен бірге, байыптап қараған жанға, кімге де болса елпілдей қоймайтын орнықты мінез, жарасымды бір тақаппарлықтың нышаны аңғарылар еді. Бірақ өзін неғұрлым биязы, жайдары ұстауға әдеттенгені көрініп тұр. Сымбаты көркімен сынық мінезі жарасым тапқан көршісінің тал бойында табысқан нәзік үйлесімнің кісіні баурап алатын құпия сырлы күші бар тәрізді. Өзін осы сыйқырлы сұлулықтың мысы басып, қарадай қарап қысылыс тауып, еркінсі алмай отырғанын Дәулет енді енді пайымдай бастаған. Әрі өзіне біртүрлі ауыр, әрі жанына жайлы әлдеқандай жылы сезімнің жетегінде екі ұдай күй кешкен ол купеге алқына аптыға екі кемпір кіріп келгенде ренжіген де, қошуақ алған да қабақ та-

нытпай немқұрайды күйде аңтарыла қарады. Поездың бірінші вокзалға тоқтағанын әлгінде аңғарғанымен оған мән бермеген. Дәлізде тағы абыр-сабыр басталған екен.

Бұл ұшып түрегеліп, екі кемпірдің қолындағы мықшындай көтерген екі түйіншегін өзі отырған төменгі орынның астына жайғастырды. Сонан соң Зылиха екеуі есікке қарай ығысып, келгендерге жоғарыдан орын босатты.

— Спасибо, спасибо!— деп ризалығын білдірді олар жайласып жатып. Желпіне отырып жөн сұрай бастады.

— Қайда барасыздар?— деді кемпірлердің бірі Дәулетке қарап.

Бұл түсетін жерін айтты.

— О, орта жолда қалады екенсіздер ғой,— деді ол.— Біз әрі қарай кетеміз.— Сонан соң кемпір сұрамай-ақ өздері жайлы әңгімелеп кетті. Екеуі апалы сіңлілі көрінеді. Дәулет енді аңғарды, шынында да екеуі бір-бірінен аумайды екен. Тек қазір әңгімені сапырып отырған сөзуары үлкені болса керек. Анадан гөрі егделеу сияқты. Ақтөбе қаласында кіші сіңлілері тұрады екен, соған қыдырып, қонақтап бара жатқан тәріздері бар.

Осылай әңгіме соғып отырған әлгі кемпір бір кезде Зылиқаға қарап алды да, Дәулетке төбеден түскендей:

— Жолдасыңыз ба? Қандай ажарлы, сыпайы жан. Тауып қосылған екенсіздер,— деп қойып қалған.

Дәулет сақалақтап:

— Жоқ, жоқ,— деп ыршып кетті.

Өзі қылмыс жасап қойғандай, соған кінәлі жандай көршісіне қызарақтай қарады. Көршісі бәлендей абыржи қоймаған сыяқты. Қайта мұның балаша сасқалақтағанына мәз болғандай күліп жіберді.

— Кешіріңіз, қарындасыңыз ба еді,— деді кемпір солай екеніне енді шүбәсі жоқ сыңайда.

— Жоқ, қарындасым да емес,— деді Дәулет барынша сабырлы сөйлеуге тырысып.— Поезға жаңа бірге міндік. Енді ғана жөн сұрасып, танысып отырғанбыз.

Кемпір сенгісі келмегендей екеуіне тағы да барлай көз салып, таңданған күймен:

— Аса бір ұқсастықтарыңыз бар, қалайда,— деді.

Дәулет сөзінің растығын дәлелдегісі келгендей:

— Бұл кісі менен бері түседі. Мен онан әрі барамын,— деп екеуінің билеттегі станциясын да айтып жатыр.

— Атыңыз кім болады?— деді кемпір Зылихаға бұрылып, мынаның сөзі рас па осы дегендей сұраулы кейіппен.

— Атым, Зылиха.

— Ә, Зина, Зина ғой,— деп кемпір оп-оңай өзіне айтуға жеңіл есімге аударып ала қойды.

— Мейлі, олай десенізде қарсылық жоқ,— деді Зылиха келісім білдіріп.

Сәл ғана жұлқи қозғалып, мұз үстінде сырғанап бара жатқандай жеңіл жылжи жөнелген поезд бірте-бірте жүрісін үдетіп, доңғалақтардың тарсылы жиілей түсті. Купе ішіне тыныс алар салқын леп соға бастады. Екі кемпір жантаюға ыңғайланған соң Дәулет көршісі де шешініп жоғары көтеріліп жатуға менен ыңғайсызданып отырған шығар деп, темекі тартуға кеткендей болып, дәлізге шықты.

Шай қайнатым сыртта жүріп қайтып кірсе екі кемпір ұйықтап кеткен. Зылиха аяқ жағын ақ жаймаға орап, сол көйлекшең қалпы бір қырындай жантайып, «Экран» журналын аударыстырып, қарап жатыр екен. Бұл да жоғары, өз орнына жайласып, жолға ала шыққан газет-журналын қарағыштай бастады. Бірақ пайыз тауып бірнәсе оқуға зауқы жоқ тәрізді. Әншейін мағынасыз көз жүгіртуде. Есіл-дерті жанындағы қызыл көйлекті көршісіне ауған. Сол жаққа қарай бергісі келеді. Ара-тұра ұрлана көз тастап қойғаны болмаса, қайта-қайта қадалып қарай беруге ыңғайсызданады.

Осылай әрі-сәрі күйде біраз жатты. Сонан-соң әлденендей шешімге келіп, басын жастықтан көтеріп, көршісіне қарай бұрылса ол да бұған зер сала қарап қалған екен. Жанарлары түйісе кеткенде Дәулет қыздың жүзінен лып өтіп жүгіріп өткен алауды аңғарғандай болды. Сол алау өзің де шарпып өткендей тұла бойы ду ете түсті. Жүрегі тулап дүрсілдей соғып кетті. Қобалжығанын сездірмейін дегендей қыздан жанарын тайдырып әкетті. Қолындағы газетке қайта үңілді. Бірақ санасында әлгі сол сурет көз жасқанар сұлулық — ұясы аңғарылы қарақат көз, мөлдіреген тұнық жанар, ай жүз, ақ маңдай, үлбіреген ақ тамақ; үстіндегі қызғалдақ түстес қызыл көйлегі қыздың ақ мақпал өңіндегі арайлаған нұр сәулеге шапақ шашқандай өң беріп, кереметтей жарастықпен үйлескен. «Адам баласы мұншалықты әдемі болып жаратыла береді екен-ау». Дәулет осы сәт өзін түс көріп жатқандай сезінді. Және осы түсті көріп жата беруге пейіл де. Бірақ өзінің бұл күйі-

нің түс емес өңі екені есіне түскенде не істерін білмей тағатсызданды.

Адамның көңілі деген де қызық қой. «Жаңа ғана көрген, енді біраздан кейін жолдан түсіп қалатын бұл қызда осыншама мазасызданатындай, не алты аласы, бес бересім бар, мұным не?»— дегенге ой жүгіртіп отырған Дәулет жок. Қайта әлденедей құштарлық жетегіне ілесіп, өзге дүниені ұмытқан сыңайда. «Бұл кім, қандай жағдайдағы жан?!» Осы бір сұрақ ішіне сыймай барады. Онан сыр тартып, әңгімеге шақырайын десе жаратылысындағы ұяндығы тұсау болып, кібіртіктей береді. Әңгімені неден батарын да білмейді.

Біз кез қыз бас жағын тіктеп, жайлаймын дегенде жастықтың шетіне сала жатқан журнал сырғып кетіп құлай берді. Көршісінің әрбір қимыл, қозғалысын қалт жібермей бағудағы жігіт осы сәтке дайын жатқандай шұғыл ұмтылып, түсіп бара жатқан журналды қағып алды. Қыз да ұстамаққа ыңғайланып, еңкейе берген еді, бастары түйісіп қала жаздады. Өздерінің оқыс қимылдарына мәз болғандай екеуі де күліп жіберді. Көршісі бойын жиып, төсегіне жайғасқан соң жігіт журналын берді.

— Мінекейіңіз.

Қыз сүйріктей саусақтарын жазып, жұп-жұмсақ алақанын жайып, Дәулетке жылы шыраймен қарап:

— Рахмет,— деді.

Өзіне қарай созылған қолға, мәрмәрдай әдемі, жұмыр ақ білекке Дәулет бір сәт ұстап алғысы келгендей сұқтана қарап қалған. Бірақ сәл сәттік бұл соқпа әуестіктен бойын тез жиып алып, өзінің әлгі ойын қыз байқап қоймады ма екен деп көршісіне назар салып еді, оның күлімсіреген жүзін көрді. Әлде мұның аусарлығына іштей күліп жатыр ма екен, кім білсін. Ажары айдай ашық болғанымен кісіге сырын ұстата қоймайтын жан тәрізді. Журналды алақанына жайлап қоя салды да, кейін шегініп жатты. Енді суырпақтап сөз бастаудың реті бар сияқты.

— Зылиха, станциямен ауылыңыздың арасы қанша жер?

— Бес-алты шақырым.

— Поездан кешке қарай түсесіз ғой?

— Иә, біздің станцияға күн бата барады.

— Жалғызсыз ғой, күтіп алушы ма еді?

— Е, үйреншікті жол ғой. Өзіміздің ауыл дегендей,— деп Зылиха күлді де қойды.

Дәулеттің санасында бір ой жылт етіп үлгерді: «Жалғыз өзі болды-ау онда. Ешкім күтіп алатын еді дей қоймады ғой.»

— Станциямен екі араға автобус түнде де жүре ме?

— Жоқ түнде жүрмейді. Бірақ екі арада қатынас үзілмейді. Біреу қарсы алады, біреу поезға шығарып салады. Жүргіншілер табылады, әйтеуір. Бұл поезға бар болмаса онан кейінгісіне келеді. Тіпті, ешкім кездеспей қалған күнде,— деді Зылиха бұған қайтар екен дегендей барлай қарап алып — ауыл арасы, жаяу-ақ жүріп кетуге болады.

— Түн ішінде жалғыз өзіңіз бе?!

— Несі бар,— деп күлді ол әзілдеп отырғаны әлде, шын айтып отырғаны белгісіз.

Дәулет ойланып қалды. Осы сәт көңілінде көршісіне деген жанашырлық, аяушылық сезім бой көтергендей ме, қалай.

— Сол ауылда туып өскенсіз бе?

— Жоқ, мына көрші ауданда. Әке-шешем, туыстарымның бәрі сонда тұрады. Оқу бітірген соң осында жұмысқа жіберген еді. Бірер жыл қызмет істеген соң рұқсат алып, ауыл жаққа кетермін дегенмін. Енді, міне, үйренісіп алған соң осы жерлік болып кеттік. Әзір қоныс аудару ойда жоқ.

— Мұнда келгеніңізге қанша болды?

— Төрт-бес жыл өтіп те кетті.

— Мұнда енді жалғызсыз ба?

Зылиха іле жауап қайта қоймады. «Бекер болды-ау, онсыз да біліп отырып, несіне сұрадым,— деді Дәулет өзін-өзі іштей кінәлап.

— Сола-ай,— деді қыз дыбысын тісінің арасынан шығарғандай сыздықтата созып. Сонан соң жеңіл бір ерке, әсем қимылмен басын шұлғи иығына төгілген қалың шашын арқасына қарай серпіп тастап, жанарын төңкере, жалт етіп бұған қарап қойды.

Әңгіме үзіліп қалды. Купе ішін тағы үнсіздік басты. Көршісі қайтадан журнал ақтара бастады. Дәулет бір тал сигаретті саусағына қыстырып, дәлізге шықты.

\* \* \*

Қайтып кірсе кемпірлер де оянып, Зылихамен әлдене жайында әңгімелесіп жатыр екен. Олардың сөзін бұзбай күтіп отырып, бір орайы келгенде.

— Зылиха, жүріңіз тамақ ішіп келейік. Вагон-ре

стораны осы біздің қасымызда екен?— деп өтініш жа-сады.

— Жоқ,— деді ол үзілді-кесілді бас тарта. — Мен шығарда тамақтанып алғанмын. Түсуге де көп қалған жоқ. Енді бір-екі сағат-ақ жол.

— Әй, түскенше әлі қайда,— деді бұл оның сөзін аяқтатпай, қалайда өз дегеніне көндіруге әрекет жа-сап. — Жүріңіз, мұны ағалық бұйрық деп санаңыз.

— Өзімсініп шақырғаныңызға рахмет. Бірақ мен ба-ра алмаймын. Өзіңіз тамақтанып келе беріңіз. Рахмет.

Зылиханың ілеспейтін ыңғайын байқаған соң бұл тосылып қалған. Сол кез әңгіменің бағытын түсініп отырған сөзуар кемпір:

— Зина, болмайды Шақырған соң бару керек,— деді. — Ас үшін емес, көңіл үшін бару керек. Ықылас-тан артық ештеңе жоқ. Мен екеуінді таяу адамдар ма деп ойлағанмын. Өздерің аңғарасыңдар ма, жоқ па, қалайда бір араларыңда жақындық бар тәйірі.

Зылиха сықылықтап күлді:

— Тегі сіз бізді ажыратқыңыз келетін емес.

Кемпір оған да уәж қайтарып жатыр:

— Неге ажыратқым келсін. Өмірде бір-біріне сай, тең табысқан жастардан жарасымды не бар дейсін. Жүктеріңе, біз отырмыз ғой, алаңдамай-ақ қойыңдар... Бар, Зина, барыңдар...

— Жүріңіз,— деді Дәулет те қосарлана.

Кемпірдің сөзіне мойынсұнды да, әлде қайта-қайта қиылып қоймаған соң мұның көңілін жерге тастағысы келмеді де Зылиха:

— Жарайды,— деді төмен түсуге ыңғайланып. — Сіз дәлізде күте тұрыңыз, мен шашымды тарап алайын.

\* \* \*

Бұлар ресторанның қайтып оралғанша поезд алдағы станцияға таянып қалған екен, Зылиха түсуге қамдан-ды.

Ол жинала бастағаннан Дәулет қимас біреумен қош-тасқалы тұрғандай көңілсізденіп, не істерін білмей, лажы таусыла, іштей дағдарған күйге түсті. Жаңағы әзірдегі шат көңіл, ашық жарқын қалпы енді жабыр-қау сезімге ойысқандай. Кісінің көңілі де даланың са-ғымы тәрізді-ау — тіршілік желі қалай соқса солай толқитын. Қазір ғана ресторанның көңілді оралған Дәу-лет енді бірнәрсесін жоғалтқан кісідей болып отыр.



Өмірінде осы жарты күн ғана сапарлас болған мына қызға соншалықты бауыр басып, жанына жақын санап, қимасындай көріп қалғаны несі. Осы аз уақыттың ішінде-ақ Дәулеттің көңіліне, өз еркінен тыс, оған деген құштарлық, табынушылық сезім ұялап үлгерген. Бұл не күдірет?

— Рахмет,— әуреленбей-ақ қойыңыз, өзім-ақ түсемін ғой,— дегеніне қарамай Дәулет Зылиханың алма толы торы мен шағын жол сандығын көтеріп далаға бірге шықты. Шағын станция, перронда кісі көп емес.

— Поезд мұнда он бес минут тұратын көрінеді. Жүріңіз, перронды, вокзал төңірегін аралап шығайық. Тағы кісілеріңіз кездесер ме екен. Немесе сіздің ауыл жаққа жүретін дұрыс біреулер болса табыстап жіберейін,— деді Дәулет.

Екеуі асықпай аралап, төңіректі түгел шолып шықты. Зылихаға ілесіп кете қоятындай ешкім кездеспеді.

— Жарайды, қазір, жарты сағаттан кейін қарсы жақтан тағы жолаушы поезы келеді. Сонан біреулер жолығар. Әйтпесе онан кейінгі поездар бар. Рахмет, сіз енді алаңдамай бара беріңіз. Жүруге аз қалды.

— Жақсы онда, сау болып тұрыңыз. Мүмкін тағы кездесерміз. Сонда танымай қалмаңыз.— Жігіт жеңіл әзілдеп күлген болды. Бірақ жүзінде күлкіден гөрі қобалжудың нышаны басым еді. Әлде қоштасуға қимағандай ма, әлде жалғыз тастап бара жатқанына қысылғандай ма, әйтеуір, көңілінде, беймаза сезім бар. Зылиха мұның бұл күйін аңғарды ма, аңғармады ма:

— Жақсы, жақсы. Сапарыңыз оң болсын,— деді ықыласпен.

Біреу зорлап сүйреп келе жатқандай ауыр адыммен поезға келіп мінген жігіт купесінің алдына жеткен соң терезеден сыртқа қарады. Вокзалдың қасында жалғыз тұрған қызыл көйлекті қыз көзіне бірден шалынды. Сары белде, аңызқтың өтінде өсіп тұрған жалғыз қызғалдақтай нәзік, аяулы жаратылыс. Кенет жүрегі сыздағандай болды. Неге екені белгісіз, бұған қыз мынау жігіттің өз көңіліндей құлазыған дүниеде мүлде жалғыз қалып бара жатқандай көрініп кетті. Айдалада адасқан қаздай өгейсіп, жабырқап тұрғандай. Енді мұны қыз үшін уайым жеген үрейлі, әлде аянышты сезім билей бастады. Өстіп тұрып ол анау жалғыз қызғалдақпен — қызыл көйлекті қызбен екеуінің арасында көзге көрінбес, үзілмес бір киелі жіп жалғанып жатқандай

сезінді. Өзінің тап қазір кетемін деп тұрғанымен кете алмайтынын, әлгі жіпті үзе алмайтынын ұққан сияқты. Портфелін бір қолына ұстап, бір қолымен есіктің жақтауындағы темірге сүйене, қозғалып бара жатқан вагоннан секіріп түскенін бір-ақ аңғарды.

— Ой, мұның қалай?! — деп дауыстап жіберді Зылиха әлде таңданғаны, әлде қуанғаны белгісіз, бұл қасына жетіп барғанда — Қомандировқаң қайда?

— Зылиха кешір, өзіңді жалғыз тастап кете алмадым. Рұхсат етсеңіз сізді шығарып салған соң ертеңгі поезбен барармын.

Бірте-бірте жүріс ала бастаған поездың соңғы вагондары қастарынан сырғып өте берді.

— Міне қызық,— деді Зылиха.

Дәулет кінәлі кісідей күлді.

— Енді не тұрыс бар,— деді Зылиха сәл үнсіздіктен кейін алғаш тіл қатып.— Ақыр ертеңгі поезға мінетін болсаңыз, жүріңіз біздің ауылға барып қайтыңыз. Осыдан қашық емес. Бір сағаттық жол. Кешкі салқынмен жаяу жүресіз. Прогулка.— Шырайлы жүзі жадырай бұған күлімсірей қарады.

\* \* \*

Зылиханьң алма толы торын бір қолына алды. Екеуі қиыршық тас төселген кең жолмен қатар келе жатыр. Күн жаңа әзірде ұясына қонған. Батыс көкжиекте жалындаған қызыл шапақ әлі сөне қоймаған. Алдан, кең жазықтың төсінен бозаңытқан селдір шаң тұманының ішінен, жылт-жылт жанған ауыл оттары көрінеді. Ұшы-қиыры жоқ кең далаға төңкеріле төніп тұрған көк аспан бірте-бірте қараторғынданып жұлдыз шаша бастады. Жолдың екі жағында иін тіресе өскен қалың шөптің арасынан үстін-үстін шегіртке шырылдап, тыптыныш айналаны күйге бөлеп, бірқалыпты ызың үн жайлап алған. Кешкі тымық ауадағы мына тыныштықтан Дәулеттің құлағы шыңылдап келеді.

— Қаланың у-шуына үйренген кісінің осы даланың тыныштығына басы айналады,— деп күлді Дәулет.— Мен анда-санда ауылға барғанда, түнде қараңғыда далаға шықсам көзі байлулы кісідей кібіртіктеп жүре алмай қаламын. Үнемі көшенің жарығына әдеттенген жан қараңғыға өгейсіп қалады екен. Бір түрлі елегізіп, тылсым дүниедей сезінесің.

— Жасыңызда ауылда өстіңіз бе?

— Иә.

— Ауылыңызға онша жиі барып тұрмайтын болдыңыз ғой.

— Уақыт жетпейді. Барғың-ақ келеді.

— Оқу бітіргеннен қалада қалсаңыз, ауылдан сырттап та кететін шығар кісі.

— Жоқ көңілімде бөтендік жоқ. Ара-тұра барғанда өзімді де, ауылды да сол баяғы бала күнімдегідей жақын сезінемін. Табан астында қайтадан бала болып кеткендей күйде жүремін.

Дәулет қалтасынан сигарет алып тұтатты.

— Өмір, әрине, өзгеріп тұрады ғой,— деді ішіне құшырлана сорып алған түтінді сыздақтата шығарып, үзіліп қалған әңгімесін қайта жалғап. — Жыл сайын тіпті, біз байқай бермейміз, күн сайын да сондай құбылыстар болып жататын шығар. Біздің ауылда да, әрине, ондай өзгеріс, жаңалықтар аз болмаса керек-ті. Тіршілік заңы ғой. Тіпті, басқасын айтпағанда елдің тұрмысындағы сонылық, өзіңмен бірге өскен қатар құрбыларыңның от басы, мінез-құлық, жүріс тұрысындағы өзгеріс, өзгешеліктер қаншама. Алайда, барған сайын менің зер сала іздейтінім, көзіме ең жылы көрінетіні — бала күннен таныс, санаңда сақталған, ауыл келбеті. Ауыл суретіне сырттай көз салсаң өзіңе етене жақын, жүрекке ыстық сол бір көрініспен қайта табысқандай әсер аласың. Соған қызығып, соған қуанасың.

Осы қай-қайдағыны мыжып кеткен жоқпын ба дегендей Дәулет сөзін кілт үзіп, серігіне бұрылды. Ол мұның әңгімесіне ықылас қойып, өзінен көз алмай қарап қалған екен. Бұл бұрылғанда жанарын жалт төңкеріп, әрі аударып әкетті.

— Тым нәзік жанды екенсіз,— деді жұмсақ үнмен, бұған қарамаған күйі, төңіректі қаусырмалап, көз байлай бастаған қараңғылыққа үңілген қалпы.

— Қайдам. Мүмкін. Мен туралы бірақ таныстарым, байқауымша, кереғар екі пікірде.

— Қалай?— Зылиха әуес жанармен бұған жалт қарады.

— Біреулер момын, жуас жігіт санайды. Ал біреулер кесепат, қу, бәле деп есептейді.

— Қызық екен. Ал өзіңіз қайсысына келісер едіңіз?

— Шынымды айтсам, білмеймін.

Екеуі қосыла күлді.

Дәулетті бала күнінде біраз жұрт бұзық, тентек санайтын. Қазір ойлап көрсе солары әділдік емес тәрізді.

Мұның табиғаты бұзықтардың «категориясына» жатпайтын сияқты. Әлі есінде жетінші класс оқып жүргенде өзі қатарлы бір баланы көршінің далаға жаңа жайған кірін, қыстырған жібін қырқып, шаңға түсіріп кеткені үшін ұрды. Бала едәуір таяқ жеп қалды. Сонда әлгі тентек туралы сөз қылған ешкім жоқ. Ал мұның бала сабағаны әңгіме болды. Бір кемпірдің ауыз ашар кезінде есігінің алдында қайнап тұрған самауырының шүмегін алып кетіп, қан-қақсатқан баланы жазалағанда да бұған жақсы ат жамалған жоқ. Ауылда, мектепте оқып жүргенде қыздарға хат жазып, ескерткішке орамал алатын оқушы бұл ғана емес-тін. Бірақ осы мәселе оқушылардың жалпы жиналысында «сөз бола» қалғанда елден алабөтен мұның ғана аты аталатын. Түнде бір балалар қауынға түссе ішінде мұны бар деп есептейтін.

Дәулет осыны әңгіме етіп күлгенде:

— Тұзыңыз жеңіл екен,— деді Зылиха.

\* \* \*

Бұлар аласа ағаш шарбақпен қоршалған, бау-бақшалы шағын үйдің қасына келіп тоқтады. Үй алдын электр шамы жап-жарық етіп тұр. Қабырғасының жоғары жағы түгел әйнек, ұзынша дәліздің іші де жарық, сыртқа бәрі көрінеді. Ортаға қойылған стол төңірегінде екі кісі отыр.

— Біздің әкей мен шешей әлі ұйықтай қоймаған екен,— деді Зылиха дарбазаның тесігінен ішке қол салып, ілгегін ашып жатып.

Бұлар кіре бергенде шәу ете түскен қанден ит есік ашқан кісіні танығандай үргенін қоя қойып, құйрығын бұлғаңдатып, үйшігіне қарай кетті.

Зылиха осы үйдің бір бөлмесінде пәтерде тұрады екен. Үй иелері кемпір, шал туған қызы келгендей мәз болып қалды.

— Біз де күн санап күтуде едік,— дейді кемпірі.

— Мен бүгін келуге тиіс, келеді деп отыр едім. Айттым ғой, ә, айттым ғой,— деп масаттанды шал өзінің сәуегейлігі қалт кетпейтінін мақтанышпен әңгімелеп. Сәуегейлік мұның атасынан қалған мирас екенін де хабарлап үлгерді.

— Ал, кемпір той жасайсың,— деді ұзын, буырыл мұртын ширата түсіп.

— Жасаймын, жасаймын. Қызым келгенде той жа-

самай. Сен енді босқа күпілдей бермей онан да ана қазды бауыздап бер. Қазір екеулеп тазалап, асып жібереміз,— Осыны айтты да кемпір ойына бір нәрсе түскендей Дәулеттің бас-аяғына байыптай көз жүгіртті. — Бұл жігіт кім болады, Зина?

Зылиха кемпірдің ойын аңғара қойып, мән-жайды түсіндірді.

— Поезда бірге келген жігіт еді. Вокзалдан бері қарай ауылға менімен серіктесіп келетін ешкім табылмаған соң жалғыз жібермей, ілесіп келді. Ертең қайтады.

— Қайырымды жан екен,— деді екеуі бірдей ризалық білдіріп.

«Кеш болып кетті, қойыңыздар» дегенге қарамай кемпір мен шал қазын сойып, қазанға салып, дастархан жайып, қапылып жүр.

— Өзіміз қолдан ашытқанбыз. Таза жүзімнің суы. Бас ауыртпайды. Кәрі кісіге анау ауырлық етеді. Осы дұрыс,— деп шал бір жақтан құмырасын көтеріп келді.

— Қала ғой, оқу ғой бозарып жүдеп қалыпсың,— дейді кемпір жанашыр көңілмен. — Мә, алсайшы, жессейші,— деп стол үстіндегі тағамның әрқайсысын бір Зылиханың алдына сырғытып.

Әңгімемен отырып түн ортасы ауа орындарынан бірақ көтерілген.

— Біздің ауылдың жанында тоған бар,— деді Зылиха стол үстін жинастырып жатып. — Тоған емес-ау теңіз десе болады. Өзіңіз көрерсіз. Ертең ақыр кешкі поезға мінетін болсаңыз, азанда сонда барып қыдырып қайтайық. Менің оқудан кейін екі күн демалысым бар. Ертең жұмысқа шықпаймын.

— Жарайды,— деді бұл хошуақ көңілмен.

Зылиха сонан соң «жақсы жатып, жайлы тұрыңыз» деген тілек білдіріп бөлмесіне қарай кетті де кемпір Дәулетке өздері жақтағы төргі үйге төсек салып берді. Желдеткіші ашық болғанымен шағын бөлменің іші қапырықтық жасады ма, көпке дейін ұйықтай алмады. Далаға шығып жүріп қайтуға үйдегілерден ыңғайсызданды. Бұл жатқан керует терезенің алдында екен. Түнгі аспан дәл төсегіне төніп тұрғандай. Көк жүзінде жыпырлаған көп жұлдыздан көз алмай бақырайып қарады да жатты. Ешнәрсе ойламауға тырысты. Сәл ғана ой тізгініне ерік берсе атойлаған көп сұрақтың иіріміне жүзіп жүре беретінін сезіп жатыр. Бәрібір қанша жүзсе де ұшығына шыға алмайтынын тағы сезді. Өзінің бұл тірлігін байыптап, «бұл қалай, мұным не» дегенге

ой жүгірткісі жоқ. Өзін ақтағысы да, кіналағысы да келмейді. Мұның тап қазіргі күйі айдынның бетінде ескегі сынып, еш әрекетсіз, қимылсыз қалған, енді алдағы тіршілігін тәуекелге тапсырып, тағдыр желі қалай айдаса, солай кете беруге мойынсұнған қайықшының халі тәрізді еді.

Өстіп жатып көзі ілініп кеткен екен, таңертең Зылихань кемпірмен сөйлесіп жүрген даусынан оянды.

— Қалай жақсы демалдыңыз ба?— деді киініп сыртқа шыққан мұны көріп. Өзі кешегіден де ажарланып кеткен сияқты. Жүріс-тұрыс, қимылы соншалықты жеңіл, икемді. Оның мінсіз, түп-түзу сымбатынан көз алмай сұқтана қарап қалғанын жігіт іштей аңғарып тез басқа жаққа назар аудара қойды.

— Әкей көрінбейді ғой,— деді.

Шал пенсияға шыққанымен әлі гараж төңірегінде жеңіл-желпі жұмыс жасайды екен. Қызметке кетіпті. Дәліздегі үлкен стол үстінде шай жасаулы тұр.

— Сізді күтіп Зылиха да шай ішкен жоқ еді, келіңдер, отырыңдар,— деді кемпір аққұманын демдеп.

Тоған ауылдан едәуір жерде көрінеді. Айналасы атшаптырым кең айдыны жарқырап сонадайдан көз тартады. Бергі жағалауы жалаңдау ашық, асты батпақтау, ұйма болып келеді екен. Арғы жағы шоқ-шоқ талшілік өскен, қамысты, қоғалы қалың жыныс. Жиегі құмдауыт, аласа жарқабақты, суға түсуге, күнге қыздырынуға қолайлы. Демалыс күндері болмаса шағын ауылдан бұлай қарай шұбырып келіп жатқандар шамалы тәрізді. Әлде таңертеңгілік болған соң ба көл төңірегінде бейсеубет жүрген жан көзге түспейді.

Бұлар бір түп шілікті шымылдық етіп, тасалай тұрып шешініп, сырт киімдерін соның бұтақтарына ілді. Сонан соң Дәулет жиектегі жарқабақтың үстіне келіп, артына қарайлап тоқтап тұрып еді.

— Сіз түсе беріңіз, маған қарамай-ақ,— деді талдың тасасынан шыға қоймаған Зылиха.

Дәулет біраз жалдап барады да, сүңгіп кетті. Су салқын әрі мөп-мөлдір екен. Сәл жүзіп барып басын судан көтеріп, жағаға зер салса Зылиха шіліктің тасасынан шығып бері қарай келе жатыр екен. Қабығынан аршылған жұмыртқадай аппақ тәні, құлындай сұлу мүшесіне қарауға көз ұялғандай. Мұның назарын байқағандай ол сәл имене түскен қалыпта бір қырындай беріп, суға сүңгіп кетті. Дәулеттің көз алдында біраз-

ға дейін жарқ еткен, ғажайып сәулелі елес кетпей тұрып алды. Өзі сол елестен елтіп, есеңгіреп қалғандай.

Зылиха бұл тұрған тұстан сәл қиыстай өтіп, едәуір жерге дейін жүзіп барып, кейін қайтты. Сонан соң бұған таянып келіп тоқтап:

— Дегенмен таңертеңгілік қой, су әлі салқын екен, Күнеске біраз қыздырынып алып түспесек,— деді.

— Солай сияқты. Онда жағаға шығамыз ба?

— Сіз жүре беріңіз, мен артыңыздан ілесейін.

Дәулет жағаға қарай құлаштай жүзіп барды да, су шетіне іліккен соң секіріп жарқабақтың үстіне шықты. Зылиха да жайлап малтып келіп, кенереге тоқтады. Кеудесінен судан шығып тұр. Өрмей иығына түсіріп қоя берген қою қара шашы жалаңаш денесіне шашырай жабысып, ұштары су бетіне тарам-тарам қалқи жайылып жүр. Аппақ тәнінде, қаз омырауында мөлт-мөлт еткен, шүпір-шүпір су тамшылары күн сәулесімен құбыла ойнайды. Кісі көңіліне жылылық ұялата қарайтын мағыналы, тұңғық жанарында да жалтылдаған от бар тәрізді. Қауызынан ашылған гүлдей бір сұлулық.

Дәулет жағаға тартып шығармаққа икемделіп, еңкейе түскен. Зылиха да қарсылық білдірмей қолын ұсынды. Алақаны жұп-жұмсақ, ып-ыстық екен. Дәулеттің тұла бойы өртеніп жүре берді. Судан шығып келе жатқан қызды ып-ыстық алақанынан қыса ұстаған күйі бауырына қалай тартып алғанын өзі де аңғармай қалды. Қыз бұлқынғандай болып еді, бірақ бұл босатпады. Қапсыра құшақтаған бойы ес-түссіз аймалай берді. Алғашқыда қарсылық білдіріп, құтылуға әрекет етіп көрген қыз жігіттің енді босатпасын сезгендей бір сәт жуасып, сұлық қалды. Тек кінәлағандай «Мұныңыз не, мұныңыз не?»— дей берді.

\* \* \*

— Осы уақытқа дейін неғып салт басы жүрген жан деп ойлаған жоқсыз ба?— деді түс ауа ауылға қайтып келе жатқан кезде Зылиха,— бір әңгіме бастайтындай ыңғаймен.

Дәулет ойлауын ойлаған. Алайда сұраудың ретін таппаған. Кеше поездың вагон-ресторанында отырғанда Зылиха сыр тартқан соң бұл үйлі-жайлы екенін, биыл мектепке баратын ұлы, үшінші класс оқитын қызы барын әңгімелегенде де сөзден сөз шығарып өзі айтпаса оның жағдайын сұрастырып жатуды ыңғайсыз көрген.

— Сізді көрген кім-кім де оны ойлар еді,— деді Дәулет.

— Біз мұнан кейін, мүмкін, кездесерміз, кездеспеспіз.— Зылиха әлденеге ой жүгірткендей сәл бөгеліп барып, сөзін қайта жалғастырды.— Алайда енді бөтен жандар емеспіз. Сіз маған көрінген біреу емессіз енді. Ойымда жүрер жақын адамымның бірісіз. Сізге сырымды айтудың, өзімнің кім екенімді айтудың еш әбестігі жоқ қой деймін.

— Тірі жүрсем сізбен кездеспеуім мүмкін емес,— деді Дәулет ағынан ақтарылып.— Шынымды айтсам, кешелі бері мүлде өзгеше күй кешудемін. Басқа бір әлемде, елес дүниесінде жүрген тәріздімін. Кісінің басындағы бақытты сәт деген, мүмкін, осындай ма екен. Әрине тіршілігім екі жарылып таразының басына түсіп тұрғандай да тәрізді. Қай жағын қисаярым белгісіз. Мұның салмағы маған жеңіл тимесін де көңілім сезеді. Бірақ қалай болғанда да сені кездестірген тағдырға ривын. Әсте алғыс айтып өтетін шығармын.

— Рахмет! Қалтқысыз ықылас, пейіліңізге сенемін.— Зылиха еркелей, әрі өзі мұны еркелеткендей назды қимылмен жігіттің иығына басын сүйеп, жұп-жұмсақ алақанымен шашынан, мойнына сипады. Сонан соң қолынан ұстап, қатарласа жүріп келе жатып, өз өміріне осыншалық әсер етіп, өзге арнаға салып жібергендей, жас кезінде басынан өткен бір оқиғаны әңгімелейді.

Институтқа түскен жылдары курстас балалардың ішінде көңіл білдіріп, ыңғай танытқандары аз емес екен. Бірақ жастық тәкаппарлық па, әлде қолда бардың қадыры жоқтығы ма бұл олардың ешқайсысына қарамай қойған. Сөйтіп жүргенде өздерінде жоғары курста оқитын бір студент соңынан қалмай жүріп танысқан. Көрікті, сымбатты, жүзіктің, көзінен өткендей пысық, әңгімешіл, бұл жігіт қыз жүрегін баурай білген. Алғашқы кезде жолдас қызы мен екеуін қаладағы жұрт қырылып кіре алмайтын концерт, киноларға оп-оңай билет тауып, ертіп барып, сонысымен ұнап қалған. Келе-келе екеуі бірге жүріп, сабаққа да бірге барып, бірге қайтып, жұптарын жазбайтын болған. Жігіт бұл дегенде жанын беруге пейіл ыңғайда. Қыз жігітті жақсы көре бастаған. Алдағы болашағын сонымен бірге елестетіп, өмір жолына бірге аттанатындарына еш шүбәсі жоқ еді. Жігіттің қалада тұратын әкпесі мен жездесі бар. Солар демалысқа, нәмесе таудағы сая-жайларына кеткенде



үйіне оны қалдырады. Кейде оңаша үйге қоярда қоймай мұны да ертіп апаратын. Үйрене келе түнеп те қалатын болған. Бірде өмірі есінен кетпес сұмдық жағдай болды.

Демалыс күні жолдас қызы екеуі түске жақын орталық универмагқа келе жатқан. Аялдама жанынан өте берген еді, жаңа ғана келіп тоқтаған троллейбустан топырлай түсіп жатқандардың ішінен жігітті көзі шалып қалды. Қалт бұрылып, атын атап дауыстап жіберген. Мұны көрген ол әлдекім маңдайына салып жібергендей бір сәт сілейіп тұрып, жан-жағына алақ-жұлақ қарап, дегбірі қашып, түсі бұзылып кетті. Ештеңенің байыбына бармаған бұл қипақтап, кібіртктеген жігіттің қасына таяна бергені сол еді:

— Әй, мына қыз қалай, қалай айқайлайды саған, тоқалыңнан сау ма,— деген сұп-суық дауысты естігенде барып қасында тұрған әйелді сонда байқады. Жігітте оң де, түс те жоқ, үрепеті кетіп сүмірейіп қалыпты. Бір сұмдықты сезгендей мұның денесі-түтіркеніп, жүрегі мұздап кетті. Кейін қарай бұрылып жүре берді. Қасындағы қыз болмаса жатақханаға жете алмауы кәдік еді. Сонан келе төсекке құлаған. Денесі бір ысып, бір суып, қатты ауырған. Тұла бойын, аузы-басын ұшық қаптап кеткен. Апталап далаға шыға алмай қалған. Бір тәуір жері жанындағы қыз бұл оқиға туралы ешкімге тіс жарып, ешнәрсе айтпаған. Қатар құрбылары естіген болса оқуды тастап, көз көрмеске кеткеннен басқа шешімі жоқ еді.

Әлгі жігіт мұнан кейін талай жолын торып, кездесуге әрекет жасаған. «Семьямнан ажырасайын, тек сен кешірсең болды. Дүниеде қалауым өзің ғана. Сенсіз өмір өмір емес маған»,— деп ант-су ішіп жалынған да. Бірақ ол сол өлердегі сөзін айтып жалынған сайын мұның бойын соншалықты жеркеніш буып, онан азар да, безер болған. Мүмкін тап сол оқиғаға кездеспей тұрып ол өзі елде әйелі, баласы барын айтып, алдынан өткен болса, бұл мүмкін, кешірет ме еді, кім білсін. Ал әлгі оқиғадан кейін Зылиха үшін бұл дүниеде онан жексұрын ешкім болған емес. Осы бір жай көпке дейін мұның өмірге, жалпы адамдарға деген көңіліне қаю түсіріп кеткен.

— Кейін де, қазір де ниет білдіріп, сөз салушылар жоқ емес,— деді Зылиха әңгімесін жалғастырып.— Бірақ әркімнің өзінің көңіл таразысы болады ғой. Онымен санаспау өзінді-өзің қорлау емес пе.— Ол жүзі жа-

бырқау тартып, бір шама ойланып үнсіз қалды. Сонан соң қайтадан байсалды қалыпқа түсіп, қасын кере, көз аңғарын кеңірек ашып, жол бойына қадала қараған күйі: — Әлде өзім тым кінәмшілмін бе, әлде қариялар айтатындай — бұйрық солай ма, әйтеуір, өмірді эзир осылай салт өткізіп келеміз,— деді.

\* \* \*

Осы сапар қайтар жолында Дәулет таныс станциядан тағы түсіп қалды. Зылиха, әсте келеді деп күтпеген болуы керек, мұны алғаш көргенде танданғандай аңтарыла қарады. Сонан соң жүзіне қуанышты күлкі үйріліп, қарсы жүріп, алдынан шықты.

— Аанадағыдан қайтып келе жатқан бетіңіз бе?— деді.

Дәулет енді әрлі-берлі өткен сайын бұл станцияға түспей кетпейтін болған. Үйінде болсын, сыртта болсын есіл-дерті осы жаққа ауып, жолаушыдай елегізетін де жүретін әдет тапқан. Қайта-қайта командировкаға баруға ықылас білдіріп, құлшынады да тұрады.

Қашан келсе де Зылиха ыстық ықласпен ашық жарқын қарсы алғаннан басқа ешнәрсе айтқан емес. «Маған біржола кел»,— деген де талап қойып жатқан жоқ. «Бұл жүрісің не, не ойың бар. Қашанғы осылай күн өткізбексің»,— деп те кіналамайды.

Күндер осылай жылжып өте берген. Алайда, секем алатындай сезікті ештеңе болмағанмен ерінің командировкасының тым жиілегенінен әйелі күдіктене бастағандай. Қалайда мұның бойында өзгеріс барын аңдаған сияқты. Сол күдіктің әсерінен үй-ішінде салқындық сыз беріп, белгісіз бір кірбің белең алғандай. Сол салқындық байқаса, балалардың көңіліне қаяу түсіретіндей. Дәулетке енді өзгеде уайым қылаң бере бастады. Өзі балаларын жанындай жақсы көретін. Керек десе, шешесінен де қорғаштап, шыр-шыр ара түсіп жүретін. Енді солардың алдында өзін айыпты сезіне бастады. От басы, балалардың алдында өзін кінәлі санап, өгей сезіну ауыр тиді. Көңіліне үнемі оларға жат, қалыс пікір сақтап жүру де оңайға соқпады. Осы ойдан келіп оқыс шешімге барды. Не де болса енді сезімнің еркіне ілесе бермей, өзін өзі қолға алып, тоқтау салуға бел буған. Сондағы ең тапқан тәсілі — командировкаға барып қайтуда тек самолетпен ұшу. Поезбен жүрсе қай кезде де соқпай өте алмайтынын, оған еркі жетпейтінін сезді.

Осы шартпен соңғы екі-үш рет барғанда тек самолетке мінген. Дегенімен көңіл түбінде қорғасындай шөгіп жатқан сағыныш пен құштарлық сезімі еш жеңілдей қоймады. Қайта күн ұзарға сайын салмағы артып, айықпас дертке айнала бастағандай. Бірақ сөйте тұрғанымен күнделікті тірлікте қуанса да, ренжісе де Зылиханы ойға алса өмірінің мәні артып, мазмұндана түскендей еңсесі көтеріліп қалатын. Алайда, әрдайым оны ойында ұстағанымен, жүрегін сағыныш сыздатып, талай рет желдеген киіктей тартып кеткісі келіп, аңсары ауғанымен, жеме-жемде өзіне ие бола алды. Өзін тоқтата алды. Осылай тағдырға мойын сұнып, көндіккен соң ба, бірте-бірте Зылиханың ауылы өткеннің тәтті елесіндей алыстап, көңілге сабыр кіре бастаған. Бірақ оны ұмытқан емес, ұмытайын деп ойлаған да емес. Қашан да онымен тағы кездесетіндей сезінетін де тұратын. Әрі осы сезімнің өзі үміттің шырағындай көңілге медет еді.

\* \* \*

Дәулет бұл жолы да кейінгі кездегі әдетімен командировкаға самолетпен ұшып келген. Қайтарында тағы солай етпек еді. Тіпті, билетін алдын ала алып қойған. Аэропортқа келсе, бұл мінуге тиіс самолет «алты сағатқа кешігеді» деп хабарлайды. Күздің өлара шағы. Жауын жауа қоймағанымен аспанда бұлт қалың. Ауада дымқыл сыз лебі сезіледі. Мұндай кезде самолеттің, ә дегенде уақтылы ұшып кетпесе, кешіге бертетін де жәйіті болады. Қоңыр күздің құбылмалы шағы. Ауа райы мәлімсіз. Жауын жауып, тұман түсе салуы кәдік. Онда тәуліктеп отырғаның аэропортта. Осыны ойлаған Дәулет «теміржол вокзалына барып, енді бірер сағаттан кейін жүретін жолаушы поезына отырғаным дұрыс-ау» деп шешті. Онымен де ертең түске қарай ауылына жетіп барады ғой. Ал самолет ауа райының құрығына бір ілінсе ертеңгі күнін де осында өткізуің әжеп емес. Мұның қалайда ертең жетуі керек. Балалары күтіп отыр. Оларға солай деп берген уәдесі бар. Ертең қызының — «ерке, тентек, бірақ ақылды қызының, папасына аумай тартқан» қызының туған күні еді. Бұрынағы күні үйімен сөйлескенде ол сәлемнен де бұрын:

— Папа, подарка сатып алдың ба?— деген.

Бұл:

— Алдым,— деген.

— Оның не нәрсе екенін білсек қалай болар екен,—

деген ол әрі балалық аусарлықпен, әрі өзінше қулық жасап, айтқаны рас па, жоқ па, мұны сынамаққа.

Бұл:

— Барған соң көрген қызық болар,— деп көндірген. Ал бірақ ертең кешке — туған күнді атап өту салтанатына қалайда үлгеруге «твердый» уәде берген. Үйімен сөйлесіп болысымен көшеге шығып, қаладағы магазин біткенді аралап жүріп, қызы осыған разы болады-ау деген затын сатып алып та қойған. Енді қалайда үлгеру керек. Уәдеде тұру керек.

Самолеттің билетін табан астында өткізіп, поезға келді.

Поезға мініп купеге жайласқанша ойында ауылына ертерек жетуден басқа ешнәрсе жоқ-тын. Эшалон орнынан қозғалып, сырғи жөнелгенде кенет: «осыған бекер міндім-ау»— деген мазасыз ой сап ете түскені. Сол-ақ екен көңілі алау-жалау алабұртып жүре бергені. Осыдан кейін-ақ жан дүниесінде текетірескен екі ұдай сезім бас көтеріп, ой-санасы тығырыққа тіреліп, не істерін білмегендей дағдырып, беймаза күй кеше бастады.

Дәулет осы жолы өзінің, мүмкін өмірінде ең соңғы рет болар, мықты бір сынға түскелі тұрғанын қапысыз аңғарғандай. Онан өте алса — жеңгені. Ал өте алмаса — алдағы тіршілік бұлыңғыр. Бұл әрі-сәрі, сергелдең күйдің ақыры неге апарып соғары белгісіз. Не де болса осы жолы шешуші қадам жасамақ.

Түнде ию-кию түс көріп, мазасыз ұйықтап шықты. Азанда ерте оялды. Далада күн бұлт. Жаңбыр ептеп бүркіп тұр. Енді бірер сағаттан кейін поезд таныс станцияға жетеді. Дәулет жүрегі шаншығандай жүдеп, көңілсіз, жабырқау күйде, ешнәрсемен жұмысы жоқ, бүк түсіп отырған қалпынан селт ететін емес. Түк ойламауға, төңірекке қарамауға тырысты. Осы қалпында қанша отырғаны белгісіз. Кенет көз алдындағы буалдыр дүниенің ішінен ажары айдай жарқырап Зылиханың жүзі жалт етіп өткендей болды. Бұл селт етіп басын көтеріп алды.

Поезд тоқтап тұр. Төңірекке қарағаны сол-ақ екен жүрегі атша тулап, жүре берді. Орнынан ұшып тұра жаздап, өзін-өзі эзер тежеп қалды. Не істерін білмей лажы таусылып, тынысы тарылып кеткендей. Не де болса орнынан тұрмауға, төңірекке қарамауға күш салды. Орнынан тұрса далаға шығатын, далаға шықса қайтып міне алмасын сезді. Бірақ осы бір шыдамдылық қаншалықты күшке, қаншалықты ауырлыққа түсті де-

сеңші. Жан күйзелісі дегенді бұл тұңғыш рет осы жолы басынан кешті.

Поезд қасақана қозғалмай ұзақ тұрып алғандай. Жігіттің тағаты таусыла бастады. Осыншалықты созылып, жіңішке берген шыдамының жібі де үзілуге шақ-шақ қалған. Енді біраз кешіккенде әлде қалай болар еді? Бірақ осы сәт жайлап қана селк ете түсіп, поезд қозғала берді. Тоқтап қалған тынысына ауа жеткендей жігіт:

— Уһ,— деді. Бірақ көңілінде қуаныштан гөрі қаяу басым еді.

Төңірекке қимастықпен қынжыла көз жүгіртті. Сіркіреп, бүркіп тұрған жаңбыр ақ жауынға айнала бастаған екен. Жылдамдығын шұғыл үдеткен поезд жұлқына түсіп, шайқалып-шайқалып кеткенде, сорғалап тұрған жаңбыр тамшылары купенің терезесін шайып, төгіліп-төгіліп өтті. Сонан соң терезенің арғы жағынан құлазыған, боп-боз, сұрғылт дүние көрінді. Тым көңілсіз, жабырқау еді.

Ал поезд сырғи берді...

## МЕНИҢ АҒАЛАРЫМ

Күндіз көз талдыра созылып жатқан сүреңсіз даланың түні ғажап-ақ. Жазықтың самал жортқан жалпақ төсі көкке таман көтеріле түсіп, аспаны алақандағыдай көрінеді. Жанға жайлы бей-жай тыныштық орнаған. Күн ұзынғы аптаған ыстық, от жұтқандай демалдырмайтын аңызықтан қуырылған дүние, «уһ» деп демін бір алғандай. Тек түн тыныштығын бұзып дамылсыз шырылдаған шегіртке үні тынбайды. Алыстан, әлде қайдан, ауық-ауық жылқышы құстың ысқырығы естіледі.

Түннің бір қауым уақыты өтсе де көңілден ұйқы қашқан. Жанымдағы ағам Аманжолмен осындағы қыстауға қора жай салып жатқан біздің бригадиріміз Байділда да ояу.

...Бұл екеуі де өмір сусынының кермек дәмін татқандардан. Жас кездерінде тату-тәтті бірге өсіпті. Сонау соғыс басталғанда да бірге аттанған. Сонан сұрапыл басылғаннан соң да көпке дейін бұларға жолығысудың реті келмеген. Иә, бұл аз уақыт емес. Онан бері қаншама күндер өтпеді.

Екеуі қазір бірде күле, бірде күрсіне үлкен әңгімеге кіріскен.

— Мен ауылға қайтып келгенде соғыстың әлі аяқтала қоймаған уақыты. Өй-дәй, Есенбектің нағыз дүрілдеп тұрған кезі екен. Басқа ылаңы өз алдына, тіпті. біреу армиядан қайтып оралса «тұтқында» болған жоқ па екен деп тексертіп, тіміскілеп, күдік тудырып, алаөкпе болып жүргені. Пейілінің жамандығы сондай,— Аманжол әлденеден түңілгендей жағасын ұстап, сонан дәл қазір де денесі түршіккендей, таңдайын қағып:— Ойпырым-ой,— деп басын шайқап біраз отырды.— Сондай да қараниетті жандар бола береді, ә,— деді сол таңданған күйінен әлі арыла қоймаған қалпы сөзін жалғастырып: — Тіпті, осы ауылдың ер-азаматтарынан ешкім әскерден қайтып келмесе дейтін пиғылы бар тәрізді.

— Әрине,— деді Байділда кекесінді үнмен. Аманжолдың сөзін бөліп: — Олар ауылда жүрсе Есенбек өйтіп алаңсыз қызойнақ салып, майқана жасай ала ма?! Келгенін қалай тәуір көрсін олардың.

— Иә оның рас,— деді Аманжол да қостап. — Бас көтерер бір азамат болса аяғын тарта басар еді, әрине. Әбден мейманасы асқаны сонша әртүрлі себеппен бірен-саран әскерден ерте оралғандарға әлгіндей алақүлік әрекет жасап, бетінен қағып, жасытып ұстамақ ниеті де бар екен. Маған да ол айласын әрекеттеп көрді.

— Ә-ә. Сөйтті ме?!

— Е-е. Несін айтасың... Мені қатты контузия алып, ұзақ емделіп шыққан соң әскери дәрігерлердің енді соғысқа жарамайды деген қорытындысы бойынша қайтарған. Аяқ-қолым балғадай. Сырт көзге сап-сау адаммын. Бәле баста. Кейде қарадан-қарап отырып қысылып, қара суға түсіп терлеп, әлім кетіп, қол аяғым салдырап, өлі менен тірінің арасында күй кешіп, сұмдық бір қиналысты сәтті бастан өткіземін. Ұстама тәрізді бірнәрсе. Сонан кейін ол сәт өткен соң да, бәрібір, екі-үш күнге дейін сүзектен тұрғандай құр сұлдерім жүреді. Әлгі дерт кейде айлап білінбей кетеді де, кейде апта құр өтпейді. Қайта бертін келе сиреді, әйтеуір. Қатты шаршап, не әлденеге ренжісем осы қазірде байқалады кейде. Бұл түскір өмір бойы бірге жасасқан дерт болды.

— Е-е,— деді Байділда да.— Кеткеніміз кеттік. Дәм бұйырып, кетпей аман қалғанымыздың да қай-қайсымызға өмір бойы ұмытылмайтындай белгі тастап кетті ғой ол соғыс.

— Иә, айт-айтпасада солай болды... Бір аяғын сыл-

тып басатын кемдігінен әскерге алынбай қалған Есенбек соғыс басталған жылы-ақ колхозға бастық болған екен. Істеген қиғылықтарының бәрін келісімен-ақ жұрт жырдай етіп айтқан. Бибігүлдің соның босағасында екенін естігенде іш қазандай қайнайды. Келген бойым, әлі ешқандай тіршілікке араласпаған да бетім. Әрі денсаулықтан қор болып, қорғаншақтаған жай бар. Іштей қыстығып, не істерге білмей жүргенмін. Сайтан айдағандай өзінің келіп ұрынғаны. Өзболған дейтін учаскочвой бар еді ғой, есінде ме, Байділда?

— Е-е, неге болмасын. Есімде. Кейін қызметінен босатып тастағаннан соң мына көрші ауылдың жекеменшік сиырларын бағып жүруші еді. Қазір білмеймін соның қайда екенін.

— Жүрген де сандалып. Бір жерде тұтқа болып отыр дейсің бе. Өзі даңғойлау, ақымақ, көрінгеннің айтқанына еретін, тұра шаптың жігіт еді ғой.

— Білемін ғой.

— Бірде үйге сол келсін. «Сені бастық шақырып жатыр, бол тез, кеңсеге жүр»,— дейді. Шақырып жатыр деген соң амал бар ма келдім. Есенбегім орындықтың үстінде қол тоқпақтай болып қыдырып отыр. Амандық жоқ, саулық жоқ, дікін-дікін етеді. «Қалай келдің, неге келдің? Документтерің бар ма?» Сөзі осылай. Менің де қитығым ұстап, тарс кеттім. «Бар, білгің келсе аудандық комиссариаттан барып тексеріп біл. Менде жұмысың болмасын. Милициямен айдатып алатындай, мен қылмыскер адам емеспін, бұл қай басынғаның»,— деп қолымды сілкіп, тұрдым да жүре бердім. Сол-ақ екен Есенбектің аузынан ақ ит кіріп, көк ит шықсын. «Көзінді ашып қара, қырамын да жоямын. Көрсетемін. Мені кім деп жүрсің сен...» Сөз бағыты осылай. Оның үргеніне құлақ аспай кете бергенмін. Бір кезде:

— Тоқта деймін-ай, тоқта, бұзылған неме,— деп орнынан шойнадай тұрып сонымнан ілесіп келіп берсін. Мен есік алдына шыққан соң үйге қарай бұрылғанмын. Мұндайда қияңқы неме болады екен-ау, сонда да қалатын емес. Менде құны бардай балағаттап келеді.

— Тоқта деймін-ай, иттің баласы, тоқта! — деп айқайлайды. «Иттің баласы» деген сөзін естігенде күйіп кеттім. Артыма жалт бұрылып, тұра ұмтылдым, қолым жағасына тиген бойда домалаңдап келіп тіземнің астына түскенін білемін. Көшедегі жұрт әрең ажыратыпты, әйтеуір.

Ертесіне кешке қарай суыт жүрісті үш аттылы кішкене қараша үйімізді атпен қақтыра келіп, тоқтай қалды. Өзболған, Есенбек, бірі бейтаныс. Ауданнан келген дейді. Бас көтеретін елдің бәрі майданда, бетінен қағар жан жоқ, әбден дандайсып, желігіп алған. Есенбек кешегідей емес сесті:

— Байтаев киін! Ауданға жүресің бізбенен. Бол, жылдам, күтіп тұратын уақыт жоқ,— деді келе. Астында ауыздығымен алысқан есік пен төрдей торы ат. Қайта-қайта тізгінін тартқан сайын басын кегжендетіп, омыраулап келіп, алдына тұрғанды таптап кете жаздайды. Оған өзі мәз.

Төтенше кездескен мына жай абыржытып тастады.

— Шырақтарым-ау, осы жеті қараңғы түнде қайда барады. Асығыс болмаса ертең-ақ жүрсе қайтеді. Ешқайда кетіп қалайын деп отырған адам емес қой,— деді қатты қорқып кеткен шешем. Даусы дірілдеп әрең шықты. Жылап жіберетін сыңайы бар. Осы Бәйкен — ағам мен жаққа ояу ма, ұйқыда ма дегендей бұрылып шұқшия бір қарап қойды.— Онда жас қой, шыр-шыр етеді. «Ағатай-ау, тағы кетесің бе?»— деді аяғыма оралып.

Оған құлақ асар ешқайсысы жоқ. Кекеткендей мырмырс күбірлесіп, өзара кеңкілдесіп күліп қояды.

— Жігітім, жылдамдат-ай,— дейді асықтырып.

Мен де шықтым киініп.

— Апа, уайымдамай-ақ қойыңыз, ертең келемін,— дедім де, аттылардың алдына түстім. Бар сеніп келе жатқаным майданда бірге болған осы аудандық мұғалім жігіт бар еді. Сол қолын оқ жұлып кетіп, елге менен бұрын ерте қайтқан. Сол қазір райкомда жауапты қызметте екенін білетінмін. Барған бойда қалайда соған бір кіріп шығып, жағдайды сездірмекпін. Айтқандай, мың болғыр, райком араласып, ісім қырсығына айналмады, әйтеуір.

Артынша қайтып келдім-ау. Бірақ, маза болмады. Екі күннің бірінде ауданға шақырады. Мен кеткен сайын апам жанын шүберекке түйеді де отырады.

— Ешқандай қылмысым жоқ, қорықпаңыз. Тек бәле іздеп қалғандардың әурелеп жүргені ғой деймін. Сонда да ол кісі тағат қылмайды. «Япырай, бұлар азаматтың аман-есен жүргенін де көре алмағаны ма? Не деген пейілі қара жандар,— дейді еңіреп.— Әбден ығырыңды шығарды ғой. Басқа жерден-ақ жұмыс істесін. Күн көрсетпес бұлар»,— деп апам бір күні көшуге



жиналды. Көп кешікпей жаңадан ашылып жатқан бір рудникке жұмысқа орналастым да, үйді көшіріп алдым. Сонан енді биыл балалар да болса өсіп қалды, ауылға, ағайынға жат бауыр қылмайын,— деп қайтып оралғанымыз ғой.

— Ой, дүние-ай! Талайлар да болды-ау, ақты қалай қараға айналдырсам деп, қарап жүріп жанталасқан,— деп Байділда бір қырына аунап түсіп, әлде кіжінген, әлде кекесінді үнмен мырс еткендей болды.

— Айтпақшы, жақында совхоздың жүнін ауданға өткізуге барғанда. Есенбекті көрдім,— деді Аманжол сөзін созып. — Сонда, жүн алатын пунктте, қабылдаушы болып істейді екен ғой. Осы дүниені өзі тұрғызып, өзі ұстап тұрғандай кердең-кердең басады. Семіздіктен қозғала алмай домалапты да қалыпты, әрең таныдым... Япыр-ай, солар осы жалғанның мен кімімін, не істедім, не үшін жүрмін деген сауалды өздеріне қойып көрді ме екен? Әй, оны не қылсын! Тасы түгелдердің бірімін деп жүрген шығар.

Аманжол әлденені ойлағандай бір сәт тоқталып қалды да, әңгімесін қайта бастады.

— Күләштің оқуы осы агрономдық па еді?

— Иә. Біраз жыл совхозда агроном болып жүрді де осы рабочкомдыққа ауысты ғой. Мұнда істегелі талай жыл болып қалды-ау.

— Өтіп бара жатқан уақыт-ай! Қеше ғана өзім жерден көтеріп алған Күләш емес пе сол. Енді міне, осы ауылдың бас не азаматтарының бірі болып отыр. Біз де біраз жерге келіп қалыппыз-ау, Бәйділда... э,— Аманжол күрсініп қойып, сөйлеп жатыр. — Өзі Бибігүлді қолына алған ғой деймін. Бибігүл де жазған, әбден қартайыпты ғой. Уайымнан ба, өкініштен бе, тіпті, ерте қартайған... Өзіне кезігіп, сөйлесуші ме едің?

— Жоқ... Армиядан қайтып келгелі сөйлесіп көргенім жоқ.

Байділда түрегеліп, бас жағынан насыбай шынысын алып, түбін жерге ұрғыштап, біраз отырды. Бір атымды ерінге тастап жіберген соң қайта жатып, сөзін жалғастырды.

#### БАЙДІЛДАНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Мен ауылға орта шілдеде келдім. Ой-хой! Күннің де күйіп тұрған кезі. Біраздан бергі жауынсыз дала өзінен-өзі өртеніп кететіндей тозаңдатып, шаңғытып көрінеді. Бірақ, ел несібесіне қарай егіні бітік-ақ. Қыбыр-

лаған жан пішенде. Аудан орталығынан біздің ауылға баратын көлік кезіге қоймады. Сонан соң тал түсте болса да жаяу тартып кеттім. Ыстықта екі арадағы он бес шақырымды жүріп өту әжептәуір еңбек. Алып ұшқан жүрек оған қаратар емес. Тақалған сайын сағынышың артып, асыға түсесің.

Көрмегелі көп болған ауыл-аймақты көз алдыңа келтіресің: «Нендей өзгерісте екен? Кімдер бар, кімдер жоқ?»

Үйдегілерді, өзім кетердің алдында ғана дүниеге келген кішкене Күләшім мен Бибігүлді ойлаймын: «Не істеп жүр екен? Мені көргенде қайтер екен? Өлдіге санап жүрген болар».

Біrese біз аттанғандағы Бибігүлдің арбадан ұстап, сүйретіліп қалмай қойған, ағыл-тегіл аянышты халі түседі есіме... «Бұрын-соңды қиындық көріп, қабағы түйілмеген ерке, жуас келіншегім мен кеткен соң басына түскен ауырпалықты қалай қарсы алды?.. Күләш қазір есейіп қалған шығар. Мені таныр ма екен өзі? Жүгірген бетінде келіп шидей-шидей жіңішке білектерімен мойнымнан асыла кетер ә»... Оның күнге күйіп, қоңырсыған балғын исі мұрныма келіп, тершіген мандайын бетіме басып тұрғандай сезінем. Елтіп, елжіреп келем.

— Ай, шіркін, бала... — деп қалды Аманжол да.

— Қайтар күннің шекені шаққан ыстығын да, жұтынуға келмей таңдай тарсылдаған шөлді де елемеймін, тек алға қарай ентелей түсемін. Жүрек деген алып ұшады. Солдат етігінің нәлді табанымен өзім сарғая сағынған сары даланың сауырын қаси аяндап келемін. Әне, ауылдың түтіндіктері шошиып, қабырғаларын жаңбыр тілгілеген біркелкі қоңыр үйлері көрінді. Жиегі жантақ, түйе-қарындармен көмкерілген жалғыз аяқпен шет жақтағы үйге қарай бұрылдым. Ауылға таянған сайын көңілге әлде қандай мазасыз ойлар орала береді.

Үйге де жеттім. Есігі күнгеігі қараған, төбесіне тақыр таздың шашындай селдір, тырбықай көк өскен шағын ғана шым үй бұрынғысынан шөгіп, аласарған сияқты. Манайында тіршілік белгісі көрінбейді. Жағалай іргесіне дейін тіреле өскен алабота мен таспа жоңышқаға із түспеген. Кішкене терезелерінің жоғарғы жағынан қол сиятындай ғана тесік қалдырып, балшықпен сылап тастапты. Көптен бері кісі қолы тимеген есіктің құлпын тот басқан. Көңілім бұзылып сала берді...

«Бұл қалай?! Адамдары қайда?..»

Әне-міне дегенше жан-жақтан ауыл адамдары құйы-

лып, жиналып қалды. Бірі көрісіп, бірі қуанып дегендей кеу-кеулеп ортаға алды да кетті... Қысқасы, не керек, сонан соң өзің білетін жәйтті естідім ғой.

Ол төсектен басын көтеріп, сұқ саусақпен бармақты сүзгілей салып, еріндегі насыбайды алып тастап, қолын көк шөпке әрлі-берлі жалатты да, қайта жантайды.

— Бес жылғы бастан өткен нелер қиындық, қорлықта да мұндай сағым сынбаған шығар. «Сонда кеткен көптің бірі болмай, несіне тірі қайттым»— деген кездерім болды. Ашудан әртүрлі жамандыққа да бара жаздадым. «Арамның бәрі бір емес пе? Қай арам қаннан тартынған қол едің сен» деп те ойладым. Бірақ, кішкене Күләшімді қимадым. Соны жетімсіретпесем, соның жүрегіне кір шалдырмасам дедім...

Келген соң нағашымның әйелі Күлзипаны Күләшті алып келуге жібердім. Баланы бермегенде менің де аянатын түгім жоқ еді. Соны сезді ме әлде дұрысы сол деп ойлады ма, Бибігүл қарсылық етпепті. Күлзипа есіктен шығып бара жатқанда баланың қалған киімдерін құшақтаған бойы жер бауырлап жатып қалыпты. Есенбекті әбден таныған соң, кеш те болса, қатесін түсінген болар, осының артынша Бибігүл одан ажырасып, оңтүстікте тұратын төркініне кетіпті деп естідім...

— Үйреніп қалған ел қиын емес пе. Ол жақта өзі көп бола қоймаған-ау,— деді Аманжол. Аяқ жағында сырылып қалған көрпесін көтеріп, қымтанып жатып. — Түн салқындады-ау деймін, тоңазып барамыз ғой.

Байділда оған мән бермегендей сөзін тоқтаусыз әрі жалғастыра берді:

— Сөйтіп жүргенде мен осы Жамалға кездестім. Шүкір, ел қатарлы өмір өткізіп жатырмыз... Өзің көрдің, төрт-бес жаман неміміз бар. Алды әжетке жарап қалды... Жалғыз басы жүре алмаған да Бибігүл ол жақта көп тұрақтаған жоқ. Ұзамай қайта көшіп келді. Келгеннен кейін Күләшпен астыртын хабарласып тұратын болған сияқты. Алғашында жолығып жүретіндерін естігенде ашуланған сәттерім болды. Шын жаратпай жүрдім. Бірақ кейін келе: «Күләштан басқа бұл өмірде несі бар. Бар қызығы, жарық сәулесі осы ғана емес пе? Оны жалғандағы жалғыз жұбанышынан қызғанып қайттемін»,— деген ойға тоқтадым. Күләш менен мұнысын көпке дейін жасырып жүрді. Бір түрлі ұрлық жасағандай қайпақтап жалтақтайтын. Байқаймың, оқу бітіріп келгеннен кейінде сол менің көңіліме қарайлап, шешесімен ашық хабарласа алмай жүрді. Бибігүл жалғыз

басы тұрып жатты. Күләш ерге шығып, балалы-шағалы болғаннан кейін өзім шақырып алып, рұқсат еттім:

— Қалқам, өзің де, күйеуің де күні бойы қызметте-сің. Балаларың үйде жалғыз. Серік, қолқабыс болсын, шешенді қолыңа ал. Анаң ғой. Ол да сопа басы отыр-масын,— дедім. Қазір енді бірге тұрып жатыр. Бала-шаға кіріп-шығып, араласып жатады. Күләш өзі келіп тұрады. Мен бара қоймаймын... Е-е, Аманжол батыр, солай, өткен бір гәп қой. Несін айтасың оның. Тек енді, ылайым, тыныштық болсын, амандық болсын десейші. Ендігі кейінгілерге ондай жаманатты кезіктірмесін де.

— Иә, бәрінен де соны айт!

\* \* \*

Түн жарымынан асып барады, жанымдағы екеу әлі әңгіме желісін үзген жоқ. Менің де басымда әртүрлі ойлар.

Жан азабынан да, ар азабынан да асқақ өткен ағаларға айызың қанады. «Тар жол, тайғақ кешуде» мүлт кеткенін мүсіркейсің. Жаңағы әңгімеден соң Бибігүлге біртүрлі өкпелі сияқтымын. Біресе басындағы азапты, аянышты ойлаймын: «Біз әр кезде өмір шатқалының тереңіне үңіле береміз бе? Қім біледі, оның қаншалықты кінәсы барын?! Тағдыр ғой, тағдыр. Тағдырға не айтуға болады».

## ТАУ АҢҒАРЫНДАҒЫ ТҮН

Ертеректе колхоз болып ұйымдасқанда қоныстануын таудың етегіндегі жазық далаға салып, сол жерді біржолата өтен етіп қалған бұл ауыл азын-аулақ жүгері, жоңышқасы болмаса ақ егісін негізінен таудағы жонға егетін. Тау ішінің елсіз бір аңғарында, қып-қызыл құлама жартасты биіктің етегіндегі бұлақтың басында қоржын бөлмелі жалғыз там тұратын. Егіншілердің жыл сайын мекен ететін қосы осы. Орталықтан бір топ трактормен артынып, тартынып шыққан олар таң елең-алаңнан, аттанып, ел қонаға отырарда, тытықтай келіп, осында ат басын тірер-ді.

Қоржын тамның бір бөлмесіне отын-су, ас-ауқат, әртүрлі бөлек-салақ заттарын жинап, бір бөлмесіне еркек, әйелі бар араласып өздері кіреді. Таудың жауыншашыны көп, сонан қорғалап отын, су керек заттарын далаға жинай алмайды. Қанша қысылып-қымтырылға-

нымен амалсыз бір бөлмеде тұрып жатады. Тау іші түнге қарай салқын келеді, оның үстіне мезгіл әлі ерте көктем, жердің сызы кете қоймаған кез, ешкім далаға жата алмайды.

Таудың бұл тұсы кісі аяғынан қашық иесіз бір түкпір. Табиғаты соны, тылсым сырлы, көрер көзге қызықты, салған суреттей әсерлі, көрікті жер. Жарқабақ беткейлердегі айнадай теп-тегіс, қып-қызыл тақтай тастарда қашап салған арқардың, еліктің, адамның неше түрлі бейнелері бар. Қай кезде кім салған, оны бұл төңіректе білетін жан жоқ.

Тура үйдің желкесіндегі биік таудың іргесінде жүз қаралы қой қамағандай кең үңгір бар. Аттылы кісі сифандай ауызынан әрі өткен соң биіктігі екі-үш адамның бойындай күмбезденіп келген төбесі бар апан жайға кезігесің. Апанның арғы түкпірінен кісі еңбектеп сыятындай қуыс кетеді. Ол қуыстың түбі немен бітетінін барып білген адам жоқ. Әркім-әркімдер кіріп, біраз еңбектеп барып, қайтып жатады. Рас па, өтірік пе, айтушы жұрт: «бәленше екі сағат бойы қуыстың ішімен еңбектеп, ақыры түбіне жете алмағаннан кейін «кұрысын, нем бар» деп қайтыпты» десетін. Қилы-қилы аңыз әңгімелер де айтатын.

Үңгірге талай кіріп-шығып жүргенімен Төкен қуыспенен әрі бойлауға жүрексінетін. Бірақ оның есесіне таудың тағы табиғатын армансыз аралайтын. Оның бұл өңірге алғаш келуі еді. Қыдырудың қызығына тоймайтын. Жыра-жырадағы бозтал, шілік, тобылғы, жабайы жеміс ағаштарынан ит тұмсығы өтпейді. Осы қалың жыныстың ішінде құр дегендер өріп жүреді. Оны атып алатындай ешкімде мылтық жоқ.

Төкен ұзындығы екі-үш құлаштай етіп, құрық кесіп алған. Жұмыстан қолы босай қалса-ақ сонымен әлгі әпенде, мақұлықтарды аулайды. Ауыл маңындағы жыныс ішін қараңғыда сыбдырсыз, еппен басып, аралап жүрсен, үстінен түсіп қалсаң, табан астыңнан дүрліге далақтап, үрке ұшқан құрды, оңтайың келсе, құрықпен қағып алуға болады. Бір-екі рет солай етіп дәндеген соң енді қолы қалт етсе осы кәсібіне шығатын. Бүгінде жұмыстан келіп, апыл-ғұпыл тамағын іше сала қолына құрығын алып, жыныс ішін сүзгілеп, сілесі қатып, титықтап келіп құлаған ол түн ортасында шырт ұйқыдан шошып оянды.

«Беймезгіл бұл не күбір?»

Екі адам сыбырласып жатыр.

— Қой деймін. Жатқандардың бірі оянып кетсе ұят болады. Кетші... Әйел даусы жалынышты шықты.

— Не... сен, маған сенбейсің бе? Алдап кетеді деп ойлайсың ғой... Құдай біледі... — Жігіт қарғанып алды. — Менде ондай арам ой жоқ. Айттым ғой, осы егіс аяқталысымен үйленемін деп... Неге қашқалақтайсың. Келші... — Еркек өзеуреп еліріп алған, ентіге сөйлейді. — Айтшы маған тұрмысқа шығуға келісесің бе?

— Бір жаққа жүріп бара жатқан жоқпыз ғой, бүгіннен басқа да күн бар емес пе, сөйлесерміз. Осы әңгімені шешу қазірге қарап қалған жоқ шығар... Болмайды. Кетші.

Төкеннің тұла бойы шымырлап қоя берді. Табан астында оянған ашудан денесі бір ысып, бір суынып, безгек қысқандай қалтыратып әкетіп барады. Жүрегі кеудесіне симағандай, алқымына келіп тірелді. Төсектен басын көтеріп алды. Айқайлап қарғып тұрғысы келді. Әлдеқандай бір дәрменсіздік еңсесін басып көтертпейтін тәрізді. «Ия, онан жұртқа күлкі болғаннан басқа не пайда... Сонда не істемек. Тың тындап жата беруі керек пе?»

Жігіттің үздігіп естілген сыбыры құлағына түрпідей тиеді.

— Дариға сен мендікің ғой. Басқа елдің не жұмысы бар, кімнен қысыласың!

...Төкен мұнан әріге шыдай алмады. Жанындағы жатқан киімдерін құшақтаған бетінше үйден атыла шығып, қою қараңғылыққа сүнгіді де кетті. Көз алды қарауытып, басы шыңылдап келеді. Жүгірген бетінше ауыл алдындағы үлкен жол өтетін бұлақ басына келіп тоқтады. Айналадағы үңірейіп-үңірейіп, төніп тұрған шатқалдар мен абажадай жартастар өз көңіліндей құлазып көрінеді. Сонау тау жырасының көзге түрткісіз қою қараңғылығының ішінде, өзінің ең қымбаттысын қалдырып бара жатқанын Төкен сол жерде сезінді. Мең-зең қалпы бір тасқа отыра кетті...

Төкен он жылдықты бітірген соң қыстыгүнгі совхоз орталығынан ашылған, үш айлық трактористер даялайтын курсқа кірді. Курста мұнымен бірге, осы Дариға мен армия қатарынан жаңада ғана оралған Аманбек бірге оқыды. Дариға бұған дейін аудан орталығындағы мектеп-интернатта тәрбиеші болып істепті. Өткен жылы маскүнем, беймаза күйеуінен ажырасқан соң осында көшіп келген. Сонан бері Төкендермен көрші отыратын шешесінің қолында тұрып жатыр.

Курсты бұлар көктемге сала бітірді. Өздеріне трактор бекітіп алысымен жер айдау басталды да, осында жонға жіберді. Келгеннен бері Төкен Дариға екеуі бір тракторда істеп келеді.

Мұндағы өмір Төкен үшін шаттық пен қуанышқа толы болатын. Ешнәрседен уайымы жоқ бала көңіл жаңадан қанаты қатайған балапандай еді. Бұлақ суындай таза мөлдір сезім бойына ұялап сол сезімнің шапағымен оянып, самалымен жатып жүрген. Өзінің қасиетті құпиясы Дариғаны көрген күннен жүрегіне берік орын тепкен бұл сырдан Төкен ләззат алып, жан сусынын қандыратын. Бірақ Дариғаға әлі күнге ол туралы ешнәрсе деген емес. Айтайын десе де балалық ұяндықтан аса алмаған. Сонда да бұл тұрмысы өзіне тынық күнгі көктем гүліндей жарасымды еді. Осы бір кінәсыз, кіршіксіз сұлулықты әлде қайдан кездескен кезбе құйын аралап өтті де, әрінен айырып кеткендей болды. Ойда жоқта күрсініс шалмаған көкірегін уайым бұлты торлап алды...

Бұл күні қырсыққандай-ақ азанымен, егіс басында трактор бұзылып, Дариға мен екеуі жұмыссыз қаңтарылып қалды. Аралап жүріп бригадлар келіп қала ма деп, әрлі-берлі күтіп еді, ешкім көріне қоймады. Сонан соң қайтып кетті.

Келсе жұмыстағылар әлі жинала қоймапты. Қоста аспазшы Рысбике мен Аманбек қана бар екен. Аманбек екі күннен бері орталыққа кеткен, сонан келіп отырған беті болса керек. Екеуін анадайдан алдынан шығып қарсы алып, бәйек болып жатыр:

— Аман ба, Дариға? Төкен, ден сау ма? Неге ерте келе жатырсыңдар, жай ма? Дариға менің базарлығымнан жұрттан бұрын ауыз тиейін деп асыққансың-ау деймін, ә...

— Е... не базарлығың бар? Сонша аузыңды толтыра айтатындай,— деді Дариға әзілге сайып. Аманбек жөпелдемеде жауап қайтара қоймай, тосылып қалып еді, осы сәтке дайын тұрғандай сөзге сыңсыма даусымен Рысбике араласа кетті.

— Қайбір үлкен базарға барып еді, толтырып алып келетіндей. Әйтеуір ауылда біз бар еді деп ескеріп, ырым еткен ниетіне-ақ разы болмаймыз ба?

Бұл әңгіменің сыңайын жақтыра қоймаған Төкен ешқайсына бұрылмай, әрі қарай өтіп кетті.

— Әшейін Аманбектің сөзіне қарай айтқаным ғой. Әйтпесе базарлық дәмәткен ешнәрсем жоқ...— деген

Дариғаның сөзін естіді үйге кіріп бара жатып. Төкеннің артынан олар да ілесе кірді. Жаюлы дастарханға Аманбек қапшығынан алып конфет, печенье салды.

— Мынау Рысбике екеуіңнің сыбағаң,— деп бір бөтелке «Портвейн» шарабын қойды. Тағы бір жарты арақты аша беріп еді:

— Ай, бізден де басқа ел бар ғой, келсін. Аз да болса бірігіп ауыз тимейміз бе,— деп Дариға арақты, Рысбикенің қолындағы шарапты да аштырмады.

— Сен неге дастарқанға келмейсің? Таянсаңшы... Конфет ал,— деді Аманбек әріректе «Жұлдыздың» жаңа келген санын қарап, бұлардан аулақтау отырған Төкенге. Сонан соң қапшығына қайтадан үңіліп, бір қабат жұқа қағазға оралған ақ капрон орамалды Дариғаға ұсынды. Төкеннің қолынан журналы түсіп кетті. Әлденені сезгендей жүрегі дүрсілдеп қоя берді.

— Қерегі жоқ... Мұның не Аманбек, неге алып келдің?— деді Дариға әлден соң. Өзі тосынан кездескен мына жағдайдан ыңғайсыздыққа қалды ма, қып-қызыл болып төмен қарады.

— Той күні тартсын деп әкелдім,— деді Аманбек.

Төкен Дариға жаққа қарады. Ол әлі басын жерге салған бетінен қозғалмаған екен. Орнынан тұрып жүре берді. Сол бетінше егіс басына кетіп қалды. Артынан біраздан соң Дариға мен бригадир келді. Үшеулеп тракторды жөндеп, жұмысқа кірісті.

Мотордың құлақ тұндырған ащы үнімен көмекейді тұтқан қою шаң басып кеткендей бұл қолайсыздық бір сәтке ұмытылды. Бірақ бала жүрегіне күдік пен кірбің салып кеткен. Дариға Төкеннің алдында кінәлы адамдай жағдайда қалды. Тура қараудан қашқақтай береді. Бұрынғыдай әңгімелесіп жарқылдап жүруді де қойған...

Басын тізесіне сүйеп, түнгі салқыннан тоңазыған денесі бір уыс болып бүрісіп, тас үстінде қимылсыз қатып қалған Төкенді Дариға келген бетте байқамады. Төкен де оны аңғарған жоқ.

«Япыр-ай кетіп қалды ма екен. Осы жеті қараңғы түнде қайда барады. Адасады-ау!» Дариға бұлақ басына жан ұшыра жүгіріп келді.

— Төкен!.. Төк-е-н!

Дәл жанынан тосынан шыққан дыбыстан Төкен селк етіп басын көтеріп алды.

Анадай жерде тұрған Дариғаны көріп, тұра жүгіре жаздап барып, қайтадан отыра кетті.

Ол Дариғаның өзіне қарай келе жатқанын бірте-бірте-



те жақыннан естілген түнгі шалғынның сыбдырынан байқап отырды.

— Төкен!.. — Дариға оның жұмсақ түгі жаңа тебіндеп келе жатқан етсіз, арық негін, бір жағына қарай қайырып жүрген кекіл шашын алақанымен сипай тұрып, жұмсақ үнмен сөйледі. — Мен бәрін білемін. Бірақ ойлашы қисыны келе ме? Екеумізді салыстыршы. Мен болсам есік көрген адаммын ғой! Ертең ел не айтпақ. Өзіңнің үй ішің не дейді... Ойлашы, жаным! Болмайды ғой... — Сөзінің аяғында әлденеге абыржығандай даусы дірілдеп кетті.

Төкен сол мең-зең қалпы.

Екеуі де үнсіз қалды. Әрқайсысы өз ой толқынымен арпалыста. Көңілдерінде мұң, көздерінде жас тамшылары тұрды. Бұлар дүниедегі ең қимасын: бала қайтып оралмас асыл сезімін, келіншек ыстық табымен әкеліп тапсырған таза жүрекпен, өзіне деген тұңғыш жылы махаббатты жоғалтқалы тұр еді. Соны сезгендей, соған жабырқағандай мына қара мақпал кең әлем, қайырымды табиғат жаралы қарлығаштың қанатындай дірілдеген осы бір қос жүректің лүпілімен тыныстағандай бұйығы да, тып-тыныш мүлги қалған. Жым-жырт тау аңғарынан әлде неден үркіп үйірінен адасып қалған ба, еліктің ешкісі маңырады. Бейкүнә тағының мұңлы даусы тымық түнде соншалықты аянышты еді. Көпке дейін жаңғырығып кетпей қойды.

### «АҚТЕҢГЕНІ БІЛЕСІЗ БЕ?»

Орта Азия қалаларын аралап қайтатын «Қазақстанец» туристік поезы сапарының соңғы нүктесі болып саналатын үлкен қалаға жақындап келе жатқан. Онда бір тәулік аялдап, сонан соң кейін қайтады. Жолсерік әйел: «Енді бірер сағатта түсер жерге жетеміз», — деген соң жұрт қатарлы Берденде жиналып, жуынып-шайынып, киініп алып, өз купесінің алдындағы дәліздің терезесінен көз жетер қиырының бәрі қатпар-қатпар құм жоталы, сұрғылт сүреңді, кең далаға зер сала қарап тұрған. Бұл жердің Қазақстанның оңтүстігінде жатқан, өзі туған құмды өңірмен ұқсас суреті көзіне таныс көрініп, көңілге жылылық ұялатқандай әсерде еді.

«Табиғаттың бояуында да ұқсастық кездеседі. Кей суреті әр тұста қайталанып отыратын тәрізді, ә», — деп ойлап тұрған. Кенет алдыңғы жақтағы құм астырттан

әлде не қылаңытып, ә дегенше шағындау елді мекеннің қарасы айқындала берді. Жол бойындағы шағын станциялардың бірі екен. Бұлардың қайсысына аялдап, қайсысына тоқтамай зу еттіп өте шығып келе жатқан туристік поезд таяна түскенде жүрісін шұғыл баяулатты.

Бұл мінген № 5 вагон вокзалдың — бір қабатты, қаңылтыр шатырлы, сары үйдің алдындағы шағын асфальт перронға тұспа-тұс келіп тоқтағанымен Берден жерге түсуге оқтала қойған жоқ. Сол тұрған күйі сыртыңа айнала көз жүгірткен. Мұнда да осы маңдағы жол бойындағы шағын станцияларға тән үйреншікті сурет. Вокзал үйінің іргесінде тақыл-тұқыл сауда алаңы. Азын-аулақ қауын, қарбызын, тандырға жапқан нанын алдына жайып қойып, астына кенеп қапшық төсеп алып, жайласып отырған кемпірлер. Вокзал төңіректей әйнектен салынған екі-үш азық-түлік дүкеншігі. Шағын перронда Берденнің назарын аударған бір нәрсе болды. Қолдарына ұстап, қойындарына салып алған жұдырықтай-жұдырықтай көк түйнек, жеміс тақылеттес әлдене заттары бар, жас шамалары қатарлас, сегіз-ондардағы бір топ қара домалақ балалар вагон-вагонның алдына, ашық тұрған есіктеріне жүгіріп-жүгіріп келіп, әлгі заттарын берген-бергенінше тиындарына өткізіп, шаруаны тындырғандай шат-шадыман күйде көңілді жымындасып жатты. Қолындағы алғаш алып келген азын-аулақ «товарын» өткізіп үлгіргендері вокзал айналып жүгіріп кетіп, әлде қайдан тағы да әлгіндей көк түйнектің екі-үшеуін уыстап ұстап, танаулап қайта жетіп келіп жатыр.

Балалардың ұзын саны оншақтыдай. Берден олардың соншалықты ынтамен, ықыластана атқарып жүрген «қызметтеріне» қарап еріксіз жымыды. Қолдарындағы ұстап жүрген заттарын да енді ажыратты. Осы сапар Орта Азияның ең көне қалаларының бірін аралағанда жол бастаушы әйел сондағы орталық бақтан көрсеткен еді. Кәдуілігі қарағаш тақылеттес биік ағашқа өсетін, жеуге жарамайтын, үлкендігі жұдырықтай, ең ірілері қос жұдырықтай болатын, сыртқы қабығы бұжыр-бұжыр, безеу беттенген көк түйнек жеміс еді. Атын әр қилы атады да Берден есінде сақтай қоймаған. «Жеміс жеуге келмегенімен майдалап турап, еденге сеуіп тас-таса тарақанды кетіретін қасиеті бар, улы зат», — дегенді естіген соң туристер жапа-тармағай жабылып, таяқпен түрткілеп, ағашқа тырмысып, өрмелеп шығып, талдың басында тұрған біраз көк түйнектерін түсіріп алған.

Екі-үш түйірі мұның да жолсандығының түбінде жатқан.

Балалардың ұстап жүргені сол жеміс екен. Байқаса вокзалдың дәл артындағы өсіп тұрған биік ағаштың басы бырдай әлгіндей көк түйнек. Жерде де төгіліп жатыр. Сірә ондай ағаш бұл төңіректе көбірек өсетін болуы керек.

«Алыстан тасып жүр екен. Кәсіптерінің сиқын қара,— деп күлді Берден оларға қарап тұрып.— Әй, періште жаратылыс балалық-ай. Тіршілігің қызық-ау. Қай жерде де Қоожанасыр қылықтарың жарасып тұрады--ау».

Алғашқыда балалардың мына саудасын қызық көрді ме, жоқ шынымен біреулер қажет тұтты ма әлгі жемістен жапыр-жұпыр алғандар болған. Енді алушы азайып сауда тоқтауға айналды. Сонан соң балалар перронда жүргендерге, есік алдында тұрғандарға тегін ұсына бастады. Оны да алушылар табылмаған соң бір сәт әлгілер қолындағы көк түйнектерді асфальттың үстіне қоя-қоя салып, доп қылып тепкілеп, перронда футбол ойнап кетті. Поездағы жұрт олардың тіршілігіне айыздары қанып, қыран топан күлкіге батты:

— Міне нағыз пайдалы товар. Сатуға да келеді. Керек жерінде ойынға да жарап жатыр!

— Әй, шіркін, баламысың деген.

— Өздері сондай бір көңілді, сүйкімді балалар екен.

— Шеттерінен пысық,— деп гуілдесіп мәз болысты.

Поездың әзір жүре қоятындай түрі байқалмаған соң Берден жерге түсіп, ақырын аяндап, балалардың қасына келген. Мұны көріп олар бір сәтке ойындарын тоқтатып, бері қарай жүрді. Мұның өздерімен сөйлесуге ыңғайы барын сезгендей жатырқамай, үркектемей жақын келіп қоршалай тұрды.

Бұл сөз бастағанша балалардың бірі:

— Ағай, сіз қай жақтансыз? — деп сұрап үлгерген.

— Қазақстаннанмын.

— О, Қазақстаннан! — деп тұрғандар жүздері жайрандап, бір-біріне қуана қарасты.

Сөйлеген сөздерінен де, түрлерінен де Берден бұлардың қазақ балалары екенін пайымдап үлгерген. Бұл республиканың осы өңірінде қазақтардың көп тұратынын бұрын да естуі бар ол шалғай жерден ағайындарын кездестіргеніне аса таңқала қойған жоқ. Әке-шешелері не істейді, өздері қандай мектепте оқиды, оқулары қалай, соларды сұрағыштап, қызу әңгімеге кірісіп кеткен.

Балалардың сондай сергек, зерек, әрі бауырмалдығына іші жылып, риза болып тұр. Сұраған сұрағына таласатармаса, ынты-шындармен, ықыластана жауап береді. Ара-тұра өздері де сұрақ қойып қояды. Бір кезде топтың кейінгі жағына сала тұрған жасы сегіз-тоғыздар шамасындағы тәмпіш мұрын, қазан бас, жалаң аяқ қара бала бұған қарай ентелей таянып келіп, сәл қипақтай тұрды да:

— Ағай, сіз Қазақстанда Ақтеңге деген әйелді білмейсіз бе?— деп сұрасын.

Күні бойы олардың әр түрлі сұрақтарына мүмкіндігінше қанағаттанарлықтай жауап беріп, көңілдерінен шығуға тырысып тұрған Берден мына балалық ұғымға ғана тән, күтпеген, оқыс сұраққа жатып кеп күлсін. Көзінен жас аққанша күліп тұрып:

— Ақтеңге кімің еді, әпкең бе? — деп сұраған.

Бала мұның күлгеніне ыңғайсызданды ма қыбыжықтап, төменшіктеп үндей қоймады. Күліп тұрған бойы сол сәт бұл Чеховтың деревнядағы атасын іздеген жас кейіпкерін есіне алған. Сұрақ бұған қанша күлкілі болғанымен иесі жауап күтіп тұр еді. Сонан соң күлкісін тияып, не деп жауап берудің ретін ойластырды. «Білмейтін едім» деп бетке ұрғандай қысқа қайыра салғысы келмей, Қазақстанның ұлан-байтақ кең өлке екенін, оның талай жерін өзінің де әлі аралап көрмегенін, онда бұл білмейтін адамдардың көп екенін, әрі қай жерде аттас кісілердің жиі кездесетінін, сондықтан нақты тұрағын, мекен, қонысын айтпаса іздеген жанын табу қиын екенін түсіндіріп барып, негізгі жауапқа келмек болды. Сонан соң:

— Ақтеңге кімің еді, әпкең бе? Қайда тұрады? — деп қайта сұраған.

Бала сол жанарын төмен салған бойы, дауысы шығар-шықпас қана:

— Қазақстанда тұрады,— деді. Мұның езуіне тағы да күлкі үйірілген. Баланың онан басқа адрес айта алмасын да сезген.

— Ақтеңге кімің өзі?— деп күліп тағы сұраған. Сол сәт көңіліне түйсік енгендей күлкісін жиып ала қойды. Күні бойы төменшіктеп тұрғанына мұның әлгіде, сұрағына шек-сілесі қата қатты күлгеніне ыңғайсызданып, ренжіп, тіпті, намыстанып қалған шығар деп мән бермеген еді. Сөйтсе, енді зер салып қараса, баланың тап қазіргі пошымында бір пәстік, қара торы жүзінде мұның ізі бар екен. Әңгіменің күлкіден гөрі салмақтылау

жағы барын енді байыптай бастаған бұл баланы бауырына тартып, шындап сөйлеспекке ыңғайланып, мейрімді үнмен:

— Атың кім, қалқам?— деп қасына таяна берген.

— Байбол,— деді бала дауысын ширақтау шығарып.

Сол сәт арт жақтағы вагондағы ел кенет шу етіп, әйелінің:

— Берден! Поезд жүріп кетті, жүгірі!— деген ащы даусы шықты. Артына жалт бұрылса состав оқыс лықсый қозғалып, жылжып барады екен. Енді сәл кешіруге де мұрсат жоқ. Берден өзінен әлденендей үмітті жауап күтіп, жәутендеп тұрған алдындағы қара домалақ балаға бір, кетіп бара жатқан поезға бір алақ-жұлақ қарап алып, іштей «Қап!»— деп өкінген күйі кейін қарай жүгіре жөнелді.

Поезға секіріп мінген бойы купесінің алдына жетіп терезеге үңілген. Балалар сол орындарында әлі топталып тұр екен. Бір шетіне сала монтаны кейіпте кетіп бара жатқан поезға бір, бұғаң бір құлази қараған Байболды көргенде жаңағы бір сәтте көңілге ұялай қалған аяныш сезімі өзін қайта баурап алғандай болды. Баланың әлгі сұрағында қандай сыр жатқанын сезген. «Іздеп тұрған Ақтеңгесінің кім екенін айтуға тартыншақтай берді. Тағдырдың тарау-тарау жолдарының бірінде мәңгіі себеппен ажырасып, көз жазып қалған анасы болмаса нетсін»,— деген ой келгенде жүрегі шым ете түсті.

«Солай тәрізді-ау»,— деді өзінің осы ойын қисынға жорып. Алғашқыда бұл байыптамаған екен. Өлгі сәтті енді қайта ой елегінен өткізіп еді, баланың әрі жасқаншақтай, әрі ынтызарымен жүрегі алып-ұша: «Ақтеңгені білесіз бе?»,— деп сұраған сәттегі кейпі — үміт сәулесі, сағыныш табы, дүдәмал мен күдік бәрі-бәрі кезек таласқан бота жанары көңілінен кетпей қойды.

Бұл кезде поезд жүрісін үдете түсіп, вокзал маңы кейінге қалып, балалар көзден тасалана берген. Ал Берденнің ойынан көпке дейін әлгі Байбол кетпей қойды. Жаңағы бір құлыншақтай ойнаған, сүйкімді балалардың тіршілігіне мәз болып, серпіліп қалған көңіліне қаяу түскендей, безерген құм жоталарға сүлесөк күйде көз жіберіп, әр түрлі ой кешіп, көп тұрды.

«Қайтар жолда бұл жерден қай кезде өтер екен. Мына станцияға тағы тоқтар ма екен. Тоқтаса болар еді. Мүмкін әлгі балаларға қайта жолығармын»,— деп ойлады. Енді бұл жерге соқса кім болса да сол станцияда

тұратын бір естияр кісіні кездестіріп, Байбол мен Ақтең-  
генің жайын сұрастырып білмек болды...

\* \* \*

Қайтарда нақты ұстанған графигі жоқ, әр жерде то-  
қайласқан жүрдек жолаушы поездарымен, шұғыл жүк  
артқан сотавтарға жол беріп, бірін оздырып жіберіп;  
бірін күтіп алып, өткізіп; солардың ыңғайын баққан  
қалпы кей тұста қойқалақтап шапқылап, кей тұста  
ыңыршақтанып ілбіп келе жатқан туристік поезд әлгі  
станцияға келгенде тоқтап, жиырма минут кідіретінін  
естігенде Берден қуанып кеткендей болды.

Жалма-жан жерге секіріп түсіп, вокзалға қарай же-  
делдете басты. Сол төңіректі шолып шығып, теміржол-  
шылардың үлгісінде киінген, мосқалдау бір ер кісіні  
көздеп сәлем берді. Амандық-саулық сұрасып танысқан-  
нан кейін Берден рафу өтіне отырып, өзіне түйткіл бо-  
лып жүрген ойындағы әңгімесін бастаған. Осылай қа-  
рай келе жатқанда кездестірген бала жайын сұрастыр-  
ған. Жаңа танысы кірпияз, секемшіл мінезден аулақ,  
даудырлаған, қазақнамай жан екен. Мұның көңілін тү-  
сінгендей бірден ыңғайдан шықты. Екеуі вокзалдың  
шағын күтушілер залының бір жақ шетіне сала тұрған  
ұзынша орындыққа келіп отырған.

— Ой, інім екенсің ғой. Жақсы, жақсы,— деп қойды  
аңқылдаған пейіл таныта. Сонан соң маңдайлығында  
балғаның жез суреті бар шәпкесін шешіп, тізесінің үсті-  
не қойып, ұстарамен қырғызған, буырыл тұқылды, жал-  
пақ еңбек, шоң шүйде күрзі басың алақанымен сипап,  
дағдыға сай жеңіл қасылап қойды.

— Ойпырмай, бала деген бәле ғой. Ұмытпайды, ә,—  
деді бұған қарап басын шайқап.

Оның Байболды айтып отырғанын түсінгенімен Бер-  
ден бәлен деп сөз қоса қойған жоқ. Әңгіменің артын  
баққан.

— Е — е, Берден інім, солай де...— Теміржолшы  
әлденені ойланғандай басын бір сәт отырды.— Оның  
әкесі бізге өзі жақын ағайын жігіт,— деді сонан соң сөз  
бастайтын ыңғаймен.

— Байболдың әкесі ме?— деп сұрады бұл солай еке-  
нін сезіп тұрса да әңгімеге жетек жасап.

— Иә.

— Әкесі осында тұрады ғой.

— Иә, осы станцияда тұрады. Өзімізбен бірге темір жолда істейді.

— Ал Ақтеңге шешесі ме?

— Шешесі,— деді теміржолшы ықылассыздау үнмен.

— Бұл жерден басқа жаққа кетіп қалған ғой деймін. Қазір қайда тұратын жан.

— Кетіп қалған. Қашан. Бес-алты жыл болды. Соның қазір тап қай жерде тұратынын біле алмадым... Пенде бір әзәзілдікке бой алдырса қиын ғой, шырағым. Сайтан азғырды ма, адам азғырды ма осылай болды. Әйтпесе біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей жұрт қатарлы ел болып кететін реттері бар еді.— Теміржолшының үнінен қынжылғандай ыңғай байқалды.

Уақыты санаулы, қыпылдап отырған Берден әңгіменің ұзын-ырғасын біліп алғанша тыпыршып, тағы да сұрақ қойды.

— Қалай ажырасты енді? Не себеп болды. Кінәлы қайсысы? Келіншекте осында тұратын адам ба еді? Қашан қосылып еді өздері?

Теміржолшы мұның үстемелеткеніне бәлендей мән беріп асыға қойған жоқ, маңдай алдына маңқиып қарап отырған бойы:

— Қалай ажырасты дерің бар ма,— деді самарқау ғана. Өзіне де беймәлім олардың ажырасу себебіне тап қазір ғана ой жүгіртіп отырған сынайы бар тәрізді. Солай отырып, отырып, біраздан соң барып қайта сөз бастаған:

— Қыз бұл жерден емес-ті. Ініміз бір тәуір шалымыздың жалғыз баласы еді. Тәуір болғанда байлығымен, болыстығымен жақсы атанатын бұрынғының заманы емес қой. Жасы үлкен, тілеуі дұрыс, көпті көрген басы бар, ізеті мол, үлкен-кішімізге бірдей қадірі бар кісі-тұғын. Ұлы армия қатарынан босанып келіп, оқуға барамын деген соң шал байқұс қарсы болмай, қалтасына қаражатын салып берді. Бұйырмаған да, оқудың сәті түспей бала күзге салым ауылға қайтып келді. Бірақ жалғыз келмей сол жолы әлгі келінді ерте келсін. Ол да оқуға барып түсе алмаған, алыстау жердің қызы екен. Қазіргі жастар жүре береді ғой. Ту-у, оның ауылы қайда, бұл жерде қайда?!— Теміржолшы екі арадағы қашықтықты ойша топшылап отырғандай көз аңғалағы кеңейіп, маңдай терілері жиырыла, таңдайын қағып қойды.

— Енді өзі бұл заманда жердің алыстығы болмай қалды ғой,— деді Берден де сөз қосып.

— Солайы солай да,— деді ол да бұған жылдам келісіп.

— Сонымен ыһым,— теміржолшы тамағын қырнай екі-үш рет жөткірінді. Қалтасынан ұйпалақтанған дәсорамалын алып, танауға апарып, қаттырақ зың еткізді. — Сонымен, қайдан келдің деген еш қайсымыз жоқ, әйда, дүбірлетіп той өткізіп, мәре-сәре болып қалдық. Келген соң келіннің үйінің адресін алып, ауылына хат жазып, хабар айттық. Қыздың ауылында жалғыз шешесі бар екен. Оған күйеуге кететінін естіртпеген де көрінеді. Балалықты қойсайшы бұл. Қалаға оқуға аттанған да — осы жерден бірақ шыққан... Хош, сонымен оның бәрін айтып жататын не бар... Асықпай тыңдай беретін сен бір қонақ болып келіп, түстеніп отырған адам емесің, солай емес пе, Берден інім.

— Әрине, ағасы. Поезд қазір қозғалса тұрамыз да жүре береміз. Басқа ылаж жоқ. Шамалы уақытқа қана тоқтаған ғой.

— Әлбетте. Түскен жеріңе қаңтара салатын көлігің емес қой бұл. Сонымен інім, әңгіменің тоқ етері келін түскен соң екі-үш айдан кейін біздің ауылға құдағи келсін. Кісіні сыртынан жамандаған күнә болады дейді, өзі кешірсін енді. Құдағи сайтан көңілдеу, ұшқалақтау жан екен. Алыстан келген сыйлы кісі деп үлкен-кішіміз жолына көңілімізді шуда етіп төсеп, жанымыз қалмай күтсейік. Бірақ онымыздың парқына бара қоймаған тәрізді. Олқылы-толқылы мінез көрсетіп, қилы-қилы сөздің басын қылтитты. Күйеу баласын менсінбеген мінез танытты. Қызының келген жеріне, ел-жұртына көңілі толмағандай сөздер айтты...

— Жігіттің әлдебір кемістігі бар жан ба еді,— деп қалған Берден.

— Жок, осы жердің бетке ұстар баласы-ақ деп жүрген жігітіміз ғой.

— Онда құдағиыңыздікі әбестік екен. Әрі қызының өзі қалап келіп отырған соң ол қай мінезі.

— Соны айтамын ғой, менде. Әрі елді, жерді кемсітуге болмайды, інім. Ол деген киелі нәрсе ғой... Қойшы, сонымен, бір ай жатып қайтарында құдағи қызымды ертіп кетемін деп қиғылық салсын. Қызы да сол сырт көзге жылтыраған ажары болмаса бәдік шешесінің тәрбиесінен басқа көргені аздау бала екен, біресе құдағидың



әйтқанынан шыға алмай кететін болып қалады, біресе қалатын ыңғай танытады, қылт-сылт етіп шалдың от басын әрі-сәрі қылды. Ақыры ел-жұрт болып кеу-кеулеп, ортаға алып, кісінің көңілі толатындай жол-жоба, жоралғысын жасап, құдағиды мәмілемен шығарып салып, келінді алып қалдық-ау.

— Оларыңыз дұрыс болған екен,— деді Берден шынымен ықылас білдіріп.

— Бір сапарға алуын алып қалдық-ау,— деді темір-жолшы немқұрайды күйде, әңгіменің түйіні әлі артында дегендей сыңаймен.— Хош, сонымен, келер жылы осы Байбол дүниеге келді. Мұнан кейінде құдағи жылма-жыл соғып тұрды. Кей келгенінде әлгіндей әңгімені қайта қоздатып, бір дүрліктіріп кететін. Сөйтіп жүргенде шалдың кемпірі дүниеден қайтты. Келін екі балалы болды. Соңғы қызы туғанда шешесі тағы келіп:

«Жалғызіліктімін, өзім науқас болдым. Жағдайыма қарайтын кісі керек. Қолыма көшіп келіндер»,— деп қызы мен күйеу баласына мәселені турасынан қойыпты.

«Олай болса өзіңіз осында, біздің жанымызға көшіп келіңіз. Жалғыз шалды қайда тастап кетемін. Жасы келіп отырған кісі, ол кісі де тап қазір бұл жерден көше қояйық дегенге ықтияр білдірмейді»,— деп жігіт жағдай айтса, енесі:

«Бұл жерінді жерсінбеймін. Тұра алмаймын»,— дейтін көрінеді.

Бұл жерден кетуге келін де ықыласты:

«Көшпейтін болсаң, енді науқас шешемді жалғыз тастай алмаймын. Өзім кетемін»,— деп қасарысқан. Тығырыққа тірелген жігіт әкесімен ақылдасса, шал:

«Шырағым, төрімнен көрім жақын мені енді өлер шағымда қайда сандалтасың. Қанша жүрер дейсін. Кемпірімнің қасына жайластыр да, сонан соң бұйрық болса барамын деген жақтарыңа көше берерсің»,— дейтін сияқты.

Қанша дегенімен ер азамат емес пе, бала әкесінің қисынды сөзін жерге тастай алмады. Біз де сонысын мақұл көрдік. Осыған қитыққан келін:

«Ажырасамын, екі баланы алып, шешеме ілесіп кетемін»,— деп сіресіп көнбей қойды.

Балаларды алып кетеді дегенде шал байқұстың қиналғанын айтпаңыз.

«Елсіндер ғой, жұртсындар ғой, бүкіл қараорманымды айырбастасандар да Байболды алып қала көрің-

дер»,— деп сақалын тарам-тарам жас жуып, еңкілдегенде шыдай алмадық.

Берденнің көз алдына шалдың сол бір кейпі елестеп, тұла бойынан діріл жүгіріп өткендей болды.

— Қайтсын, жазған,— деді қалтықсыз аяушылық сезіммен.

— Топырағы торқа болсын, жақсы адам еді,— деді теміржолшы да қартты есіне алған сыңаймен...— Шалдың сауып ішіп отырған бұлақтай қос қара нары бар еді. Табан астында екеуін де ботасы мен базарға салды. Сонымен бүкіл ауыл болып жата-жабысып, жалынып, жалбарынып жүріп Байболын алып қалғанымыз. Онда сол үштен төртке шыққан кезі еді, бала көңілі зерек қой, есін біліп қалғаны ғой, іздегені. Сезді, еститін болуы керек — алыста сол жақта деп. Сұрап жүргенін. Балаға туған шешенің жөні тіпті, бөлек-ау. Жақсы болсын, жаман болсын оған еш кімді теңгермейді екен ғой...

Вокзал кезекшісінің дауыс күшейткішпен самбырлаған, енді бірер минутта поездың жүретінін хабарлаған үні естілді. Берден орнынан шұғыл көтерілді.

— Ал, жақсы ағасы, әңгімеңізге көп-көп рахмет. Сау-салмат тұрыңыздар.

— Өзіңнің де жолың болсын, інім, от бас, бала-шаға аман-есен жет. Ел-жұртыңа сәлем айт, жақсылықпен көруге жазсын.

Берден асыға басып сыртқа шықса энеукүнгі балалар перронда тағы жиналып қалған екен. Мұны көріп, жақын бір таныстарындай жамырай келіп сәлемдесті. Ішінде Байбол да бар. Вагондардың ашық тұрған есігінен кіріп-шығып жүргендерге жалтақ-жалтақ қарап қойып ол да топқа еріп, бұған таянып келген. Пайымды, зерек, сынықтау ажарынан баланың алаңдау көңілін аңғаруға болғандай еді. Оның мына томпиған пошымына елжірей қарған Берден қенет баланы аяп кеткендей болды. Сол сәт оған қолынан келсе қандай да бір жақсылық жасауға құмбыл еді. Бірақ не істей алсын. Тетігі бұған тіреліп тұрған не бар дейсін. Сонда да қасынан үн жоқ, түн жоқ өтіп кете алмай баланы сәл сәтке болса да көңілін аулап, әлденемен қуантқысы келген. Оның сол сәл ғана қуанышынан өзіне бір жеңілдік, сезінетіндей түйсінген. Сонан соң бала риза болатындай бір нәрсе алып бергісі келіп, айналасына көз жүгіртіп еді ыңғайлы ештеңенің қисынын байқай алмады. Әрі поездың қозғалатын уақыты жетіп қалған. «Өзің бір нәрсе са-

тып ал» деп бес сомдық көк ала қағазды беруге оқталып барып, райынан қайтты. «Балаға ақша ұстатпай-ақ қояйын». Сол сәт ойына бірдеңе түскендей пенжәгінің ішкі қалтасына жалма-жан қолын жүгіртіп жіберіп, үш түрлі сиямен жазылатын жез қорапты қаламсабын суырып алған.

— Байбол, айналайын, өзің жақсы бала екенсің. Мынаны мен саған ескерткішке берейін. Жақсы оқы, жарай ма?— деді бір қолымен қаламсапты ұсынып, бір қолымен басынан сипап.

Байбол сенерін де, сенбесін де білмегендей бұған бір, қаламсапқа бір аңтарыла қарады.

— Ала ғой, айналайын. Саған беріп тұрмын. Мә, ал...

Жезі күн сәулесіне шағылысып, жалт-жұлт еткен темір қаламсапты қолына алғанда баланың көзі жарқ етіп, күлімсіреп қоя берді. Көңілінде лып еткен қуаныштың шапағы балаң жүзінде алабұртып, ойнап шыға келді. Үлкен бір шаруа тындырғандай, өз ісіне өзі қош-уақ күйде Берден де жылжып бара жатқан поезға қарай жүгіре жөнелді. Келіп терезеден сыртқа қараса Байбол қаламсап ұстаған қолын бұған қарай дамылсыз бұлғап тұр екен. Бұл да қоштасудың рәсімін жасап, терезеден басын изеді.

Станция артқа қарай жылыстап, бала көзден жасырына бергенде Берденнің ойына кенет, оны алғаш көргендегі: «Ақтеңгені білесіз бе?»,— деп үздіге сұрап, қиылып тұрған қаяулы кейпі сап ете түсіп, көпке дейін көз алдынан кетпей қойғаны. Баланың жолаушы тасыған, тізбек-тізбек көк вагондарға үміт пен күдік, сағыныш пен өксік аралас шарасыз күйде әлі де талай сарғая қарайтынын ойлағанда сол сәт жүрегі сыздағандай болғаны. Қарадан қарап тұрып, әлде неге ренжігендей көңілсіз тартты. Сол тұрған күйі: «Иә, ағал қайсы»,— деді бұл да бір шарасыздықтан қынжылғандай өзіне-өзі іштей күбірлеп.

Осы сәт кенет мұны ойдың ұйқысынан оята, кешелі-бері кезек-кезек қапталдаса жарысып, таусылып бітпей қойған адыр-адыр құм белдерден мезі болып, қыстығып кеткендей үздіге-үздіге ышқынып, паравоз шыңғырды.

Көз жетер жердегі жүйткіген төңіректің бәрінде алып толқынды құм теңізі теңселіп жатқандай еді...

Түн меніреу, жайсыз рай танытып тұр. Айналаны киіздей тұтасқан қою қараңғылық тұмшалап алған. Бізғарлылау жел екпіні құлаққа тынымсыз, у-у еткен құлазыңқы, жағымсыз үнді алып келеді. Ауадан шаңғытқан құрғақшылықтың қышқылтым, сүйкімсіз дәмі білінеді. Аспанды қою бұлт жапқалы біраз болса да жаңбыр иісі сезілер емес.

Әдетте сирек кездесетін, күздің осы бір үрей тудырар тылсым қараңғылығында Арқадан құмға қарай құлаған бір топ киіктің табыны Бетбақ асып келе жатты.

Мағынасыз, осы босқан өмірінен басқа дүниеден бейхабар, тірі жанға зияны жоқ, бейкүнә, момын мақұлықтардың неге де болса тәтті, тұрлаусыз тіршіліктің талабымен талай шұбырған танымал жолы бұл.

Алдағы тылсым дүниеден беймағлұм қалпы тағы да жосылып келеді. Топырағы тұяғына жайлы, қараусыны қорғаны, қорасы болатын құм өңірінің дәмі тіл үйірген еркек пен изені, иісі аңқыған жусаны, татымы, тұшымы саналуан шұрайлы шөптеріне таяу қалғанын сезген сайын ұмсына түсіп, асығып келеді.

Алдыңғы жақтағы шым қараңғылықта әлде не жарқ ете түскендей болды. Қаптай жосылған қалыңның бір жақ шетінде келе жатқан ор ешкі секем алып қалт тұра қалды. Табынның ішіндегі басқа кекселері де елең ете түсті. Бастарын кекірейте көтеріп, антарылып біраз қарап тұрды да, бөтен сыбыс сезілмеген соң қайта қаптай жөнелді.

Ор ешкінің құлағына жақын жерден шыққан құйқа шымырлатар жағымсыз гүріл келіп жетті. Дыбыс естілген жаққа үрке жалт қарады. Кенет шошыныстан тұлабойы дір-дір етті. Сөйткенше жерден шыға келгендей бірнеше жарық қараңғы түнді тіліп-тіліп өтті. Көзін ағызып түсердей өткір жарқыл тура өзіне тірелгенде есінен танып қалды. Бір орында шырық көбелек айнала берді. Әлден уақытта өзіне өзі келіп, пәрменімен секіріп кетті де қою қараңғылыққа сүңгіп, тасыр-тұсыр көп тұяқтың дүрмегіне ілесіп жөнеле берді.

Айқыш-ұйқыш жарқыл, гүрс-гүрс атыс, үрейін ала соңынан қалмай ілесіп өкшелеп келе жатқан гүріл, жан ұшыра тапырлаған көп тұяқтың дыбысы ұғып болмайтын бір әбігер аласапыранға араласты да кетті. Жан таласа бет алды лағып, безіп келеді. Соңында жүретін екі

шыбышын іздеп дыбыс шығарып еді, быт-шыт болған өз табынының ызы-қиқы күңіренген у-шуу келді құлағына.

Әлі безіп келеді. Бұл сергелдең басталғалы қанша уақыт болды, қазір қайда келеді, әлде бұлардың қорғансыз, қайратсыз, иесіз өмірін тәлкек етіп, манағы бір қанды құрық лақтырылған төңіректі айналдыра ермекке құрып жүрме ол арасы да беймағлұм.

Мына дүрбелең, жың-жың атыс толастар емес. Ыңырсып кеп, аяғының астыңа топ-топ құлап, тыпырлап жатқан талай табындастарының үстінен қарғып өтіп келеді. Жазығы не, не үшін оларды осыншама қыспаққа алып, қырып барады. Бұл арасы да беймағлұм.

Бір жапырақ жанын алып қашып, жасырынар жер таппай, әлі безіп келеді.

Кенет оң жамбасы тыз ете түсіп, ысып қоя берді. Лық етіп тұрып қалды да, ышқына секіріп кетті. Артқы аяғы тіреуге келмей бұраң етіп құлап барып, қайта түзелді.

Бір аяғы икемге келмейді. Еркінен тыс қалған сияқты. Жүгірісі бәсеңсіп барады. Түсініксіз бір жексұрын үрейдің салқыны тұла бойын тітіркілентіп өтті. Денесі ыстық бусанып қоя берді.

Көз жанарында жанталасқан арпалыс ұшқыны жарқ-жұрқ етті. Ақырғы бар күшімен қайта бір ышқынып, топ ортасына араласты да сүйретіліп тарта берді. Нашарлап бара жатып жан-жағына алақтай бір қарап еді, төңірек бозарып таң атып келеді екен.

Апшысын қуырып құтқармастай өкшелеп келе жатқан гүрсіл де тына қалды. Жаңағы алай-түлейдің бәрі бір сәтте сап болып, жер жұтқандай жым-жылас жоғалды. Көз алдында бетінде жаңағы сұрапыл мен сұмдықтың ізінен бір де белгі жоқ осы тыныштығынан басқа түк көрмегендей, безерген боз дала самырқау бейжай қалпы көсіліп жатты.

Ор ешкі өз табынының түнгі дүрбелеңнен тоз-тозы шығып, селдіреп қалған, ес жинай алмай әлі далбасалап безіп бара жатқан аз ғана тобына біраз ілесіп отырды да, қуаты кетіп, дәрмені таусылып, титықтаған соң ұзыннан сұлап, қисая құлады. Сәлден соң басын көтеріп көз ұшында бұлдырап көрінген табынға шарасы таусыла, ұмсына қарап қалды.

Ол мына баянсыз, қуғын-сүргіні шаш-етектен сергелдең өміріне, қызығы, қуанышынан хауіп-қатері көп, түсініксіз тылсым дүниеге назаланғандай аянышты ыңырсыды.

Оның мұндай сүргіншілікті бірінші көруі емес. Туғаннан бері талай ала өкпе әбігершілік, жүрек шайлықтарған қанды қуысты басынан өткізіп келеді. Ол төрт жаста болатын. Осы төрт жылдың бірде-бірі бұл үшін тағдырдың осы тәлкегінен құралақан өткен емес.

Мына жанталас үстінде оның көз алдында әлдебір көмескі елестің сәулелері ойнап, мұрнына сағынышты, кездеспей кеткен татымды бір дәмнің иісі келгендей болды.

Онда қысқа өмірінің ішіндегі қызықты өткен жастық шағын, момақан анасының жұпар иісті шырын сүтін аңсағандай болды...

Онда айналаңа қарасаң көз тойғысыз қуаныш күліп тұрған көктем болатын. Жан біткеннің бәріне ыстық жарық дүниеге жаңа келіп, көзін ашқан, апыл-тұпыл ұмтылған бұл мына даланың өзі түсініп болмаған, бірақ жағымды саналуан иісті жұпар ауасын, осы ауа иісті анасының сүтін шалықтап қомағайлана жұта берген.

Бірде жылы шуақты көктем күні табан астынан салқын тартып қоя берді. Екілене ішін тартып жел екпіндеп, мұп-мұздай тамшылар толассыз сабалай жауын нөсерлетті. Осы қалпымен көпке дейін күн көзі көк жүзінде көрінбей қойды. Табиғаттың осы дағдыдан тыс құбылысы мұның бойына желік әкеліп, тамырында қаны тулағандай өзін бір тынышсыздық еліктіріп әкетті.

Ғажайып құштарлықтың құшағында сілкіне тұрып анасының соңынан, қатайып бітпеген кішкене тұяқтарын түбірге сүйкей, ытқып-ытқып жөнелген еді. Жүгірген сайын жіңішке сирақтары дірілден арылып, жел көтергендей жеңіл денесі жинақтала берді. Қарсыдан жұмсақ егестіріп, сипай соққан самалды екпін тынысына тыныс қосып, мына кең даланың көз ұшында көрінген көк жиегіне еніп кеткендей өршілене, өжет есілтіп еді.

Бұл күні осылай алғашқы рет желдей есіп жүгіруді үйренген. Сонда ұшан-теңіз созылып жатқан жалпақ даланың үстінде анасының қасында келе жатып айналаға құмарлана қараған. Оған мына қайырымды дүние өлшеусіз кеңдей көрінген.

Бұл енді аяғын апыл-тапыл басқан арық, әлжуаз лақ емес, бойы сырықтай тартылып, сүйектері салаланып, бүйірі шығып марқайып кетті. Табиғатына тән секемшіл, сезімтал қабілеті оянып, өзін қоршаған ортаға балалық бейкүнә аңғырттықпен қарамай әрбір құбылысқа тіршілік талабымен зер салып, келе жатқан хауіпті, қорқынышты аңғаратын, қорғанатын күйге келді. Оны бұ-

ған табан астынан киліге кетер қатердің көптігі, өз тұқымының үрейшіл сырғақ, босқын тұрмысы тез-ақ үйретті.

Арқа-басы кең жаздың жайдары күні өтіп кеті. Теріскейден ызғар лебі жетіп, суық түсті. Алаңсыз, шүйгін жайсаң жайлауды артқа тастап, қоралы табын белгісіз бір жаққа бет алды. Бұрын көрмеген бейтаныс талай шиырды басып өтіп, ыға жосылып келеді.

Онда да тапа осындай көзге түртсе көргісіз қараңғы түн еді.

Бұл, тынышсыз, тентек елендеп тұрған ор шыбыш, қалың табынның орта кезінде енесінің қатарында болатын. Кенет алдыңғы жақтағы қою қараңғылықтан әлде не жарқ-жұрқ етті. Ор шыбыш мұның осындай қараңғылықты бір сілкініп алып, төгіп өтетін нөсерімен найзағайдың танымал жарқылына ұқсамайтынын аңғарды.

Табан астынан әбігерге түсіп, кейін қарай жөңкіле жөнелген табынға ілесіп бұл да жалт бұрылды. Белгісіз үрей билеп, сұрапыл сойқанды сезіне безіп берді.

Осы бетімен табын безе-безе таңата бірақ тоқтады. Не екенін ұғып болмаған ор шыбыш айналасына аңтарыла қарады. Түнгі сұрапыл ың-жыңның бәрі де жоқ. Сап бопты. Тып-тыныш мүлгіген далада тұр. Дереву табынның ішінен енесін іздеді. Бірақ ол кездеспеді. Кенет жуаси қалып, әлі есірік болып аңтарылып тұрған табынға мұнын шаққандай жәутен-жәутен етті. Сонсоң кейінгі жаққа ұзақ қарап тұрды да, маңырап қоя берді.

Ол өзінің момақан, қайырымды енесін көп іздеді. Оның мейірімді, жәудіреген көздеріне қарап, жұп-жұмсақ, жып-жылы бауырына сүйкенгісі келді. Енесінің күнге күйіп қоңырсыған жусан иісті сауырынына асылып жатып ұйықтайтынын аңсады. Жол-жөнекей кездескен, ұшырасқан басқа да табындардан ұзақ іздестірді. Бірақ қайтып ол көрінбеді...

Безген табын жер жұтқандай лезде жоғалып көрінбей кетті.

Жанға батқан ауыр жарадан титықтап, жалғыздықтың азабынан елегізген ор ешкі бар қуатын жиып тұрмаққа ұмтылып-ұмтылып қалды да, сүйретіліп қайта құлады. Мына дәрменсіз, мүсәпір күйіне күйінгендей басымен жерді салып-салып жіберді. Аянышты маңырады.

Сонсоң мына панасы жоқ, қорғансыз, өзін тәлтек еткен ажалдың тырнағына жеңіл лақтырып тастаған, кең жазығын желдей кезген қауіп-қатер жайлаған боз далаға құлазы қарап, сұлық қалды.

## М А З М Ұ Н Ы

КӨГІЛДІР ҚОЙНАУ	(повесть)	6
ҚАРАТАУДЫҢ САМАЛЫ	(повесть)	102
ӨҢГІМЕЛЕР		
Шөл		136
Қоңыр бәтінке		148
Қоянбайдың бауырындағы ауыл		156
Терезе сұрткен келіншек		179
Сырнай сазы		187
Поезда кездескен қыз		207
Менің ағаларым		229
Тау аңғарындағы түн		236
«Ақтенгені білесіз бе?»		241
Ор ешкі		252

**Берик Шаханов**

### КАРАТАУСКИЙ ВЕТЕРОК

Повести и рассказы

(на казахском языке)

Редактор *Р. Ниязбеков*  
 Художник *Н. Нурмуханбетов*  
 Художественный редактор *Б. Аканасев*  
 Технический редактор *Б. Карибаева*  
 Корректор *Г. Ескубекова*

ИБ № 3015

Теруге 11.01.84. жіберілді. Басуға 06.04.84. қол қойылды.  
 УГ 17124. Қалпы 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі  
 «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 13,4.  
 Шартты бояу көлемі 13,7. Есепті баспа табағы 14,5. Тира-  
 жы 30 000 дана. Заказ № 359. Бағасы 1 с. 20 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері  
 жөніндегі Мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы ор-  
 денді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай  
 проспектісі, 143 үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері  
 жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық  
 кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комби-  
 наты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41 үй.



1 с. 20 т.

